ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
«ӨРКЕН» БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

# Практикум жинағы

## Педагог-психологтерге көмек ретінде




**2-том**

**Психологиялық-педагогикалық қызмет бойынша практикум**

| № | Бөлімдердің атауы | Бет |
|---|---|---|
| | Аннотация | |
| | Кіріспе | 1 |
| **I.** | **Диагностикалық жұмыстың  бағдаршамы** | 3 |
| **II.** | **Диагностикалық шешімдер навигаторы** | 116 |
| **III.** | **Сүйемелдеу маршруты** | 164 |
| **IV.** | **Автоматтандырылған бағдарламамен жұмыс** | 309 |
| | Қорытынды | 334 |

## АННОТАЦИЯ

Практикум жинағы білім беру ұйымдарының педагог-психологтеріне арналған және диагностика жүргізуде, оның нәтижелерін талдауда, сондай-ақ білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің маршрутын құруда тәжірибелік көмек көрсетуге бағытталған.

Бұл құралда диагностика нәтижелерін интерпретациялау алгоритмдері, қосымша назар аударуды және сүйемелдеуді қажет ететін білім алушыларды анықтау тәсілдері, сонымен қатар әртүрлі кәсіби жағдайларға арналған тәжірибелік шешімдер ашып көрсетіледі. Жинақ материалдары маманға қашан бақылаудың жеткілікті екенін, қашан тереңдетілген диагностика талап етілетінін, ал қашан шұғыл әрекет ету мен ата-аналармен өзара іс-қимылды ұйымдастыру қажеттігін анықтауға көмектеседі.

Жинаққа педагог-психологтің күнделікті жұмысына арналған ыңғайлы құралдар: алгоритмдер, чек-парақтар, жадынамалар, тәжірибелік кейстер мен навигациялық схемалар енгізілген. Ұсынылған материалдар жүйелі диагностикалық жұмысты құруға және білім алушыны бұдан былайғы сүйемелдеу бойынша негізделген кәсіби шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

## КІРІСПЕ

***Бұл практикум не туралы***

Бүгінгі таңда педагог-психологтің алдында тек диагностика жүргізу ғана емес, сонымен қатар, қолдауды қажет ететін білім алушыларды дер кезінде байқау, тәуекелдерді дұрыс бағалау және ары қарайғы сүйемелдеу маршрутын құру міндеті тұр.

Тәжірибеде дәл осы бастапқы диагностикадан кейін ең көп сұрақтар туындайды.

***«Нәтижелерде не нәрсеге назар аудару керек?»***

***«Баланың тереңдетілген диагностиканы қажет ететінін қалай түсінуге болады?»***

***«Қашан бақылаудың жеткілікті екенін, ал қашан шұғыл араласу қажеттігін қалай білуге болады?»***

***«Ата-аналармен қалай сөйлесу керек?»***

***«Бұдан былай қандай әрекеттер жасау керек?»***

Бұл сұрақтарға жауап беру үшін осы практикум жинағына жүгінейік. Практикум жинағы педагог-психологке диагностика жүргізуден бастап кәсіби шешім қабылдауға және білім алушыны сүйемелдеуді ұйымдастыруға дейінгі бүкіл жолдан өтуге көмектесетін жұмыс құралы ретінде әзірленген.

Материалдар күнделікті жұмыста қолдануға ыңғайлы алгоритмдер, чек-парақтар, жадынамалар, тәжірибелік кейстер мен навигациялық схемалар түрінде ұсынылған.

***Практикум жинағының мақсаты***

*Педагог-психологке диагностикалық жұмысты ұйымдастыруда, диагностика нәтижелерін талдауда және білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің әрі қарайғы бағытын айқындау.*

**Құралдың негізгі міндеттері:**

*1. Диагностикалық жұмысты нәтижелі ұйымдастыруға көмектесу;*

*2. Зерттеу нәтижелерін талдау және интерпретациялау алгоритмдерін көрсету;*

*3. Қосымша назар аударуды және сүйемелдеуді қажет ететін білім алушыларды анықтауды үйрету;*

*4. Әртүрлі кәсіби жағдайларда жұмыс істеуге арналған тәжірибелік шешімдерді ұсыну;*

*5. Маманды күнделікті қызметке қажетті ыңғайлы құралдармен қамтамасыз ету*

# І ТАРАУ
# ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС БАҒДАРШАМЫ

***Білім алушының қажеттіліктері мен қиындықтарын түсінуге бағытталған алғашқы қадам***

Әрбір диагностика нәтижесінің артында өзіндік ішкі уайымдары, қиындықтары мен қолдауға деген мұқтаждығы бар бала, жасөспірім немесе студент тұр. Сондықтан ең маңызды сұрақтан бастайық.

## НЕГЕ БҮГІНГІ ТАҢДА ДИАГНОСТИКА АСА МАҢЫЗДЫ?

Заманауи педагог-психолог білім алушының сырт көзге байқалатын амандығының астарында көбіне күрделі эмоционалды күйзелістер, бейімделу қиындықтары, тұлғааралық қақтығыстар, жоғары деңгейдегі мазасыздық, эмоционалды қолайсыздықтың белгілері немесе дағдарыстық жағдай жасырын болуы мүмкін ортада жұмыс істейді.

Бұл ретте бала немесе жасөспірім өзінің ішкі уайымдары туралы ашық айтуға әрдайым дайын бола бермейді. Көбінесе мәселелер тек оның мінез-құлқына, оқуына, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасына әсер ете бастағанда ғана байқалады.

Сондықтан диагностикалық жұмыс педагог-психолог қызметінің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Ол білім алушының эмоционалды жағдайындағы өзгерістерді дер кезінде анықтауға, қауіп факторларын айқындауға, қолдау көрсету қажеттіліктерін бағалауға және алдағы іс-әрекеттер бойынша негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Алайда мынаны есте сақтау маңызды: диагностика – бұл тек тест жүргізу және нәтижелерді өңдеу ғана емес. Кәсіби диагностикалық жұмыс әрқашан әртүрлі ақпарат көздерін кешенді талдауға негізделеді.

***! Маңызды***

***Диагностикалық әдістеменің ешбір нәтижесі бақылау мен кәсіби әңгімелесуден бөлек қаралмауы тиіс!***

## ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТІҢ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСЫ НЕДЕН БАСТАЛАДЫ?

**1 кезең. Дайындық** → **2 кезең. Ұйымдастыру** → **3 кезең. Өткізу**

## 1 КЕЗЕҢ. ДАЙЫНДЫҚ

Алдымен бастапқы диагностиканың не екенін және не үшін онымен мүмкіндігінше көп білім алушыны қамту қажет екенін қарастырып алайық.

Білім беру ұйымындағы бастапқы диагностика – педагог-психолог жұмыс жүргізетін барлық білім алушылардың психоэмоционалдық жағдайын жүйелі түрде алғаш рет бағалауға мүмкіндік беретін үдеріс. Бұл кезеңде маман жекелеген балаларға ғана назар аудармай, білім алушылардың жалпы жағдайын кешенді түрде зерделеуге ұмтылады: олардың өздерін қалай сезінетіні, білім беру ортасына қаншалықты бейімделгені, қай тұстарда эмоционалдық

шиеленіс байқалатыны және қай бағыттарда психологиялық тұрақтылық сақталғаны анықталады.

Тәжірибеде көптеген қиындықтар бірден көзге көрініе бермейді. Кейбір бала сабақта тыныш отырып, тапсырмаларды уақытында орындап, өзгелермен жанжалға түспеуі мүмкін. Алайда оның ішінде мазасыздық, шаршау немесе қарым-қатынастағы қиындықтар болуы ықтимал. Ал басқа бір бала керісінше өте белсенді болып, сырт көзге «тәртібі қиын» болып көрінуі мүмкін. Бірақ мұндай мінез-құлықтың астарында көбіне назардың жетіспеушілігі, өзін-өзі реттеу дағдыларының жеткіліксіздігі немесе мектеп ережелерін қабылдаудағы қиындықтар жатады. Осындай ерекшеліктерді жекелеген әсерлерге сүйенбей, жүйелі түрде анықтауға бастапқы диагностика мүмкіндік береді.

Бастапқы диагностика педагог-психологке сыныптың (топтың) немесе тұтас мектептің (колледждің) **психологиялық картасын** жасауға мүмкіндік беретін маңызды құрал болып табылады. Бұл карта арқылы білім алушылардың эмоционалдық шиеленісі, оқу жүктемесін еңсеру ерекшеліктері, құрдастарымен қарым-қатынасының сипаты, оқшаулану, мазасыздық немесе жанжалға бейімділік белгілерінің бар-жоғы айқындалады. Ең бастысы – мұндай қорытындылар диагностикалық нәтижелерді, бақылау деректерін және білім алушылардың мінез-құлқындағы нақты көріністерді кешенді салыстыру негізінде жасалады.

Бастапқы диагностика – педагог-психологтің кейінгі жұмысының бастау нүктесі. Дәл осы кезеңде білім алушылармен шынайы жағдайда не болып жатқанын түсінуге негіз қаланады.

Енді бастапқы диагностиканың әрбір кезеңін жеке-жеке қарастырайық.

**1 ҚАДАМ**

## Диагностикалық жұмыстың ішкі кестесін қалыптастыру

*Диагностиканы өткізу мерзімдерін бірыңғай республикалық онкүндіктер мен білім беру ұйымының жағдайларын ескере отырып жоспарлау.*

Диагностикалық жұмысты бастамас бұрын диагностика жүргізудің бірыңғай кестесімен мұқият танысып, соның негізінде білім беру ұйымының ішкі кестесін құру қажет. Ол белгіленген онкүндіктерге қатаң сәйкес келуі тиіс, бұл ретте осы кезеңдер ішіндегі нақты күндерді мектеп немесе колледж сабақ кестесі мен ұйымдастырушылық жағдайларды ескере отырып, бірақ белгіленген мерзім шегінен шықпай, өз бетінше айқындайды.

Бастапқы диагностиканы педагог-психолог бекітілген кестеге сәйкес жүргізеді. Кесте диагностика жүргізу кезеңдерін, білім алушылардың жас топтарын және тиісті сыныптар үшін көзделген әдістемелердің тізбесін айқындайды.

Жоспар-кесте негізінде педагог-психолог өз қызметінің жұмыс жоспарын әзірлейді: диагностиканы өткізу мерзімдерін, қамтылатын сыныптарды (топтарды), қолданылатын әдістемелерді, нәтижелерді өңдеу тәртібін, жеке диагностикалық кездесулердің мерзімдерін және диагностика қорытындылары бойынша жүргізілетін жұмыстың кезеңдерін айқындайды.

Диагностика нәтижелері бойынша жұмыс жартыжылдықтағы барлық диагностика аяқталғаннан кейін емес, әрбір диагностикалық кезеңнен кейін бірден басталады. Егер диагностика белгілі бір жас тобы бойынша жүргізілсе, педагог-психолог нәтижелерді бірден өңдейді, өңделеген нәтижелер негізінде білім алушыларды тәуекел аймақтары бойынша бөледі, негіздер болған жағдайда білім алушыларды бақылау

формасына енгізеді және жеке диагностикалық жұмысты ұйымдастырады.

## Диагностикалық жұмыс кестесін ұйымдастыру ережелері

**1. Диагностика жүргізу уақытын ескеру**

Диагностика нәтижелерінің сенімділігін қамтамасыз ететін талаптарды сақтай отырып, оқу уақытында өткізіледі. Диагностиканы бірінші сабақта және оқу күнінің соңғы екі сабағында өткізу ұсынылмайды, өйткені бұл кезеңде білім алушылардың зейін қою деңгейі төмендеп, шаршауы артады. Сонымен қатар, соңғы сабақтарда білім алушы эмоционалды тұрғыдан тұрақсыз күйде үйіне кетіп, оған дер кезінде қолдау көрсету мүмкіндігі шектелуі мүмкін.

**2. Диагностиканы өткізуге ұсынылатын күндер.**

Диагностикалық жұмысты дүйсенбіден бейсенбіге дейінгі аралыққа жоспарлаған тиімді. Диагностиканы жұма күні өткізу ұсынылмайды, өйткені одан кейін «қызыл аймаққа» жатқызылған білім алушылармен жедел жұмыс жүргізу мүмкіндігі шектеледі. Атап айтқанда, олармен әңгімелесу, нақтылаушы диагностика жүргізу және бастапқы психологиялық қолдау көрсету жұмыстарын уақытылы ұйымдастыру қиындайды.

**3.Диагностика нәтижелерін өңдеу мүмкіндігін қамтамасыз ету.**

Кестеде диагностика нәтижелерімен, жұмыс істеу уақыты міндетті түрде қарастырылуы тиіс: жеке әңгімелесулер, тереңдетілген диагностика, білім алушыларды алғашқы сүйемелдеу. Жұмысты ұйымдастыру әрбір «қызыл аймаққа» енген білім алушымен уақытылы жеке жұмыс жүргізуге мүмкіндік беруі тиіс.

Ұйымдағы жұмыс моделіне байланысты бұл үдерісті бір педагог-психолог (диагностиканы жүргізіп, кейінгі жұмысты өзі жүзеге асырады) немесе мамандар арасында міндеттерді бөлу арқылы (бір маман диагностика жүргізсе, екіншісі тереңдетілген түзету жұмысын және психологиялық сүйемелдеуді жүзеге асырады) ұйымдастыруға болады.

**4. Педагог-психологтің бөлінген уақытымен келісу**

Диагностика кестесі педагог-психолог жұмысының ішкі кестесімен үйлестірілуі және психологиялық-педагогикалық қызмет үшін арнайы бөлінген уақыт аясында (ұйым тарапынан педагог-психологтің жұмысы үшін енгізілетін жеке уақыт ресурсы шеңберінде) жүргізілуі тиіс.

**5.Ұйымдастырушылық үйлесімділік**

Диагностиканың барлық кезеңдері мен одан кейінгі психологиялық жұмыс білім беру ұйымының ішінде алдын ала келісіліп, оқу сабақтарының кестесі, білім алушылардың оқу жүктемесі және анықталған жағдайларға жедел әрекет ету мүмкіндігі ескеріле отырып ұйымдастырылуы тиіс.

***! Маңызды***

*Кестеде **«Диагностика нәтижелері бойынша жұмыс»** деп белгіленген кезеңдер диагностика нәтижелерін өңдеуге, жеке диагностикалық кездесулер өткізуге, тереңдетілген диагностика жүргізуге, «сары» және «қызыл» аймақтағы білім алушыларды психологиялық сүйемелдеуге, топтық жұмыстарды ұйымдастыруға және өзгерістер динамикасын бағалауға арналады.*

# БАСТАПҚЫ ДИАГНОСТИКАНЫ ЖҮРГІЗУ КЕСТЕ

| Сыныптар | I жартыжылдық | | | | | II жартыжылдық | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Қазан** I онкүндік | **Қазан** II онкүндік | **Қараша** II онкүндік | **Қараша** III онкүндік | **Желтоқсан** | **Қаңтар** III онкүндік | **Ақпан** I онкүндік | **Ақпан** II онкүндік | **Ақпан** III онкүндік | **Наурыз-мамыр** |
| **1 сынып** | | Педагогтерге/ата-аналарға арналған мектепке бейімделуді бақылау картасы **(20/20)** *(сынып жетекшілері толтырады)* | Нәтижелері бойынша жұмыс* | Нәтижелері бойынша жұмыс* | Нәтижелері бойынша жұмыс* | Нәтижелері бойынша жұмыс* | Нәтижелері бойынша жұмыс* | Педагогтерге/ата-аналарға арналған мектепке бейімделуді бақылау картасы **(20/20)** *(толтыруға педагог-психологтер қосылады)* | Нәтижелері бойынша жұмыс* | Нәтижелері бойынша жұмыс* |
| **2-4 сыныптар** | | Педагогтерге/ата-аналарға арналған мектепке бейімделуді бақылау картасы **(20/20)** | «Саған қалай қарайды?» экспресс-сауалнамасы **(7)** | Нәтижелері бойынша жұмыс* | Нәтижелері бойынша жұмыс* | Нәтижелері бойынша жұмыс* | Нәтижелері бойынша жұмыс* | «Саған қалай қарайды?» экспресс-сауалнамасы **(7)** | Нәтижелері бойынша жұмыс* | Нәтижелері бойынша жұмыс* |
| **5 сынып** | 1. «Саған қалай қарайды?» экспресс-сауалнамасы **(15)**<br>2. О.Н. Хмельницкаяның «Бесінші сынып оқушыларының мазасыздығын анықтау» әдістемесі **(15)**;<br>3. К. Риффтің жасөспірімнің психологиялық әл-ауқаты шкаласы **(18)** | Нәтижелері бойынша жұмыс* | Нәтижелері бойынша жұмыс* | Нәтижелері бойынша жұмыс* | Нәтижелері бойынша жұмыс* | Нәтижелері бойынша жұмыс* | 1. RCADS-25 **(25)**;<br>2. «Саған қалай қарайды?» экспресс-сауалнамасы **(15)**;<br>3. ЖСДС, Е.Н. Осин, Д.А. Леонтьев **(15)** | Нәтижелері бойынша жұмыс* | Нәтижелері бойынша жұмыс* | Нәтижелері бойынша жұмыс* |

| Сыныптар | I жартыжылдық | | | | | II жартыжылдық | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Қазан** I онкүндік | **Қазан** II онкүндік | **Қараша** II онкүндік | **Қараша** III онкүндік | **Желтоқсан** | **Қаңтар** III онкүндік | **Ақпан** I онкүндік | **Ақпан** II онкүндік | **Ақпан** III онкүндік | **Наурыз-мамыр** |
| **6-8 сыныптар** | 1. «Саған қалай қарайды?» экспресс-сауалнамасы **(15)**;<br>2. К. Риффтің жасөспірімнің психологиялық әл-ауқаты шкаласы **(18)** | Нәтижелері бойынша жұмыс* | Нәтижелері бойынша жұмыс* | 1. RCADS-25 **(25)** | Нәтижелері бойынша жұмыс* | Нәтижелері бойынша жұмыс* | 1.Спилбергер-Ханин шкаласы **(40)**;<br>2.«Саған қалай қарайды?» экспресс-сауалнамасы **(15)**;<br>3.ЖСДС, Е.Н. Осин, Д.А. Леонтьев **(15)** | Нәтижелері бойынша жұмыс* | Нәтижелері бойынша жұмыс* | Нәтижелері бойынша жұмыс* |
| **9-11 сыныптар /1-2 курс** | 1. «Саған қалай қарайды?» экспресс-сауалнамасы **(15)**;<br>2. К. Риффтің жасөспірімнің психологиялық әл-ауқаты шкаласы **(18)** | Нәтижелері бойынша жұмыс* | Нәтижелері бойынша жұмыс* | 1. DASS-20 **(20)** | Нәтижелері бойынша жұмыс* | 1.Спилбергер-Ханин шкаласы **(40)**;<br>2.«Саған қалай қарайды?» экспресс-сауалнамасы **(15)**;<br>3.ЖСДС, Е.Н. Осин, Д.А. Леонтьев **(15)** | Нәтижелері бойынша жұмыс* | Нәтижелері бойынша жұмыс* | Нәтижелері бойынша жұмыс* | Нәтижелері бойынша жұмыс* |

## 2 ҚАДАМ

## Мектеп/колледж әкімшілігімен келісу.

*Жұмыс шарттарын алдын ала келісіп алыңыз.*

Диагностиканы бастамас бұрын, оның барлық ұйымдастырушылық мәселелерін білім беру ұйымының әкімшілігімен алдын ала келісіп алыңыз. Бұл күтпеген жағдайлардың алдын алып, жұмыстың тиімді әрі жүйелі ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді.

Нені келісу қажет:

– кесте бойынша диагностика жүргізу мерзімдері;

– қатысатын сыныптар мен топтар;

– өткізілетін орны: кабинет, аудитория, отырғызу шарттары;

– техникалық шарттар: уақыты, қолжетімділік, сүйемелдеу.

### Әкімшіліктің қолдауы неліктен маңызды?

Диагностиканы ұйымдастыру бланкілерді толтырудан немесе әдістемелерді таңдаудан емес, білім беру ұйымының ішінде оның маңыздылығы туралы ортақ түсінікті қалыптастырудан басталады.

Әкімшілік диагностикалық жұмысты формальды рәсім ретінде емес, білім алушылардың психологиялық әл-ауқатын сақтаудың негізгі құралдарының бірі ретінде қабылдауы маңызды. Диагностика нәтижелері бейімделу қиындықтарын, эмоционалдық жайсыздықты, әлеуметтік оқшаулану белгілерін, буллингті, мазасыздықтың жоғары деңгейін, дағдарыстық уайымдарды және баланың немесе жасөспірімнің өміріне айтарлықтай әсер етуі мүмкін басқа да факторларды дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді.

Тәжірибеде эмоционалдық қиындықтар әрдайым айналасындағыларға байқала бермейді. Білім алушы сабақтарға

қатысып, оқу тапсырмаларын орындап, сырт көзге бәрі жақсы болып көрінгенімен, іштей қатты күйзеліс, жалғыздық сезімі, мазасыздық немесе басқа да ауыр күйзелістерді бастан кешіруі мүмкін. Сондықтан психологиялық диагностика жай ғана формалды рәсім емес, қолайсыз жағдайларды ерте анықтау мен олардың алдын алу жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Баланың психологиялық әл-ауқаты оның табысты дамуының, білім алуының және қоғамға бейімделуінің негізі екенін әрдайым есте ұстау қажет. Бала өзін қауіпсіз сезініп, оны тыңдауға және қолдауға дайын адамдар бар екенін білгенде, оған оқу жүктемесін еңсеру, құрдастарымен қарым-қатынас орнату және туындайтын қиындықтарды жеңу әлдеқайда жеңіл болады.

Тиімді психологиялық сүйемелдеу жүйесі әкімшілік, педагогтер, ата-аналар және психологиялық қызмет өзара бірлесе әрекет еткен жағдайда ғана қалыптасады. Әкімшіліктің қолдауы диагностикалық жұмысты сапалы ұйымдастыруды қамтамасыз етіп қана қоймай, қосымша назар мен көмекті қажет ететін білім алушыларға психологиялық сүйемелдеу шараларын дер кезінде жүзеге асыруға да жағдай жасайды.

Сондықтан дайындық кезеңінде ұйымдастырушылық сәттерді келісумен ғана шектеліп қалмай, әкімшілікпен диагностикалық жұмыстың мақсаттарын, оның қауіпсіз әрі қолдаушы білім беру ортасын қалыптастырудағы рөлін, сондай-ақ зерттеу нәтижелері бойынша одан арғы әрекеттер тәртібін міндетті түрде талқылау маңызды. Барлық қатысушыларда бұл жұмыстың мәні мен білім алушылардың психологиялық амандығы үшін ортақ жауапкершілік туралы біртұтас түсініктің болуы маңызды. Дәл осындай кәсіби

келісімнен тиімді өзара іс-қимыл басталады, ол кейіннен бүкіл қолдау көрсету жүйесінің сапасынан көрініс табады.

Төменде педагог-психологтің әкімшілікпен осындай талқылауды қалай ұйымдастыра алатынының үлгісі берілген.

***Сәлеметсіздер ме, құрметті әріптестер.***

*Мен бүгін сіздермен жаңа оқу жылына арналған бастапқы диагностика кестесін келісіп алғым келеді.*

*Біз жыл бойы балалардың мектепте/колледжде өздерін қалай сезінетінін бақылап отырамыз: олардың жаңа ортаға қалай бейімделіп жатқанын, оқу жүктемесін қалай еңсеретінін, біреулерінде психологиялық шиеленіс, мазасыздық, қарым-қатынаста қиындықтар немесе бала бұл туралы айтпаса да, іштей қиналып жүрген жағдайлардың бар-жоғын анықтаймыз.*

*Ең бастысы – біз мұның бәрін мәселе ушығып, көзге анық көрінгенде емес, алдын ала – ерте кезеңде анықтай аламыз.*

*Мен ұсынып отырған кесте балаларға артық жүктеме түсірмей, асықпай, сыныптарды байыппен аралап, бастапқы ақпаратты жинауға мүмкіндік беретіндей етіп құрылған. Онда балалардың жасы да, оқу жүктемесі де, одан әрі жұмыс істеудің нақты мүмкіндіктері де ескерілген.*

*Сондай-ақ, кесте бекітілген онкүндіктер бойынша диагностикалық процедураларды өткізудің талаптары мен бірыңғай мерзімдеріне сәйкес жасалды, бұл ретте нақты күндер біздің мектептің/колледждің сабақ кестесі ескеріліп, білім беру ұйымының ішінде айқындалды.*

*Мен сіздерді диагностиканың мазмұнымен қысқаша таныстырып өтейін.*

*Бастауыш сыныптарда біз ең алдымен бейімделуді қараймыз – баланың мектеп өміріне қалай сіңісіп кеткенін, өзін қаншалықты жайлы сезінетінін және сыныптағы көңіл-күйін тексереміз.*

*Ал орта буында балалардың дамуында өзгерістер мен өтпелі кезең басталады. Дәл осы кезеңде қарым-қатынаста, эмоционалды күйде және оқу жүктемесін еңсерудегі алғашқы қиындықтары жиі байқала бастайды.*

*Жоғары сыныптарда/колледжде біз жасөспірімдердің эмоционалдық жағдайында – мазасыздыққа, шаршауға, жалғыздыққа, ішкі шиеленіске және олардың жалпы осы жүйеде өзін қалай сезінетініне көбірек назар аударамыз.*

*Бұл жерде диагностиканың өзі тек алғашқы қадам екенін түсіну маңызды. Ең маңызды кезең – осыдан кейін басталады. Диагностика нәтижелерін талдау арқылы қай білім алушыға қолдау қажет екенін, кіммен қосымша жұмыс жүргізу керектігін, кімді жеке кеңеске шақыру қажет екенін, ал қай жағдайда тек бақылаумен шектелуге болатынын анықтаймыз.*

*Сондықтан қазір көмекке мұқтаж балаларды уақытында анықтауға көмектесетін жұмыс құралы ретінде осы кестені бекітіп алуымыз өте маңызды.*

*Одан кейін диагностика нәтижелеріне сәйкес психологиялық сүйемелдеу жұмысы жүйелі түрде ұйымдастырылады.*

---

Қажет болған жағдайда диагностикалық және одан кейінгі психологиялық-педагогикалық жұмыстың мазмұны білім беру ұйымының әкімшілігіне егжей-тегжейлі таныстыруға болады.

Әкімшіліктің диагностикалық жұмыстың кестесін тек формалды түрде бекітіп қана қоймай, психологиялық қызмет жұмысының мәні

мен логикасын түсінуі, диагностиканың тәжірибелік маңызын бағалауы және білім алушыларды кейінгі психологиялық сүйемелдеу жұмысына мүдделілік танытуы маңызды.

**3 ҚАДАМ**

## Келісімдерді алу

*Ата-аналардан немесе заңды өкілдерден ресми рұқсат алу*

Келісімдерді жинауды педагог-психологтің тікелей қатысуымен өткізу ұсынылады. Психологтің ата-аналар жиналысына қатысуы ең тиімді тәжірибе болып табылады, онда ол ата-аналармен жеке танысып, психологиялық қолдау көрсетудің мақсаттары мен міндеттері, өз жұмысының бағыттары туралы айтып бере алады және туындаған сұрақтарға жауап береді. Қажет болған жағдайда келісімдерді жинауға сынып жетекшілері немесе топ кураторлары ұйымдастырушылық көмек көрсете алады.

Психологтің ата-аналар жиналысына жеке қатысуы алғашқы кәсіби байланысты орнатуға, психологиялық қызметке деген сенімді қалыптастыруға және ата-аналардың ықтимал қауіптенулерін азайтуға мүмкіндік береді. Тәжірибе көрсеткендей, ата-аналар психологиялық қолдаудың мәнін түсінгенде, баласымен кім жұмыс істейтінін білгенде және маманның қызметі білім алушыны қолдауға, дамытуға және оның амандығына бағытталғанына сенімді болғанда, келісімді әлдеқайда ықыласпен береді.

**!** Түсіндіру қарапайым әрі түсінікті болуы тиіс. «Психологиялық диагностика» деп айтпай, бейімделу қиындықтарын, эмоционалдық жағдайды және баланың қолдауға деген мұқтаждығын анықтау деп айтқан жөн.

Психологиялық қолдау туралы ақпаратты ұсынып, келісім сұрамас бұрын, не айтатыныңыз ғана емес, оны қалай жеткізетініңіз де маңызды. Ата-аналардың сенім деңгейі мен ынтымақтастыққа дайындығы тікелей осыған байланысты.

**1. Сабырлы әрі сенімді сөйлеңіз**

✔ Ата-аналар дауыс ырғағын сезеді. Сабырлы, бірқалыпты сөйлеу сенім ұялатады.

✔ Асығудың немесе ақталудың қажеті жоқ.

**2. Күрделі терминдерді қолданбаңыз**

«Психодиагностикалық зерттеу» сияқты тіркестердің орнына «баланың күйін түсінуге көмектесу», «бейімделу қиындықтарын анықтау», «мектепте балаға қолдау көрсету» деп ауыстырған жөн.

**3. Мәселе бар деген сезім тудырмаңыз**

✔ Қауіпті, үрейлі тұжырымдардан бастамаған жөн.

✔ Сөз «қауіп-қатерлер» туралы емес, мектептің/колледждің қалыпты, жүйелі жұмысы туралы болуы тиіс.

**4. Бақылауды емес, қамқорлықты көрсетіңіз**

Ата-ана мынаны естуі маңызды: біз балаға баға бермейміз, біз оның дамуы мен амандығына қолдау көрсетеміз.

**5. Ынтымақтастық тұрғысынан сөйлеңіз**

Ата-анаға мынаны есту маңызды: біз баланы бағаламаймыз, оның дамуы мен әл-ауқатын қолдаймыз.

**6. Ашықтық танытыңыз**

Ата-ана мынаны түсінуі керек:

- ✔ бұл не үшін жасалады;
- ✔ үдеріс қалай өтеді;
- ✔ нәтижелер қалай пайдаланылады.

Ата-аналар психологиялық қолдау көрсетудің мақсаттарын түсінгенде және педагог-психологті өз баласының әл-ауқатын арттыруда серіктес ретінде көргенде, ынтымақтастыққа белсенді түрде қосылады.

Төменде бірінші жиналыста ата-аналармен сенімді диалог құруға көмектесетін сөйлейтін сөздің шамамен алынған мәтіні берілген.

***Сәлеметсіздер ме, құрметті ата-аналар!***

*Ең алдымен, сіздермен танысып, мектебіміздегі/колледжіміздегі педагог-психологтің жұмысы туралы қысқаша айтып өткім келеді. Педагог-психологтің негізгі міндеті – баланың өзін жайлы, қауіпсіз әрі сенімді сезінуіне, жаңа талаптарға табысты бейімделуіне, өз қабілеттерін дамытуына, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас орнатуына, ал қиындықтар туындаған жағдайда қажетті қолдауды дер кезінде алуына мүмкіндік беретін жағдайлардың жасалуына ықпал ету.*

*Психологиялық қолдау білім алушылардың бейімделу процесін бақылауды, алдын алу жұмыстарын, балаларға, ата-аналар мен педагогтерге кеңес беруді, дамытушылық және түзету іс-шараларын өткізуді, күрделі жағдайларды шешуге қатысуды, сондай-ақ жас ерекшелігі мен өмірлік өзгерістер кезеңінде балаға көмектесуді қамтиды.*

*Мен әр баланың қайталанбас тұлға екеніне сенімдімін. Әр баланың өз мінезі, өз мықты тұстары, өз уайымдары мен даму қарқыны бар. Кейде балалар өз қиындықтары туралы ашық айтады, бірақ көбінесе олардың ішкі күйзелістері айналасындағыларға байқалмай қалады. Бала сырттай сабырлы және аман-сау көрінгенімен, іштей мазасыздық, қарым-*

*қатынастағы, бейімделудегі қиындықтарды немесе эмоционалдық шиеленісті бастан кешіруі мүмкін. Дәл солай болғандықтан, психологиялық қолдау тек туындаған мәселелермен жұмыс істеуге ғана емес, олардың дер кезінде алдын алуға негізделеді.*

*Мұндай жұмыстың маңызды құралдарының бірі – психологиялық диагностика. Ол баланың өзін қалай сезінетінін, оның бейімделуі қаншалықты табысты өтіп жатқанын, ұжымда өзін жайлы сезіне ме, оның эмоционалдық жағдайы мен дамуына кері әсер етуі мүмкін факторлардың бар-жоғын жақсырақ түсінуге көмектеседі. Диагностиканың бала үшін емтихан, тексеру немесе бағалау емес екенін атап өту маңызды. Бұл жерде дұрыс немесе бұрыс жауаптар, жақсы немесе жаман нәтижелер болмайды. Оның мақсаты – маманға жалпы жағдайды көруге және қажет болған жағдайда қолдауды уақытында ұйымдастыруға көмектесу.*

*Егер жұмыс барысында назар аударуды қажет ететін мәселелер анықталса, біз оларды міндетті түрде ата-аналармен талқылаймыз және алдағы қадамдарды бірлесіп айқындаймыз. Біз үшін ынтымақтастық орнату өте маңызды, өйткені отбасы мен мектеп/колледж бірлесе әрекет еткенде ғана ең жоғары нәтижеге қол жеткізуге болады.*

*Балаңызға психологиялық қолдау толық көлемде көрсетілуі үшін бізге сіздің келісіміңіз қажет. Бұл жай ғана ресми құжат емес, маманның балаға уақытында қолдау көрсетуіне, оның дамуын бақылауына және қажет болған жағдайда туындаған қиындықтарды еңсеруге көмектесуіне берілген мүмкіндік. Егер сіздерде қандай да бір сұрақтар туындаса, мен оларды әрқашан*

*сіздермен жеке талқылауға дайынмын. Көрсеткен сенімдеріңіз, ынтымақтастыққа ашық болғандарыңыз және балаларыңыздың амандығына ниет білдіргендеріңіз үшін алғыс айтамын.*

Бұл сөздер психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастырудың бірінші кезеңінің маңызды бөлігі болып табылады. Ата-аналардың сенім деңгейі, олардың ынтымақтастыққа дайындығы және алдағы бүкіл жұмыстың табысты болуы осы шараның мәні қаншалықты анық, сабырлы және кәсіби түрде жеткізілетініне тікелей байланысты. Педагог-психолог үшін дәл осы сәтте қолдау көрсетуге тек ресми келісім ғана емес, сонымен бірге отбасының білім беру ұйымындағы психологиялық қызметке деген жалпы көзқарасы қалыптасатынын есте сақтау маңызды.

## 4 ҚАДАМ Диагностикалық құралдарды дайындау

*Әдістемелерді өткізбес бұрын зерттеп алыңыз*

Сапалы диагностика білім алушылармен кездесуден әлдеқайда бұрын басталады. Егер бала сұрақты түсінбесе, бейтаныс сөзден абдырап қалса немесе нұсқаулықты нақтылап сұрауға ұялса, тіпті ең сенімді әрі валидті әдістеменің өзі бұрмаланған нәтижелер беруі мүмкін. Жиі кездесетін қателіктердің бірі – әдістememен алғаш рет егжей-тегжейлі танысуды тікелей өткізу алдында немесе білім алушылармен бірге бастау. Салдарынан педагог-психологке бір уақытта диагностика жүргізуге, сұрақтардың мазмұнын түсіндіруге және туындаған нақтылауларға жауап іздеуге тура келеді. Өзіңізді сенімді сезіну және бланкілерге емес, балаларға назар аудару үшін барлық диагностикалық материалды алдын ала зерттеп алу маңызды.

**Диагностиканы өткізбес бұрын не істеу қажет:**

1. ***Барлық міндетті әдістемелерді зерттеу***

Ең алдымен, тиісті жас тобына арналған бастапқы диагностика бағдарламасына кіретін әдістемелермен мұқият танысып шығыңыз. Нұсқаулықты, сұрақтарды, өткізу тәртібін және нәтижелерді интерпретациялау ережелерін оқып шығыңыз. Әдістеменің тек техникалық жағын ғана емес, оның қандай психологиялық көрсеткіштерді бағалайтынын және не үшін қолданылатынын түсіну маңызды. Педагог-психолог әрбір әдістеменің нақты нені өлшейтінін айқын білуі тиіс: мазасыздықты, эмоционалдық саулықты, бейімделуді, жалғыздық сезімін, құрдастарымен қарым-қатынасты, қауіп-қатер факторларын және басқа де көрсеткіштерді.

| № | Әдістеме | Нені анықтауға мүмкіндік береді? |
|---|---|---|
| 1 | **Балалардың мектепке әлеуметтік-психологиялық бейімделуін сарапшылық бағалау схемасы (педагогтер)** | Мектепке бейімделу қиындықтарын, мінез-құлық мәселелерін, эмоционалдық жауап беруді, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасты, мектепке бейімделе алмау белгілерін. |
| 2 | **Балалардың мектепке әлеуметтік-психологиялық бейімделуін сарапшылық бағалау схемасы (ата-аналар)** | Баланың үй жағдайындағы бейімделу ерекшеліктерін, эмоционалдық жағдайының өзгеруін, мектепке деген көзқарасын, шаршау және шиеленіс белгілерін. |
| 3 | **«Саған қалай қарайды?» экспресс-сауалнамасы (2-сынып)** | Буллинг, шеттетілу, реніш, қорлық көру, әлеуметтік оқшаулану қауіптерін және білім алушылар арасындағы өзара іс-қимылдың басқа да жағымсыз түрлерін. |
| 4 | **О.Н. Хмельницкаяның «Бесінші сынып оқушыларының үрейлігін анықтау» әдістемесі** | Орта буынға ауысуға байланысты үрейлікті, бейімделу қиындықтарын, эмоционалдық шиеленісті және мектептегі уайымдарды. |
| 5 | **К. Рифтің жасөспірімдердің амандық шкаласы** | Психологиялық амандықтың төмендеуін, өзіне көңілі толмаушылықты, өзін қабылдау қиындықтарын, өмірлік мақсаттар мен ресурстардың жоқтығын сезінуді. |
| 6 | **RCADS-25** | Қосымша назар аударуды және тереңдетілген диагностиканы қажет ететін мазасыздық пен депрессиялық көріністердің белгілерін. |
| 7 | **«Саған қалай қарайды?» экспресс-сауалнамасы (5–7 сыныптар)** | Буллингті, виктимизацияны, әлеуметтік шеттетілуді, құрдастары тарапынан көрсетілетін психологиялық қысымды. |

| | | |
|---|---|---|
| **8** | **«Саған қалай қарайды?» экспресс-сауалнамасы (8–11 сыныптар)** | Буллинг, кибербуллинг, әлеуметтік оқшаулану қауіптерін, ұжымдағы психологиялық қауіпсіздіктің бұзылуын. |
| **9** | **ЖСДС** | Жалғыздықты субъективті түрде сезінуді, эмоционалдық оқшауланууды, қолдаушы қарым-қатынастың тапшылығын және әлеуметтік оқшаулану қаупін. |
| **10** | **DASS-20** | Депрессия, үрей және стресс симптомдарын, эмоционалдық жайсыздық пен психологиялық жүктеме деңгейін. |
| **11** | **Спилбергер–Ханин әдістемесі** | Жағдаяттық мазасыздықты (дәл қазіргі сәттегі) және тұлғалық тұрақты жеке ерекшелік ретінде. |

**!**

***Назар аударыңыз***

Бастапқы диагностиканың барлық диагностикалық әдістемелерінде қорытынды сұрақ бар: ***«Үлкендердің маған көмектескенін қалаймын».***

Бұл сұрақ педагог-психолог үшін ең маңызды сұрақтардың бірі болып табылады.

Кез келген бала әңгімелесу кезінде өзінің ішкі уайымдары, қиындықтары туралы ашық айтуға немесе көмек сұрауға дайын бола бермейді. Көптеген балалар мен жасөспірімдер өз бетінше әрекет етуге тырысады, сезімдерін жасырады немесе оларды түсінбейді деп қауіптенеді. Жиі жағдайда балалар әлеуметтік тұрғыдан құпталатын жауапты таңдауы мүмкін. Сондықтан бұл сұраққа берілген жауап көбіне баланың қолдауға мұқтаж екендігі туралы өзіндік бір белгі болып табылады.

Іс жүзінде бұл сұрақ балаға өзіне көмек, қолдау, назар аудару немесе жай ғана сенімді адаммен сөйлесу қажет екенін үлкендерге қауіпсіз түрде хабарлауға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты, қосымша әңгімелесуді, бақылауды немесе одан арғы психологиялық-педагогикалық қолдауды қажет етуі мүмкін

білім алушыларды анықтау кезінде бұл сұрақтың жауаптарын басым бағыттардың бірі ретінде қарастыру ұсынылады. Кейде дәл осы жауап баланың өз қиындықтары туралы хабарлайтын алғашқы және жалғыз тәсіліне айналады.

**Диагностикалық әдістемелерді зерттеу кезінде қандай мәселелерге назар аудару қажет**

Диагностиканы өткізбес бұрын нұсқаулықпен және нәтижелерді есептеу ережелерімен ғана емес, әдістеменің өзінің мазмұнымен де мұқият танысып шығу маңызды. Әрбір сұрақтың, шкала мен көрсеткіштің артында белгілі бір психологиялық құбылыстар тұр, ал оларды түсіну алдағы интерпретацияның сапасына тікелей әсер етеді.

Педагог-психологтің жұмысында тек балдарды жинап, шкала бойынша деңгейді анықтау жеткіліксіз. Қандай да бір көрсеткіштің артында нақты не тұрғанын, оның білім алушының мінез-құлқында қалай көрінуі мүмкін екенін және алдағы қолдау көрсету үшін қандай мәнге ие екенін түсіну әлдеқайда маңызды.

Кейбір терминдер мен психологиялық конструктілер кәсіби әдебиеттерде жиі кездескенімен, күнделікті тәжірибеде сирегірек қолданылады. Ал басқаларының мағынасы алғашқы көзқарастағыдан әлдеқайда кең болуы мүмкін. Сондықтан диагностика жүргізер алдында шкалалардың сипаттамасына тағы бір рет үңіліп, көрсеткіштердің мазмұнын зерттеу, қажет болған жағдайда олардың психологиялық мәнімен қосымша танысып шығу пайдалы.

Мұндай тәсіл диагностиканы жай ғана өткізіп, нәтиже алуға емес, диагностикалық мәліметтердің не туралы айтып тұрғанын нақты түсінуге, ең алдымен не нәрсеге мән беру керектігін білуге және жүргізілген жұмыс қорытындысы бойынша дұрыс тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

**Кейбір әдістемелерге тоқталып өтейік.**

**«Саған қалай қарайды?» (2 – 11 сыныптар)**

«Саған қалай қарайды?» әдістемесімен жұмыс барысында қорытынды балға ғана емес, білім алушының әрбір жауабына да назар аудару маңызды. Кейбір жағдайларда дәл бір жауаптың өзі педагог-психологке сауалнаманың жалпы нәтижесінен әлдеқайда маңызды ақпарат беруі мүмкін.

**Қауіпті маркерлер** – баланың физикалық немесе психологиялық әл-ауқатына қауіп төндіруі мүмкін жағдайларды көрсететін жауаптар. Олар маманға:

**«Бұл жағдайға дәл қазір назар аудару қажет»** деген ескерту белгісі болып табылады.

Егер білім алушы **№3 немесе №7 сұрақтарға «Әрдайым»** деп жауап берсе, бұл оған тұрақты түрде күш қолданылатынын, жүйелі қорлау, қатыгез қарым-қатынас немесе ұзақ уақытқа созылған буллингтің болуы мүмкін екенін көрсетуі ықтимал. Бір ғана жауап зорлық-зомбылықтың нақты дәлелі болып табылмайды, алайда ол жағдайды назардан тыс қалдырмауға жеткілікті негіз болып саналады.

Мұндай жағдайда педагог-психолог келесі диагностикалардың нәтижесін күтпейді және тек жалпы балды талдаумен шектелмейді. Жағдайды қосымша зерделеп, білім алушымен әңгіме жүргізіп, оған төнуі мүмкін қауіп деңгейін бағалау қажет.

**Зорлық-зомбылық маркерлері** – өздігінен зорлық-зомбылықтың болғанын дәлелдемейтін, бірақ баланың қолайсыз жағдайда екенін, қауіпсіздік сезімінің бұзылғанын, эмоционалдық қысымға немесе қатыгез қарым-қатынасқа ұшырауы мүмкін екенін көрсететін жауаптар.

Мұндай жауаптарды жағдайға ерекше назар аударуды талап ететін ескерту сигналдары ретінде қарастыруға болады.

Мысалы, бала үнемі қорлауға, дөрекі қарым-қатынасқа, қоқан-лоқы көрсетуге, қорқытуға немесе құрдастары мен ересектер тарапынан агрессияға ұшырауы мүмкін. Мұндай жауаптардың әрқайсысы жеке қарастырылғанда әдістеме бойынша жоғары жалпы балл бермеуі мүмкін. Алайда оларды кешенді түрде талдау әлі айқын байқалмаған мәселені анықтауға мүмкіндік береді.

Сондықтан диагностика нәтижелерін талдау кезінде қорытынды көрсеткіштерге ғана емес, әрбір нақты жауаптың мазмұнына да ерекше назар аудару қажет.

**Тәжірибелік ереже**

! Жоғары жалпы балл қауіп-қатер деңгейін көрсетеді. Кризистік маркерлер мен зорлық-зомбылық маркерлері мәселенің нақты қай жерде жасырынуы мүмкін екенін нұсқайды.

Сондықтан әдістememен жұмыс істеу кезінде әрдайым тек қорытынды нәтижені ғана емес, білім алушының жекелеген жауаптарын да талдаңыз. Кейде белгіленген бір ғана пункт балаға үлкендердің көмегі қажет болып жатқан жағдай туралы алғашқы белгі болуы мүмкін.

## REVISED CHILD ANXIETY AND DEPRESSION SCALE – 25

***(балалардағы мазасыздық пен депрессияның қайта қаралған шкаласы)***

### Ерекше маңызды индикаторлар: қандай жауаптарға ерекше назар аудару қажет

Нәтижелерді талдау кезінде шкалалар бойынша қорытынды балдарға ғана емес, жауаптары педагог-психолог тарапынан қосымша

назар аударуды талап ететін күйлерді нұсқай алатын жекелеген сұрақтарға да қарау маңызды.

Кейбір жауаптар әдістеменің жалпы нәтижесіне қарамастан маңызды болып табылады және сапалы талдауды, нақтылау әңгімесін жүргізуді, сондай-ақ бұдан былайғы іс-қимылдарды бағалауды талап етеді.

**18-сұрақ. Өлім туралы ойлар**

**Бұл сұрақ ең маңызды индикаторлардың қатарына жатады және маманның міндетті түрде назар аударуын талап етеді.**

Егер білім алушы мұндай ойлардың жиі немесе үнемі туындайтынын көрсетсе, бұл өлім тақырыбы баланың немесе жасөспірімнің ішкі уайымдарында белгілі бір орын алатынын білдіруі мүмкін және мұқият зерттеуді талап етеді.

Өлім туралы ойлардың әртүрлі себептермен туындауы мүмкін екенін есте сақтау маңызды. Балалар мен жасөспірімдерде бұл әрдайым суицидтік ниеттермен немесе айқын эмоционалдық жайсыздықпен байланысты бола бермейді. Кейде мұндай ойлар философиялық немесе жас ерекшелігіне тән сипатта болады және өмірдің мәні, есею, болашақ, адам өмірінің құндылығы мен өлімнің табиғи үдеріс екендігі туралы сұрақтарға жауап іздеумен байланысты.

Сонымен қатар, өлім туралы ойлар эмоционалдық қиындықтармен де байланысты болуы мүмкін: күшті ішкі шиеленіс, жалғыздық сезімі, жақын адамынан айырылуды бастан кешіру, ұзаққа созылған үрей, депрессиялық күйзелістер, дағдарыстық жағдай немесе тығырыққа тірелу сезімі.

Сондықтан бұл сұраққа берілген кез келген оң жауап білім алушыны жеке әңгімелесуге шақыруға және оның эмоционалдық жағдайын егжей-тегжейлі зерттеуге негіз болып табылады.

Мұндай кездесудің негізгі міндеті – баланың немесе жасөспірімнің ішкі уайымдарының мазмұнын сабырмен әрі ұқыпты түрде нақтылау, оның өз ойларына қандай мағына беретінін түсіну, қауіп-қатер факторларының бар-жоғын бағалау және одан арғы қолдау көрсету қажеттілігін анықтау.

**Тәжірибелік ереже**

! Өлім туралы ойларды ешқашан елеусіз қалдыруға немесе тек жас ерекшеліктерімен ғана түсіндіруге болмайды. Мұндай ойлардың кез келген түрде айтылуы кәсіби назар аударуды талап етеді.

### 12, 17, 23-сұрақтар. Мазасыз ойлар мен әрекеттер

Бұл сұрақтар баланың мазасыз ойлары немесе қайталанатын әрекеттері болуы мүмкін екеніне назар аударуға көмектеседі.

**Мазасыз ойлар** – бұл бір ойдың баста «тұрып қалып», балаға жағымсыз болса да және ол туралы ойлағысы келмесе де, үнемі қайталана беруі.

Мысалы,

***«Егер бір жаман нәрсе болып қалса ше?»,***

***«Мен бәрін дұрыс істедім бе?»,***

***«Егер мен қателесіп кетсем ше?»***

Мұндай ойлар бастың ішінде қайта-қайта айналып, сабырмен оқуға, демалуға немесе қарым-қатынас орнатуға кедергі келтіруі мүмкін.

**Мазасыз әрекеттер** – бұл баланың іштей тынышталу үшін қандай да бір істі қайталауға «мәжбүр» болғандай күй кешуі. Ол мұны қалағандықтан емес, әйтпесе бойын үрей билейтіндіктен жасайды.

Балаға егер ол белгілі бір нәрселерді орындаса, жағдайды бақылауда ұстайтындай және ешқандай жаман нәрсе болмайтындай көрінеді.

Мысалы,

– ***есікті жапқанын немесе жарықты өшіргенін көп рет тексеру;***

– ***заттарды қайта-қайта санау;***

– ***бір тапсырманы бірнеше рет қайта көшіріп жазу;***

– ***«көңіл орнына түсуі үшін» бір әрекетті қайталай беру.***

**Мына жайтты ерекше атап өту маңызды**

Баланың жауаптарында мазасыз ойлар мен әрекеттердің белгілері кездессе де, бұл оның бойында ОКБ (обсессивті-компульсивті бұзылыс) диагнозының бар екенін білдірмейді.

Сауалнамалардың, сұрақнама немесе бастапқы диагностиканың нәтижелері бойынша медициналық диагноздар қоюға және клиникалық тұжырымдар жасауға болмайды. Бұл – психикалық бұзылыстарды анықтау құралы емес, баланың ықтимал қиындықтары мен ішкі шиеленіс деңгейін көрудің тәсілі. ОКБ-ны толыққанды тексеруден кейін тек клиникалық бейіндегі маман (дәрігер-психиатр немесе клиникалық психолог) ғана анықтай алады. Алайда, мұндай жауаптар баланың бойында өз бетінше жеңуі қиын болып жатқан ішкі шиеленістің бар екенін аңғартуы мүмкін.

**Бұл мынадай белгілер арқылы көрінуі мүмкін:**

1. ***жиі мазасыздану*** – бала қарапайым жағдайларда да қатты уайымдайды, мазасыздыққа тез бой алдырады, жаман бір нәрсе болып қалады деп күтеді;

2. ***тұрақты күмәншілдік*** – оған өз іс-әрекеттеріне сенімді болу қиын, ойша бір нәрсеге қайта-қайта орала беруі мүмкін: «мен мұны дұрыс істедім бе?», «егер қателесіп кетсем ше?»;

3. ***ішкі шиеленіс*** – балада үнемі «қозу үстінде» жүргендей сезім болуы мүмкін, сырттай бәрі тыныш болса да, оған босаңсу қиынға соғады;

4. ***қайталау арқылы өзін-өзі тыныштандыру тәсілдері*** – ол әрекеттерді немесе ойларды көп рет қайта тексеріп, санап, қайталай алады, өйткені бұл оның іштей аз да болса тынышталуына көмектеседі.

**Маңызды:** бұл «еркелік» немесе «жаман мінез-құлық» емес. Көбіне бұл – баланың мазасыздықты жеңуге тырысуы және өзіне бақылау мен тыныштық сезімін қайтару әрекеті.

Егер мұндай жауаптар жиі кездессе немесе айқын көрінсе, баланы сабырлы жеке әңгімелесуге шақырған жөн. Бұл жағдайда педагог-психологтің міндеті – мазасыздық пен шиеленістің нақты неден туындағанын және балаға қолдау қажет пе, соны түсіну. Кейде бұл жас ерекшелігіне немесе стреске байланысты болса, кейде баланың ішкі мазасыздықпен өз бетінше күресуі шынымен қиын екенін және оған көмек керек екенін білдіреді.

**11 және 14-сұрақтар. Мазасыздықтың физиологиялық көріністері**

Бұл сұрақтар ойлар мен уайымдарға емес, мазасыздықтың денеде қалай көрінетініне бағытталған.

Кейде бала өзіне не болып жатқанын сөзбен түсіндіре алмайды, бірақ оның ағзасы стреске реакция беріп үлгіреді. Мұндай жағдайларда мазасыздық «дене арқылы сыртқа шығады».

Мұндай белгілердің артында көбіне мынадай әртүрлі күйлер жасырынуы мүмкін:

– жалпы мазасыздықтың жоғары болуы;

– күшті эмоционалдық шиеленіс;

– мектептегі немесе үйдегі стрестік жағдайлар;

– шамадан тыс жүктеме (оқу, эмоционалдық, әлеуметтік);

– үрейлі көріністер.

***Үрейлі көріністер*** – бұл дәл сол сәтте ешқандай нақты қауіп төніп тұрмаса да, балада кенеттен күшті қорқыныш немесе үрей сезімінің күрт қозып кету күйі. ***Баланың «денесінің ішінде» қатты қорқыныш немесе жайсыздық пайда болады және ол мұның неліктен болып жатқанын түсінбейді.***

**Баланың күнделікті өміріндегі ықтимал көріністері**

*Егер баланың бойында мұндай белгілер анық байқалса, ол:*

1. Нақты себебісіз «өзін жайсыз сезінетініне» (іші, басы ауыруы, әлсіздік) жиі шағымдануы;

2. Іс-әрекетке деген қызығушылығын кенеттен жоғалтып, өзін жайсыз сезіне бастайды – өңі бозарып, әлсірейді, өзін нашар сезінетінін айтады;

3. Мектептен немесе белгілі бір жағдайлардан «сол жерде өзін нашар сезінетіндіктен» қашқақтауы;

4. Қалыпты жағдайларда, бейнебір ағзасы жағдайдың өзінен де күштірек жауап қайтарғандай, кенеттен шошып қалуы;

5. Өзіне неліктен жайсыз болып жатқанын түсінбеуі және өз күйін түсіндіре алмауы мүмкін.

*Бұның себептері мынадай болуы ықтимал:*

1. Ұзаққа созылған стреске реакция;

2. Жиналған үрей;

3. Қақтығыстардың немесе қауіпсіз емес ортаның салдары;

4. Демалыстың жоқтығы;

5. Эмоционалдық шамадан тыс жүктеме;

6. Қатты шаршау;

7. Ұзақ уақыт бойы сыртқа шықпаған ішкі шиеленіс.

*Үрейлі көріністер кезінде балада мыналар пайда болуы мүмкін:*

1. Қалтырау, тоңу, діріл, қатты терлеу;

2. Өз-өзін «бақылаудан шығып кеткендей» немесе «дәл қазір бір нәрсе болатындай» сезіну;

3. Асқазан-ішек жолдары жұмысының бұзылуы (іштегі жайсыздық, тұрақсыз үлкен дәрет, жиілеген дәрет);

4. Жүрек айну, кейде құсу реакцияларына дейін бару;

5. Медициналық себептерсіз жиі кіші дәретке отыру;

6. Кенеттен: «Маған жаман болып тұр», «Қазір құлап қаламын», «Қорқынышты» деп айтуы;

7. Жүректің «кеудесінен шығып кететіндей» қатты соғуы;

8. Ауа жетпей жатқандай сезіну;

9. Беттің немесе дененің кенеттен бозарып немесе қызарып кетуі;

10. Қатты әлсіздікке немесе бас айналуына шағымдану;

11.Жедел түрде сыртқа шығуды, кетуді немесе сабақты тоқтатуды сұрау.

Бала мұндай күйді өте шынайы әрі қорқынышты жағдай ретінде бастан кешеді. Ол мұны «ойдан шығарып» немесе «асыра сілтеп» отырған жоқ – оның ағзасы шынымен де төнген қауіпке реакция бергендей әрекет етеді.

Үрейлі көріністер:

– өтірік емес;

– еркелік емес;

– өздігінен диагноз болып табылмайды.

Бұл – баланың стресс жүйесіне шамадан тыс жүктеме түскенін және оның үйреншікті тәсілдермен ішкі шиеленісті еңсере алмай жатқанын білдіретін белгі.

Мұндай сәтте бала жиі:

– осы күйдің өзінен қорқады;

– бұл жағдай қайталанады деп қауіптене бастайды;

– мектептен, бұған дейін өзін нашар сезінген кабинеттерден немесе жағдайлардан қашқақтай бастауы мүмкін.

Олар мынаны көрсетеді:

– баланың бойында ішкі шиеленіс деңгейі жоғары болуы мүмкін;

– ол дәл сондағы сәтте стресті жеңе алмай жатуы ықтимал;

– дене реакциялары шамадан тыс жүктемені білдіретін «дабыл қағу» тәсіліне айналды.

Сондықтан тек сауалнамамен ғана шектеліп қалмау өте маңызды:

– баламен сабырмен сөйлесіп, мұндай жағдайлардың қашан орын алатынын нақтылау;

– симптомдардың пайда болу жиілігі мен шарттарын түсіну;

– мектепте немесе отбасында стрестік жағдайлардың бар-жоғын байқау;

– мәліметтерді бақылау нәтижелерімен және басқа әдістемелермен салыстыру;

– қажет болған жағдайда тереңдетілген диагностика мен қолдау көрсетуге бағыттау.

**Басты ой**

Егер баланың «денесі сөйлеп тұрса» – бұл оның өз эмоцияларын сөзбен жеткізе алмай қиналатынын білдіреді. Бұл – асығыс тұжырымдар жасауға емес, жағдайды мұқият әрі сабырмен зерттеуге әрдайым негіз болатын жайт.

## Жалғыздықты сезінудің дифференциалдық сауалнамасы

**Жалғыздықты сезінудің дифференциалдық сауалнамасы (ЖСДС) әдістемесінің негізгі көрсеткіштері нені білдіреді**

**Жоғары жалғыздық деңгейі.**

**Жалғыздық** – бұл баланың айналасындағы адамдардың саны емес, оның ішкі сезімі. Бала достарының, сыныптастарының және отбасының ортасында жүрсе де, өзін ешкім түсінбейтіндей, ешкімге керек емес сияқты немесе айналасындағылардан эмоционалды түрде алшақтап кеткендей сезінуі мүмкін.

Жалғыздықтың жоғары деңгейі баланың эмоционалдық жақындықтың, қолдаудың немесе бір ортаға тиесілілік сезімінің айқын тапшылығын бастан кешіріп отырғанын білдіреді.

📌 **«Айналамда адамдар бар, бірақ мен бәрібір өзімді жалғыз сезінемін».**

**Төмен жалғыздық деңгейі**

Бала өзін қабылданғанын, керек екенін және айналасындағы адамдармен байланыста екенін сезінеді.

📌 ***«Мен өзімді жалғыз сезінбеймін, қасымда мені түсінетін адамдар бар».***

**Жоғары оңашалық деңгейі.**

**Оңашалық** – бұл өз-өзіңмен сабырлы түрде жалғыз қала алу және бұл уақытты демалу, ойлану, күш-қуатты қалпына келтіру немесе сүйікті істермен айналысу үшін пайдалана білу қабілеті. Жоғары көрсеткіш тұйықтықты немесе қарым-қатынастағы мәселелерді білдірмейді.

📌 ***«Өз-өзіммен оңаша қалғанда маған жақсы әрі жайлы».***

**Төмен оңашалық деңгейі**

Балаға жалғыз қалу қиынға соғады. Жалғыздық іш пысушылықты, мазасыздықты, ішкі жайсыздықты немесе үнемі өзін бір нәрсемен айналыстыру қажеттілігін тудыруы мүмкін.

📌 ***«Маған жалғыз қалу жайсыз».***

**Қарым-қатынасқа жоғары тәуелділік деңгейі.**

Бала басқа адамдармен тұрақты байланыста болуды қатты қажет етеді. Айналасындағылардың көзқарасы мен қарым-қатынасы оның көңіл-күйіне, өзін-өзі бағалауына және эмоционалдық жағдайына айтарлықтай әсер етеді.

📌 ***«Қасымда әрдайым біреудің болғаны мен үшін өте маңызды».***

**Қарым-қатынасқа төмен тәуелділік деңгейі.**

Бала тұрақты түрде араласуды қажет етпейді және уақытты басқа адамдармен де, өз бетінше де жайлы өткізе алады.

📌 ***«Мен адамдармен бірге де, өзім жалғыз да бола аламын – екі жағдайда да өзімді бірдей сабырлы сезінемін».***

**Көрсеткіштердің үйлесуі: «жалғыздық – оқшаулануға ұмтылу / тәуелділік**

| Үйлесімдер | Мәні | Психологиялық интерпретация | Баланың бойында қалай көрінеді | Педагог-психологке арналған интерпретация |
|---|---|---|---|---|
| **Жоғары жалғыздық + төмен оңашалық** | «Өз-өзіңмен оңаша қалғанда жалғыз және жаман» | Қалпына келу ресурсы жоқ эмоционалдық оқшаулану | Жалғыздықты сезінеді, бірақ оңаша қалу бұл күйді жеңілдетпейді, қайта мазасыздық пен шиеленісті күшейтеді | Әлсіз профиль. Мазасыз-депрессиялық реакциялар мен эмоционалдық қажығандық болуы мүмкін. Жеке әңгімелесуді талап етеді. |
| **Жоғары жалғыздық + жоғары тәуелділік** | Қарым-қатынасқа өте мұқтаж, бірақ өзін қабылданғандай сезінбейді. | Қабылданбау тапшылығы кезіндегі қарым-қатынасқа деген мазасыз мұқтаждық | Араласуға деген күшті қажеттілік + шеттетілу сезімі | Тұйық шеңбер: байланысқа деген мұқтаждық мазасыздықты күшейтеді. Ұжымдағы қарым-қатынастарды талдау қажет. |
| **Төмен жалғыздық + төмен оңашалық** | «Адамдармен жақсы, бірақ оларсыз жаман» | Жалғыз қалу қиындығы жағдайындағы әлеуметтік белсенділік | Топта өзін жайлы сезінеді, бірақ оңаша қалу ішкі жайсыздық тудырады | Даму аймағы: өзін-өзі реттеу және жалғыздыққа деген төзімділікті дамыту қажет. |
| **Төмен жалғыздық + жоғары оңашалық** | «Адамдар болса – жақсы. Адамдар болмаса да сабырлы» | Эмоционалдық тұрақтылық және теңгерімді әлеуметтік белсенділік | Өзін қарым-қатынаста да, өз-өзімен оңаша қалғанда да сабырлы сезінеді | Оңтайлы нұсқа. Психологиялық амандықтың көрсеткіші. |
| **Жоғары оңашалық + төмен тәуелділік** | «Өз-өзіммен оңаша қалғанда маған жақсы» | Дербестік және ресурстық жалғыздық | Оңашалықтағы жайлылық, араласу жоқ кезде үрейдің болмауы | Ресурстық тип. Әлеуметтік оқшаулану жағдайын анықтау маңызды. |

## ЖСДС нәтижелерін тәжірибеде қалай қолдану керек?

Жалғыздықты сезінудің дифференциалдық сауалнамасының нәтижелерін бөлек шкалалар бойынша емес, олардың өзара

жиынтығында қарастыру маңызды. Көрсеткіштердің үйлесімі ғана баланың айналасындағылармен қарым-қатынасын және өзінің ішкі жай-күйін қалай бастан кешіріп жатқанын барынша дәл түсінуге мүмкіндік береді.

Бірдей жоғары немесе төмен көрсеткіш басқа шкалаларға байланысты әртүрлі психологиялық мағынаға ие болуы мүмкін екенін есте сақтау қажет. Мысалы, әртүрлі балалардағы жалғыздықтың бірдей деңгейі уақытша эмоционалдық реакцияны да, сондай-ақ қолдау мен маңызды қарым-қатынастың тұрақты тапшылығын да білдіруі мүмкін.

Сондықтан педагог-психологтің міндеті «жалғыздық деңгейін бағалау» емес, мынаны түсіну болып табылады:

– бала өзін қарым-қатынасқа қосылған сезіне ме;

– оның эмоционалдық тірегі бар ма;

– ол ішкі жайсыздықсыз жалғыз қала ала ма;

– әлде, керісінше, жалғыздық ол үшін шиеленіс көзіне айналып отыр ма.

Балаға бір уақытта жалғыз қалу да, қарым-қатынаста өзін қабылданғандай сезіну де қиынға соғатын ішкі теңгерімсіздікті көрсететін үйлесімдерге ерекше назар аудару қажет. Мұндай профильдер мұқият зерттеуді және қажет болған жағдайда тереңдетілген диагностика мен баламен әңгімелесу жүргізуді талап етеді.

**Басты ой**

**!** Жалғыздық – бұл жай ғана қарым-қатынастың жоқтығы емес, адамның тұлғааралық байланыстарды іштей сезіну сапасы. Дәл

осы ішкі сезім баланың психологиялық жай-күйін түсіну үшін шешуші мәнге ие.

📌 Мынаны есте сақтаған жөн:

Балалар мен жасөспірімдердің барлығы бірдей қарым-қатынасқа және өз-өзімен оңаша өткізген уақытқа бірдей қарамайды. Кейбір білім алушылар өздерінің тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты тынышырақ араласу ортасын жөн көреді, жалғыз уақыт өткізгенді, өз әуестіктерімен айналысқанды, кітап оқығанды, сурет салғанды, ойын ойнағанды немесе ойға шомғанды ұнатады. Оңашалыққа ұмтылудың өзі ғана жайсыздықтың белгісі болып табылмайды.

Бұдан бөлек, жалғыздықты сезіну әрдайым айналасындағылар тарапынан қолдаудың нақты жоқтығымен байланысты бола бермейді. Бұл әсіресе жасөспірімдік кезеңде жиі кездеседі.

Жасөспірімнің оны жақсы көретін ата-анасы, достары, педагогтердің қолдауы болуы мүмкін, бірақ сонымен бірге ол өзін ешкім түсінбейтіндей, жалғыз немесе басқа адамдардан эмоционалды түрде алшақтап кеткендей шын мәнінде сезіне алады. Мұндай жағдайларда сөз объективті жағдай туралы емес, көбіне жасөспірімнің өзінің субъективті сезімі туралы болады.

Дәл солай болғандықтан, педагог-психолог үшін әдістеме нәтижелерін бағалау ғана емес, мыналарды анықтау да маңызды:

– баланың өзі өз жалғыздығын қалай түсінеді;

– бұл ішкі сезімдер қашан пайда болды;

– ол бұны немен байланыстырады;

– оның өмірінде маңызды ересек адамдар мен жақын қарым-қатынастар бар ма;

– бұл ішкі уайымдар оның эмоционалдық жағдайына және күнделікті өміріне қаншалықты әсер етеді.

Педагог-психолог үшін басты сұрақ – баланың айналасында адамдардың бар-жоғында емес, оның өзін түсінетіндей, қабылданғандай және олармен эмоционалды түрде байланысты сезінетінінде. Дәл осы жайт жас ерекшелігіне тән уайымдарды, мінез-құлық өзгешеліктерін және оңашалыққа деген мұқтаждықты шынымен де қосымша назар аударуды және қолдау көрсетуді талап ететін жағдайдан ажыратуға мүмкіндік береді.

Бастапқы диагностика әдістемелерінде қолданылатын басқа көрсеткіштердің атаулары, әдетте, өте түсінікті әрі бірмәнді болып келеді, сондықтан оларды интерпретациялау барысында қиындықтар туындамайды. Қажет болған жағдайда, әдістемені қолданар алдында шкалалардың сипаттамасымен және авторлық интерпретациясымен қосымша танысып шығу ұсынылады.

Тұжырымдардың маман үшін түсінікті болғанына қарамастан, кейбір жекелеген сұрақтар білім алушыларда қиындық тудыруы мүмкін. Сондықтан, қажет болған жағдайда олардың бастапқы мәнін өзгертпей, қарапайым және ұғынықты сөздермен қалай түсіндіруге болатынын алдын ала ойластырып алған маңызды.

***2. Балалар мен жасөспірімдерде қиындық тудыруы мүмкін сұрақтарды табу.***

Әдістемемен танысқаннан кейін, оған баланың немесе жасөспірімнің көзімен қарап шыққан пайдалы.

Өзіңізге мынадай бірнеше сұрақ қойыңыз

– Барлық тұжырымдар білім алушыларға түсінікті бола ма?

– Күнделікті сөйлеу тілінде сирек қолданылатын сөздер бар ма?

– Бала сұрақтың мәнін бұрыс түсініп қалуы мүмкін бе?

– Бұл тұжырым қосымша мазасыздық немесе ыңғайсыздық тудырмай ма?

Бұл әсіресе кіші және орта жастағы білім алушылар, сондай-ақ оқу сауаттылығының деңгейі төмен жасөспірімдер үшін өте өзекті.

### *3. Күрделі тұжырымдарға түсінікті анықтамалар дайындау*

Егер әдістемеде балаларға түсініксіз болуы мүмкін сөздер немесе тіркестер кездессе, оларға арналған бейтарап түсіндірмелерді алдын ала ойластырыңыз.

**Есте сақтау маңызды**

Түсіндіру жауапты алдын ала меңземеуі және сұрақтың мағынасын өзгертпеуі тиіс. Оның негізгі мақсаты – балаға сұрақтың тұжырымын дұрыс түсінуге көмектесу.

Диагностиканы жүргізер алдында қиындық тудыруы мүмкін сөздер мен оларға берілетін ықтимал түсіндірмелердің жеке тізімін алдын ала дайындаған жөн. Бұл педагог-психологке диагностика барысында барлық білім алушыларға бірдей, сабырлы әрі бірізді түсініктеме беруге мүмкіндік береді.

| Сөз немесе тіркес | Ықтимал түсіндірме |
|---|---|
| **Эмоционалдық шиеленіс** | Күшті ішкі уайым немесе мазасыздық |
| **Жасқаншақтық / Көңіл-күйдің түсуі** | Ұзақ уақыт бойы көңіл-күй болмауы және ештеңе қуантпауы |
| **Оқшаулану** | Адамның өзін басқалардан бөлек сезінуі |
| **Әл-ауқаты** | Адамның өмірі қаншалықты жақсы әрі жайлы екендігі |

Оқушыларда сұрақ тудыруы мүмкін нақты әдістемелер мен бастапқы диагностика сұрақтарына тоқталып өтейік.

## Жасөспірімдердің әл-ауқат шкаласы

Сұрақтарға жауап берген кезде оның мәнін толық айтып бермеу және жауапты нұсқамау, тек балаға тұжырымды түсінуге көмектесу маңызды.

| Сұрақ № | Сөз немесе тіркес | Ықтимал түсіндірме |
|---|---|---|
| **10** | **Мен өмірдің еш мәні жоқ деп ойлаймын** | 1. Саған өмірде ешқандай маңызды нәрсе жоқ сияқты көріне ме?<br>2. Өмірден қандай да бір жақсы нәрсені көру саған қиын болатын кездер бола ма?<br>3. Өмірден қуаныш сезінбейтін кездерің бола ма?<br>4. Саған өмір қызықсыз әрі мәнсіз болып кеткендей көрінетін сәттер бола ма? |
| **17** | **Мен өзімді сондай мұңды сезінемін, оған шыдау қиын** | 1. Бұл жерде саған сондай мұңлы немесе ауыр болып, бұл сезімдерді жеңу өте қиынға соғатын кездердің болатыны туралы сұралып тұр.<br>2. Мұңның сондай үлкейіп кеткені сонша, саған онымен бірге болу ауыр деген сезім бар ма?<br>3. Саған сондай мұңлы болып, бұған төзу өте қиын сияқты көрінетін сезім бола ма?<br>4. Саған сондай мұңлы болып, соның кесірінен өте ауыр болатын кездер бола ма?<br>5. Саған өте-өте мұңлы болатын кездер бола ма? |

## Revised Child Anxiety And Depression Scale – 25

Қарапайым түсіндірмелердің нұсқалары

| Сұрақ № | Тұжырым | Ықтимал түсіндірме |
|---|---|---|
| **15** | **Менің ойым шашыраңқы** | 1. Басында бәрі араласып, шатасып кеткендей сезім бола ма?<br>2. Ойыңды жинақтау саған қиын ба?<br>3. Не ойлап жатқаныңды түсіну қиын болатын кездер бола ма?<br>4. Ойларың бір-бірімен шатасып кеткендей күй кешесің бе?<br>5. Өз ойларыңды ретке келтіру саған оңай ма, әлде кейде шатасып кетесің бе?<br>6. Ойыңды жинақтау немесе өз ойларыңды түсіну қиын болатын сәттер бола ма? |
| **16** | **Өзімді пайдасыз сезінемін** | 1. Өзің қалағандай көмектесе алмай жүргендей сезінетін кездерің бола ма?<br>2. Қазір ешкімге көмектесе алмайтындай көріне ме?<br>3. «Менең келер пайда аз» деп ойлағандықтан көңілің түсе ме?<br>4. Қолыңнан ештеңе келмейтіндей көріне ме?<br>5. Маңызды ештеңе істемей жүргендей сезінесің бе? |
| **17** | **Жаман нәрсе болмауы үшін мен ерекше түрде ойлаймын** | 1. Егер дұрыс ойласам немесе бәрін дұрыс істесем, жаман нәрсе болмайды деп ойлайтын кездерің бола ма? |
| **23** | **Кейде жаман нәрсе болмауы үшін мен кейбір әрекеттерді ерекше тәсілмен жасаймын** | 2. Кейде өз ойларың немесе әрекеттерің сені сәтсіздіктерден қорғай алатынына сенетін сәттерің бола ма?<br>3. «Әйтпесе бір жаман нәрсе болып қалады» деп қорыққандықтан, тек жақсы нәрселер туралы ойлайтын кездерің бола ма?<br>4. Жаман нәрсенің болу-болмауы өз ойларыңа байланысты сияқты көрінетін сәттер бола ма?<br>5. Бәрі жақсы болуы үшін қандай да бір ойларды немесе сөздерді ішіңнен әдейі қайталайтын кездерің бола ма?<br>6. Жаман нәрсе орын алмас үшін қандай да бір істі әдейі белгілі бір тәсілмен істейтін сәттерің бола ма? |

**Есте сақтау маңызды**

Егер бала сұрақты бәрібір түсінбесе, оған тағы бір рет сабырлы түрде жекелеген сөздердің мағынасын түсіндірген дұрыс. Ал оның жауабына ықпал етуі мүмкін өмірлік мысалдарды келтіруден аулақ болған жөн.

## ДЕПРЕССИЯ, МАЗАСЫЗДЫҚ, СТРЕСС

*(DASS-20)*

Қиындық тудыруы мүмкін сұрақтар

| Сұрақ № | Тұжырым | Ықтимал түсіндірме |
|---|---|---|
| **14** | **Өткен аптада өзімнің ісіме кедергі келтіретін нәрселердің бәріне төзімсіздік таныттым** | 1. Өткен аптада саған кедергі жасағанда немесе ісіңнен алаңдатқанда қатты ашуың келді ме?<br>2. Өткен аптада сен бір іспен айналысып жатқанда, бір нәрсе сені алаңдатса ашуландың ба?<br>3. Өткен аптада өз ісіңмен айналысуыңа кедергі жасағанда, сені қатты ашуландырды ма? |
| **15** | **Өткен аптада өзімді үрейге берілудің алдында тұрғандай сезіндім** | 1. Бойыңды өте күшті қорқыныш немесе үрей билеп, өзіңді бақылау қиынға соққандай сезім болды ма?<br>2. Үрейдің күшті болғаны сонша, шынымен қорқынышты болғандай сезім туды ма?<br>3. Қобалжудан ішіңнің бәрі дірілдеп жатқандай күй кештің бе?<br>4. Қатты мазасызданып әрі қорыққандықтан, өз-өзіңді сабырға шақыра алмағандай сәттер болды ма? |
| **16** | **Өткен аптада мен ешбір нәрсеге ынта-ықылас таныта алмадым** | 1. Ештеңе істегің келмей, ешнәрсеге қызығушылығың болмағандай жағдай орын алды ма? |

| | | |
|---|---|---|
| | | 2. Қандай да бір істі қызығушылықпен, ерекше шабытпен істеуге зауқың соқпаған сәттер болды ма?<br>3. Өткен аптада саған бір нәрсеге ықылас таныту, қызығу қиын болғанын сездің бе? |
| **20** | **Өткен аптада мен еш себепсіз қорқыныш сезімін бастан өткердім** | 1. Ешқандай жаман нәрсе болмаса да, бойыңда қорқыныш немесе үрей сезімі пайда болды ма?<br>2. Неліктен екенін өзің де түсінбей, қорыққан сәттерің болды ма?<br>3. Ешбір себепсіз үрей мен қорқынышты бастан кешірдің бе? |

## МАЗАСЫЗДЫҚТЫ ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Жағдаяттық мазасыздық шкаласы

| Сұрақ № | Тұжырым | Ықтимал түсіндерме |
|---|---|---|
| **2** | **Маған ештеңе қауіп төндірмейді** | 1.Саған өзіңде бәрі жақсы болады сияқты көріне ме?<br>2.Өзіңмен ешқандай жаман нәрсе болмайтындай сезінесің бе?<br>3.Бойыңда бәрі дұрыс әрі тыныш деген сенімділік бар ма? |
| **3** | **Мен шиеленіс жағдайындамын** | 1.Дәл қазір іштей мазасыз күй кешіп отырсың ба?<br>2.Қазір өзіңе босаңсу қиын болып жатқанын сезесің бе?<br>3.Қазір өз-өзіңді сабырға шақыру саған қиын ба?<br>4.Қазір қобалжып тұрсың ба? |
| **4** | **Мен өкініш сезімін бастан кешіремін** | 1.Істеген ісіңе өкінетін кездерің бола ма?<br>2.«Бұны басқаша істеуге болар еді» деп ойлайтын сәттерің бола ма?<br>3.Істеген қандай да бір ісіңе іштей өкінесің бе?<br>4.Болған жағдайға байланысты көңілің түсіп, мұңайғандай сезім бола ма? |
| **7** | **Мүмкін болатын сәтсіздіктер мені алаңдатады** | 1.«Бір нәрсе дұрыс болмай қалса ше» деп уайымдайсың ба? |

| | | |
|---|---|---|
| | | 2.Жаңа істі бастағанда «қолымнан келмей қалса ше» деп қорқасың ба?<br>3.«Ісім оңға баспай қалуы мүмкін» деген ойлар келе ме?<br>4.Қателесуден қорқасың ба?<br>5.Бір нәрсенің жоспардағыдай болмай қалуынан үрейленесің бе?<br>6.Қолыңнан келмей қала ма деп қобалжисың ба? |
| **9** | **Мен мазасызданып тұрмын** | 1.Қазір қобалжып тұрсың ба?<br>2.Дәл қазір бойыңда мазасыздық бар ма?<br>3.Қазір бір нәрсеге уайымдап отырсың ба?<br>4.Қазір көңілің орнында емес пе?<br>5.Қазір бейнебір жаман нәрсе болып қалатындай күтіп отырсың ба?<br>6.Қазір саған қорқынышты ма, әлде түсіндіру қиын болатын біртүрлі сезімдер мазалап жүр ме? |
| **10** | **Мен ішкі қанағаттану сезімін сезінемін** | 1.Істеп жатқан ісің өзіңе ұнай ма?<br>2.Шыққан нәтижеге қарап өзіңді жақсы сезінесің бе?<br>3.Істеген ісіңе көңілің тола ма?<br>4.Қолың жеткен нәтиже өзіңе ұнай ма?<br>5.Жасаған істеріңнен қуаныш сезінесің бе?<br>6.Бір нәрсе істегенде іштей рақаттанып, жақсы күй кешесің бе? |
| **12** | **Мен қобалжып тұрмын** | 1.Қазір толқып тұрсың ба?<br>2.Қазір уайымдап отырсың ба?<br>3.Қазір көңілің жай таппай тұр ма?<br>4.Қазір өз-өзіңді сабырға шақыра алмай тұрғандайсың ба? |
| **13** | **Өзімді қоярға жер таппай тұрмын** | 1.Бір орнында тыныш отыру саған қиын ба?<br>2.Өз-өзіңді баса алмай тұрсың ба?<br>3.Үнемі қозғала бергің келіп, тоқтай алмай жатырсың ба?<br>4.Бір орында отыру саған қиын ба?<br>5. Қобалжығандықтан еркін босаңсып отыра алмай тұрсың ба? |
| **14** | **Мен қатты ширыққан күйдемін** | 1.Ашуланып және саған сабыр сақтау қиын болып тұр ма?<br>2.Қазір айналаңдағының бәрі жыныңа тиіп, тынышталу қиын ба? |

| | | |
|---|---|---|
| | | 3.Қазір өз-өзіңді басу қиын ба және әдеттегіден тезірек ашуланасың ба? |
| **15** | **Мен қысылу мен шиеленісті сезінбеймін** | 1.Саған босаңсу қиын ба?<br>2.Бүкіл денең сіресіп қалғандай немесе ауырып тұрғандай сезім бар ма?<br>3.Денеңнің бәрі тартылып, шиеленісіп тұрғандай ма және босай алмай жатырсың ба? |
| **17** | **Мен алаңдап тұрмын** | 1.Қазір бір нәрсеге уайымдап жүрсің ба?<br>2.Қазір сені мазалап жүрген бір жайт бар ма?<br>3.Қазір бір нәрсені ойлап, оны басыңнан шығара алмай жатырсың ба?<br>4.Қазір бір нәрсе саған маза бермей жүр ме?<br>5.Қазір қандай да бір мәселе туралы ой үстіндесің бе? |
| **18** | **Мен шамадан тыс мазасыз күйдемін және өзімді жайсыз сезінемін** | 1.Қазір қатты қобалжып тұрсың ба және өзіңді жайсыз сезінесің бе?<br>2.Дәл қазір саған сабыр сақтау өте қиын ба?<br>3.Қазір қатты уайымдап отырсың ба және саған ыңғайсыз ба?<br>4.Қазір іштей мазасызданып, сабырға келу қиынға соғып тұр ма? |

## Тұлғалық мазасыздық шкаласы

| Сұрақ № | Тұжырым | Ықтимал түсіндерме |
|---|---|---|
| **21** | **Мен жайлы күйдемін** | 1.Саған жағымды әрі қуанышты болатын кездер бола ма?<br>2.Әртүрлі нәрселерге қуана білесің бе?<br>3.Саған жиі бір нәрселер ұнап, қуаныш әкеле ме?<br>4.Істеп жатқан ісіңнен қуаныш аласың ба?<br>5.Бұл жерде өміріңде болып жатқан жайттардан саған қуанышты әрі жағымды болатыны туралы сұралып тұр. |
| **24** | **Мен басқа адамдар сияқты бақытты болғым келеді** | 1.Саған басқа адамдар өзіңнен бақыттырақ сияқты көрінетін кездер бола ма?<br>2.Басқалардың өмірі жақсырақ немесе қуанышты сияқты сезім бола ма? |

| | | |
|---|---|---|
| | | 3.Кейде басқаларға қарап: «Мен де осылар сияқты бақытты болғым келеді», – деп ойлайсың ба?<br>4. Кейде басқаларда бәрі өзіңе қарағанда сәттірек болып жатқандай көріне ме?<br>5.Басқа адамдардың қуанғанына қызғанышпен қарайтын сәттерің бола ма?<br>6. Кейде басқалармен салыстырғанда өзіңе қуаныш жетіспейтінін сезесің бе? |
| **25** | **Шешімді жеткілікті түрде тез қабылдамағандықтан, мен жиі ұтыламын** | 1. Бір нәрсені ұзақ ойлап, соның кесірінен бір істі істеу мүмкіндігін жіберіп алатын кездерің бола ма?<br>2. Қалай әрекет ету керектігін тез таңдай алмай немесе шеше алмай қалатын сәттерің бола ма?<br>3. Сен ұзақ шешім қабылдағандықтан, басқалар сенен бұрын үлгеріп кететін кездер бола ма?<br>4. Кейде әрі қарай не істеу керектігін тез шешу саған қиын ба?<br>5. Ұзақ ойланғандықтан, өзің қалаған істі істеп үлгермей қалатын сәттерің бола ма? |
| **26** | **Әдетте мен өзімді сергек сезінемін** | 1. Әдетте саған күш пен қуат жеткілікті ме?<br>2. Көбіне өзіңді күш-қуатқа толы сезінесің бе?<br>3. Әдетте өзіңді белсенді сезінесің бе?<br>4. Көбіне өзіңді шаршаңқы сезінбейсің бе?<br>5. Әдетте саған сабаққа, ойындарға және басқа да істерге күшің жете ме?<br>6. Көбіне өзіңді қуатты сезінесің бе? |
| **27** | **Мен сабырлы, байсалды және жинақымын** | 1. Әдетте өз-өзіңді сабырлы күйде сақтай аласың ба?<br>2. Көбіне, тіпті бір нәрсе дұрыс болмай жатса да, сабыр сақтай аласың ба?<br>3. Әртүрлі жағдайларда тыныштықты сақтау саған оңай ма?<br>4. Әдетте сен қатты қобалжымайсың ба және сабырмен ойлана аласың ба?<br>5.Қиындықтар туындаған кезде сабырлылық таныта аласың ба? |
| **28** | **Күтілетін қиындықтар мені** | 1. Болашақта болуы мүмкін жайттарға қатты уайымдайсың ба? |

| | | |
|---|---|---|
| | **әдетте қатты алаңдатады** | 2. Алда болатын оқиғалар үшін алдын ала қатты қобалжитын кездерің бола ма?<br>3. Бір нәрсе орын алмас бұрын, алдын ала жиі уайымдайсың ба?<br>4. Алдағы істер немесе оқиғалар туралы ойлар сені қатты мазалайтын сәттер бола ма?<br>5. Маңызды оқиғалардың алдында өзіңді іштей шиеленістіріп алатын кездерің бола ма? |
| **29** | **Мен болмашы нәрселерге тым көп уайымдаймын** | 1. Маңызды емес ұсақ-түйектер үшін қатты уайымдайтын кездерің бола ма?<br>2. Басқаларға онша маңызды емес болып көрінетін нәрселер сенің жиі көңіліңді түсіре ме?<br>3. Кішкентай мәселелер үшін ұзақ уақыт уайымдайтын сәттерің бола ма?<br>4. Тіпті кішкентай сәтсіздіктер де сені қатты мазалайтын кездер бола ма? |
| **31** | **Мен бәрін жүрегіме жақын қабылдаймын** | 1. Сені оңай ренжіту немесе көңіліңді түсіру мүмкін бе?<br>2. Басқа адамдардың сөздері мен іс-әрекеттері үшін ұзақ уақыт уайымдайтын кездерің жиі бола ма?<br>3. Жағымсыз сөздер немесе жағдайлар жаныңа қатты бата ма?<br>4. Сенің көңіліңді түсірген нәрсе туралы ұзақ ойланатын сәттерің бола ма?<br>5. Басқалардың не айтқаны немесе не істегені үшін жиі уайымдайсың ба? |
| **33** | **Әдетте мен өзімді қауіпсіз сезінемін** | 1. Көбіне өзіңе ешқандай қауіп төніп тұрмағанын сезесің бе?<br>2. Әдетте өзіңді сабырлы әрі қорғалғандай сезінесің бе?<br>3. Әдетте бір жаман нәрсе болып қалады деп қорықпайсың ба?<br>4. Әдетте өзіңді тыныш сезінесің бе және саған ештеңе қауіп төндірмей ме?<br>5. Көбіне өзің жүрген жерде көңілің тыныш па?<br>6. Әдетте үйде, мектепте немесе баратын жерлеріңде қорықпайсың ба? |

| | | |
|---|---|---|
| | | 7. Көбіне өзіңде бәрі дұрыс және ешқандай жаман нәрсе болып жатқан жоқ деп сезесің бе?<br>8. Әдетте өз қауіпсіздігің үшін қорқыныш немесе үрей сезбейсің бе? |
| **34** | **Мен сын жағдайлардан мен қиындықтардан аулақ болуға тырысамын** | 1. Күрделі немесе жағымсыз жағдайларға тап болмауға тырысасың ба?<br>2. Қиындықтардан қашқақтауға тырысатын кездерің бола ма?<br>3. Әдетте күрделі жағдайларға араласпауға тырысасың ба?<br>4. Қиын немесе жағымсыз болуы мүмкін жағдайлардан бойыңды аулақ саласың ба?<br>5. Мәселелерге әкелуі мүмкін істерді жасамауға тырысасың ба? |
| **35** | **Менде көңілсіздік күйі болып тұрады** | 1. Сенде қандай да бір ерекше себепсіз көңіл-күйдің түсуі бола ма?<br>2. Кейде ішің пысып, мұңайып, ештеңе істегің келмейтін кездер бола ма?<br>3. Бойыңды мұң билеп, күш-қуатың таусылғандай күй кешетін сәттерің бола ма?<br>4. Жай ғана көңілің түсіп, ештеңе қаламайтын кездерің орын ала ма?<br>5. Бәрі қызықсыз болып көрінетін «көңілсіз күй» сенде болып тұра ма? |
| **36** | **Менің көңілім толады** | 1. Өзіңде бәрінің қалай болып жатқанына ризасың ба?<br>2. Жалпы алғанда қазіргі өмірің өзіңе ұнай ма?<br>3. Көбіне өзіңде бәрі жақсы екенін сезесің бе?<br>4. Әдетте өзіңе және өз өміріңе көңілің толатынын сезінесің бе?<br>5. Жалпы алғанда істеріңнің алға басып жатқаны өзіңе ұнай ма? |
| **37** | **Әртүрлі болмашы нәрселер мені алаңдып, мазалайды** | 1. Әртүрлі ұсақ-түйектер сені тез алаңдатып, мазалайтын кездер бола ма?<br>2. Кішкентай нәрселер сенің жиі зейін қоюыңа кедергі жасай ма?<br>3. Болматын нәрселер үшін уайымдай бастайтын сәттерің бола ма? |

| | | |
|---|---|---|
| | | 4. Онша маңызды емес істер немесе жағдайлар сені оңай алаңдата ма?<br>5. Кішкентай мәселелердің кесірінен уайымдай бастайтын кездерің бола ма?<br>6. Әртүрлі ұсақ-түйектер саған сабырмен ойлануға немесе жұмыс істеуге кедергі келтіре ме? |
| **38** | **Мен өзімнің көңілім қалған жағдайларды қатты уайымдаймын, кейін оларды ұзақ уақыт ұмыта алмаймын** | 1. Сенің көңіліңді түсірген нәрсе үшін ұзақ уақыт уайымдайтын кездерің бола ма?<br>2. Жағымсыз жағдайларды ұзақ уақыт ұмыта алмайтын сәттерің орын ала ма?<br>3. Сенің көңіліңді қалдырған немесе мұңайтқан нәрселер туралы ұзақ ойланасың ба?<br>4. Жағымсыз оқиғалар басыңнан ұзақ уақыт шықпай қоятын кездер бола ма?<br>5. Сені ренжіткен нәрсе туралы ойлауды тез тоқтату саған қиын ба?<br>6. Сәтсіздіктерің немесе көңіл қалушылықтарың үшін ұзақ уақыт уайымдайтын сәттерің бола ма? |
| **39** | **Мен ұстамды адаммын** | 1. Әдетте сен сабырлы әрі ұстамды адамсың ба?<br>2. Сені көбіне тыныштық сақтайды деп айтуға бола ма?<br>3. Әртүрлі жағдайларға әдетте сабырмен жауап бересің бе?<br>4. Көбіне сабырлы күйде қалып, қатты уайымдамайсың ба?<br>5. Әртүрлі жағдайларда сабырлылықты сақтау саған оңай ма? |
| **40** | **Өз істерім мен уайымдарым туралы ойлағанда, мені қатты мазасыздық билейді** | 1. Өз істерің туралы ойлағанда қатты қобалжитын кездерің бола ма?<br>2. Істер мен уайымдар туралы ойлар сені қатты мазалайтын сәттер орын ала ма?<br>3. Өз шаруаларың туралы ойлағанда қатты уайымдайсың ба?<br>4. Өз істерің мен мазаңды алған жайттар үшін қатты қобалжи бастайтын кездерің бола ма?<br>5. Істеуің керек нәрселер туралы ойлағанда бойыңды үрей билей ме? |

Мұндай сұрақтарды түсіндірген кезде олардың мәнін толық өзгертпей, тек балаға жекелеген сөздер мен тіркестерді («үрей», «ықылас/құлшыныс», «еш себепсіз қорқыныш», «төзімсіздік таныттым») түсінуге көмектесу маңызды. Бұл диагностика нәтижелерінің шынайылығын сақтауға мүмкіндік береді.

### *4. Кіріспе сөз дайындау*

Әрбір диагностиканың алдында қысқаша кіріспе сөзді алдын ала ойластырып алу ұсынылады. Кіріспе сөздің міндеті – балаларға мына жайттарды түсіндіру:

- диагностика не үшін өткізіліп жатыр;
- неліктен шынайы жауап беру маңызды;
- нәтижелер қалай пайдаланылады;
- диагностиканың емтихан немесе білімді тексеру емес екендігі.

Білім алушы болып жатқан жұмыстың мәнін түсінген кезде, ол өзін сабырлы сезінеді және диагностикаға анағұрлым жауапкершілікпен қарайды. Баланың немесе жасөспірімнің мынаны түсінуі маңызды: диагностика тек нәтиже алу үшін ғана өткізілмейді. Бұл – оның жай-күйін, мұқтаждықтарын жақсырақ түсінуге және болашақта қандай қолдау қажет болуы мүмкін екенін анықтауға көмектесетін алдағы психологиялық жұмыстың алғашқы қадамы. Жауаптар неғұрлым шынайы болса, педагог-психолог алдағы жұмыс пен қолдау көрсету іс-шараларын соғұрлым дәл жоспарлай алады.

**2–4 сынып оқушыларына арналған кіріспе сөздің мысалы**

***Сәлеметсіңдер ме, балалар!***

*Қазір біз сендермен бірге сұрақтарға жауап береміз. Бірақ оған дейін ең маңызды нәрсені айтып өткім келеді.*

*Бұл бақылау жұмысы да, білімді тексеру де емес. Бұл жұмыс үшін ешкім баға қоймайды, сондықтан уайымдаудың қажеті жоқ. Бұл жерде дұрыс немесе бұрыс жауаптар болмайды.*

*Маған сендердің мектепте өздеріңді қалай сезінетіндеріңді, бұл жердің ұнайтын-ұнамайтынын, басқа балалармен араласудың оңай-қиындығын және бәрі жақсы ма, соны білу маңызды.*

*Әр адамның өз ойы, сезімі мен уайымдары болады, сондықтан жауаптар да әртүрлі болуы мүмкін.*

*Өтінемін, тек өздерің қалай ойласаңдар, солай жауап беріңдер. Қасыңдағы баланың жауабына қараудың немесе «қай жауап жақсырақ болады» деп таңдаудың қажеті жоқ. Ең жақсы жауап – ол шынайы жауап.*

*Егер қандай да бір сұрақ түсініксіз болып көрінсе, қолдарыңды көтеріңдер. Мен сұрақты түсінуге көмектесемін, бірақ жауапты өздерің таңдайсыңдар.*

*Сендердің жауаптарың бағаға әсер етпейді, жауаптарың үшін ешкім ұрыспайды және сендерді басқа балалармен салыстырмайды.*

*Сондықтан жай ғана сабырмен, асықпай, өздеріңе ең сәйкес келетін жауапты таңдаңдар.*

*Ал, дайынсыңдар ма? Онда бастаймыз.*

**5–7 (8) сынып оқушыларына арналған кіріспе сөздің мысалы**

***Сәлеметсіңдер ме, балалар.***

*Бүгін біз сендермен бірге шағын тапсырма орындаймыз. Бірден айтқым келеді: бұл бақылау жұмысы да, емтихан да емес, бұл жерде баға қойылмайды және дұрыс немесе бұрыс жауаптар болмайды.*

*Біздің міндетіміз – сендердің мектепте және өмірде өздеріңді қалай сезінетіндеріңді жақсырақ түсіну: балалармен және үлкендермен қарым-қатынастарыңның қалай қалыптасып жатқанын, оқудың қаншалықты жайлы екенін, қиындықтар немесе уайымдар тудыратын жағдайлардың болатын-болмайтынын білу.*

*Істің ақиқатын, яғни бәрі қалай болса, солай шынайы жауап беру маңызды. «Дұрыс» жауапты таңдаудың немесе «қалай жақсырақ көрінеді» деп ойлаудың қажеті жоқ.*

*Бұл жерде дәл сендердің жеке жауаптарың маңызды.Кейде өмірде әртүрлі кезеңдер болады: бәрі жақсы әрі тыныш уақыттар және сәл қиынырақ болатын сәттер. Бұл – қалыпты жағдай және мұндай тапсырмалар арқылы бұл туралы да айтуға болады.*

*Егер қандай да бір сұрақ түсініксіз болып көрінсе – сабырмен қолдарыңды көтеруге болады, мен оны түсіндіруге көмектесемін.*

*Жұмыс аяқталғаннан кейін, егер сендердің жауаптарың бойынша менде нақтылайтын сұрақтар туындаса, мен сендерді қысқаша әңгімелесуге шақыруым мүмкін. Бұл қандай да бір мәселе бар дегенді білдірмейді – жай ғана қажет болған жағдайда көмектесу үшін уақыт өте келе жағдайды сәл жақсырақ түсіну керек болады.*

*Егер сендердің өздеріңде де бір нәрсені талқылауға немесе сұрақ қоюға ниеттерің пайда болса – кез келген уақытта келулеріңе болады. Мен сендермен бірге сұрақтарыңды талқылауға әрқашан қуаныштымын!*

*Сабырмен, асықпай жұмыс істейміз.*

*Бастаймыз.*

## 9–11 сынып оқушыларына арналған кіріспе сөздің мысалы

***Сәлеметсіңдер ме, балалар.***

*Бүгін біз сендермен бірге диагностикалық тапсырма орындаймыз. Бұл емтихан да, бақылау жұмысы да, білімді тексеру де емес. Бұл жерде баға қойылмайды және дұрыс немесе бұрыс жауаптар болмайды.*

*Бұл, керісінше, сәл кідіріп, өз-өзіңе құлақ түруге арналған шағын мүмкіндік.*

*Жоғары сыныптар – әдетте өте қызықты әрі күрделі кезең. Бұл уақытта сендер өздеріңді, өз қалауларыңды, адамдармен қарым-қатынастарыңды көбірек түсіне бастайсыңдар, болашақ пен жол таңдау туралы ойланасыңдар. Сонымен қатар, әртүрлі ішкі уайымдар, күмәндер, шаршау немесе ішкі сұрақтар пайда болуы мүмкін – бұл да қалыпты жағдай.*

*Сондықтан бүгін бәрі қалай болса, солай шынайы жауап беру маңызды. «Қалай дұрыс болады» немесе «қалай жақсырақ көрінеді» деп емес, өздеріңді нақты қалай сезінетіндеріңді және не нәрсе жандарыңған жақын, соны белгілеңдер.*

*Сендердің жауаптарың өмірдің осы кезеңінен қалай өтіп жатқандарыңды жақсырақ түсінуге және қажет болған жағдайда қолдауды керек ететін балаларға көмек көрсетуге септігін тигізеді.*

*Егер жұмыс барысында тапсырмалар бойынша сұрақтарың туындаса – сабырмен қолдарыңды көтеруге болады, мен келіп түсіндіремін. Диагностикадан кейін, егер сендердің жауаптарың бойынша менде нақтылайтын сұрақтар туындаса, мен сендерді қысқаша жеке әңгімелесуге шақыруым мүмкін.*

*Бұл қандай да бір мәселе бар дегенді білдірмейді – жай ғана жағдайды жақсырақ түсіну және қажет болған жағдайда қолдау*

*көрсету үшін кейбір жайттарды нақтылап алу маңызды. Және керісінше – егер жұмыстан кейін сендерде қандай да бір ойлар, сұрақтар пайда болса немесе бір нәрсені талқылағыларың келсе, кез келген уақытта өздерің де келе аласыңдар. Сабырмен, өз қарқындарыңмен жұмыс істейміз. Рақмет сендерге. Бастаймыз.*

Орта және жоғары сынып оқушыларымен жұмыс істеу кезінде диагностиканың басында бұл жұмыстың тек тапсырмаларды орындаумен ғана шектелмейтінін міндетті түрде айтып өту қажет.

Ол аяқталғаннан кейін, қажет болған жағдайда, бұдан арғы жұмыстар жалғастырылатын болады: нақтылау әңгімелері, бөлек сәттерді талқылау және қажетті психологиялық қолдау көрсету.

Кейбір білім алушыларда сұрақтар туындауы немесе қандай да бір мәселелерді нақтылауға деген қажеттілік сақталуы мүмкін. Бұл жақсы белгі болып табылады. Себебі бұл баланың өзін қауіпсіз сезінетінін, қызығушылық танытуға, сұрақ қоюға және өз сезімдері мен уайымдарын ашық білдіруге дайын екенін көрсетеді.

Алдағы уақытта біз мұндай өтініштермен қалай жұмыс істеу керек екендігіне және диагностикадан кейін қолдау көрсету диалогын қалай құруға болатынына толығырақ тоқталамыз.

### *5. Оқушылардың ықтимал сұрақтарына жауаптар дайындау*

Іс-тәжірибе көрсеткендей, диагностика жүргізу барысында балалар жиі бірдей сұрақтар қояды.

| Баланың сұрағы | Педагог-психологтің ықтимал жауабы |
|---|---|
| **«Бұл бақылау жұмысы ма?»** | *Жоқ, бұл бақылау жұмысы да, білімді тексеру де емес. Бұл жерде ештеңе жаттаудың немесе арнайы дайындалудың қажеті жоқ. Біз үшін сенің пікірің мен ішкі сезіміңді білу маңызды.* |

| | |
|---|---|
| **«Дұрыс жауаптар бар ма?»** | *Жоқ. Бұл жұмыста дұрыс немесе бұрыс жауаптар болмайды. Ең бастысы – өзіңе нақты сәйкес келетін жауапты таңдау.* |
| **«Менің жауаптарымды кім көреді?»** | *Сенің жауаптарыңды тек педагог-психолог қана көреді. Егер нәтижелер бойынша талқылауды қажет ететін сұрақтар немесе тақырыптар анықталса, педагог-психолог алдымен бұл туралы өзіңмен жеке сөйлеседі. Сенің жауаптарың басқалармен талқыланбайды, бұл жағына уайымдама!* |
| **«Егер не таңдау керек екенін білмесем ше?»** | *Өзіңе ең ұқсас келетін немесе әдетте өзіңді қалай сезінетініңді сипаттайтын нұсқаны таңда. Мінсіз жауапты ұзақ іздеуге тырыспа – көбіне басыңа бірінші келген және сенің ойыңды, сезіміңді немесе мінез-құлқыңды ең жақсы көрсететін нұсқа дұрыс болып шығады.* |
| **«Бұл бағаға әсер ете ме?»** | *Жоқ. Диагностика бағаға, үлгерімге немесе мұғалімдердің саған деген көзқарасына ешқандай әсер етпейді.* |
| **«Сұрақты өткізіп жіберуге бола ма?»** | *Барлық сұрақтарға жауап беруге тырысқан жөн, бірақ қандай да бір сұрақ мүлдем түсініксіз болса, қолыңды көтер, мен оның мәнін түсінуге көмектесемін.* |
| **«Менің жауаптарымды ата-анам біле ме?»** | *Жоқ. Сенің жауаптарыңды тек педагог-психолог көреді. Диагностика нәтижелері ата-аналарға толтырылған сауалнама немесе тест түрінде берілмейді. Егер қандай да бір маңызды мәселелерді талқылау қажеттілігі туындаса, мен алдымен бұл туралы өзіңмен сөйлесемін.* |
| **«Бұл жалпы не үшін керек?»** | *Балалардың өздерін қалай сезінетінін, кімге көмек немесе қолдау қажет екенін және мектепте немесе колледжде өзіңді жайлы әрі қауіпсіз сезінуің үшін не істеуге болатынын түсіну үшін қажет.* |

Дайындалған жауаптар топтың үрейін сейілтуге және тексеру барысында артық талқылаулардың алдын алуға мүмкіндік береді.

**!** Егер педагог-психолог сұрақтардың мазмұнын алдын ала нақты түсініп, ықтимал қиындықтарды білсе және түсінікті түсіндірмелер дайындап алса, диагностика ұйымдасқан түрде өтеді және айтарлықтай дәл нәтижелер береді. Мұндай жағдайда

маманның назары нұсқаулық пен бланкілерге емес, ең маңызды нәрсеге – білім алушылардың жай-күйі мен реакциясына бағытталады.

Жұмыстың тиімді болып, нақты нәтиже беруі үшін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жүйесінің тұтас құрылымын түсіну және оның негізгі кезеңдері мен жұмыс логикасын бірізді түрде қайта қарастыру маңызды.

**5 ҚАДАМ**

## Жүйені тұтастай түсіну

*Тек жекелеген қадамдарды ғана емес, бүкіл бағытты көру*

**АЛГОРИТМНІҢ МАҚСАТЫ**

Алгоритм бастапқы диагностиканы жүргізуден бастап балаға көмек көрсетуді ұйымдастыруға және оның нәтижелілігін бақылауға дейінгі **бірізді әрекеттер маршруты** ретінде құрылады. Диагностика дербес аяқталған жұмыс ретінде емес, назар аударуды, қолдауды немесе ведомствоаралық көмекті қажет етуі мүмкін білім алушыларды анықтаудың бастапқы кезеңі ретінде қарастырылады.

Схема **диагностикалық белгіден балаға нақты көмек көрсету әрекеттеріне дейінгі қозғалыстың жалпы бағытын** көрсетеді. Әрбір келесі блок бақылау формасына кімдердің кіретінін, жағдайды нақтылаудың қалай жүргізілетінін және қолдау көрсетуге кім жауапты екенін ашып көрсетеді.

**!** Алдағы қадамдарды түсінбей тұрып диагностика жүргізудің тәжірибелік құндылығы жоқ.

### Алгоритм схемасы

Алгоритм диагностиканың бастапқы нәтижесінен педагог-психологтің нақты іс-әрекеттеріне дейінгі бірізді жұмыс маршруты ретінде құрылады. Әрбір диагностикалық кезең жұмыстың толық циклін іске қосады: бастапқы диагностиканы жүргізуден бастап

психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыруға және жүргізілген жұмыстың динамикасын бағалауға дейін.




**НЕГІЗГІ ПРИНЦИП**
Диагностика нәтижелері бойынша жұмыс әрбір диагностикалық кезең аяқталғаннан кейін басталады. Егер білім алушы кемінде бір әдістеме бойынша тәуекел аймағына енсе немесе маркерлік сұраққа мәнді жауап берсе, ол бақылау нысанына енгізіліп, нәтижелерге қарай тереңдетілген диагностика жүргізілітін, жеке диагностикалық кездесуге жіберіледі.

**1. Диагностика жүргізу кестесі бойынша жұмыстың жалпы логикасы.**

Бастапқы диагностиканы педагог-психолог бекітілген кестеге сәйкес жүргізеді. Бұл «**1-ҚАДАМДА**» жазылған.

**2. Бастапқы диагностика нәтижелері бойынша қауіп-қатер аймақтары**

Білім алушыларды қауіп-қатер аймақтарына бөлу бастапқы диагностика нәтижелерін өңдегеннен кейін жүзеге асырылады. Бұл бөлу баланы таңбалау үшін емес, педагог-психологтің әрі қарайғы жұмысының басымдықтары мен тереңдігін айқындау мақсатында жүргізіледі.

| Қауіп-қатер аймағы / санат | Жатқызуға негіздеме | Жұмыстың алдағы логикасы |
|---|---|---|
| **Жасыл аймақ** | Диагностика нәтижелері бойынша айқын қауіп-қатерлер анықталған жоқ, маркерлік жауаптар жоқ. | Білім алушы бақылау формасына енгізілмейді, бірақ сыныптағы жалпы алдын алу жұмыстарына қатысады. |

| Қауіп-қатер аймағы / санат | Жатқызуға негіздеме | Жұмыстың алдағы логикасы |
|---|---|---|
| **Сары аймақ** | Қауіп-қатердің орташа деңгейі немесе жайсыздықтың қалыпты белгілері анықталды (кем дегенде бір әдістеме бойынша). | Білім алушы бақылау формасына енгізіледі, жеке диагностикалық кездесу және көрсеткіштер бойынша тереңдетілген диагностика жүргізіледі. |
| **Қызыл аймақ** | Қауіп-қатердің жоғары деңгейі, жайсыздықтың айқын белгілері немесе бірнеше қолайсыз көрсеткіштердің жиынтығы анықталған. | Білім алушы міндетті түрде бақылау формасына енгізіледі, жеке диагностикалық кездесу бірінші кезектегі тәртіппен өткізіледі. |
| **Маркерлік жауаптар** | Жалпы нәтиже қауіп-қатер аймағына жатпаса да, жекелеген сұрақ бойынша маңызды жауап анықталды. | Білім алушы бақылау формасына енгізіледі және жауаптың мазмұнына сәйкес жеке диагностикалық жұмысқа жіберіледі. |

### 3. Білім алушыларды бақылау формасына енгізу

Бақылау формасына бастапқы диагностика нәтижелері бойынша олармен әрі қарай жеке жұмыс жүргізуге негіз анықталған білім алушылар енгізіледі.

| Аймақ | Негіздеме | Бақылау формасына енгізу | Алдағы әрекет |
|---|---|---|---|
| **Жасыл аймақ** | Диагностика нәтижелері бойынша айқын қауіп-қатерлер анықталған жоқ | **Енгізілмейді** | Жалпы алдын алу жұмыстарына қатысу |
| **Сары аймақ** | Эмоционалдық, мінез-құлықтық немесе әлеуметтік қолайсыздықтың орташа айқын белгілері. | **Енгізіледі** | Жеке әңгімелесу, себебін нақтылау |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Қызыл аймақ** | Қауіп-қатердің немесе жайсыздықтың айқын белгілері | **МІНДЕТТІ ТҮРДЕ енгізіледі** | Міндетті түрде әңгімелесу, жағдайды тереңдетіп зерттеу |
| **Маңызды жауаптар** | Жалпы нәтиже қауіп аймағынан тыс болса да, жекелеген сұрақтар бойынша ықтимал жайсыздық белгілері анықталған | **Енгізіледі** | Жағдайды жеке нақтылау |
| **Әлеуметтік қауіп-қатер** | Баланың жағдайына ерекше назар аударуды қажет ететін әлеуметтік жағдайлар. | **Енгізіледі** | Әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету |

**ЕНГІЗУ СЕБЕБІ ҚАЛАЙ БЕКІТІЛЕДІ**

Бақылау формасында енгізудің себебі қысқаша көрсетіледі: «_____ әдістемесінің нәтижесі бойынша қызыл аймақ», «_____ әдістемесінің нәтижесі бойынша сары аймақ», «_____ маркерлік сұрағы бойынша маңызды жауап», «_____ және _____ әдістемелері бойынша жоғары көрсеткіштердің жиынтығы».

**!** **Маңызды:** Бақылау нысанына енгізу – қорытынды, диагноз немесе таңбалау шарасы емес. Бұл – тәуекел белгісі анықталғаннан кейін баланы назардан тыс қалдырмауға, жағдайды одан әрі нақтылауды және қажетті қолдау көрсетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін кәсіби әрі ұйымдастырушылық механизм.

## 4. ӘРЕКЕТТЕРДІҢ ҚАДАМДЫҚ АЛГОРИТМІ

Қадамдық алгоритм бастапқы диагностика кестесінде көзделген әрбір диагностикалық кезеңнен кейін қолданылады. Әрбір қадам диагностиканы білім алушылармен алдағы жұмысқа көшіретін нақты нәтижемен аяқталады.

## 01 Бекітілген кесте бойынша диагностиканы ұйымдастыру

**Педагог-психолог:**

– белгіленген кезеңде диагностикадан өтуі тиіс сыныптар мен жас ерекшелік топтарын анықтайды;

– тиісті жас ерекшелік тобына арналған әдістемелер тізімін нақтылайды;

– диагностикалық материалдарды, нұсқаулықтарды, бланкілерді немесе электронды формаларды дайындайды;

– диагностика жүргізілетін күнді және оның шарттарын әкімшілікпен және сынып жетекшілерімен келіседі;

– негізгі күні сабақта болмаған немесе қатыспаған білім алушылардың диагностикадан өту тәртібін анықтайды.

**Қадамның нәтижесі:** Диагностика кестеге және әдістемелердің жас ерекшелік пакетіне сәйкес ұйымдастырылды.

## 02 Бастапқы диагностиканы жүргізу

**Педагог-психолог:**

– білім алушыларға түсінікті нұсқаулық береді;

– сабырлы жағдайды және құпиялылықты қамтамасыз етеді;

– диагностикалық материалдардың дұрыс толтырылуын қадағалайды;

– сабақта болмаған немесе диагностиканы аяқтамай қалған білім алушыларды тіркейді;

– бұдан былайғы өңдеу жұмыстары үшін бастапқы мәліметтерді сақтайды.

**Қадамның нәтижесі:** Білім алушылар бойынша бастапқы диагностикалық мәліметтер алынды.

## 03 Диагностикалық кезеңнен кейін нәтижелерді өңдеу

**Педагог-психолог:**

– кілттер бойынша балдарды есептейді;

– көрсеткіштердің айқындалу деңгейін анықтайды;

– кем дегенде бір әдістеме бойынша қауіп-қатер аймағына шыққан білім алушыларды анықтайды;

– маркерлік сұрақтарды бөлек қарап шығады;

– жалпы балға қарамастан маңызды жауаптарды тіркейді;

– егер білім алушы диагностика кешенінен өткен болса, бірнеше әдістеменің нәтижелерін өзара салыстырады;

– сынып бойынша және бұдан былайғы жұмысты қажет ететін білім алушылар бойынша жиынтық ақпаратты қалыптастырады.

**Қадамның нәтижесі:** Бұдан былайғы жұмысты жүргізу үшін диагностикалық негіздері бар білім алушылар анықталды

## 04 Білім алушыларды қауіп-қатер аймақтары бойынша бөлу

**Педагог-психолог:**

– білім алушыларды жасыл, сары және қызыл аймақтарға бөледі;

– маңызды маркерлік жауаптары бар білім алушыларды бөлек көрсетеді;

– мына ережені тексереді: егер білім алушы кем дегенде бір әдістеме бойынша қауіп-қатер аймағына шықса, ол бұдан былайғы жеке диагностикалық жұмысқа енгізіледі;

– мына ережені тексереді: егер жалпы балл айқын қауіп-қатерді көрсетпесе, бірақ маңызды маркерлік жауап болса, білім алушы бұдан былайғы жұмысқа бәрібір енгізіледі.

**Қадамның нәтижесі:** Қай білім алушылардың жалпы алдын алу жұмысында қалатыны, ал қайсысының бақылау формасына енгізілуі тиіс екендігі анықталды.

## 05 Білім алушыларды бақылау формасына енгізу

**Педагог-психолог:**

– бақылау формасына қызыл және сары аймақтағы білім алушыларды енгізеді;

– кем дегенде бір әдістеме бойынша қауіп-қатер аймағына шыққан білім алушыларды енгізеді;

– маңызды маркерлік жауаптары бар білім алушыларды енгізеді;

– енгізу себебін қысқаша көрсетеді: қауіп-қатер аймағы, әдістеме, маркерлік жауап немесе диагностикалық көрсеткіштердің жиынтығы.

**Сынып жетекшісі:**

– мінез-құлқында өзгерістер, оқу белсенділігінің төмендеуі, әлеуметтік оқшаулану белгілері, жанжалшылдық, эмоционалдық

тұрақсыздық немесе бейімделу қиындықтары байқалған жағдайда білім алушыны бақылау нысанына қосуды ұсына алады;

– педагог-психологке педагогикалық бақылау нәтижелерін және білім алушының білім беру ортасындағы қиындықтары туралы ақпаратты береді;

– қолдау көрсету қызметінің мамандарымен бірлесіп, білім алушыны әрі қарай сүйемелдеуге қатысады.

**Әлеуметтік педагог:**

– отбасылық мәселелердің, өмірлік қиын жағдайдың, әлеуметтік қолайсыздықтың, буллингтің, қатыгездік танытудың немесе басқа да қауіп-қатер факторларының белгілері анықталған жағдайда білім алушыны бақылауға қоя алады;

– педагог-психологке әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу және отбасымен өзара іс-қимыл жасау барысында алынған ақпаратты береді;

– білім алушыны ведомствоаралық және әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыруға қатысады.

**Қадам нәтижесі: п**едагог-психолог жеке диагностикалық жұмыс жүргізетін білім алушылардың тізімі қалыптастырылды.

## 06 Жеке диагностикалық жұмыстың кезектілігін анықтау

**Педагог-психолог:**

– жеке кездесу өткізуді қажет ететін білім алушыларды айқындайды;

– қызыл аймақ үшін нәтижелер өңделгеннен кейін 1-3 жұмыс күні ішінде бастапқы жеке диагностикалық кездесуді жоспарлайды;

– сары аймақ үшін нәтижелер өңделгеннен кейін 3-10 жұмыс күні ішінде бірінші жеке диагностикалық кездесуді жоспарлайды;

– маңызды маркерлік жауаптардың мазмұны мен тәуекел белгісінің айқындылығына қарай жұмыс жүргізу мерзімін белгілейді.

**Қадам нәтижесі:** Бақылау формасына енгізілген білім алушылармен жұмыстың реттілігі белгіленді.

### Жеке диагностикалық жұмыстың кезектілігі

Білім алушылар бақылау формасына қосылғаннан кейін педагог-психолог бірінші жеке диагностикалық кездесудің мерзімін анықтайды. Мерзімдерді белгілеу тәуекел белгісі анықталған білім алушының диагностика нәтижелері өңделгеннен кейін назардан тыс қалмауын қамтамасыз ету үшін қажет.

| Білім алушылардың санаты | Бірінші жеке диагностикалық кездесудің мерзімі | Жұмыстың ерекшеліктері |
|---|---|---|
| **Қызыл аймақ** | Нәтижелер өңделгеннен кейін 1-3 жұмыс күні ішінде | Бірінші кезекте өткізілетін жеке диагностикалық кездесу, тәуекел бағыты бойынша тереңдетілген диагностика жүргізу және бастапқы сүйемелдеу маршрутын айқындау. |
| **Сары аймақ** | Нәтижелер өңделгеннен кейін 3-10 жұмыс күні ішінде | Жеке диагностикалық кездесу, көрсеткіштер бойынша тереңдетілген диагностика, алдын алу немесе түзете-дамыту жұмысының нысанын анықтау. |
| **Маңызды маркерлік жауаптар** | Жауаптың мазмұнын ескере отырып, басым тәртіпте | Жауаптың мазмұны бойынша жеке диагностикалық жұмыс, тереңдетілген диагностика мен сүйемелдеу қажеттілігін бағалау. |
| **Жасыл аймақ** | Қосымша негіздер болмаса, жүргізілмейді | Сыныптың жалпы алдын алу жұмысы және педагог-психологтің жоспарлы қызметі аясындағы бақылау. |

## Жеке диагностикалық кездесу және тереңдетілген диагностика / 2-кезең

**Педагог-психолог:**

– білім алушыны жеке диагностикалық кездесуге шақырады;

– кездесудің мақсатын байсалды әрі түсінікті түрде түсіндіреді;

– білім алушының жай-күйін және диагностика нәтижелеріне әсер етуі мүмкін жағдайды нақтылайды (сенімді әңгімелесу барысында білім алушының эмоционалдық жай-күйінің ықтимал себептерін анықтайды);

– білім алушының жас ерекшелігі мен анықталған қауіп-қатер бағытына сәйкес тереңдетілген диагностика жүргізеді;

– қажет болған жағдайда тереңдетілген диагностиканы бірнеше кездесуге бөледі;

– жеке диагностикалық жұмыстың нәтижелерін тіркейді;

– қауіп-қатердің расталған-расталмағанын және қандай көмек қажет екенін анықтайды.

**Қадам нәтижесі:** Қауіп-қатердің сипаты нақтыланды және әрі қарай сүйемелдеудің негіздері анықталды.

## 08 Сүйемелдеу маршрутын анықтау

**Педагог-психолог:**

– бақылау мен жалпы алдын алу жұмысының жеткілікті-жеткіліксіздігін анықтайды;

– орташа қауіп-қатер деңгейінде алдын ала сүйемелдеуді, топтық жұмысты немесе жеке кездесулердің қысқа циклін жоспарлайды;

– қауіп-қатер расталған жағдайда жеке сүйемелдеу маршрутын әзірлейді;

– білім алушының эмоционалдық қолайсыздығының, мінез-құлық қиындықтарының немесе дағдарыстық жағдайының ықтимал себептерін анықтайды және талдайды;

– қажет болған жағдайда отбасындағы жағдаймен, тұлғааралық жанжалдармен, буллинг салдарымен және анықталған басқа да қауіп-қатер факторларымен жұмысты ұйымдастырады;

– егер қиындықтар сынып ішінде байқалса, сыныппен жұмысты және сынып жетекшісімен өзара іс-қимылды жоспарлайды;

– егер отбасының қолдауы қажет болса, ата-аналарға кеңес береді және ұсынымдар ұсынады;

– баланың қауіпсіздігі мен әл-ауқатына қатер төндіретін қолайсыздық белгілері анықталған жағдайда, қажетті қызметтер мен мамандарды тартуға бастамашылық жасайды;

– қажет болған жағдайда қорғаншылық органдарымен, медициналық ұйымдармен, аудан әкімдігінің бөлімшелерімен, Психологиялық қолдау орталығымен және басқа да құзыретті қызметтермен ведомствоаралық өзара іс-қимылды ұйымдастырады;

– егер жағдай ұйымдастырушылық шешімдерді талап еткен жағдайда, қажетті көлемде білім беру ұйымының әкімшілігін хабардар етеді.

**Қадам нәтижесі:** Бақылау формасындағы енгізілген әрбір білім алушы бойынша жұмыс маршруты айқындалды.

| Тәуекел себебі | Негізгі әрекеттер | Қатысушылар |
|---|---|---|
| **Эмоционалды қолайсыздық** | Консультациялар, бақылау, тереңдетілген диагностика жүргізу, ата-аналармен және білім алушының анықталған эмоционалды қолайсыздық себептерімен жұмыс істеу. | Педагог-психолог, ата-аналар, қажет болған жағдайда – денсаулық сақтау органдары, КТІжИ. *Тәуекел деңгейі жоғары күйінде сақталған немесе оң динамика байқалмаған жағдайда білім алушыны ведомствоаралық сүйемелдеу шеңберінде БҚЖӨУ, БҚҚК, БҚУ, «111» қызметімен және басқа да құзыретті құрылымдармен өзара жұмыс ұйымдастырылады.* |
| **Буллинг** | Баланы қорғау, сыныппен жұмыс, себептермен жұмыс, бастамашылармен жұмыс, қауіпсіздікті бақылау. | педагог-психолог, сынып жетекшісі, әкімшілік, ПҚО, КТІжИ. *Тәуекел деңгейі жоғары күйінде сақталған немесе оң динамика байқалмаған жағдайда білім алушыны ведомствоаралық сүйемелдеу шеңберінде БҚЖӨУ, БҚҚК, БҚУ, «111» қызметімен және басқа да құзыретті құрылымдармен өзара жұмыс ұйымдастырылады.* |
| **Зорлық-зомбылық немесе қауіпсіздікке төнген қауіп** | Шұғыл әрекет ету, әкімшілікті хабардар ету, құзыретті органдарды тарту. | Директор, қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі орган, КТІжИ, балалардың құқықтарын қорғау басқармасы. *Тәуекел деңгейі жоғары күйінде сақталған немесе оң динамика байқалмаған жағдайда білім алушыны ведомствоаралық сүйемелдеу шеңберінде БҚЖӨУ, БҚҚК, БҚУ, «111» қызметімен және басқа да құзыретті құрылымдармен өзара жұмыс ұйымдастырылады.* |
| **Отбасылық қолайсыздық** | Отбасының жағдайын бағалау, ата-аналармен жұмыс, әлеуметтік сүйемелдеу. | Әлеуметтік педагог, қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі орган, отбасын қолдау орталығы. *Тәуекел деңгейі жоғары күйінде сақталған немесе оң динамика* |

| | | |
|---|---|---|
| | | *байқалмаған жағдайда білім алушыны ведомствоаралық сүйемелдеу шеңберінде БҚЖӨУ, БҚҚК, БҚУ, «111» қызметімен және басқа да құзыретті құрылымдармен өзара жұмыс ұйымдастырылады.* |
| **Әлеуметтік осалдық** | Әлеуметтік қолдау шараларына қосу. | Әлеуметтік педагог, әкімдік, отбасын қолдау орталығы.<br>*Тәуекел деңгейі жоғары күйінде сақталған немесе оң динамика байқалмаған жағдайда білім алушыны ведомствоаралық сүйемелдеу шеңберінде БҚЖӨУ, БҚҚК, БҚУ, «111» қызметімен және басқа да құзыретті құрылымдармен өзара жұмыс ұйымдастырылады.* |
| **Құқықтық тәуекелдер** | Алдын алу және ведомствоаралық жұмыс жүргізу. | Әкімшілік, КТІжИ, КТІжК, ПҚО.<br>*Тәуекел деңгейі жоғары күйінде сақталған немесе оң динамика байқалмаған жағдайда білім алушыны ведомствоаралық сүйемелдеу шеңберінде БҚЖӨУ, БҚҚК, БҚУ, «111» қызметімен және басқа да құзыретті құрылымдармен өзара жұмыс ұйымдастырылады.* |
| **Денсаулық жағдайы** | Мамандардың көмегіне жүгінуді ұсыну. | Ата-аналар, медицина қызметкері, денсаулық сақтау саласы.<br>*Тәуекел деңгейі жоғары күйінде сақталған немесе оң динамика байқалмаған жағдайда білім алушыны ведомствоаралық сүйемелдеу шеңберінде БҚЖӨУ, БҚҚК, БҚУ, «111» қызметімен және басқа да құзыретті құрылымдармен өзара жұмыс ұйымдастырылады.* |

**Жеке диагностикалық кездесу қорытындысы бойынша жұмыс маршрутын айқындау.**

| Жеке диагностикалық жұмыстың қорытындысы | Жұмыс маршруты |
|---|---|
| **Тәуекел расталмады** | Білім алушы білім беру ұйымының бекітілген жоспарына сәйкес алдын алу, түсіндіру және диагностикалық жұмыстарға қатысуын жалғастырады. |
| **Тәуекел орташа деңгейде байқалса** | Алдын алу сүйемелдеу, топтық жұмыс немесе жеке кездесулердің қысқа циклі. |
| **Тәуекел расталса** | Жеке сүйемелдеу бағыты, тұрақты жұмыс және динамиканы бақылау. |
| **Эмоционалды жағдайға байланысты қиындықтар кездессе** | Жеке консультациялар, түзете-дамыту жұмыстары, өзін-өзі реттеу және эмоционалды тұрақтылықты қолдау жаттығулары. |
| **Сыныпта қиындықтар көрініс тапса** | Білім алушыны стигматизацияламай сыныппен жұмыс істеу және сынып жетекшісімен өзара іс-қимыл жасау. |
| **Отбасының қолдауы қажеттігі туындаса** | Ата-аналарға консультация беру, баланы қолдау бойынша ұсыныстар, әрі қарайғы қадамдарды келісу. |
| **Жағдай ұйымдастырушылық шешімдерді талап етсе** | Көмек көрсету мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін әкімшілікті қажетті көлемде хабардар ету. |

## 09 Сүйемелдеуді іске асыру және динамиканы бағалау

**Педагог-психолог:**

– жеке консультациялар мен түзете-дамыту сабақтарын жүргізеді;

– сары аймақтағы білім алушылармен топтық жұмысты ұйымдастырады;

– топтық қиындықтар анықталған жағдайда сыныппен жұмыс жүргізеді;

– қажет болған жағдайда ата-аналарға консультация береді;

– қажет болған жағдайда сынып жетекшісімен және әкімшілікпен өзара әрекет жасайды;

– білім алушының жағдайындағы өзгерістерді бақылайды және сүйемелдеу бағытын түзетіп отырады.

**Қадам нәтижесі:** Сүйемелдеу динамиканы бағалауға және әрі қарай бақылау, жұмысты жалғастыру немесе күшейту туралы шешім қабылдауға дейін жалғасады.

| Динамика | Басшының шешімі |
|---|---|
| **Тұрақты оң динамика** | Белсенді сүйемелдеуден біртіндеп шығару, бақылау режиміне ауыстыру. |
| **Жартылай динамика** | Сүйемелдеуді жалғастыру, жұмыс жоспарын түзету. |
| **Динамика жоқ** | Көмек көрсету бағытын қайта қарау, қосымша мамандарды тарту. |
| **Жағдайдың нашарлауы** | ШҰҒЫЛ ведомствоаралық қарау, көмек көрсету шараларын тез арада күшейту. |

### Түсіндірмелер

Алгоритм бастапқы диагностика кестесінде көзделген әрбір диагностикалық кезеңнен кейін қолданылады. Әр жартыжылдықта педагог-психолог бірдей циклден өтеді: диагностика жүргізу, нәтижелерді өңдеу, тәуекел аймақтары бойынша бөлу, бақылау формасына енгізу, жеке диагностикалық кездесу, көрсетілімдер бойынша тереңдетілген диагностика, маршруттау, сүйемелдеу және динамиканы бағалау.

### I жартыжылдық

– Педагог-психолог кестеге сәйкес тиісті сыныптар мен әдістемелер бойынша диагностика жүргізеді.

– Әрбір диагностикалық кезеңнен кейін нәтижелерді дереу өңдейді.

– Білім алушыларды тәуекел аймақтары бойынша бөледі және маркерлік жауаптарды анықтайды.

– Сары және қызыл аймақтағы білім алушыларды, сондай-ақ маркерлік жауаптары бар балаларды бақылау формасына енгізеді.

– Жеке диагностикалық кездесулер мен көрсетілімдер бойынша тереңдетілген диагностика жүргізеді.

– Сүйемелдеу маршрутын анықтайды және диагностика нәтижелері бойынша жұмысты бастайды.

– 2-4 сыныптар үшін диагностика қараша айының екінші онкүндігінде жүргізіледі; ол аяқталғаннан кейін дәл сондай жұмыс циклі іске қосылады.

### II жартыжылдық

| Кезең | Жас ерекшелік тобы | Педагог-психологтің әрекеттері |
|---|---|---|
| **Қаңтардың III онкүндігі** | 9-11 сыныптар | Диагностика жүргізу, нәтижелерді өңдеу, тәуекел аймақтарын анықтау, бақылау формасына енгізу, жеке диагностикалық кездесулер. |
| **Ақпанның I онкүндігі** | 5-8 сыныптар | Диагностика жүргізу, нәтижелерді өңдеу, тәуекел аймақтарын анықтау, көрсетілімдер бойынша тереңдетілген диагностика. |
| **Ақпанның II онкүндігі** | 1-сыныптар | Бақылау картасын жүргізу, нәтижелерді талдау, назар аударуды қажет ететін білім алушыларды анықтау. |
| **Ақпанның II онкүндігі** | 2-4 сыныптар | Диагностика жүргізу, нәтижелерді өңдеу, аймақтар бойынша бөлу, жеке диагностикалық жұмыс. |
Колледждің 1–2 курсы – бұл мектеп жүйесінен анағұрлым дербес әрі ересек білім беру ортасына өту кезеңі. Жасөспірім оқудың жаңаша ұйымдастырылуымен, ересек адам рөлінің өзгеруімен, еркіндіктің кеңеюімен және сонымен бірге өз әрекеттері үшін жауапкершіліктің артуымен бетпе-бет келеді.

Бұл сондай-ақ әлеуметтік қайта құрылудың күрт жүретін кезеңі: жаңа топтар, өзара іс-қимылдың жаңа ережелері және мінез-құлықтың жаңа үлгілері қалыптасады.

***! Маңызды***

*Колледждің 1–2 курсында студенттің бүкіл әлеуметтік және тұлғалық жүйесінің күрт қайта құрылуы орын алады. Жасөспірім бір мезгілде қатаң бақыланатын мектеп ортасынан тыс шығып жоғары дербестікті талап ететін және сыртқы қолдау құрылымы бәсеңдейтін кеңістікке тап болады.*

*Сырттай қарағанда бұл жағдай «ересек өмір» және еркіндіктің кеңеюі ретінде қабылдануы мүмкін, алайда психологиялық тұрғыдан бұл – жаңа ережелерге, адамдарға, қарым-қатынас нормаларына және білім беру талаптарына тез бейімделу қажеттілігімен байланысты тым осал кезең.*

*Мінез-құлықтың негізгі факторы жекелеген бір топтың ықпалы ғана емес, бірнеше факторлардың жиынтығы болып табылады: жанында маңызды ересек адамның болуы немесе болмауы, жаңа ортадағы алғашқы әлеуметтік байланыстардың сапасы және дербес өмірге жеке дайындық деңгейі.*

---

**Бұл жаста нені байқау маңызды?**

| Бақылау маркерлері | Не нәрсеге назар аудару керек |
|---|---|
| **Не істейді (мінез-құлқы)** | – жаңа білім беру ортасына біртіндеп бейімделу; дербестікті қалыптастыру;<br>– топ ішінде байланыстар орнату және топтар арасындағы қарым-қатынас;<br>– студенттің жаңа әлеуметтік рөлін меңгеру;<br>– кәсіби қызығушылықтардың пайда болуы және нақтылануы (жиі тұрақсыз);<br>– қолдау болған жағдайда оқу үдерісіне қатысу;<br>– қарым-қатынас ортасын кеңейту; |

| | |
|---|---|
| | – өз шешімдері үшін жауапкершілікті біртіндеп қабылдау;<br>– студенттік ортаға белсенді түрде араласу;<br>– дербес өмірдің жаңа формаларын меңгеру (тұрмыс, күн тәртібі, коммуникациялар). |
| **Не айтады (сөзі)** | – *«Менің қолымнан келер емес»;*<br>– *«Бұл жерге бекер түстім»;*<br>– *«Маған бұл керек емес»;*<br>– *«Не үшін оқып жатқанымды түсінбеймін»;*<br>– *«Қиналып кеттім»;*<br>– *«Бәріне бәрібір»;*<br>– *«Мені бұл жерде ешкім білмейді/түсінбейді»;*<br>– *«Мен бұл жерде артықпын»;*<br>– *«Өзімнің не қалайтынымды өзім білмеймін»;*<br>– *«Үйреніп кетуім қиын болып жатыр»;*<br>– құнсыздандырушы немесе дөрекі сөздер айту;<br>– тұйық, қысқа жауаптар;<br>– оқуды, мамандықты және болашақты талқылаудан бас тарту. |
| **Қалай көрінеді (сырт келбеті)** | – бірегейлікті іздеу және өзін танытудың бөлігі ретінде сырт келбеттің айқын өзгеруі мүмкін;<br>– киімдегі демонстративті стиль (ересектікті баса көрсету, ашықтық, провокациялық элементтер немесе образдың күрт өзгеруі);<br>– жекелеген жағдайларда – жағдай мәнмәтінінен тыс ашық киім кию;<br>– немесе, керісінше, қорғаныс не мазасыздық формасы ретінде денені қымтап жауып жүру;<br>– тұрақсыз күн тәртібінің белгілері (шаршаған түр, ұйқының қанбауы);<br>– бейімделе алмау кезінде күтімділіктің төмендеуі;<br>– топтық сәнге белсенді түрде ілесу; |

| | |
|---|---|
| | – «ересектерге» тән бос уақытты өткізу формаларына (кештер, пәтерлердегі кездесулер, бейресми топтар, үйге кеш қайту) араласу. |

## Бақылау бағдаршамы

| Деңгей | Бақылау критерийі |
|---|---|
| **Жасыл (қалыпты / бақылаймын)** | –түбегейлі жаңа әлеуметтік және білім беру ортасына бейімделу үдерісінен өтеді;<br>–өзіне деген көзқарас өзара іс-қимылдың ересек форматына жақын жүйеде студент рөлін меңгереді;<br>–өз тобының және параллель топтардың оқытушыларымен және студенттерімен біртіндеп танысады;<br>–жаңа әлеуметтік байланыстар қалыптастырады;<br>–қолдау болған жағдайда оқу үдерісіне араласады;<br>–оқу мен тұрмысты ұйымдастыруда дербестікті біртіндеп меңгереді;<br>–колледждің жаңа ережелері мен талаптарын бағдарлай алады;<br>–бейімделу күйзелісін бастан кешуі мүмкін, бірақ білім беру үдерісіне тартылуын сақтайды. |
| **Сары (назар аудару / динамикалық бақылау)** | –жаңа ортаға бейімделудің айқын қиындықтары (абдырау, бағдардан жаңылу, іске араласудың төмендеуі);<br>–сабаққа тұрақсыз қатысу, анда-санда сабақтан қалу;<br>–оқу ынтасының төмендеуі немесе жоғалуы;<br>–оқытушылармен және топпен байланыс орнатудағы қиындықтар;<br>–жалғыздық сезімі, тұрақсыз немесе үстірт әлеуметтік байланыстар;<br>–топтың пікіріне тәуелділік;<br>–тұрақты тиесілілiксіз, жекелеген топтарға қосылу;<br>–тәуекелді немесе күмәнді мінез-құлық формаларына үзік-үзік қатысу; |

| | |
|---|---|
| | –кәсіби өзін-өзі анықтаудың қиындықтары (ішкі таңдаусыз, «отбасының бағыттауымен» оқу);<br>–бейімделу аясындағы эмоционалдық тұрақсыздық. |
| **Қызыл (әрекет етемін / шұғыл сүйемелдеу)** | –тұрақты әлеуметтік және оқуға бейімделе алмау;<br>–сабақтардаан жүйелі түрде қалу немесе оқудан іс жүзінде бас тарту;<br>–қатаң бейресми иерархиясы бар деструктивті топтарға ену;<br>–топ ішіндегі қысым белгілері (психологиялық қысым, бопсалау, әрекеттерге мәжбүрлеу);<br>–заң бұзушылық мінез-құлық формаларына қатысу;<br>–айқын эмоционалдық бостық, енжарлық;<br>–алкогольді, темекіні, психоактивті заттарды қолдану;<br>–оларға дайындықсыз тәуекелді мінез-құлық және «ересектер сценарийлері»;<br>–ерте және қауіпсіз емес романтикалық байланыстар (соның ішінде жасы үлкен серіктестермен, ықпал етудің айқын теңсіздігі бар қарым-қатынастар);<br>–өзіне-өзі зақым келтіру мінез-құлқы; суицидалдық мәлімдемелер немесе әрекеттер;<br>–әлеуметтік және білім беру ортасынан күрт шығып қалу |

Бізде сапалы диагностикалық жұмысты бастау үшін қажеттінің бәрі бар. Дегенмен, диагностиканың өзі – бұл тек бастамасы ғана. Алынған нәтижелер педагог-психологтің сұрақтарына бірден жауап бере қоймайды. Маман сандар, балдар, шкалалар мен жауаптарды талдай, өзара салыстыра білгенде және олардың артынан шынайы баланы немесе жасөспірімді көре алғанда ғана олар мағынаға ие бола бастайды.

Дәл осы алғашқы диагностика аяқталғаннан кейін жұмыстың ең жауапты кезеңдерінің бірі басталады. Педагог-психологке қандай

нәтижелердің қосымша назар аударуды талап ететінін, қай жерде жай ғана бақылау жеткілікті екенін, ал қай жерде жағдайды тереңірек бағалау қажет екенін түсіну керек. Жаңа сұрақтар туындайды: әңгімелесуге кімді шақыру керек, әрі қарай қандай әдістемелерді қолданған жөн, тәуекел деңгейін қалай анықтау керек және алдағы сүйемелдеу жұмысын қалай құру қажет?

Келесі тарауда дәл осы мәселелер туралы сөз болады. Біз диагностика жүргізуден оның нәтижелерін талдауға көшіп, ең басты бағдар – білім алушының амандығы мен қауіпсіздігін сақтай отырып, өлшенген кәсіби шешімдерді қалай қабылдау керектігін қарастырамыз.

## II ТАРАУ. ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ШЕШІМДЕР НАВИГАТОРЫ

**Диагностика нәтижелерінен негізделген кәсіби шешімдерге дейінгі жол**

Диагностика аяқталды. Нәтижелер алынды, мәліметтер жиналды, бақылаулар тіркелді. Дегенмен, дәл осы кезеңде педагог-психолог жұмысының ең жауапты бөлігі басталады. Диагностика жүргізу алынған ақпаратты дұрыс түсіну мен негізделген кәсіби шешімдер қабылдауға қарағанда әлдеқайда оңай.

Әрбір көрсеткіштің, балдың және жауаптың артында өзіндік өмірлік жағдайы, уайымдары мен мұқтаждықтары бар нақты бала немесе жасөспірім тұр. Сондықтан маманның міндеті тек нәтижелерді өңдеу ғана емес, сонымен бірге кімге әрі қарай жай ғана бақылау жеткілікті екенін, кімге қосымша диагностика қажеттігін, ал кімге дәл қазір қолдау керектігін анықтау болып табылады. Дәл осы тұста көптеген педагог-психологтерде негізгі тәжірибелік сұрақ туындайды.

### «Диагностика жүргізілгеннен кейін нәтижелермен не істеу керек?»

Бұл сұраққа жауап беру үшін алынған нәтижелерді қалай дұрыс талдау керек екенін, ең алдымен не нәрсеге назар аудару қажеттігін және жекелеген көрсеткіштерден баланың немесе жасөспірімнің шынайы жағдайын түсінуге қалай көшу керектігін жүйелі түрде түсініп алу қажет. Диагностикадан алдағы сүйемелдеу жұмысына дейінгі жол дәл осыдан басталады.

## 1 Бастапқы диагностика нәтижелерін қалай талдау керек

Нәтижелерді өңдеу, балдарды есептеу және әрбір әдістемені интерпретациялау бойынша толық нұсқаулықтар ***«Диагностикалық әдістемелер жинағы: педагог-психологке көмекші құралда»*** берілген, сондықтан бұл тарауда біз есептеудің техникалық аспектілеріне қайта тоқталып жатпаймыз.

Диагностика цифрлық платформалар арқылы жүргізіледі және нәтижелерді өңдеу автоматты түрде жүзеге асырылады. Педагог-психолог қолданылатын платформаның жұмыс алгоритмдерімен мұқият танысып, алынған мәліметтерді алдағы жұмысында дұрыс пайдалануы қажет.

Нәтижелерді есептеу – бұл тек алғашқы қадам ғана. Педагог-психологтің негізгі міндеті балл жинау емес, олардың нақты бала немесе жасөспірім үшін нені білдіретінін түсіну болып табылады.

Сондықтан нәтижелерді өңдегеннен кейін диагностикалық зерттеудің талдамалық хаттамасын ресімдеу ұсынылады. Мұндай құжат ақпаратты жүйелеуге, білім алушы немесе топ бойынша жалпы көріністі көруге және алдағы жұмыстың негізі болатын кәсіби қорытындыларды тіркеуге көмектеседі.

Талдамалық хаттама диагностика нәтижелерін сақтап қана қоймай, ең маңызды бақылауларды, анықталған тәуекел факторларын, білім алушының күшті жақтарын, сондай-ақ алдағы сүйемелдеу немесе тереңдетілген диагностика қажеттілігі туралы алдын ала шешімдерді көрсетуге мүмкіндік береді.

!

Кез келген диагностика нәтижелерді сандық тұрғыдан өңдеуді (балдар, деңгейлер, көрсеткіштер) ғана емес, сонымен бірге алынған мәліметтерді **сапалы түрде талдауды** да қамтиды.

Дәл осы сапалы талдау сандардың артындағы баланы көруге, алынған нәтижелердің мәнін түсінуге, оларды бақылаумен, жас ерекшеліктерімен және білім алушының өмірлік жағдайымен салыстыруға мүмкіндік береді.

Тәжірибеде дәл осы кезең педагог-психолог жұмысының өзегіне айналады. Нәтижелерді әдістеме немесе цифрлық платформа есептеп бере алады, бірақ кәсіби шешімді тек маман ғана қабылдай алады. Сондықтан әрі қарай біз нәтижелердің сапалы талдауына толығырақ тоқталып, жекелеген көрсеткіштерден баланың немесе жасөспірімнің жағдайын тұтас түсінуге қалай көшу керектігін қарастырамыз.

## 2 Сандардың артындағы баланы қалай көруге болады

Сіз бірдей нәтижелердің әртүрлі оқушылар үшін мүлдем басқаша мәнге ие болуы мүмкін екенін бірнеше рет байқаған шығарсыз.

Мазасыздық деңгейі жоғары бір жасөспірім жүктемеге сәтті төтеп беріп, отбасының қолдауына ие болуы мүмкін, ал ұқсас көрсеткіштері бар екінші жасөспірім эмоционалды сарқылу жағдайында болып, дәл қазір көмекке мұқтаж болуы мүмкін.

Сондықтан келесі кезең нәтижелерді сапалы талдау болып табылады.

### Деректерді кешенді талдау

Сапалы талдау кезеңінде педагог-психолог жекелеген бір әдістемені емес, білім алушының жай-күйінің жалпы көрінісін талдайды.

Ол үшін мыналарды ескеру ұсынылады:

**1.** бастапқы диагностика нәтижелері;

**2.** диагностика жүргізу барысындағы бақылау;

**3.** сынып жетекшісінен алынған ақпарат;

**4.** әлеуметтік педагогтен алынған ақпарат;

**5.** ата-аналардан алынған мәліметтер (бар болса);

**6.** баланың немесе жасөспірімнің өмірлік жағдайының ерекшеліктері.

**Әртүрлі әдістемелердің нәтижелерін өзара салыстыру**

! Ешқандай әдістеме жеке, оқшауланған түрде қаралмауы тиіс. Тәжірибеде сапалы талдаудың қалай жұмыс істейтінін жақсырақ түсіну үшін, педагог-психологтің нәтижелерді интерпретациялау кезінде жиі кездестіруі мүмкін жағдайларын қарастырайық.

**1-жағдаят. «Мазасыздықтың жоғары көрсеткіштері»»**

Білім алушыда:

– бірнеше әдістеме бойынша мазасыздық деңгейі жоғары;

– дегенмен сыныпта ол сабырлы әрі жинақы көрінеді;

– бақылаулар бойынша – «ыңғайлы» болуға тырысады, қателіктерден қашады.

📌 Педагог-психологке нені байқау маңызды: бұл жерде мазасыздық сыртқы емес, «ішкі» болуы мүмкін – бала оны ашық көрсетпейді, бірақ іштей үнемі шиеленісте жүреді.

Қорытынды: Сырттай бәрі жақсы болғанымен, бірнеше әдістемемен расталған жоғары мазасыздық тереңдетілген диагностиканы қажет етеді. Қателесуден қорқу, өзіне жоғары талап қою, бақылау қажеттілігі, ішкі шиеленіс және эмоционалдық қажу белгілеріне ерекше назар аудару ұсынылады.

**2- жағдаят. «Жалғыздықтың жоғары көрсеткіші»**

Білім алушыда:

- ЖСДС әдістемесі бойынша жалғыздық деңгейі жоғары;
- басқа шкалалар бойынша көрсеткіштері орташа немесе қалыпты;
- сыныпта қарым-қатынасы бар, бірақ ол үстірт сипатта.

📌 Нені байқау маңызды: бала ұжымға формальды түрде қосылғанымен, эмоционалды байланысты сезінбеуі мүмкін.

Қорытынды: жалғыздықтың жоғары деңгейі білім алушының қарым-қатынас жүйесін егжей-тегжейлі зерттеуге негіз болады. Құрдастарымен және ересектермен маңызды әрі сенімді қарым-қатынастың бар-жоғын, ұжымда қабылдану сезімін, қарым-қатынас ерекшеліктерін, сондай-ақ әлеуметтік оқшауланудың, эмоционалдық қолайсыздықтың немесе жасырын қақтығыстардың ықтимал белгілерін бағалау ұсынылады.

**3- жағдаят. «Деректердің сәйкес келмеуі»**

Білім алушыда:

– тесттер бойынша көрсеткіштері қалыпты;

– бірақ «Саған қалай қарайды?» сауалнамасында сыни маркерлер бар;

– бақылау бойынша – ішкі шиеленіс, тұйықтық байқалады.

📌 Нені байқау маңызды: деректердің тек бір көзінің өзі мүмкін болатын мәселе туралы белгі беріп тұр.

Қорытынды: сауалнамада сыни маркерлердің болуы және бақылау барысында қолайсыздық белгілерінің байқалуы басқа әдістемелердің нәтижелеріне қарамастан, тереңдетілген диагностика жүргізуге жеткілікті негіз болып табылады. Мұндай жағдайларда білім алушының өмірлік жағдайларын нақтылау, оның психологиялық

қауіпсіздік деңгейін, құрдастарымен және ересектермен өзара қарым-қатынасының сипатын бағалау, сондай-ақ ықтимал зорлық-зомбылық, буллинг немесе басқа де жағымсыз жағдайлардың орын алу фактілерін анықтау ұсынылады.

**4-жағдаят**. «Эмоционалдық қажу»

Білім алушыда:

– психологиялық әл-ауқат деңгейі төмендеген;

– бірнеше шкала бойынша шаршау мен енжарлық белгілері бар;

– диагностика барысында – баяу қарқын, іске ынтаның болмауы байқалады.

📌 Нені байқау маңызды: бұл жай ғана «шаршау» емес, эмоционалдық қажу жағдайы болуы мүмкін.

Қорытынды: психологиялық әл-ауқаттың төмендеуі, эмоционалдық қажу белгілері мен белсенділіктегі байқалатын өзгерістердің жиынтығы тереңдетілген диагностика жүргізуді талап етеді. Депрессиялық көріністердің байқалу дәрежесін, созылмалы күйзеліс деңгейін, шамадан тыс жүктеменің бар-жоғын, бейімделу қиындықтарын, сондай-ақ эмоционалдық қолайсыздық жағдайын тудыруы мүмкін отбасылық немесе жеке тұлғалық факторларды бағалау ұсынылады.

! Бір ғана көрсеткіш сұрақ тудыруы мүмкін.
Бірнеше сәйкес келетін көрсеткіштер жұмыс болжамын құруға мүмкіндік береді.

## 3 Бақылауларды талдау

Диагностика нәтижелерін әрқашан бақылау мәліметтерімен салыстыру ұсынылады. Кейде бала қауіп-қатер шкалалары бойынша жоғары көрсеткіштер көрсетпеуі мүмкін, бірақ оның зерттеу кезіндегі мінез-құлқы жағдайды мұқият зерделеу қажеттілігін білдіріп, белгі береді.

Төменде диагностика процесінде және оқушылармен күнделікті жұмыс барысында негізгі мінез-құлықтық және эмоционалды көріністерді тіркеу үшін пайдалануға болатын екі бақылау чек-парағы ұсынылған.

*Алғашқы психологиялық диагностика барысында*

**білім алушыларды бақылау чек-парағы**

Топпен жұмыс істеу барысында байқалған жағдайлардың барлығын белгілеңіз

| Сынып / топ | Өткізілу уақыты | Педагог-психолог |
|---|---|---|
| | | |

| **Мазасыздық пен қорқыныш** | |
|---|---|
| ☐ | Жұмыс басталар алдындағы айқын мазасыздық |
| ☐ | Жауаптардың дұрыстығы туралы үнемі сұрақтар қою |
| ☐ | Қателесуден қорқу |
| ☐ | Жылау немесе эмоционалды реакциялар |
| ☐ | Диагностика кезінде көңіл-күйдің күрт нашарлауы |

| **Қашу және бас тарту** | |
|---|---|
| ☐ | Жекелеген тапсырмаларды орындаудан бас тарту |
| ☐ | Жұмысты мүмкіндігінше тезірек аяқтауға ұмтылу |

| | |
|---|---|
| □ | Педагог-психологпен байланыс орнатудан қашу |
| □ | Болып жатқан оқиғаларға қызығушылықтың болмауы |

| **Мінез-құлықтық реакциялар** | |
|---|---|
| □ | Қимыл-қозғалыстағы мазасыздық |
| □ | Айқын тежелу |
| □ | Демонстративті мінез-құлық |
| □ | Агрессивті реакциялар |
| □ | Кабинеттен күрт шығып кету / диагностиканы үзуге тырысу |

| **Байланыс орнатуға сұраныс** | |
|---|---|
| □ | □ Диагностика аяқталғаннан кейін көмек сұрау |
| □ | □ Жеке сөйлесуге деген ықылас |

| **Пікірлер және қосымша бақылаулар** |
|---|
| |
| |
| |

*Бір санатта екі немесе одан да көп тармақ белгіленген жағдайда, білім алушымен жеке әңгімелесу жүргізу ұсынылады.*

Қажет болған жағдайда бақылаулар тек диагностика барысында ғана емес, сонымен бірге мектептің күнделікті өмірінде де – сабақтарда,

үзілістерде, сондай-ақ қарым-қатынас пен білім алушының сабақтан тыс әрекеттері барысында да тіркелуі мүмкін.

*Оқу үдерісіндегі және күнделікті өмірдегі*

## білім алушыны бақылау чек-парағы

Білім алушының әртүрлі жағдайлардағы мінез-құлқынан байқалған факторлардың барлығын белгілеңіз:

| Сынып / топ | Өткізілу уақыты | Педагог-психолог |
|---|---|---|
| | | |

Білім алушының әртүрлі жағдайлардағы мінез-құлқынан байқалған факторлардың барлығын белгілеңіз:

| **Эмоционалды жағдайы** | |
|---|---|
| □ | Жиі мазасыздану немесе іштей шиеленіс |
| □ | Көңіл-күйдің күрт құбылуы |
| □ | Жиі тұнжыраған, жабырқау немесе мұңды күйде болу |
| □ | Эмоционалдық тұрғыдан тез шаршау |
| □ | Ескертулерге немесе бағалауға жоғары сезімталдық таныту |
| □ | Жоғары импульсивтілік (күрт, ойланбай реакция қайтару) |
| □ | Агрессияның немесе ашушаңдықтың эмоционалды көріністері |
| □ | Жылауықтық |

| **Сабақтағы мінез-құлқы** | |
|---|---|
| □ | Оқу әрекетіне қосылудағы қиындықтар |
| □ | Зейін тұрақтылығының тез жоғалуы |
| □ | Жауап беруден немесе белсенді қатысудан қашу |

| | |
|---|---|
| □ | Қателесуден қатты қорқу |
| □ | Тапсырмаларды мінсіз орындауға шектен тыс ұмтылу |
| □ | «Дұрыс істеп жатырмын ба» деген растауды жиі сұрау |
| □ | Тәртіп бұзушылық (сөйлесу, басқаларды алаңдату, ережелерді сақтамау) |
| □ | Сабақтағы девиантты көріністер (талаптарды демонстративті түрде елемеу, арандатушылық мінез-құлық) |
| □ | Тапсырмаларды орындаудан бас тарту немесе оларды әдейі елемеу |
| □ | Сыныптағы мінез-құлық ережелерін жүйелі түрде бұзу |

| **Құрдастарымен қарым-қатынасы** | |
|---|---|
| □ | Сыныптастарымен шектеулі қарым-қатынас |
| □ | Байланыс орнатудағы қиындықтар |
| □ | Қарым-қатынастағы жанжалға бейімділік немесе күрт реакциялар |
| □ | Топтық жұмыстан қашу |
| □ | Бір-екі маңызды құрдасына тәуелді болу |
| □ | Оқшаулану сезімі немесе «мен басқалардан бөлекпін» деген сезім |
| □ | Тұрақты достық қарым-қатынастың болмауы |
| □ | Достардың тез өзгеруі немесе қарым-қатынастың жиі үзілуі |
| □ | Ұзақ уақыт бойы қарым-қатынасты сақтап тұрудағы қиындықтар |
| □ | Топ ішінде бағынуға немесе шамадан тыс тәуелді болуға бейімділік |
| □ | Оқу жағдайынан тыс кезде құрдастарымен араласудан қашу |
| □ | Қарым-қатынастың әлеуметтік нормаларын түсінудегі қиындықтар (қалжыңдар, шекаралар, жеке кеңістік) |

| | |
|---|---|
| □ | Жасы үлкендермен (ересектермен, жоғары сынып оқушыларымен) араласуды жөн көру |

| Ересектермен өзара әрекеттесу | |
|---|---|
| □ | Қарым-қатынастағы жоғары сақтық |
| □ | Ересектермен байланыс орнатудан қашу |
| □ | Ересек адамның бағалауына шамадан тыс тәуелді болу |
| □ | Ескертулерден немесе сыннан қорқу |
| □ | Әрбір әрекетке растау сұрап жүгіну |
| □ | Ересектердің ескертулеріне агрессивті немесе күрт реакция білдіру |
| □ | Талаптар мен шектеулерге жауап ретіндегі жанжалды мінез-құлық |
| □ | Ересек адамның өтініштерін немесе нұсқауларын демонстративті түрде елемеу |
| □ | Ересек адамнан көмек қабылдаудағы қиындықтар |
| □ | Қарым-қатынас тонына жоғары сезімталдық таныту (тіпті бейтарап тондағы ескертулерге де күрт реакция береді) |

| Мінез-құлықтық реакциялар | |
|---|---|
| □ | Қимыл-қозғалыстағы мазасыздығы немесе әбігерлік |
| □ | Тежелу, белсенділіктің төмендеуі |
| □ | Агрессивті реакциялар немесе ашушаңдықтың бұрқ ете түсулері |
| □ | Демонстративті мінез-құлық (көзге түсуге тырысу) |
| □ | Тұйықталу, өз-өзіне кету |
| □ | Көзге көрінетін себепсіз үйреншікті мінез-құлықтың күрт өзгеруі |

| | |
|---|---|
| □ | Сырт келбеттің ерекше өзгеруі (киім стилінің күрт өзгеруі, бұрын тән болмаған сыртқы түр) |
| □ | Үйреншікті әлеуметтік мінез-құлық нормаларын бұзу |
| □ | Кабинеттен шығып кетуге немесе әрекетті тоқатуға жиі талпыну |
| □ | Импульсивті әрекеттер (күрт, ойланбай жасалған істер) |
| □ | Жоғары мазасыздық, бір орында тыныш отыра алмау |
| □ | Мінез-құлықтағы өзін-өзі бақылаудың төмендеуі |
| □ | Мектепте балаға тән емес немесе ерекше мінез-құлық көріністерінің байқалуы |
| □ | Бұрын маңызды болған әрекет түрлеріне қызығушылықтың жоғалуы |
| □ | Оқу үдерісіне қосылу деңгейінің күрт төмендеуі |

| **Оқуға қосылуы мен ынтасы** | |
|---|---|
| □ | Оқуға деген қызығушылықтың төмендеуі |
| □ | Тапсырмаларға деген ынтаның жоғалуы |
| □ | Жұмысқа қабілеттіліктің тұрақсыздығы |
| □ | Тапсырмаларды орындау кезінде тез шаршау |
| □ | Қызығушылықсыз, формалды түрде жұмыс істеу |

| **Шығармашылық және сабақтан тыс белсенділік** | |
|---|---|
| □ | Шығармашылық тапсырмаларға қатысудан бас тарту |
| □ | Жобалар мен іс-шараларда бастамашылықтың болмауы |
| □ | Хобби мен әуестіктерге деген қызығушылықтың төмендеуі |

| | |
|---|---|
| □ | Шығармашылықтағы белсенділіктің сақталуы немесе айқын көрінуі (ресурс ретінде) |
| □ | Өзін-өзі көрсетудің стандартты емес тәсілдерін іздеу |

| Байланыс пен көмекке сұраныс | |
|---|---|
| □ | Педагог-психологтен немесе ересектерден көмек сұрау |
| □ | Жеке сөйлесуге деген ниет |
| □ | Күйін кез келген талқылаудан қашу әрекеттері |
| □ | Өзі, сезімдері, қарым-қатынасы туралы сұрақтардың пайда болуы |

| Қосымша бақылаулар мен түсініктемелер |
|---|
| |
| |

*Бөлек эпизодтарды емес, білім алушының өмірінің әртүрлі салаларындағы тұрақты көріністерді ескеру маңызды. Бір санатта 2 және одан да көп белгіленген пункт болған жағдайда, жеке әңгімелесу ұсынылады.*

Жүйелі бақылау диагностика нәтижелерін толықтыруға және білім алушының күйі туралы толығырақ түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді.

## 4 Білім алушының өмірінің мән-жайын ескеру

Диагностика нәтижелерін дәлірек түсіну үшін педагог-психолог қосымша ақпарат көздерін пайдалана алады. Бұл кезең өте маңызды, бірақ ол әрдайым кәсіби әдепті, құпиялылық қағидаттарын және білім алушының жеке тұлғасына деген құрметті сақтай отырып жүргізіледі.

## Қосымша ақпарат жинау алгоритмі:

*психологиялық анамнез*

педагог-психологке арналған тәжірибелік алгоритм

**Бастамас бұрын маңызды**

Диагностика нәтижелерін дәлірек түсіну үшін педагог-психолог қосымша ақпарат көздерін пайдалана алады. Бұл кезең кәсіби әдепті, құпиялылық қағидаттарын және білім алушының жеке тұлғасына деген құрметті сақтай отырып жүргізіледі.

| **Ақпарат жинау қажеттілігін анықтау** | |
|---|---|
| 1 | Диагностика нәтижелерін бағалау – деректерде қайшылықтар бар ма? |
| 2 | Анықтау: жағдайды нақтылау талап етіле ме? |
| 3 | Тексеру: қорытынды жасау үшін қолда бар ақпарат жеткілікті ме? |
| 4 | Шешім қабылдау – ақпарат жинау автоматты түрде емес, тек қажет болған жағдайда ғана жүргізіледі. |

| **Ақпарат көздерін анықтау** | |
|---|---|
| **Сынып жетекшісі** | – *сабақтардағы және үзілістердегі мінез-құлық ерекшеліктері;*<br>– *оқу қызметіне қосылуы және ынта деңгейі;*<br>– *құрдастарымен өзара әрекеттесу сипаты (достық, жанжалдар, оқшаулану);*<br>– *мектеп немесе топ талаптарына бейімделуі;*<br>– *мінез-құлықтың динамикадағы өзгерістері (күрт немесе біртіндеп өзгеруі);*<br>– *күнделікті мектеп өмірінде байқалған эмоционалдық қолайсыздық белгілері.* |
| **Әлеуметтік педагог** | – *отбасылық жағдайдың және отбасы құрамының ерекшеліктері;*<br>– *тұрмыстық-әлеуметтік өмір сүру жағдайлары;* |

| | |
|---|---|
| | – *қауіп-қатер факторларының болуы (отбасындағы жанжалдар, зорлық-зомбылық, тәуелділіктер, бақылаудың болмауы);*<br>– *отбасының мектеппен өзара әрекеттесу ерекшеліктері;*<br>– *бұрын жүргізілген әлеуметтік немесе алдын алу жұмыстардың болуы;*<br>– *қоршаған ортасы тарапынан балаға көрсетілетін әлеуметтік қолдау деңгейі.* |
| **Ата-аналар / заңды өкілдер** | – *үйдегі және үйреншікті ортадағы мінез-құлық;*<br>– *күнделікті өмірдегі эмоционалдық күй;*<br>– *көңіл-күйдің, белсенділіктің және әдеттердің өзгеруі;*<br>– *маңызды өмірлік оқиғалар (күйзеліс, айырылу, көшу, жанжалдар);*<br>– *ұйқының, тамақтанудың, өзін-өзі сезінудің ерекшеліктері;*<br>– *отбасындағы қиындықтар мен күйзелісті жағдайларға реакциялар* |

| **Ата-аналар / заңды өкілдер** | |
|---|---|
| 1 | үйдегі және үйреншікті ортадағы мінез-құлқы; |
| 2 | күнделікті өмірдегі эмоционалдық күйі; |
| 3 | көңіл-күйіндегі, белсенділігіндегі және әдеттеріндегі өзгерістер; |
| 4 | маңызды өмірлік оқиғалар (күйзеліс, айырылу, көшу, жанжалдар); |

| **Жұмысты білім алушымен келісу** | |
|---|---|
| 1 | Мүмкіндігінше балаға ақпараттың бір бөлігі ересектерден нақтылануы мүмкін екендігі туралы хабарлау. |

| | |
|---|---|
| 2 | Білім алушының пікірі мен күйін ескеру. |
| 3 | Онда қауіп немесе сенімсіздік сезімін тудыруы мүмкін әрекеттерді болдырмау. |

| Педагогтер мен мамандардан ақпарат жинау | |
|---|---|
| 1 | Сұранысты дұрыс тұжырымдау. |
| 2 | Нақты кәсіби сұрақтар қою. |
| 3 | Жұмыс үшін тек маңызды ақпаратты ғана тіркеу. |
| 4 | Басқа мамандар тарапынан айтылатын бағалау пікірлері мен пайымдаулардан аулақ болу. |

| Ата-аналармен жұмыс | |
|---|---|
| 1 | Ақпаратты тек қажет болған жағдайда, ол баланың күйін түсіну үшін шынымен маңызды болғанда ғана сұрату. |
| 2 | Ата-аналарға әдепті, құрметті және бейтарап нысанда жүгіну. |
| 3 | Сұраныстың мақсатын нақты түсіндіру: ақпарат не үшін қажет және ол қалай пайдаланылады. |
| 4 | Ата-аналармен талқылау баланың отбасымен байланысын нашарлатпауы немесе қарым-қатынаста шиеленіс тудырмауы тиіс екенін ескеру. |
| 5 | Бала өзінің жеке ақпараты қажетсіз ашылды деп сезінетін жағдайға жол бермеу. |
| 6 | Отбасы туралы бағалау пікірлерінен аулақ болу, ақпаратты фактілер мен бақылауларды сипаттау арқылы тұжырымдау. |
| 7 | Құпиялылық принципін сақтау: тек баланы сүйемелдеу үшін шынымен қажет нәрселерді ғана талқылау. |
| 8 | Алдымен қажетті ақпаратты басқа дереккөздерден (бақылау, педагог, баланың өзі) алуға болатын-болмайтынын бағалау. |
| 9 | Ата-аналармен өзара әрекеттесу кезінде кінәлілерді іздеу емес, баланы қолдау позициясын сақтау. |
| 10 | Алынған ақпаратты эмоционалды реңкті пайымдауларсыз, кәсіби нысанда тіркеу. |

Нәтижелерді талдау кезінде білім алушының ағымдағы күйін ғана емес, сонымен бірге оның эмоционалдық қолайлылығына және дамуына әсер етуі мүмкін маңызды оқиғаларды да ескеру қажет.

Кейбір өмірлік мән-жайлар ұзақ уақыт бойы айналасындағыларға байқалмай қалуы мүмкін, бірақ сонымен бірге баланың немесе жасөспірімнің эмоционалдық күйіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

! **Жұмыстың басты қағидаты:** неғұрлым көп қауіп-қатер факторлары бір уақытта орын алса, маман диагностика нәтижелеріне, бақылауға және кейінгі сүйемелдеуді ұйымдастыруға соғұрлым мұқият қарауы керек.

| Өмірлік жағдай | Білім алушыда не байқалуы мүмкін | Мүмкін тәуекелдер | Педагог-психолог не нәрсеге назар аударуы керек |
|---|---|---|---|
| **Ата-анасының бірі бас бостандығынан айыру орнында жазасын өтеп жүр** | Ұялу, кінә сезімі, тұйықтық, ересектерге сенімсіздік таныту, отбасы туралы әңгімеден жалтару, құрдастарымен қарым-қатынас орнатуда қиналу. | Әлеуметтік оқшаулану, өзін төмен бағалау, оқу мотивациясының төмендеуі, мазасыздық және мінез-құлықтағы өзгерістер. | Баланың отбасы туралы қалай сөйлейтініне, оны қолдайтын сенімді ересектердің бар-жоғына, жалғыздық пен әлеуметтік оқшаулану белгілеріне. |
| **Ата-анасы алкогольдік ішімдіктерді шамадан тыс қолданады** | Мазасыздық, үнемі ширығып жүру, жасына сай емес шамадан тыс жауапкершілік алу, бәрін бақылауға тырысу, эмоциялық тұрақсыздық. | Созылмалы күйзеліс, эмоциялық қажу, депрессиялық реакциялар, тәуелді мінез-құлықтың қалыптасу қаупі. | Баланың үйде өзін қауіпсіз сезінуіне, қолдау ресурстарының бар-жоғына, эмоциялық күйзеліс пен шамадан тыс жауапкершілік белгілеріне. |
| **Ата-анасы есірткі заттарын қолданады** | Ата-анасы үшін қорқу, тұрақсыздық пен сенімсіздік сезімі, жоғары мазасыздық, шаршау, зейін қоюдың қиындауы. | Эмоциялық байланыстың бұзылуы, күйзелістің жоғары деңгейі, девиантты мінез-құлық қаупі, эмоциялық және мінез-құлықтық қиындықтар. | Отбасындағы жағдайдың баланың күнделікті өміріне қаншалықты әсер ететініне, оның негізгі қажеттіліктерінің қамтамасыз етілуіне және отбасылық қолайсыздық белгілеріне. |
| **Бала отбасындағы зорлық-зомбылықтың куәгері болған** | Қорқыныш, мазасыздық, дәрменсіздік сезімі, шамадан тыс сақтық, агрессиялық әрекеттер немесе енжарлық. | Зорлық-зомбылықты қалыпты қарым-қатынас үлгісі ретінде қабылдау, мазасыздық пен депрессиялық күйлер, адамдармен қарым-қатынас орнатудағы қиындықтар. | Баланың жанжалға қалай жауап беретініне, өзін қауіпсіз сезінуіне, агрессия мен зорлық-зомбылыққа қатысты түсінігіне. |
| **Бала психологиялық зорлық-зомбылыққа ұшыраған** | Өзін төмен бағалау, тұрақты кінә сезімі, сын айтудан қорқу, өзіне сенімсіздік, өзгенің пікіріне шамадан тыс тәуелді болу. | Депрессиялық күйзелістер, өзіне зиян келтіру қаупі, буллинг пен манипуляцияға осалдықтың артуы. | Баланың өзін қалай қабылдайтынына, өзіне деген сенімділік деңгейіне, ескертуге, сынға және қателікке қалай жауап беретініне. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Бала физикалық зорлық-зомбылыққа ұшыраған** | Жазаланудан қорқу, шамадан тыс сақтық, ересектермен қарым-қатынастан қашу, мазасыздық, қатты дыбыстар мен жанжалға жоғары сезімталдық. | Посттравмалық реакциялар, жоғары мазасыздық, агрессиялық әрекеттер, өзіне зиян келтіру қаупі, ересектерге деген сенімнің жоғалуы. | Баланың өзін қаншалықты қауіпсіз және қорғалған сезінетініне, белгілі бір ересектерден қорқу белгілерінің бар-жоғына. |
| **Бала сексуалдық зорлық-зомбылыққа ұшыраған** | Тұйықтық, эмоциялық тұрақсыздық, мінез-құлықтың күрт өзгеруі, мазасыздық, белгілі бір адамдардан, орындардан немесе тақырыптардан қашқақтау. | Дағдарыстық және депрессиялық күйлердің, өзіне зиян келтіру мен суицидтік мінез-құлық қаупінің артуы, тұлғааралық қарым-қатынастың бұзылуы. | Баланың мінез-құлқы мен эмоциялық күйіндегі кез келген өзгеріске. Мұндай жағдайда баламен аса сақ әрі әдепті қарым-қатынас жасап, кәсіби және ведомствоаралық сүйемелдеуді уақытылы ұйымдастыру қажет. |
| **Отбасында суицид жағдайы болған және бала ол туралы біледі** | Өлім мен жоғалту тақырыбына шамадан тыс назар аудару, үрей, кінә сезімі, қайғыны ауыр өткеру, эмоциялық тұрақсыздық. | Дағдарыстық күйдің қалыптасуы, суицидті қиындықтан шығудың ықтимал жолы ретінде қабылдау қаупі. | Баланың болған оқиғаны қалай қабылдайтынына, қайғыны қалай өткеріп жатқанына, отбасы мен сенімді ересектер тарапынан қолдаудың бар-жоғына. |
| **Отбасында суицид жағдайы болған, бірақ бала ол туралы білмейді** | Айқын сыртқы белгілер байқалмауы мүмкін, алайда бала отбасындағы эмоциялық шиеленісті, үнсіздік пен өзгерістерді сезінуі ықтимал. | Отбасындағы ауыр эмоциялық ахуалдың жанама әсері, мазасыздық, тұрақсыздық және қауіпсіздік сезімінің төмендеуі. | Баланың жас ерекшелігі мен эмоциялық жағдайына, отбасындағы ахуалдың оған әсеріне. Ақпаратты беру немесе құпия сақтау мәселесі заңды өкілдермен және тиісті мамандармен бірлесіп шешілуі керек. |
| **Бала суицидтік әрекеттің немесе оның салдарының куәгері болған** | Оқиға туралы еріксіз қайта оралатын естеліктер, қорқыныш, ұйқының бұзылуы, мазасыздық, оқиғаны еске түсіретін орындардан немесе тақырыптардан қашқақтау. | Посттравмалық реакциялар, мазасыздық бұзылыстары, дағдарыстық күй, эмоциялық бағдарсыздық. | Психологиялық жарақат белгілерінің бар-жоғына, эмоциялық шиеленіс деңгейіне, ұйқысы мен күнделікті мінез-құлқындағы өзгерістерге. |
| **Жақын адамынан айырылған** | Қайғы, белсенділіктің төмендеуі, оқуға зейін қоюдың қиындауы, тұйықтық, көңіл күйдің құбылуы. | Қайғыру үдерісінің ұзаққа созылуы, жалғыздық, әлеуметтік оқшаулану, оқу белсенділігінің төмендеуі. | Баланың қайғыны қалай өткеріп жатқанына, күнделікті өмірге біртіндеп қайта бейімделуіне, ересектер тарапынан көрсетілетін қолдауға. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Ата-анасының ажырасуы немесе отбасындағы ауыр жанжал** | Мазасыздық, кінә сезімі, ата-анасының бірін таңдауға мәжбүр болғандай сезіну, мінез-құлықтағы өзгерістер, оқу үлгерімінің төмендеуі. | Эмоциялық тұрақсыздық, ата-анамен эмоциялық байланыстың әлсіреуі, қауіпсіздік пен тұрақтылық сезімінің төмендеуі. | Баланың жағдайды қалай қабылдап, бастан өткеріп жүргеніне, оның ересектер арасындағы жанжалға тартылу-тартылмауына. |
| **Ата-анасының біреуінің немесе екеуінің де ұзақ уақыт бойы болмауы** | Тастап кеткендей сезіну, жалғыздық, маңызды ересектерге шамадан тыс тәуелділік немесе, керісінше, эмоциялық алшақтау. | Эмоциялық байланыс орнатудағы қиындықтар, мейірім мен қолдаудың жетіспеуі, сенімді қарым-қатынас құрудың қиындауы. | Қазіргі уақытта бала үшін кімнің маңызды әрі сенімді ересек адам екеніне, сол адамның тұрақты қолдау көрсете алуына. |
| **Ұзақ уақыт бойы буллингке ұшыраған** | Құрдастарына сенімсіздік, қарым-қатынастан қашу, мазасыздық, өзін өте төмен бағалау. | Әлеуметтік оқшаулану, депрессиялық күйзелістер, өзіне зиян келтіру және суицидтік мінез-құлық қаупінің артуы. | Буллингтің қазіргі уақытта жалғасып жатқан-жатпағанына, баланың қауіпсіздігі қамтамасыз етілгеніне, сыныпта немесе топта қолдау көрсететін адамдардың бар-жоғына. |
| **Баланың өзі немесе жақын туысы ауыр сырқатқа шалдыққан** | Болашақтан қорқу, үрей, эмоциялық қажу, үнемі ширығу, дәрменсіздік сезімі. | Депрессиялық реакциялар, ұзаққа созылған эмоциялық күйзеліс, оқу белсенділігінің төмендеуі, әлеуметтік оқшаулану. | Аурудың баланың күнделікті өміріне, оқуына және эмоциялық жағдайына қаншалықты әсер ететініне, қажетті қолдаудың бар-жоғына. |
| **Бала апаттың, төтенше жағдайдың немесе басқа да ауыр оқиғаның куәгері болған** | Жоғары мазасыздық, өзінің және жақындарының өмірі үшін қорқу, ұйқының бұзылуы, оқиға туралы еріксіз қайта оралатын естеліктер, шамадан тыс сақтық, оқиға болған жерден немесе оны еске түсіретін жағдайлардан қашқақтау, эмоциялық тұрақсыздық. | Посттравмалық стрестік реакциялар, мазасыздық бұзылыстары, үрей ұстамалары, қорқыныштың ұзақ уақыт сақталуы, эмоциялық қажу. | Баланың оқиғаны қаншалықты жиі еске алатынына, еріксіз қайта оралатын естеліктердің бар-жоғына, оқиғадан кейін оның мінез-құлқының өзгеруіне және қауіпсіздік сезімінің қалпына келуіне. |

*Балалар төтенше жағдайларға түрліше жауап қайтаруы мүмкін. Кейбіреулері өз уайымдарын ашық айтып берсе, басқалары болған оқиғаны еске түсірмеуге тырысады және сырттай қарағанда бәрі дұрыс сияқты көрінеді.*

*Дегенмен, айлар немесе жылдар өткеннен кейін де психожарақаттаушы оқиғаның салдары мазасыздық, қорқыныш, мінез-құлықтың бұзылуы, зейін қоюдағы қиындықтар немесе эмоционалдық тұрақсыздық түрінде көрініс табуы мүмкін. Сондықтан мұндай оқиғалар туралы ақпарат диагностика нәтижелерін талдау және кейінгі сүйемелдеуді жоспарлау кезінде міндетті түрде ескерілуі тиіс.*

**Қауіп-қатер факторлары туралы:**

**Суицидтік қауіп**

Анамнезінде отбасындағы суицид немесе жақындарының суицидтік әрекеттері бар барлық білім алушылар ағымдағы диагностика нәтижелеріне қарамастан жоғары назар аудару тобына (шартты түрде «қызыл аймаққа») жатады.

**Бұл неліктен маңызды:**

– бала өлім туралы және дағдарыстан шығу жолдары туралы түсінігіне әсер ететін тәжірибемен бетпе-бет келуі мүмкін;

– реакция бірден емес, күйзеліс жағдайында көрінуі мүмкін;

– сыртқы дұрыс көріну ішкі осалдықты жоққа шығармайды.

Сондықтан мұндай білім алушылар «тәуекелсіз норма» ретінде емес, әрдайым міндетті бақылау және қажет болған жағдайда психологиялық сүйемелдеу тобы ретінде қарастырылады.

## Асоциалды мінез-құлық (қалыптасу қаупі)

Созылмалы отбасылық қолайсыздық (зорлық-зомбылық, тәуелділіктер, тұрақты қолдаудың болмауы) жағдайында тәрбиеленіп жатқан балалар ерекше назар аударуды талап етеді.

**Оларда мыналар қалыптасуы мүмкін:**

- мінез-құлық нормалары туралы бұрмаланған түсінік;
- өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік сезімінің төмендеуі;
- жанжалдарды агрессия арқылы шешу әдеті;
- қауіпті немесе асоциалды компанияларға тартылу.

**Маңызды түсінік:** бұл диагноз емес және мінез-құлықты болжау да емес, бұл тек баланың өмірлік тәжірибесіне байланысты туындауы мүмкін қауіп-қатер.

Педагог-психологтің міндеті – «болашақ мәслелерді анықтау» емес, керісінше:

- қауіп-қатер факторларын уақытылы байқау;
- мінез-құлықтың қауіпсіз модельдерінің дамуын қолдау;
- орнықты әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға көмектесу.

***Жалпы қағидат***

*Диагностиканың жақсы нәтижелеріне қарамастан, ауыр отбасылық тәжірибенің болуы (әсіресе баланың айналасындағы суицид) білім алушыны автоматты түрде жоғары назар аудару аймағына өткізеді.*

*Бұл «таңба басу» емес, бұл кәсіби қауіпсіздік ережесі: біз жағдайдың нашарлауын күтпейміз, біз қауіп-қатерді алдын ала ескереміз және барынша мұқият бақылаймыз.*

Қосымша ақпарат жинау педагог-психологке білім алушының жағдайын кеңірек көруге және тек диагностика нәтижелерімен ғана шектелмеуге мүмкіндік береді. Алынған деректер болжамды нақтылауға, қиындықтардың ықтимал себептерін түсінуге және неғұрлым негізделген кәсіби шешімдер қабылдауға көмектеседі.

📌 **Маңызды:** қаралған барлық өмірлік жағдайлар мен қауіп-қатер факторлары **III тарауда** толығырақ талданады. Әрбір жағдай үшін педагог-психологтің ықтимал іс-әрекет нұсқалары, білім алушыны сүйемелдеу ерекшеліктері, шешім қабылдау алгоритмдері және кейінгі жұмыстың бағыттары ұсынылады. Бұл мәселені анықтап қана қоймай, әрбір нақты жағдайда қандай тәжірибелік қадамдар жасау керектігін түсінуге көмектеседі.

## 5 Тереңдетілген диагностика қашан қажет

Тереңдетілген психологиялық диагностика алғашқы кезеңнің нәтижелері білім алушының күйін дәл түсіну үшін жеткіліксіз болған жағдайда жүргізіледі.

📌 ***Негізгі ереже:*** *егер әдістемелердің бірі бойынша немесе деректердің жиынтығы бойынша бала «қызыл аймаққа» тап болса, тереңдетілген диагностика және баламен/жасөспіріммен әңгімелесу арқылы оның күйін нақтылау талап етіледі.*

Тереңдетілген диагностика мына жағдайларда ұсынылады:

– **бір әдістеме бойынша «қызыл аймақ»** анықталса;

– **қауіпті маркерлер** (мысалы, суицидтік ойлар, зорлық-зомбылық маркерлері және т.б.) табылса;

– динамикада бақылауды талап ететін **«сары аймақ»** (әсіресе шекаралық күй) анықталса;

– бақылаулар бойынша (диагностика кезінде немесе күнделікті мектеп өмірінде) **эмоционалдық қолайсыздықтың тұрақты белгілері** тіркелсе;

– әдістемелердің нәтижелері мен білім алушының мінез-құлқы арасында қайшылықтар болса.

***! Маңызды:***

*– қызыл аймақ пен қауіпті маркерлер анықталған кезде нақтылау диагностиканы 1–3 күн ішінде ұйымдастыру ұсынылады;*

*– сары (шекаралық) аймақта – динамикада міндетті түрде бақылай отырып, 3–10 күн ішінде жүргізу ұсынылады.*

*«Шекаралық аймақтағы» білім алушыларға ерекше назар аудару керек, өйткені олардың күйі тез өзгеріп, қиындықтардың айқынырақ нысанына ауысуы мүмкін.*

## Шешім қабылдау алгоритмі

| Жағдай | Белгілері | Педагог-психологтің кейінгі іс-әрекеттері |
|---|---|---|
| **Бір әдістеме бойынша қызыл аймақ** | Жоғары қауіп-қатер көрсеткіштері, мазасыздық, депрессия, жалғыздық және т.б. шкалалар бойынша айқын бұзылыстар. | 1–3 күн ішінде тереңдетілген диагностика жүргізу, жеке әңгімелесу, эмоционалдық күйді нақтылау. |
| **Критикалық маркерлердің болуы** | Суицидтік ойлар, зорлық-зомбылық маркерлері, сауалнамадағы айқын деструктивті жауаптар. | Шұғыл әрекет ету (1–3): жеке кездесу, күйді нақтылау, регламент бойынша хабарлау, тереңдетілген диагностика. |
| **Сары аймақ** | Орташа, тұрақсыз көрсеткіштер, қайшылықты | 3–10 күн ішінде тереңдетілген диагностика жүргізу, қажет болған |

| | | |
|---|---|---|
| | нәтижелер, эмоционалдық тұрақсыздық. | жағдайда қайта диагностикалау, қосымша ақпарат жинау. |
| **Қолайсыздықтың байқалатын белгілері** | Мазасыздық, тұйықтық, мінез-құлықтың күрт өзгерістері, белсенділіктің төмендеуі (педагогтер мен педагог-психологтің бақылауы бойынша). | Тереңдетілген диагностиканы тағайындау, 3–10 күн ішінде тереңдетілген диагностика жүргізу. |
| **Қарама-қайшы деректер** | Тесттер бойынша норма, бірақ мінез-құлықта айқын проблемалар бар немесе керісінше. | Қосымша диагностика, бақылау және әңгімелесу арқылы жағдайды нақтылау, 3-10 күн ішінде тереңдетілген диагностика жүргізу. |

## 6 Тереңдетілген диагностиканың навигациялық картасы

Бастапқы диагностика жүргізілгеннен кейін педагог- психологтің алдында жиі сұрақ туындайды:

***«ары қарай не істеу керек және жағдайды егжей-тегжейлі зерттеу үшін қандай әдістемені таңдаған жөн?»***

Дәл осы мақсатта тереңдетілген диагностиканың навигациялық картасы әзірленді.

Оның міндеті – педагог-психологке бастапқы кезеңнің нәтижелерін тез бағдарлауға және ең қолайлы диагностикалық бағытты таңдауға көмектесу. Тәжірибеде баланың бір ғана нақты мәселемен келуі сирек кездеседі. Жоғары мазасыздықтың артында бастан өткерген зорлық-зомбылық, агрессивті мінез-құлықтың артында – жалғыздық сезімі, ал көңіл-күйдің төмендеуінің артында – күрделі отбасылық жағдай немесе бейімделу қиындықтары жасырынуы мүмкін.

Сондықтан тереңдетілген диагностика анықталған **қиындықтардың себептерін нақтылау және түсіну** қағидаты бойынша құрылады. Әрбір бағыт үшін жағдайды тереңірек зерттеуге және негізделген кәсіби шешім қабылдауға көмектесетін әдістемелер іріктелген.

| Бастапқы диагностика | Нені нақтылау талап етіледі | Стандартталған әдістемелер | Проективті әдістемелер |
|---|---|---|---|
| «Саған қалай қарайды?» экспресс-сауалнамасы 2–4 сынып | қауіпті қарым-қатынас белгілері, эмоционалдық күй, отбасы мен мектептегі жағдайды уайымдау | **Тереңдетілген диагностиканың стандартталған әдістемелері** | **Көрсеткіштер бойынша проективті әдістемелер** |
| «Бесінші сынып оқушыларының мазасыздығын анықтау» О.Н. Хмельницкая | мектептегі мазасыздық сипаты, шиеленіс көздері, орта буынға бейімделу қиындықтары | **PSS-C / БКСШ** | **«Отбасы суреті»; «Отбасылық социограмма»; «Кактус»; «Өмірде жоқ жануар»; аяқталмаған сөйлемдер әдістемесі** |
| К. Риффтің жасөспірімдердің психологиялық бақуаттылық шкаласы | эмоционалдық қолайсыздық, өзіне деген көзқарас, дәрменсіздік сезімі, ресурстың төмендеуі | **Филлипстің мектептегі мазасыздық тесті** | **«Жаңбыр астындағы адам»; аяқталмаған сөйлемдер әдістемесі** |
| RCADS-25 | мазасыздық пен депрессиялық көріністер, эмоционалдық күй | **1. А. Бектің үмітсіздік шкаласы;<br>2. Г. Айзенктің психикалық күйлерді өзін-өзі бағалау әдістемесі** | **«Үй-Ағаш-Адам»; «Жаңбыр астындағы адам»** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| DASS-20 | депрессияның, мазасыздықтың, күйзелістің, агрессивті және шиеленісті реакциялардың айқындылығы | **1. Г. Айзенктің психикалық күйлерді өзін-өзі бағалау әдістемесі;<br>2. БКСШ** | **«Жаңбыр астындағы адам»;<br>«Үй-Ағаш-Адам»** |
| «Саған қалай қарайды?» экспресс-сауалнамасы 5–7 сыныптар | буллинг белгілері, қауіпті қарым-қатынас, агрессия, топтық қысым | **1. А. Бектің үмітсіздік шкаласы;<br>2. Басс-Перридің агрессивтілік сауалнамасы;<br>3. Г. Айзенктің психикалық күйлерді өзін-өзі бағалау әдістемесі** | **«Жаңбыр астындағы адам»;<br>«Үй-Ағаш-Адам»** |
| «Саған қалай қарайды?» экспресс-сауалнамасы 8–11 сыныптар | буллинг белгілері, жағдайдағы білім алушының рөлі, агрессивті және қорғаныс реакциялары | **1. Е.Г. Норкинаның «Буллинг құрылымын» анықтау әдістемесі;<br>2. Басс-Перридің агрессивтілік сауалнамасы** | **6-7 сыныптарға арналған «Жаңбыр астындағы адам»; 5-сыныпқа арналған «Өмірде жоқ жануар»** |
| Дифференциалды сауалнама | жалғыздықты уайымдау, әлеуметтік оқшаулану | **1. Е.Г. Норкинаның «Буллинг құрылымын» анықтау әдістемесі;<br>2. Басс-Перридің агрессивтілік сауалнамасы** | **«Жаңбыр астындағы адам»** |
| Мазасыздық әдістемесі / шкаласы | мазасыздық деңгейі, мазасыздық күйлеріне орнықтылық | **1. 5-сыныпқа арналған *БКСШ*; 2. Г. Айзенктің психикалық күйлерді өзін-өзі бағалау әдістемесі;<br>3. 6-сыныптан бастап А. Бектің үмітсіздік шкаласы** | **«Жаңбыр астындағы адам»;<br>«Үй-Ағаш-Адам»** |

**Ескерту:**

**Навигациялық карта** тереңдетілген диагностиканы таңдауға бағыт-бағдар береді және анықталған қиындықтарға сәйкес ең қолайлы диагностикалық маршрутты айқындауға көмектеседі. Ол қатаң алгоритм болып табылмайды және педагог-психологтің кәсіби шешім қабылдауына шектеу қоймайды.

Тереңдетілген диагностика анықталған қиындықтарды егжей-тегжейлі зерттеуге және бастапқы кезеңнің нәтижелерінің ықтимал себептерін нақтылауға бағытталған. Тереңдетілген диагностика жүргізу кезінде мүмкіндігінше таңдалған бағыт бойынша жас ерекшелігіне сәйкес стандартталған әдістемелердің толық кешенін қолдану ұсынылады. Бұл білім алушының жағдайы туралы неғұрлым толық түсінік алуға, жағдайды бір ғана көрсеткішпен немесе бір ғана әдістеменің нәтижесімен шектелмей, жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді.

**! Маңызды**

Стандартталған әдістемелер тереңдетілген диагностиканың негізгі және міндетті құралы болып табылады.

Проективті әдістемелер қосымша сипатқа ие және олар стандартталған сауалнамаларда әрдайым көрініс таба бермейтін эмоционалдық күйзелістерді, жағдайды қабылдау ерекшеліктерін, ішкі қақтығыстарды және басқа да аспектілерді нақтылау үшін қолданылады. Проективті әдістемелердің нәтижелері тек негізгі диагностикалық құралдардың нәтижелерімен кешенді түрде ғана қарастырылады және қорытынды жасау үшін бірден-бір негіз бола алмайды.

Тексерудің түпкілікті көлемі мен әдістемелерді таңдауды педагог-психолог жағдайдың ерекшеліктерін, білім алушының жасын, диагностиканың алдыңғы кезеңдерінің нәтижелерін және жағдайды кәсіби бағалауды негізге ала отырып, дербес анықтайды.

***Қажет болған жағдайда, білім беру педагог-психологі оқу орындарында немесе Психологиялық қолдау орталықтарында (ПҚО) қолданылатын қосымша әдістемелерді пайдалана алады. Мұндай әдістемелерді платформа мен диагностикалық жоспарларға енгізу мақсатында оларды «Өркен» КеАҚ-пен және Балалардың құқықтарын қорғау комитетімен (БҚҚК) алдын ала келісу ұсынылады.***

## 7 Шұғыл және жоспарлы жағдайлар

Педагог-психологтің жұмысында жоспарлы сүйемелдеуді талап ететін жағдайлар мен дереу іс-әрекеттер қажет болатын жағдайларды ажырата білу маңызды.

***Жүйелі жұмыс істеуге уақыттың бар екенін және қашан дереу әрекет ету керектігін қалай ажыратуға болады?***

**Жоспарлы жағдайлар** – бұл білім алушының белгілі бір қиындықтары бар, бірақ оның жай-күйі салыстырмалы түрде тұрақты және шұғыл араласуды талап етпейтін жағдайлар.

Мұндай балалар эмоционалдық, мінез-құлықтық, оқу немесе қарым-қатынастағы қиындықтарды бастан кешіруі мүмкін, бірақ бұл ретте сабақтарға қатысуды жалғастырады, құрдастарымен және ересектермен байланысын сақтайды, білім беру процесіне қатысуға және күнделікті міндеттерді орындауға қабілетті болады.

***Жоспарлы жағдайларға мыналар жатуы мүмкін:***

- жоғары мазасыздық;
- оқудың жаңа жағдайларына бейімделу қиындықтары;
- құрдастарымен араласудағы қиындықтар;
- жалғыздық сезімі;
- оқу ынтасының төмендеуі;
- эмоционалдық сезімталдық;
- эмоционалдық қолайсыздықтың жекелеген белгілері;
- өзіне сенімсіздік;
- өзін-өзі реттеу қиындықтары;
- дағдарыс деңгейіне жетпейтін жанжалдылық;
- эмоционалдық қажу немесе мектептегі шамадан тыс жүктеме белгілері.

***Бұл ретте мыналар маңызды:***

- білім алушы сабақтарға қатысуды жалғастырады;
- оқу талаптарын орындау қабілетін сақтайды;
- педагогтермен және басқа да ересектермен байланысын қолдайды;
- өзінің қиындықтарын талқылауға қабілетті;
- өзіне немесе айналасындағыларға тікелей қауіп төну белгілерін көрсетпейді;

– оның жай-күйі қарқынды түрде нашарламайды және дереу әрекет етуді талап етпейді.

Мәселенің болуы әлі дағдарыстың бар екенін білдірмейтінін түсіну маңызды.

*Мысалы, бала жоғары деңгейдегі мазасыздықты бастан кешіруі, өзін жалғыз сезінуі немесе құрдастарымен қарым-қатынаста қиындықтарды бастан өткеруі мүмкін. Бұл жағдайлар маманның назарын талап етеді, алайда қосымша диагностика жүргізуге, ақпарат жинауға, баланың өзімен, педагогтермен және ата-аналармен сөйлесуге, содан кейін жүйелі сүйемелдеу жоспарын құруға мүмкіндік береді.*

Жоспарлы жағдайларда педагог-психологтің асығыс шешім қабылдамай, қиындықтардың себептерін біртіндеп анықтауға және көмектің ең тиімді түрлерін таңдауға мүмкіндігі бар.

**Әдетте, жұмыс келесі схема бойынша құрылады: *қиындықтарды анықтау → себептерін нақтылау → тереңдетілген диагностика (қажет болған жағдайда: «қызыл және сары аймақтар») → сүйемелдеу мақсаттарын анықтау → көмек жоспарын іске асыру → өзгерістер динамикасын бағалау.***

Педагог-психологтің жоспарлы жағдайлардағы басты міндеті – тек мәселенің бар екенін тіркеу ғана емес, оның себептерін түсіну, тәуекел факторлары мен баланың ресурстарын бағалау, содан кейін жай-күйдің одан әрі нашарлауына жол бермеу және білім алушыға туындаған қиындықтарды жеңуге көмектесу үшін сүйемелдеуді ұйымдастыру болып табылады.

**Дереу әрекет етуді талап ететін жағдайлар**

Барлық қиындықтарды жоспарлы сүйемелдеуге жатқызуға болмайды. Педагог-психологтің тәжірибесінде іс-әрекетті кейінге қалдыруға болмайтын жағдайлар кездеседі. Мұндай жағдайларда басты міндет ақпаратты одан әрі жинау немесе тереңдетілген диагностика емес, білім алушының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және уақытылы әрекет ету болып табылады.

Баланың өзіне, басқа адамдарға зиян келтіру ықтималдығы бар немесе ересектердің дереу назар аударуын талап ететін елеулі қолайсыздық белгілері байқалған кез келген жағдай дереу әрекет етуді талап ететін жағдай деп есептеледі.

Педагог-психологтің көптеген дәлелдер мен растаулардың жиналуын күтпеуі тиіс екенін түсіну маңызды. Көптеген жағдайларда жағдайды бағалау және көмек ұйымдастыру бойынша белсенді іс-әрекеттерді бастау үшін бір ғана маңызды белгі жеткілікті.

***Дереу әрекет етуге мыналар негіз болуы мүмкін:***

– өмір сүргісі келмейтіні туралы тікелей немесе жанама мәлімдемелер;

– өзіне-өзі зиян келтіру мінез-құлқы;

– ықтимал зорлық-зомбылық белгілері;

– қауіпті әрекеттерге дайындық туралы ақпарат;

– эмоционалдық жай-күйдің күрт нашарлауы;

– айқын дағдарыстық реакциялар;

– мінез-құлықтың кенеттен және айтарлықтай өзгеруі;

– баланың қауіпсіздігіне төнген елеулі қауіп туралы хабарламалар;

– ауыр психологиялық қолайсыздық белгілері.

Мұндай жағдайларда педагог-психолог үшін мынаны есте сақтау маңызды: оның міндеті диагноз қою немесе алғашқы минуттарда барлық мән-жайды анықтау емес. Басты міндет – тәуекел деңгейін бағалау, білім алушының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және одан әрі көмек көрсетуді ұйымдастыру.

**Мұндай жағдайлармен жұмыс істеу кезінде келесі принципті ұстану ұсынылады:**

***алдымен қауіпсіздік → содан кейін жағдайды бағалау → содан кейін сүйемелдеу.***

Көбінесе мамандар болып жатқан жағдайдың барлық себептерін бірден анықтауға тырысып, қателікке бой алдырады. **Алайда дағдарыстық жағдайларда бірінші кезектегі маңыздылық себептерді іздеу емес, дәл қазіргі уақытта баланың өміріне, денсаулығына немесе әл-ауқатына қауіп төніп тұрғанын түсіну болып табылады.**

Сонымен қатар, сыртқы айқын көріністердің болмауы әрдайым қауіптің жоқтығын білдірмейтінін есте сақтау маңызды. Кейбір білім алушылар ішкі ауыр күйзелістеріне қарамастан, сырттай сабырлы көрініп, сабақтарға қатысуды жалғастыра алады және айқын эмоционалдық реакциялар көрсетпеуі мүмкін.

Сондықтан кез келген критикалық маркер пайда болған кезде маманға жағдайға барынша мұқият қарау және баланың жай-күйіне қосымша бағалау жүргізілгенге дейін оны ықтимал маңызды жағдай ретінде қарастыру ұсынылады.

Төменде дереу әрекет етуді талап ететін ең көп таралған жағдайларды және әрбір жағдайдағы педагог-психологтің іс-әрекет алгоритмдерін қарастырамыз.

**Диагностика талдауы барысында дереу әрекет етуді талап ететін жағдайды анықтау**

| Диагностика | Дереу әрекет ету маркерлері |
|---|---|
| ***Педагогтерге арналған балалардың мектепке әлеуметтік-психологиялық бейімделуін сарапшылық бағалау схемасы (В.И. Чирков, О.Л. Соколова, О.В. Сорокина)*** | **Қорытынды нәтиже 0–7 балл** (айрықша айқын бейімделе алмау); «Эмоциялар», «Сыныптастармен қарым-қатынас» және «Мұғалімге көзқарас» шкалалары бойынша бір уақытта 0–1 балл бағалануы;депрессиялық көңіл-күйдің басым болуы; үнемі жылау немесе айқын эмоционалдық күйзелістер;төбелеспен, басқа балаларды ұрумен, заттарды қиратумен ұласатын агрессивті бұрқ етулер; оқу қызметінен толық бас тарту;айқын әлеуметтік оқшаулану (бала құрдастарымен де, ересектермен де іс жүзінде өзара әрекеттеспейді). |
| ***Ата-аналарға арналған балалардың мектепке әлеуметтік-психологиялық бейімделуін сарапшылық бағалау схемасы (В.И. Чирков, О.Л. Соколова, О.В. Сорокина)*** | Бала мектепке барудан жүйелі түрде бас тартады; мектеп тапсырмаларын орындау кезінде айқын эмоционалдық күйзелістер (жылау, айқайлау, агрессия) үнемі туындайды; ата-ана уақыттың көп бөлігінде басыңқы көңіл-күйдің, ашуланудың немесе агрессияның басым болуын атап өтеді;баланың ауыр эмоционалдық қолайсыздығы мен толық әлеуметтік оқшаулануының бір уақытта үйлесуі байқалады. |

## Педагог-психологтің іс-әрекет алгоритмі

**1.** Білім алушының мектептегі көңіл-күйіне құрдастарымен қарым-қатынасына және педагогтермен өзара әрекеттесуіне ерекше назар аудара отырып, **1–3 жұмыс күні ішінде онымен жеке әңгімелесу жүргізу**.

**Төмен бейімделудің себептерін мыналарды** анықтау арқылы нақтылау:

– баланың мектепте жүргені өзіне ұнай ма;

– қарым-қатынаста қиындықтар бар ма;

– ол өзін сыныпта қабылданғандай сезіне ме;

– оның қашуға тырысатын жағдайлары бар ма.

**2. Төменгі балдар алынған шкалаларды талдау,** өйткені олар негізгі қиындық аймақтарын (оқу, мінез-құлық, қарым-қатынас, эмоционалдық жай-күй) тікелей көрсетеді.

**3.** Қиындықтың мән-жайын түсіну үшін **сынып жетекшісінен және пән мұғалімдерінен қосымша ақпарат алу**:

–бұл қиындықтардың байқалып жүргеніне қанша уақыт болды;

–олар күшейіп жатыр ма, әлде тұрақты ма;

–әртүрлі жағдайларда көрініс таба ма, әлде тек бөлек педагогтердің сабағында ғана ма.

**4. Анықталған тәуекел бағыты бойынша тереңдетілген диагностика жүргізу:**

– **PSS-C (*БКСШ*)** (психожарақаттаушы күйзелістер немесе стрестік оқиғалар белгілері болған жағдайда);

– **«Отбасы суреті»** (отбасылық қарым-қатынастардың ерекшеліктері, эмоционалдық жақындық, отбасындағы өз орнын қабылдауы);

– **«Отбасылық социограмма»** (отбасылық қарым-қатынастардың құрылымы, отбасы мүшелерінің маңыздылығы, эмоционалдық алшақтық пен жақындық);

– **«Кактус»** (ішкі шиеленіс деңгейі, агрессивті үрдістер, қорғалғандық сезімі және өзін-өзі реттеу ерекшеліктері);

– **«Өмірде жоқ жануар»** (эмоционалдық жай-күй, өзін-өзі сезіну, мазасыздық, тұлғалық ерекшеліктер және қоршаған ортамен өзара әрекеттесу тәсілдері);

– **Аяқталмаған сөйлемдер әдістемесі** (өзіне, отбасына, мектепке, құрдастарына, маңызды ересектерге деген көзқарасы, жасырын күйзелістер мен ішкі қақтығыстарды анықтау).

Аяқталмаған сөйлемдер әдістемесі көбінесе 2-сыныптан бастап қолданылады, бұл кезде балалар қалыпты оқи алады және сөйлемдерді жазбаша түрде өз бетінше аяқтауға қабілетті болады.

1-сынып білім алушылары үшін де бұл әдістемені оның өткізілу форматын бейімдеу арқылы қолдануға болады. Бұл жағдайда педагог-психолог балаға сұрақтарды ауызша қояды немесе әңгімелесу барысында сөйлемнің басын аяқтауды ұсынады, ал жауаптарды өзі тіркеп отырады. Мұндай формат кіші мектеп жасындағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, әдістеменің диагностикалық құндылығын сақтауға мүмкіндік береді.

**5. Ата-аналармен (заңды өкілдермен) байланысу** және мыналарды түсіну үшін нақтылау әңгімесін жүргізу:

– сипатталған қиындықтар қаншалықты жиі байқалады;

– олар қашан пайда болды;

– баланың эмоционалдық реакциялары қаншалықты айқын көрінеді;

– олар тек мектепке байланысты ма, әлде өмірдің басқа салаларында да көрініс таба ма.

**6. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді және динамикалық бақылауды ұйымдастыру**, әсіресе төмен көрсеткіштер эмоционалдық жай-күйге, құрдастарымен қарым-қатынасқа және мектепке деген көзқарасқа бір уақытта әсер еткен жағдайда.

**Диагностика талдауы барысында дереу әрекет етуді талап ететін жағдайды анықтау**

| Диагностика | Жедел әрекет етуді қажет ететін белгілер | Педагог-психологтің әрекет алгоритмі |
|---|---|---|
| ***«Саған қалай қарайды» экспресс-сауалнамасы (2–4 сынып)*** | *№3 сұраққа («Үйде сені қатты ауыртатындай немесе қорқатындай етіп жазалайтын кездер бола ма?»)* ***«Әрқашан»*** *деп жауап беруі; №7 сұраққа («Басқа балалар мені ренжітеді, итереді немесе мазақтайды»)* ***«Әрқашан»*** *деп жауап беруі; №2, №3, №5, №6, №7 сұрақтар бойынша* ***«Кейде»/«Әрқашан»*** *жауаптарының үйлесуі; қолайсыздық маркерлерімен бірге №8 сұраққа* ***«Әрқашан»*** *деп жауап беруі.* | 1. Нәтижелер алынған күні баланы дереу жеке әңгімелесуге шақыру.<br>2. Дәл қазіргі уақытта не болып жатқанын, қай жерде екенін, кімдер қатысып жатқанын және қауіптің әлі де сақталып тұрғанын нақтылау.<br>3. Зорлық-зомбылық немесе қатыгездік таныту күдігі туындаған жағдайда баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ұйымның бекітілген іс-қимыл алгоритміне сәйкес әрекет ету.<br>4. Қорлау белгілері байқалған кезде сыныптағы жағдайды тексеруді дереу бастау және педагогтардан ақпарат жинау.<br>5. Анықталған фактілер мен әңгімелесу нәтижелерін құжаттандыру.<br>*6.* Одан әрі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді және жағдайды бақылауды ұйымдастыру. |

**Мұнда мыналарды ажырату маңызды:**

– **қызыл аймақ (16–21 балл)** → тереңдетілген диагностика міндетті түрде қажет;

– **№3 немесе №7 сұраққа «Әрқашан»** деп жауап беруі - балдардың қосындысына қарамастан, дереу әрекет етуге негіз болып табылады;

– зорлық-зомбылық және қолайсыздық сұрақтары бойынша **«Кейде»/ «Әрқашан» деген бірнеше жауаптың болуы**- бала қызыл аймаққа түспесе де, жағдайды тез арада нақтылауды талап етеді.

| Диагностика | Жедел әрекет етуді қажет ететін белгілер | Педагог-психологтің әрекет алгоритмі |
|---|---|---|
| ***«Бейімделу кезеңіндегі бесінші сынып оқушыларының мазасыздығын анықтау» экспресс-әдістемесі (О.Н. Хмельницкая)*** | **Бір уақытта айқын физиологиялық және эмоционалдық дистрестің болуы:** №1 (тез шаршау), №4 (бас айналу / әлсіздік / жүрек айну), №6 (өзіне сенімсіздік), №9 (тез ренжу және жылау), №13 (жағымсыз жағдайларды ұзақ уақыт уайымдау) және №14 (ұйқының бұзылуы) сұрақтарына «Иә» деп жауап беру және бұл жауаптардың аса жоғары жиынтық балмен (11–15) үйлесуі; сондай-ақ бір уақытта бірнеше шкала бойынша айқын мазасыздық белгілері болған кезде №16 сұраққа («Маған ересек адамның көмегі керек») «Иә» деп жауап беруі. | 1. Нәтижелер алынған күні білім алушымен жеке әңгімелесу жүргізу, қазіргі кездегі көңіл-күйін, жалпы жай-күйін (ұйқысы, тәбеті, мазасыздықтың денедегі көріністері, мектептегі қорқыныштары) нақтылау.<br>2. Оқу ортасында айқын эмоционалдық қажудың және бейімделу бұзылыстарының бар-жоғын бағалау.<br>3. Қажет болған жағдайда, сынып жетекшісімен өзара әрекеттесу арқылы оқу және бағалау жүктемесін уақытша төмендету.<br>4. Эмоционалдық жай-күй мен мазасыздық деңгейіне экспресс-бағалау (нақтылау диагностикасын) жүргізу.<br>5. Таяудағы 1–2 апта ішінде серпінді (динамикалық) бақылау ұйымдастыру.<br>6. Мазасыздықтың айқын физиологиялық белгілері |

| | | |
|---|---|---|
| | **«Психика + дене + қажу» үйлесімі.** | сақталған жағдайда – кеңейтілген диагностика жүргізу және отбасымен жұмысты байланыстыру. |
| ***Жасөспірімнің әл-ауқаты шкаласы (К. Рифф, Т.Д. Шевеленкова, П.П. Фесенко бейімдеуі)*** | **№10** *(«Меніңше, өмірдің ешқандай мәні жоқ»)* және/немесе **№17** *(«Қатты мұңайғандықтан, бұған әрең шыдап жүрмін»)* тұжырымдарына **«Уақыттың көп бөлігінде»** деп жауап беруі; бұл жауаптардың жалғыздық, энергияның төмендеуі және эмоционалдық қажу шкалалары бойынша айқын теріс профильмен **(№3, №14, №15, №18 сұрақтар)** үйлесуі; ересек адамның көмегіне қажеттіліктің көрсетілуімен *(№19 = «Уақыттың көп бөлігінде»)* **бірге әл-ауқаттың аса төмен жалпы деңгейі (0–5 балл).** | 1. Нәтижелер анықталған күні білім алушының қазіргі эмоционалдық жай-күйіне және ауыр күйзелістерінің бар-жоғына басты назар аудара отырып, онымен дереу жеке әңгімелесу жүргізу.<br>2. Өмірдің мәнсіздігі туралы ойлардың, айқын үмітсіздік пен эмоционалдық қажудың бар-жоғын, сондай-ақ эмоционалдық ресурстың және білім алушы сенетін әрі қолдау алу үшін жүгіне алатын маңызды ересек адамның бар-жоғын нақтылау.<br>3. Қауіпсіздіктің қазіргі жай-күйін және ересек адамның тұрақты сүйемелдеуіне қажеттілікті бағалау.<br>4. Білім алушының жай-күйінде дағдарыс анықталған жағдайда, мекеменің жауапты мамандарын дереу хабардар ету (дағдарыстық әрекет етудің ішкі алгоритмі бойынша).<br>5. Жай-күйі тұрақталғанға дейін тұрақты бақылау мен сүйемелдеуді ұйымдастыру.<br>6. Қажет болған жағдайда отбасын және пәнаралық көмекті тартуға бастамашылық жасау |
| ***RCADS-25*** | **№18** («өмір тым ауыр») сұрағына **«Әрқашан/Жиі»** деп жауап беруі; **№1, 4, 16, 17, 19** сұрақтар бойынша **«Жиі/Әрқашан»** деген айқын жауаптардың өзара үйлесуі; айқын паникалық реакциялар **(№11, 14** сұрақтар: | 1. Білім алушыны дереу (сол күні) шақыру және ересек адамның педагог-психолог кабинетіне дейін ертіп баруын қамтамасыз ету.<br>2. Жай-күйіне алғашқы бағалау аяқталғанға дейін білім алушыны жалғыз қалдырмау.<br>3. Чек-парақ бойынша қысқаша экспресс-әңгімелесу |

| | | |
|---|---|---|
| | талып қалу, діріл, денедегі күрт пайда болатын белгілер); мазасыздық және депрессия бойынша бір уақытта қызыл аймаққа түсуі. | жүргізу: өмірдің мәнсіздігі туралы ойлардың, айқын үмітсіздіктің, өзіне-өзі зиян келтіру ниетінің бар-жоғы (тіркеледі).<br>4. Қауіпсіздіктің қазіргі жай-күйін бағалау («қазіргі уақытта» тәуекел бар/жоқ).<br>5. Тәуекел анықталған жағдайда – дағдарыстық хаттама бойынша әкімшілікке/жауапты маманға дереу хабарлау.<br>6. Анықталған күні жағдайды педагог-психологтің журналына тіркеу.<br>7. Қажет болған жағдайда отбасын және пәнаралық көмекті тартуға бастамашылық жасау. |
| ***«Саған қалай қарайды» экспресс-сауалнамасы (5–7 сыныптар)*** | **Қаупті маркер** ретінде **9, 13, 14, 15**-сұрақтарда «5–6» нұсқасын таңдау бопсалау, физикалық зорлық-зомбылық, қауіпті әрекеттерге тарту немесе қауіпті заттарды қолдану арқылы өмір мен денсаулыққа төнген қауіпті білдіреді. Ал **3, 4, 5, 6, 9, 10-сұрақтардағы** «5–6» нұсқасы жалпы балға қарамастан, жүйелі зорлық-зомбылық немесе **қысым белгілерін көрсетеді**. Бұл көрсеткіштер ықтимал құқық бұзушылық туралы сигнал береді. | 1. Жеке әңгімелесуді дереу (анықталған күні) қамтамасыз ету.<br>2. Қысым жасамай және тергеп-тексермей, фактілерді (не болды, қайда, кім, қашан) қысқаша, бейтарап түрде тіркеуді жүргізу.<br>3. Мектеп әкімшілігін (директорды / тәрбие ісі жөніндегі орынбасарды) дереу хабардар ету.<br>4. Мектеп ортасында (сабақтарда, үзілістерде, жүру бағыттарында) баланы және тәуекел тудыруы мүмкін ықтимал қатысушыларды бір-бірінен оқшаулау (бөлектеу).<br>5. Ұйымның дағдарыстық алгоритмін іске қосу: жағдайды құжаттандыру, қауіпті бағалау, қажет болған жағдайда – сыртқы қорғау қызметтерін тарту және ата-аналарды қауіпсіз форматта міндетті түрде хабардар ету (тәуекел бағаланғанға дейін егжей-тегжейлі мәліметтерді жария етпей). |

| | | |
|---|---|---|
| ***«Саған қалай қарайды» экспресс-сауалнамасы (8–11 сыныптар)*** | **Қауіпті маркер (барлық блоктар):** кез келген «5–6» жауабы. **Зорлық-зомбылық маркерлері:** 3, 4, 9, 10 – «5–6» (үйдегі/мектептегі қысым, буллинг, бопсалау, мәжбүрлеу). **Криминалдық тәуекел (арнайы 6-блок, 13–15 сұрақтар):** «5–6» («оңай табыс» ұсыныстары, заттарды беру/тасымалдау, «закладкалар», заттар). | 1. **Дереу тіркеу (1 сағат ішінде):** нақты сұрақты, жауапты, баланың айтқан сөздерін жазып алу.<br>2. **Тәуекел түріне қарай бөле отырып, шұғыл әңгімелесу (анықталған күні):**<br>– қысым жасамай, жағдайды нақтылау;<br>– тек 4 сұрақ қою: «кім», «қайда», «нақты не болды», «қазіргі уақытта қауіп бар ма».<br>3. **ТӘУЕКЕЛДІ ЖІКТЕУ (әңгімелесуден кейін бірден):**<br>А) **Зорлық-зомбылық (үй/мектеп/құрдастар)**<br>Б) **Криминалдық тәуекел (закладкалар/ПБЗ/заттарды беру)**<br>А) ЕГЕР ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ БОЛСА (үй / мектеп / құрдастар):<br>**4А. Мектептегі қорғаныс шаралары (сол күні):** қатысушыларды бір-бірінен оқшаулау, үзілістерді/сабақтарды бақылауды күшейту, байланыс жасау мүмкіндігін болдырмау.<br>5А. **Хабардар ету:** әкімшілік + сынып жетекшісі + әлеуметтік педагог (анықталған күні).<br>**6А. Отбасымен жұмыс:** тек мектеп арқылы, баланың егжей-тегжейлі мәліметтерді жеткізуінсіз; баланың қауіпсіздігін бағалау.<br>**7А. Мониторинг:** 3–5 күннен кейін жай-күйді қайта бағалау.<br>Б) ЕГЕР КРИМИНАЛДЫҚ ТӘУЕКЕЛ БОЛСА (закладкалар / заттар / заттарды беру):<br>**4Б. Тартылуды дереу тоқтату:** мектеп ортасында тартатын (тартып жүрген) адамдармен байланысты болдырмау (бөлектеу, орын ауыстыруын бақылау). |

| | | |
|---|---|---|
| | | **5Б. Шұғыл хабардар ету:** мектеп әкімшілігі сол күні + әлеуметтік педагог.<br>**6Б. Тартылу деңгейін бағалау:** – біржолғы байланыс / – қайталанатын ұсыныстар / – нақты қатысу. **7Б. Тартылу фактісі расталған жағдайда:** мектептің дағдарыстық хаттамасын іске қосу + сыртқы қызметтерді хабардар ету (мекеменің регламенті бойынша).8Б. Ата-аналармен жұмыс: әкімшілік арқылы міндетті түрде хабардар ету, баламен делдал ретінде егжей-тегжейлі мәліметтерді талқыламау.<br>8. **Жалпы (барлық жағдайлар үшін):** – жағдайды анықталған күні құжаттандыру; – жеке бақылау жүргізу. |
| ***Жалғыздықты сезінудің дифференциалды сауалнамасы (Осин Е.Н., Леонтьев Д.А.)*** | 1.**А БЛОГЫ (1–5):** 19–25 балл (тұрақты айқын жалғыздық) + **өмірдің мәнсіздігі / өмір сүргісі келмейтіні / өзіне-өзі зиян келтіру туралы кез келген мәлімдемелер (егер жауаптарды талдау кезінде әңгімелесу барысында анықталса)**<br>2.**Б БЛОГЫ (6–10):** 19–25 балл (жалғыздықтан үрейленіп қорқу, жалғыз қала алмау)<br>**Үйлесім:** А БЛОГЫ ≥19 + Б БЛОГЫ ≥19 (өткір эмоционалдық дезадаптация, дағдарыстық жағдайдың жоғары тәуекелі) | 1. Білім алушыны педагогтің/сынып жетекшісінің еріп жүруімен **дереу (ағымдағы күн ішінде)** жеке байланысқа шақыру (жай-күйі нақтыланғанға дейін жалғыз қалдырмау).<br>2. **Жай-күйге қысқаша дағдарыстық бағалау жүргізу (10–15 минут).**<br>3. **Алғашқы қорғауды және тұрақтандыруды ұйымдастыру.**<br>4. **Тереңдетілген диагностика тағайындау (1–3 күн ішінде): эмоционалдық жай-күй,** отбасылық жағдай, әлеуметтік байланыстар + жай-күй серпінінің (динамикасының) мониторингі.<br>5. **Жағдайды құжаттандыру:** нәтижелерді, тәуекелдердің сипаттамасын, қабылданған шараларды және ақпаратты беруді тіркеу. |

| | | |
|---|---|---|
| ***ДЕПРЕССИЯ, МАЗАСЫЗДЫҚ, СТРЕСС (DASS-20)*** | **Қауіпті ИНДИКАТОРЛАР (пункттердің кез келгені):**<br>**1. Депрессия (10, 13, 16, 17-п.)** → «3» жауабы (айтарлықтай/бүкіл уақытта дерлік) **әсіресе 10 (үмітсіздік), 17 (өзін-өзі айыптау/сәтсіздікке ұшыраушы)**<br>2. **Мазасыздық (9, 15, 20-п.)** → «3» жауабы + айқын паникалық күйлер (паника сезімі, «себепсіз қорқынышты»)<br>3. **Стресс (1, 6, 8, 14-п.)** → «3» жауабы + эмоционалдық бұзылу белгілері (ашушаңдық, реакцияны бақылаудың мүмкін еместігі)<br>4. **МІНДЕТТІ КРИТИКАЛЫҚ ҮЙЛЕСІМ:** бір уақытта жоғары деңгейдегі депрессия + мазасыздық + стресс (барлық шкалалар «қызыл аймақта»)<br>5. **БӨЛЕК:** 10-п. (үмітсіздік) + 17-п. (өзін-өзі құнсыздандыру) бойынша кез келген жауап = суицидтік тәуекелді дереу тексеру | 1. **Анықталған күні дереу:** білім алушыны педагог-психолог кабинетіне жеке диагностикаға шақыру (сабақ кестесін күтпестен).<br>2. **Қысқаша дағдарыстық скрининг (міндетті):** тікелей сұрақтар қою: «өмір сүргім келмейді» деген ойлар бар ма, өзіне-өзі зиян келтіру жоспарлары бар ма, «шығар жол жоқ» деген сезім бар ма, бала қазір кіммен байланыста.<br>3. **Ең кемі бір суицидтік маркер болған жағдайда → ДЕРЕУ:** мекеменің дағдарыстық хаттамасын іске қосу (әкімшілік + жауапты маман + тұрақты бақылау, жалғыз қалдырмау).<br>4. **Сол күні ата-аналармен шұғыл байланысу**: эмоционалдық қолайсыздықтың жоғары деңгейі туралы хабардар ету, ұйқысын, мінез-құлқын, оқшауланuын, жанжалдарды нақтылау, үйдегі жай-күйін бақылау.<br>5. **Қауіпсіздікті қамтамасыз ету:** баланың өз бетімен кетуін болдырмау, тек ересек өкіліне тапсыру.<br>6. **Жай-күйді қысқаша тұрақтандыру (психологиялық алғашқы көмек):** мазасыздықты төмендету, қолдауға назар аударту, тірек болатын ересек адамды тексеру.<br>7. **Тереңдетілген диагностика (1–3 күн):** депрессияны/мазасыздықты қайта бағалау + отбасылық жағдай + мектеп ортасы + тәуекелдер.<br>8. **Серпінді (динамикалық) бақылауға қою:** жай-күйі |

| | | |
|---|---|---|
| | | тұрақталғанға дейін аптасына 1–2 рет жай-күйін бақылау. |
| Ч.Д. Спилбергер – Ю.Л. Ханиннің мазасыздықты бағалау әдістемесі | **Қауіпті МАРКЕРЛЕР:**<br>**1. Жағдаяттық мазасыздық ≥ 60–80 балл (шкаланың жоғарғы шегі)** + айқын күйлер: «дүрлігу (күйгелектену)», «өзіме орын таба алмау», «паникалық шиеленіс» (3, 9, 12, 13, 14, 18-п. = максималды жауаптар)<br>**2. Тұлғалық мазасыздық ≥ 60–80 балл + тұрақты белгілер:** «сәтсіздікті күтемін», «қиындықтардан қашамын», «мені қатты мазасыздық басады» (28, 31, 34, 38, 40-п. = максималды жауаптар)<br>**3. ӨТКІР ШИЕЛЕНІС СИНДРОМЫ:** бір уақытта СМ + ТМ жоғары мәні (екеуі де жоғарғы диапазон бойынша)<br>**4. МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ КРИТЕРИЙІ (әңгімелесу кезінде):** паникалық реакция белгілері, сабырға келудің мүмкін еместігі, мінез-құлықтың бұзылуы (дезорганизациясы), себепсіз айқын қорқыныш | 1. **Дереу (анықталған сәтте):** топтық тестілеуді тоқтату, ересек адамның еріп жүруімен білім алушыны оқшаулау (жалғыз қалдырмау).<br>2. **Қысқаша дағдарыстық бағалау (10–15 минут):** паниканың, қауіп сезімінің, өзіне-өзі зиян келтіру ойларының, суицидтік ойлардың бар-жоғын анықтау, жағдайды бағдарлай алуын бағалау.<br>3. **Егер өткір дағдарыс белгілері болса → мекеменің дағдарыстық хаттамасын іске қосу:** әкімшілікті хабардар ету + тұрақты бақылауды ұйымдастыру + баланың өз бетімен орын ауыстыруын болдырмау.<br>4. **Анықталған күні ата-аналармен шұғыл байланысу:** айқын мазасыздық салдарынан мінез-құлықтың бұзылуы (дезорганизациясы) туралы хабарлау, ұйқысын, паникалық эпизодтарды, стрессорларды, үйдегі мінез-құлқын нақтылау.<br>**5. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету:** бала тек ересек заңды өкіліне тапсырылады, еріп жүрусіз кетуін болдырмау.<br>**6. Жай-күйді тұрақтандыру:** алғашқы психологиялық көмек (мазасыздықты төмендету, тыныс алуды реттеу, қауіпсіз тіректерге назар аударту, қысқаша жерге тұйықтау).<br>**7. Тереңдетілген диагностика (1–3 күн):** стресс-факторлар (мектеп/отбасы), ықтимал паникалық күйлер, депрессиялық көріністер.<br>**8. Серпінді (динамикалық) бақылау:** мазасыздықты қайта |

| | | |
|---|---|---|
| | | бағалай отырып, 7–14 күн ішінде жай-күйін бақылау. |
| **Ч.Д. Спилбергер – Ю.Л. Ханиннің мазасыздықты бағалау әдістемесі (ЖМ/ЖТ)** | **Қауіпті МАРКЕРЛЕР (шкала және пункттердің мазмұны бойынша қатаң түрде):**<br>**1. Жағдаяттық мазасыздық (ЖМ) ≥ 60–80 балл** + негізгі күйлер бойынша «мүлдем келісемін» жауаптары: 3 (шиеленіс), 9 (мазасыздану), 12 (қобалжу), 13 (өзіме орын таппау), 14 (дүрлігу), 18 (қатты қозу/дискомфорт)<br>**2. Жеке тұлғалық мазасыздық (ЖТ) ≥ 60–80 балл** + тұрақты «мүлдем келісемін» жауаптары: 28 (күтілетін қиындықтар мазалайды), 29 (болмашы нәрселер үшін уайымдаймын), 31 (жүрекке жақын қабылдаймын), 32 (сенімділік жетіспейді), 34 (қиындықтардан қашамын), 38 (сәтсіздіктерді ұзақ уайымдаймын), 40 (істерге қатысты қатты мазасыздық)<br>**3. КРИТИКАЛЫҚ ҮЙЛЕСІМ: бір уақытта ЖМ ≥ 60** + ЖТ ≥ 60 (тұрақты мазасыздық дезорганизациясы)<br>**МАҢЫЗДЫ:** әдістеме өздігінен зорлық-зомбылықты/суицидті диагностикаламайды → критикалық деңгей тек мазасыздық деңгейімен + тексеру кезіндегі | 1. **Жоғары ЖМ немесе ЖТ анықталғаннан кейін бірден (тексеру күні):** білім алушыны нәтижелерді жеке нақтылау үшін педагог-психолог кабинетіне шақыру.<br>**2. Шкалалар бойынша қатаң түрде нақтылау әңгімесі:** қандай жағдайлар шиеленіс тудырады (мектеп / сынып / бақылау / қарым-қатынас / отбасы), мазасыздық триггерлерін тіркеу.<br>**3. Қазіргі жай-күйді бағалау (қысқаша):** қазір қатты толқу, қорқыныш, тыныс алу/зейін қою қиындықтары бар ма, оқу күнін жалғастыра ала ма.<br>4. **Егер жай-күйдің дезорганизациясы анықталса** (қолынан келмейді, жылайды, іс-әрекеттен бас тартады) → оқу процесінен уақытша шығару, ересек адамның еріп жүруін қамтамасыз ету.<br>**5. Жүктемені төмендету режимі бойынша ұсыныс:** стрестік факторларды уақытша төмендету (бақылау жұмыстары, қажет болған жағдайда келісу бойынша көпшілік алдында сөйлеу).<br>**6. Серпінді (динамикалық) бақылау:** мазасыздықтың төмендеуін/тұрақталуын қадағалау үшін 2-4 аптадан кейін ЖМ/ЖТ қайта бағалау. |

| | | |
|---|---|---|
| | мінез-құлықпен (паника, дезорганизация, жүйелі жауап берудің мүмкін еместігі) анықталады | |

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жүйесіндегі **дереу әрекет ету** ең алдымен диагностика нәтижелерін интерпретациялауға емес, айқын эмоционалдық қолайсыздық немесе тәуекел белгілері анықталған сәтте білім алушының психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Мұндай жағдайларда маманның **басты міндеті** – бала үшін **қауіпсіз кеңістік құру және ересек адамның тұрақты тірегін қамтамасыз ету** болып табылады. Білім алушы қатты эмоционалдық шиеленіспен, мазасыздықпен, қорқынышпен немесе қауіп-қатерді сезінумен жалғыз қалмауы тиіс, өйткені өткір стресс жағдайында **өзін-өзі бақылаудың төмендеуі және салдары болжау қиын болатын импульсивті шешімдер қабылдау мүмкін.**

Жылдам және нақты әрекеттер жасау басты басымдықта болады:

1. жүктеме тудырған жағдайды тоқтату, баланы тыныш ортаға ауыстыру;

2. сыртқы тітіркендіргіштерді азайту;

3. тұрақтылық күйін сақтай алатын ересек адамның қасында болуын қамтамасыз ету.

Өзара әрекеттесудің қолдау көрсетуші, сабырлы және зорлық-зомбылықсыз сипатта болуы әрі **қауіпсіздік сезімін қалпына келтіруге** бағытталуы маңызды.

Эмоционалдық күй тұрақтанғаннан кейін ғана мазасыздық себептерін анықтауға және одан арғы сүйемелдеуді жоспарлауға көшуге болады.

**! Маңызды**

Шұғыл әрекет ету келесі қағидатқа негізделеді: алдымен білім алушының қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, қолдау көрсету, содан кейін ғана диагностика жүргізіп, жағдайды талдау.

**Қауіпті анықтау – жұмыстың тек бастамасы ғана.** Диагностика барысында анықталған кез келген алаңдататын белгі мамандар тарапынан нақты, жүйелі әрі бірізді әрекеттерді талап етеді.

Сондықтан келесі кезең ретінде **сүйемелдеу маршруты** қарастырылады. Бұл – балаға қолдау көрсетудің тәжірибелік алгоритмі. Ол диагностика нәтижелерін алғаннан кейін қандай әрекеттер жасау қажет екенін, жұмысқа қандай мамандарды тарту керектігін, ең алдымен қандай шараларды қабылдау қажет екенін анықтауға және анықталған мәселені кезең-кезеңімен нақты көмек пен білім алушыны қолдау жүйесіне көшіруге мүмкіндік береді.

# ІІІ ТАРАУ.
# СҮЙЕМЕЛДЕУ МАРШРУТЫ

*Алғашқы мазасыздық белгілерінен нақты көмекке дейінгі қолдау көрсету бағыты*

Маманның міндеті тек мәселені анықтаумен ғана шектелмейді. Оның негізгі міндеті – балаға көрсетілетін көмектің нақты әрі түсінікті маршрутын құру, қолдау көрсетуге қажетті ресурстарды айқындау және баланың өз уайымы мен қиындықтарымен жалғыз қалмауына жағдай жасау. Сондықтан психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу диагностиканың алғашқы нәтижелерінен бастап нақты көмек көрсету шараларын ұйымдастыруға және білім алушының жағдайына кейінгі мониторинг жүргізуге дейінгі жүйелі әрекеттер кешені ретінде қарастырылады. Осы сұраққа жауап береді:

**«Қиындықтар анықталғаннан кейін баламен қалай жұмыс істеу керек?»**

## 1 Қарсылық тудырмай, баланы әңгімеге қалай шақыруға болады?

Тіпті кәсіби деңгейде ұйымдастырылған диагностиканың өзі, егер бала одан әрі байланыс орнатудан бас тартса немесе әңгімеге шақыруды жаза, тексеру немесе «оған не болды?» дегенді анықтауға бағытталған әрекет ретінде қабылдаса өз маңызын жоғалтуы мүмкін. Сондықтан маманның білім алушыға алғашқы рет жүгінуі аса маңызды.

Кездесуге шақырудың қалай ұсынылатыны баланың маманға деген сенім деңгейіне, диалогқа дайын болуына және әңгімелесу кезіндегі эмоционалдық жай-күйіне тікелей әсер етеді. Осы кезеңде педагог-психологтің басты міндеті – баланың мазасыздығын төмендету, қысым сезімінің қалыптасуына жол бермеу және кездесуді қолдау көрсетуге бағытталған мүмкіндік ретінде қабылдауына жағдай жасау.

Кейбір білім беру ұйымдарында педагог-психологке жүгіну, өкінішке қарай, балалар тарапынан ерекше жағдай, қандай да бір мәселенің белгісі, жаза немесе «ерекше жағдайлармен» байланысты құбылыс ретінде қабылданады. Мұндай түсініктер балалардың сақтық танытуына себеп болып, ашық қарым-қатынасқа кедергі келтіреді және олардың дер кезінде психологиялық қолдауға жүгінуге деген дайындығын төмендетеді.

Педагог-психологтің маңызды міндеттерінің бірі – психологиялық көмекті мектеп өмірінің табиғи әрі қолжетімді бөлігі ретінде қабылдау мәдениетін біртіндеп қалыптастыру. Бала педагог-психологпен кездесуді психологиялық қолдауға мұқтаждықтың белгісі немесе алаңдауға себеп болатын жағдай ретінде емес, қолдау алуға, күрделі жағдайды талқылауға, өз сезімдері мен уайымдарын бөлісуге және туындаған қиындықтардың шешімін бірлесіп іздеуге мүмкіндік ретінде қабылдауы қажет.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін білім беру ортасында сенім мен психологиялық қауіпсіздікке негізделген ахуалды қалыптастыру маңызды. Мұндай ортада балалар мен жасөспірімдер айналасындағылардың айыптауынан, таңба тағуынан немесе теріс бағалауынан қорықпай, маманға еркін жүгіне алуы тиіс. Білім алушылар педагог-психологке өз бастамасымен неғұрлым жиі жүгінген

сайын, олардың маманға деген сенімі соғұрлым жоғары болады және психологиялық алдын алу жүйесінің тиімділігі де арта түседі. Ерікті түрде көмекке жүгіну – психологиялық қызметтің балалар тарапынан тек мәселелер мен дағдарыстық жағдайлар кезінде ғана жүгінетін құрылым емес, нақты қолдау көрсететін сенімді ресурс ретінде қабылдануының маңызды көрсеткіштерінің бірі.

Төменде білім алушылардың әртүрлі жас ерекшеліктеріне сәйкес қарым-қатынас орнатуға арналған үлгі сөздер, сондай-ақ педагогтермен өзара әрекеттесуге қатысты ұсынымдар берілген. Бұл тұжырымдарды сенімді қарым-қатынас орнатудың, баланың мазасыздығын төмендетудің және психологиялық көмекті білім беру ортасының табиғи әрі қолжетімді бөлігі ретінде оң қабылдауын қалыптастырудың негізі ретінде пайдалануға болады.

**Диагностика өткізілгеннен кейін бастауыш сынып педагогтеріне арналған ұсынымдар**

Бастауыш сынып білім алушыларымен кездесуді ұйымдастыру кезінде сынып жетекшісінің қолдауына сүйенген жөн, өйткені ол бала үшін сенімді әрі жақсы таныс ересек адам болып табылады. Мұндай жағдайда кездесуге шақыру бала тарапынан сабырлы қабылданып, мазасыздық деңгейі төмен болады.

Сонымен қатар құпиялылық қағидатын қатаң сақтау маңызды. Сынып жетекшісіне кездесуді ұйымдастыру үшін қажет ақпарат қана берілуі тиіс. Диагностика нәтижелері, баланың жеке уайымдары және педагог-психологтің кәсіби құпиясына жататын өзге де мәліметтер жария етілмеуі қажет.

***Сәлеметсіз бе!***

*Жақында сіздің сыныбыңызда психологиялық диагностика жүргізілген болатын. Қазіргі таңда оның нәтижелерін жан-жақты талдап жатырмын. Бірнеше білім алушымен олардың көңіл күйін, эмоционалдық жағдайын және соңғы уақытта өздерін қалай сезініп жүргенін жақсырақ түсіну үшін жеке әңгімелескім келеді.*

*Сіз оқушыларыңызды жақсы білетін және оларды күнделікті әртүрлі жағдайда бақылап жүретін педагог ретінде осы кезеңде қолдауыңыз өте маңызды. Сондықтан баламен сабырлы әрі оған жайлы жағдайда кездесу ұйымдастыруға көмектессеңіз, ризашылығымды білдіремін.*

*Сіздің ойыңызша, баланы жеке әңгімеге шақырудың қай тәсілі ол үшін барынша табиғи әрі жайлы болады?*

**Бақылау жүргізілгеннен кейін бастауыш сынып педагогтеріне арналған ұсынымдар**

Бақылау нәтижесінде білім алушыны әңгімелесуге шақыру қажет болған жағдайда, педагог бұл жағдаймен жалғыз қалмағанын, керісінше, маманның қолдауы мен кәсіби сүйемелдеуіне сүйене алатынын сезінуі маңызды. Бұл – бірлескен жұмыс. Педагог-психолог жағдайды тереңірек түсінуге және оны нақтылауға қолдау көрсетеді, ал педагог баланың күнделікті мектеп өміріндегі ең маңызды қолдау көрсетуші ересек тұлға болып қала береді.

***Сәлеметсіз бе!***

*Соңғы уақытта сыныбыңызды бақылап жүріп, оқушылардың көңіл күйі мен бір-бірімен қарым-қатынасында кейбір өзгерістерді байқадым. Сіздің өзіңіз де соңғы кездері жұмысыңызда қиындаған*

*немесе көбірек күш жұмсауды қажет ететін жағдайлардың пайда болғанын байқайсыз ба?*

*Осындай жағдайда сізге қалай қолдау көрсете алатынымызды бірге ойластырайық.*

*Алдымен бірнеше оқушымен қысқа жеке әңгімелесу өткізуді ұсынамын. Бұл сыныпта болып жатқан жағдайды асықпай, жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді.*

*Сіздің ойыңызша, балаларға барынша жайлы болуы және сыныппен күнделікті жұмысыңыздың қалыпты ырғағын бұзбауы үшін әңгімені қай оқушыдан бастаған дұрыс?*

Педагогтермен өзара әрекеттесу кезіндегі сөйлеу мәнері жағымды, мейірімді және қолдау көрсетуші тонмен құрылуы тиіс. Балалармен жұмысқа маман қосылған жағдайларда, кейбір мұғалімдерде ішкі қысым немесе мазасыздық туындауы мүмкін екенін және бұл жағдайды олар өздерінің кәсіби қызметіне берілген баға ретінде қабылдау қаупі бар екенін ескеру маңызды.

Содықтан педагог-психологтің міндеті сынып жетекшісінің жұмысын бағалау немесе қателіктер мен «кінәлілерді» іздеу емес, баланың жай-күйін бірлесіп түсіну және оған дер кезінде көмек көрсету екенін бірден белгілеп алу маңызды. Назар аудару фокусы білім алушының әл-ауқатына және туындаған қиындықтарды шешудің тиімді жолдарын іздеуге бағытталуы тиіс.

Мұндай тәсіл педагогте қауіпсіздік сезімін және жұмыстағы серіктестік қатынасты қалыптастыруға көмектеседі. Сынып жетекшісі баланы күнделікті бақылайтын негізгі тұлға екенін, дәл сол себепті жағдайды түсінуде оның қатысуы мен пікірі ерекше құндылыққа ие екенін баса көрсету маңызды.

Педагог пен педагог-психологтің бірлескен жұмысы баланы қолдаудың бірыңғай жүйесі ретінде қабылдануы тиіс. Бұл жүйеде әрбір маман баланың психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз ету жолында өзіне тиесілі жауапкершілікті атқарады. Осындай ұстаным педагогтің қарсылығын азайтып қана қоймай, өзара сенімге негізделген конструктивті серіктестікті қалыптастыруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде педагог баланың бойындағы туындаған қиындықтарды шешудегі сенімді серіктеске айналады.

**Диагностика өткізілгеннен кейін бастауыш сынып білім алушыларына (топқа) арналған ұсынымдар**

***Сәлем, балалар!***

*Естеріңде ме, біз жақында шағын тапсырмалар орындаған едік. Сол кезде мен сендерге: «Егер кейін тағы да сөйлескім келсе немесе қосымша сұрақтарым болса, міндетті түрде шақырамын», – деген болатынмын.*

*Ал бүгін бізді кішкентай қызықты саяхат күтіп тұр.*

*Мен сендерді кезекпен қысқаша кездесуге шақырамын. Онда біз аздап әңгімелесеміз, қызықты тапсырмалар орындаймыз және шағын ойындар ойнаймыз. Бұл – өздеріңді еркін сезініп, ойланып, күліп, уақытты қызықты әрі пайдалы өткізетін жайлы кездесу болады.*

**Бақылау жүргізілгеннен кейін бастауыш сынып білім алушыларына (топқа) арналған ұсынымдар**

Мектеп тәжірибесінде білім алушымен жеке әңгімелесу қажеттілігі оның табиғи ортадағы мінез-құлқын бақылау нәтижесінде туындайтын жағдайлар жиі кездеседі. Мұндай жағдайда әңгімеге шақыру – баланы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің табиғи

жалғасы болып табылады. Өйткені бұл кезеңде тек диагностика нәтижелеріне сүйену ғана емес, сонымен қатар баланың мінез-құлқындағы, көңіл күйіндегі немесе айналасындағылармен өзара әрекеттесуіндегі өзгерістерді дер кезінде байқап, түсіну маңызды.

***Сәлем, балалар!***

*Соңғы уақытта сендерді бақылап жүрдім. Кейде сыныптарыңдағы көңіл күй ауа райы сияқты өзгеріп тұратындай көрінді. Бірде бәрі көңілді де жайдары болса, енді бірде аздап көңілсіздеу немесе тым қызу, шулы болып кететін сәттер болады екен.*

*Содан менің бір қызықты ойым келді. Кішкентай ойын-кездесу ұйымдастырсақ қалай қарайсыңдар?*

*Әрқайсың кезекпен менің кабинетіме келесіңдер. Онда сендерді қызықты шағын ойындар, қысқа тапсырмалар және аздап әңгімелесу күтіп тұрады. Қане, сендердің қаншалықты зерек, тапқыр екендеріңді және қызықты тапсырмаларды қалай орындайтындарыңды бірге көрейік!*

Балалармен сөйлесу ойын түрінде, қызығушылық пен ынтаны оятатын шақыру ретінде құрылуы тиіс. Мұндай тәсіл олардың қызығушылығын арттырып, белсенді қатысуға деген ықыласын қалыптастырады.

**Диагностика/бақылау жүргізілгеннен кейін бастауыш сынып білім алушыларына (жеке) арналған ұсынымдар**

***Сәлем!***

*Қалың қалай?*

*Сенің соңғы кезде жақсы жетістіктерге жетіп жүргеніңді естідім. (оқуда, спортта немесе шығармашылықта.) Бұл өте қуанышты екен!*

*Бүгін екеуміз кішкентай ойын-кездесу ұйымдастырсақ қалай қарайсың? Мен саған арнап бірнеше қызықты тапсырма дайындадым. Кабинетіме келіп, бірге ойнап, түрлі қызықты тапсырмаларды орындап көргің келе ме?*

Кейде балаларға педагог-психолог алғаш рет жүгінген кезде оларда мазасыздық немесе сақтық сезімі туындауы мүмкін. Әсіресе, егер бұған дейін мұндай тәжірибесі болмаған болса. Бұл – жаңа жағдайға және әлі сенімді байланыс қалыптаспаған жаңа ересек адаммен кездесуге байланысты туындайтын табиғи реакция.

***Сәлем!***

*Қалың қалай?*

*Менің саған кішкентай ғана өтінішім бар. Маған бір тапсырманы орындауға көмектесесің бе?*

*Мен бірнеше қызықты ойын мен тапсырма дайындадым, бірақ алдымен олардың қызықты әрі түсінікті екенін тексеріп көргім келеді. Маған осының бәрін бірге байқап көруге көмектесесің бе?*

*Кабинетіме аз уақытқа келсең болды. Сенің пікірің мен үшін өте маңызды. Егер бүгін қолайсыз болса, өзіңе ыңғайлы басқа уақытта кездесеміз.*

Тағы бір тиімді тәсіл – білім алушыны өзіңіздің көмекшіңіз ретінде тарту. Бұл балаға өзінің маңызды екенін сезінуге мүмкіндік береді және оның мазасыздығын төмендетуге ықпал етеді.

***Сәлем!***

*Жағдайың қалай?*

*Есіңде ме, мен сіздердің сыныптарыңызға барған болатынмын және сіздер тест тапсырғансыздар. Бүгін мен саған және сенің сыныптастарыңа арналған қызықтырақ тапсырма ұсынғым келіп тұр, сіздерді бір-бірден шақыратын боламын. Ал сен бұл істе маған көмектесесің, маған қажетті балаларды тізім бойынша шақырып бересің. Сенде арнайы тапсырма болады! Дайынсың ба?!*

**Диагностика өткізілгеннен кейін орта сынып білім алушыларына (топтық) арналған ұсынымдар**

***Балалар, сәлем!***

*Естеріңізде ме, біраз уақыт бұрын (бір апта бұрын/ кеше) біз сіздермен бірге диагностикадан өткен болатынбыз? Шыншыл жауаптарыңыз үшін рақмет – бұл мен үшін шынымен маңызды.*

*Қазір мен нәтижелерді жайлап қарап жатырмын және кейбір сұрақтар бойынша сәл көбірек білгім келетінін байқадым. Кейде цифрлар мен жауаптар тарихтың тек бір бөлігін ғана айтып бере алады, ал адамның өзі өзі туралы әлдеқайда көп біледі.*

*Сондықтан жақын арада мен сіздердің кейбіреулеріңізді кішігірім кездесулерге шақыратын боламын. Уайымдамаңыздар, бұл қандай да бір маңызды нәрсе емес және бұл сіздерде міндетті түрде қандай да бір мәселе бар дегенді білдірмейді. Тек кейде маған*

*сіздердің жағдайларыңыз қалай екенін, сіздерді не қуантатынын, не нәрсе қиын болатынын және менің қандай пайдам тиюі мүмкін екенін жақсырақ түсіну маңызды. Немесе сіздердің маған (әзілмен).*

*Біз жай ғана сөйлесеміз, әртүрлі өмірлік жағдайларды талқылаймыз, кейде кішігірім қызықты тапсырмаларды орындаймыз.*

*Сонымен, егер кенеттен менің сіздерді әңгімелесуге шақырып жатқанымды естісеңіздер, біліп жүріңіздер – бұл жай ғана аздап тілдесу және жақынырақ танысу мүмкіндігі. Сондай-ақ сабақтан заңды түрде кету (әзілмен қосуға болады).*

**Орта сынып білім алушыларына (топтық) бақылау жүргізілгеннен кейін**

***Балалар, сәлем!***

*Шыныңызды айтыңызшы, соңғы кездері сыныптағы атмосфера сәл өзгерген сияқты көрінбейді ме? Маған бақылаудан кейін сіздердің сыныптарыңызда қандай да бір кішігірім өзгерістер болып жатқандай көрінді.*

*Мұның рас-өтірігін бірге анықтап көруді ұсынамын. Бұл мәселені талқылау ыңғайлы болуы үшін мен сіздерді кезекпен қысқа кездесулерге шақыратын боламын. Мен үшін сіздердің әрқайсысыңыздың пікіріңізді тыңдау және жағдайға сыныптарыңыздың нағыз сарапшыларының көзімен қарау өте қызықты.*

*Мен тізімді дайындап қойдым және сіздердің көмектеріңізге өте қатты сенемін. Келіңіздер, сыныптарыңызда не болып*

*жатқанын және оны бәріне қалайша бұдан да жайлы ете алатынымызды бірге түсінуге тырысайық.*

**Орта сынып білім алушыларына (жеке) диагностика/бақылау жүргізілгеннен кейін**

**1-нұсқа**

***Сәлем!***

*Мен қазір кейбір балалармен кездесіп, әртүрлі пікірлер жинап жатырмын. Сенімен де сөйлесу мен үшін қызықты болар еді.*

*Егер бірнеше минутың табылса, маған кіріп шықшы – Сеніңмен жақсы әңгімелесеміз деп ойлаймын.*

**2-нұсқа**

***Сәлем!***

*Меніңше, сен маған бір жағдайды жақсырақ түсінуге көмектесе алатын сияқтысың. Уақыт тауып, аздап әңгімелесе аламыз ба? Егер қазір ыңғайсыз болса, басқа уақытты таңдауымызға болады.*

**Жоғары сынып білім алушыларына (топтық) диагностика/бақылау жүргізілгеннен кейін**

**1-нұсқа**

***Сәлем!***

*Балалар, қазір сіздерде өмірдің өте қызықты кезеңі өтіп жатыр.*

*Бұл – бірте-бірте өзіндік көзқарастар қалыптасатын, маңызды шешімдер, жаңа мақсаттар, болашақ туралы және қандай тұлға болғыңыз келетіні туралы сұрақтар туындайтын*

*уақыт. Кейде бұл кезең оңай болмауы мүмкін, бірақ дәл осы уақытта өзіңіз туралы өте көп маңызды жаңалықтар ашылады.*

*Мен осы кезеңде сіздер үшін пайдалы болғым келеді және сіздерді не мазалайтыны, не қызықтыратыны немесе қазір не туралы ойланып жүргендеріңіз туралы еркін сөйлесуге болатын ортаны құрғым келеді.*

*Сондықтан жақын арада мен сіздердің кейбіреулеріңізді жеке кездесулерге шақыратын боламын. Сіздермен жақынырақ танысуға, ойларыңызды тыңдауға және қазір дәл сіздер үшін не маңызды екені туралы жай ғана сөйлесуге қуаныштымын.*

**2-нұсқа**

***Сәлем!***

*Балалар, меніңше, қазір сіздердің өмірлеріңіздегі ең қызықты кезеңдердің бірі өтіп жатыр.*

*Бір жағынан, тезірек есейгіңіз, тәуелсіз болғыңыз, өз шешімдеріңізді қабылдап, өз жоспарларыңызды құрғыңыз келеді. Ал екінші жағынан – кейде іштей не нәрсені шынымен қалайтыныңызды және қазір ішіңізде не болып жатқанын түсіну оңай болмайтындай көптеген ойлар, сұрақтар мен уайымдар пайда болады.*

*Қасыңызда сенуге болатын достарыңыздың болғаны тамаша. Бірақ кейде тыңдай білетін, бағаламайтын және жағдайға сәл кеңірек қарауға көмектесетін ересек адаммен де сөйлескен пайдалы болуы мүмкін.*

*Маған сіздермен тілдесу, қалай өмір сүріп жатқандарыңызды, не ойлайтындарыңызды және сіздер үшін не*

*маңызды екенін білу қызықты. Сондықтан жақын арада мен сіздердің кейбіреулеріңізді кішігірім кездесулерге шақыратын боламын. Ал егер кімде-кім маған өзі келгісі келсе, мен ерекше қуаныштымын.*

*Жақынырақ танысуға, ойларыңызды тыңдауға және, егер қажет болса, қазір өзіңіз түсінгіңіз келіп жүрген нәрселерді ретретімен сөрелерге қойып шығуға көмектесуге қуаныштымын.*

Жоғары сынып білім алушыларымен қарым-қатынас еркін, құрметке негізделген және олар үшін түсінікті әрі маңызды шешімге құрылуы тиіс. Бұл жастағы жасөспірімдер ресми сипаттағы шақыруларға қызығушылық таныта бермейді. Керісінше, алдағы кездесудің өздері үшін қандай пайдасы бар екенін түсінгенде ғана оған ықыласпен қатысады.

Сондықтан педагог-психологпен кездесу тексеру немесе мәселе іздеу үшін емес, керісінше, қолдау алуға, өз ойлары мен сезімдерін түсінуге, жағдайға басқа қырынан қарауға және әрдайым достарымен немесе жақын ересектермен бөлісе бермейтін мәселелерді ашық талқылауға мүмкіндік екендігін көрсету маңызды.

Жоғары жасөспірімдік кезең – өзін-өзі тану мен айқындаудың, өмірдегі өз орнын іздеудің, жеке көзқарастарының, құндылықтарының және өмірлік ұстанымдарының қалыптасу кезеңі. Сондықтан осы жастағы білім алушылар үшін оларды айыптамайтын, қысым көрсетпейтін, ойлары мен сезімдерін, күмәндері мен толғандырған мәселелерін сабырмен тыңдауға дайын адамның жанында екенін сезіну ерекше маңызды.

Педагог-психологтің негізгі міндеті – жасөспірімнің орнына шешім қабылдау немесе дайын жауап ұсыну емес, оның өзін тереңірек

тануына, өзінің ішкі мүмкіндіктері мен ресурстарын ашуына және өміріндегі маңызды шешімдерді саналы қабылдауына жағдай жасау. Осындай көзқарас кездесудің мақсатын дұрыс түсінуге мүмкіндік береді, педагог-психологке жүгінуді саналы таңдау ретінде қабылдауға ықпал етеді және әңгімелесуге деген ішкі қарсылықты азайтады.

## 2 Педагог-психолог кабинетінде өтетін алғашқы кездесу

Тәуекел факторлары анықталғаннан кейін баламен өткізілетін алғашқы кездесу психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің ең маңызды кезеңдерінің бірі болып табылады. Дәл осы алғашқы кездесуде білім алушының педагог-психологке, көмек сұрау жағдайына және психологиялық қолдау алу мүмкіндігіне деген бастапқы көзқарасы қалыптасады.

*Педагог-психолог кабинетінде өтетін*
**алғашқы кездесудің негізгі қағидалары**

| **Қағиданың мәні** |
|---|
| Алғашқы кездесу – диагностика жүргізу немесе мәселенің мәнін талқылау үшін ұйымдастырылмайды. Бұл – баланың (көп жағдайда санадан тыс деңгейде) осы ересек адамға сенуге бола ма, жоқ па деген ішкі шешім қабылдайтын сәті. Сондықтан педагог-психолог кабинетінде сенімді байланыс орнағанға дейінгі әрбір әрекет бір ғана сұраққа жауап беруі тиіс: «Бұл жерде мен өзімді қауіпсіз сезіне аламын ба?» |

| **Қауіпсіздік** – *алғашқы кездесудің басты қағидаты* |
|---|
| ✓ Бала өзін физикалық және эмоционалдық тұрғыдан қауіпсізсезінуі тиіс. Ешкім оны бағаламайды, асықтырмайды және қандай да бір жауап беруге талап етпейді. |
| ✓ Кабинет тыныш, жайлы және қауіпсіз атмосфера қалыптастыратын орта болуы қажет |
| ✓ Педагог-психолог балаға алда не болатынын және қандай әрекеттер жасалмайтынын қарапайым әрі түсінікті тілмен алдын ала түсіндіреді. |

✓ Балаға үндемеуге, сұрақтарға жауап бермеуге, ойын өзгертуге құқығы бар екені жеткізіледі. Бұл үшін оған ешқандай теріс баға берілмейді және қысым көрсетілмейді.

**Тірек**
*арқа сүйеуге болатын ересек адам*

✓ Педагог-психолог өзін сабырлы, тұрақты және сенімді ересек адам ретінде танытады. Ол баланың сөзіне де, мінез-құлқына да эмоцияға берілмей, байыппен жауап береді.

✓ Сенімді байланыс ең алдымен сұрақтар немесе тапсырмалар арқылы емес, педагог-психологтің тыныш әрі қолдау көрсететін қатысуы арқылы қалыптасады.

✓ Бала алғашқы минуттардан бастап ешкімнің оны «түзетуге» немесе жан-жақты талдауға тырыспайтынын сезінуі маңызды.

✓ Кездесудің қарқыны мен ырғағы хаттамаға немесе әдістемеге емес, баланың дайындық деңгейіне қарай бейімделуі тиіс.

**Алғашқы кездесудің мақсаты – ақпарат жинау емес**

✕ Алғашқы кездесудің басында балаға отбасы, мектеп немесе қиындықтары туралы бірден көп сұрақ қоюға болмайды.

✕ Баланың көзінше жазба жүргізуге немесе сауалнама толтыруға болмайды.

✕ Егер бала өзі бастамаса, болған оқиғаның немесе жағдайдың мән-жайын нақтылауға асықпау қажет.

✕ Қысым көрсету арқылы алынған ақпарат сенімді нығайтпайды, керісінше, оны әлсіретеді.

**Алғашқы кездесудің мақсаты –** *талдау жасау емес*

✕ Баланың мінез-құлқына қарап, оны дауыстап немесе іштей белгілі бір қорытындымен не диагнозбен байланыстыруға болмайды.

✕ Қиындықтардың себептері туралы болжам жасауға асықпау қажет.

✕ Бұл кезеңде баланы жас ерекшелігімен, қандай да бір нормамен немесе басқа балалармен салыстыру орынсыз.

✕ Алғашқы кездесу ең алдымен сенімді байланыс орнатуға арналған. Ал бақылауларды талдау мен кәсіби қорытындылар кейінгі кезеңдерде жүргізіледі.

**Маңызды**

Баланың сенімі көптеген сұрақ қою немесе оны талдау арқылы емес, жанында өзін қауіпсіз сезінетін, сабырлы әрі қолдау көрсете алатын ересек адамның болуы арқылы қалыптасады. Балаға өз қарқынымен әрекет етуге уақыт пен жеке кеңістік беру – алғашқы кездесудің негізгі шарты.

## Алғашқы кездесудің нақты қадамдарына тоқталайық

## Бірінші кездесудің алгоритмі

*педагог-психологтің сөйлеу мәнері, мінез-құлқы мен іс-әрекеттері*

**Қалай қолдану керек**

Әр кезеңде – не істеу және не айту керектігі көрсетілген. Төмендегі кестелерде бір мазмұндағы сөйлемнің үш бірдей құнды нұсқасы берілген. Сөйлеу мәнеріңізге табиғи естілетін немесе нақты балаға көбірек сәйкес келетін нұсқаны таңдаңыз. Бұл – сөзбе-сөз оқып беруге арналған сценарий емес, маманға әңгімелесу барысында сенімді әрекет етуге арналған әдістемелік тірек.

| 1 | Кездесудің басталуы (сәлемдесу) |
|---|---|
| 1 | Дауыс ырғағы тыныш әрі жұмсақ болуы керек – шамадан тыс көтеріңкі де, ресми де емес. |
| 2 | Қысқа әрі қарапайым сәлемдесу, қысым көрсетпей және артық сұрақтар қоймай. |
| 3 | Әңгімелесуді ресми рәсім ретінде емес, қауіпсіз әрі еркін әңгіме ретінде қабылдауға мүмкіндік беретін атмосфера қалыптастыру. |

### Дайын педагог-психолог сөздері

| Жағдай | 1-нұсқа | 2-нұсқа | 3-нұсқа |
|---|---|---|---|
| **Кірген кездегі сәлемдесу** | *«Сәлем! Кір, жайғаса бер»* | *«Амансың ба, өт, өзіңе ыңғайлы жерге отыр»* | *«Сәлем, сені көргеніме қуаныштымын»* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Егер бала есіктен кіргеннен қысылып тұрса** | *«Бәрі тыныш, біз жай ғана сөйлесеміз»* | *«Ерекше ештеңе жоқ – жай ғана отырып, әңгімелесеміз»* | *«Мұнда бәрі тыныш, ешқайда асығудың қажеті жоқ»* |

| 2 | **Кернеуді азайту** |
|---|---|
| 1 | Қазіргі сәтке қатысты бейтарап сөз айту – бағаламай және ешқандай күту білдірмей. |
| 2 | Әңгімелесуді бірден мәселе туралы сұрақтардан бастамау. |
| 3 | 10–20 секунд үнсіздікке мүмкіндік беру және сол үнсіздікті сөзбен толтыруға асықпау. |

| **Жағдай** | **1-нұсқа** | **2-нұсқа** | **3-нұсқа** |
|---|---|---|---|
| **Жылы қабылдау (кіріспе)** | *«Келгеніңе қуаныштымын»* | *«Бүгін осында болғаның жақсы болды»* | *«Келуге уақыт тапқаның жақсы болды»* |
| **«Мән-жай бойынша әңгіме» күту сезімін басу** | *«Кел, жай ғана асықпай сөйлесейік»* | *«Бүгін ешқайда асықпауымызға болады»* | *«Біз кез келген нәрсе туралы сөйлесе аламыз – немесе жай ғана үндемей отыруымызға да болады»* |
| **Үзілістен / тыныштықтан кейін** | *«Бірден жауап бермеуіңе болады, уақытымыз бар»* | *«Асықпа, қажет болса, ойлан»* | *«Үндемей отыру да – қалыпты жағдай»* |

| 3 | **Байланыс орнату** |
|---|---|
| 1 | Қарапайым, қауіпсіз сұрақтар – денсаулық, көңіл-күй, бейтарап тақырыптар туралы. |
| 2 | Қолдау көрсету реакциясы: бас изеу, сабырлы көзқарас, бағалаусыз қабылдау. |

## Дайын репликалар

| **Жағдай** | **1-нұсқа** | **2-нұсқа** | **3-нұсқа** |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Бастауға арналған бейтарап сұрақ** | *«Бүгін жағдайың қалай?»* | *«Күнің қалай өтті?»* | *«Қазір өзіңді қалай сезініп тұрсың?»* |
| **Жеңіл, қауіпсіз тақырып** | *«Бос уақытыңда немен айналысқанды ұнатасың?»* | *«Қазір өміріңде қандай қызықты жаңалықтар болып жатыр?»* | *«Маған өзіңе не ұнайтынын айтып берші – міндетті түрде мектеп туралы болуы шарт емес»* |
| **Қолдау көрсету реакциясы** | *«Түсінемін»* | *«Сені тыңдап тұрмын»* | *«Угу, түсінікті (бұл қызық екен)»* |

| 4 | Педагог-психологтің негізгі ұстанымы |
|---|---|
| 1 | Аз сөйлеп, көп тыңдау. |
| 2 | Мән-жайды өзіндік интерпретацияламау, «қазбаламау», тереңдетіп нақтыламау. |
| 3 | Балаға өзіне ыңғайлы қарқынмен сөйлеуге болатынын атап өту («Өзіңе қалай ыңғайлы болса, солай сөйлей аласың»). |

## Дайын репликалар

| Жағдай | 1-нұсқа | 2-нұсқа | 3-нұсқа |
|---|---|---|---|
| **Өз ырғағымен сөйлеуге рұқсат беру** | *«Өзіңе ыңғайлы ырғақта сөйлеуіңе болады»* | *«Тек өзің қалағанша ғана айтып бер»* | *«Мұнда ешқандай міндетті ырғақ жоқ – өзіңе қалай ыңғайлы болса, солай айт»* |
| **Егер бала әңгіме ортасында үндемей қалса** | *«Жақсы, осы жерден тоқтай тұруымызға болады»* | *«Бұл қалыпты жағдай – қазір әрі қарай жалғастыру міндетті емес»* | *«Окей, егер өзің қаласаң, бұл мәселеге кейінірек ораламыз»* |
| **Мән-жайды талдамай, сабырлы жауап қайтару** | *«Айтып бергеніңе рақмет»* | *«Сені тыңдадым»* | *«Түсінікті, ішкі сырыңмен бөліскеніңе рақмет»* |

| 5 | Эмоционалдық тұрақтандыру |
|---|---|

| | |
|---|---|
| 1 | Баланың мазасызданғаны байқалса, әңгімені баяу қарқынмен жалғастырып, сұрақтарды жұмсақ әрі біртіндеп қою. |
| 2 | Қажет болған жағдайда баланың сезімдерін қарапайым әрі түсінікті сөздермен атап көрсету. |

### Дайын сөздер

| Жағдай | 1-нұсқа | 2-нұсқа | 3-нұсқа |
|---|---|---|---|
| **Сезімдерді бейнелеу (абайлап)** | *«Қазір саған оңай емес сияқты»* | *«Бұл қазір сен үшін күрделі тақырып сияқты»* | *«Бұл сенің жаныңа батып тұрғанын сеземін»* |
| **Үрей кезінде қарқынды бәсеңдету** | *«Кел, сәл асықпайық, ешқайда асығып жатқан жоқпыз»* | *«Үзіліс жасауымызға болады – бұл қалыпты жағдай»* | *«Қажет болса, тоқтап, жай ғана үндемей отыра тұрамыз»* |
| **Көз жасы/толқу кезіндегі жұмсақ қолдау** | *«Бәрі дұрыс, өзіңді ұстаудың қажеті жоқ»* | *«Бұл – қалыпты реакция, мен қасыңдамын»* | *«Ештеңе етпейді, біз ешқайда асығып жатқан жоқпыз»* |

| 6 | Кездесуді аяқтау |
|---|---|
| 1 | Кездесуді қысқаша қорытындылау. |
| 2 | Болашақта да көмек алуға болатынын (қолжетімділікті) белгілеу. |
| 3 | Әңгімелесуді асықпай, бірқалыпты түрде аяқтау. |

### Дайын сөздер

| Жағдай | *1-нұсқа* | *2-нұсқа* | *3-нұсқа* |
|---|---|---|---|
| **Қорытындылау** | *«Келгеніңе рақмет»* | *«Осы әңгімең үшін саған рақмет»* | *«Бүгін кездескеніміз жақсы болды»* |
| **Қолжетімділікті белгілеу** | *«Егер тағы да сөйлескің келсе – келуіңе болады»* | *«Қажет болса, есігім әрдайым ашық»* | *«Кез келген сәтте маған келе аласың»* |

**Маңызды**

Алғашқы кездесудегі ең маңызды дағды – дұрыс сөздерді таңдау емес, маманның өзінің сабырлы қалпын сақтай білуі. Бала ең алдымен айтылған сөздерді емес, ересек адамның эмоционалдық күйін сезінеді. Егер педагог-психолог асығып тұрса, нәтижеге шамадан тыс алаңдаса немесе бірден «өзгеріс» күтсе, бала оны сөзден бұрын-ақ аңғарады. Сондықтан ең тиімді сөз – кестедегі ең күрделі нұсқа емес, маманның өзіне табиғи, шынайы және байыппен айтылған сөзі.

Жиі алғашқы кездесуде баламен не болып жатқанын бірден анықтау қажеттілігі туындайды немесе баланың өзі сенімді байланысқа түсіп, өзара әрекеттесуге дайын болады. Мұндай жағдайларда ол, әдетте, әңгімеге ашық және жұмыс істеуге әзір.

Мұндай сәттерде сұхбаттың неғұрлым икемді форматы ретінде жартылай құрылымдалған сұхбатты қолданған орынды, бұл сенімділік атмосферасын жоғалтпай, байланысты ұқыпты орнату мен қажетті ақпаратты алуды үйлестіруге мүмкіндік береді.

## 3 Педагог-психологтің жартылай құрылымдалған сұхбаты

***10–15 минуттық әңгіме барысында баламен не болып жатқанын шынымен түсінуге бола ма?***

Жартылай құрылымдалған сұхбат дәл осыған арналған. Бұл – қатаң сұрақ-жауап немесе кеңес беру емес, кәсіби тепе-теңдік: педагог-психологтің нақты бағыттары бар, бірақ ол баланың өзіне, оның сөйлеу қарқынына, кідірістеріне және сөз арасында аңғарылатын жайттарға мұқият болып қала береді.

**Психологиялық қолайсыздық белгілері мен суицидтік тәуекелдерді ерте анықтауға арналған**
**ЖАРТЫЛАЙ ҚҰРЫЛЫМДАЛҒАН СҰХБАТ**

**Сұхбаттың мақсаты**

Жартылай құрылымдалған сұхбат білім алушылардағы эмоционалдық қолайсыздық, жоғары үрей деңгейі, стресс, депрессиялық белгілер, импульсивтілік, сондай-ақ ықтимал суицидтік ойлардың белгілерін ерте анықтауға арналған. Сұхбат нәтижелері педагог-психологке жасөспірімнің эмоционалдық күйі мен ішкі әлемін тереңірек түсінуге, тәуекел факторларының бар-жоғын анықтауға және дер кезінде психологиялық қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

## Педагог-психологке арналған нұсқаулық

Сұхбат тек баланың/жасөспірімнің психоэмоционалдық күйін жекелей тереңдетілген диагностикалау кезінде ғана өткізіледі. Педагог-психолог сұрақтарды еркін формада қояды, бұл ретте жасөспірімнің жауаптары мен оның эмоционалдық реакцияларын тіркеп отырады.

### Өткізу ерекшеліктері

- ✔ Сұхбат құпиялылық пен қауіпсіздік сезімін қамтамасыз ететін жеке жағдайда өткізіледі.
- ✔ Сұрақтар баламен табиғи диалог барысында, қысымсыз әрі сенімді атмосферада қойылады.
- ✔ Педагог-психолог жасөспірімнің күйіне сезімталдықпен жауап қайтарады: үрей, қорқыныш немесе қиындық туындаған кезде талап етпейді және процесті тездетпейді.
- ✔ Мейірімді тон мен қолдау көрсетудің бейвербалды сигналдарын (сабырлы дауыс, бас изеу, күлімсіреу) қолдана отырып, сенімді байланыс сақталады.
- ✔ Сұрақтар қатаң түрде ретімен оқылмайды, жасөспірімнің эмоционалдық күйіне және әңгіменің барысына қарай таңдалады.
- ✔ Педагог-психолог негізгі жауаптарды тіркейді және эмоционалдық реакцияларды (кідірістер, дауыстың өзгеруі, көз жасы, тақырыптан қашу және т.б.) бақылайды, өйткені олардың диагностикалық маңызы болуы мүмкін.
- ✔ Күшті эмоционалдық реакциялар тудыратын сұрақтарға ерекше назар аударылады, өйткені олар көбіне ішкі кернеуді немесе тұлғаның проблемалық аймақтарын көрсетеді.

**Өзара әрекеттесу бойынша ұсынымдар**

Бағалаушы пікірлер мен айыптаушы тіркестерді қолданбау. Баланы/жасөспірімді бірден «тыныштандыруға» тырыспау – оған ішін босатып, ақтаруға мүмкіндік беру маңызды.Мазасыздық белгілері анықталған кезде (өлім туралы айту, өмір сүргісі келмеу, кінәлілік немесе жалғыздық сезімі) бұл ойлардың пайда болғанына қанша уақыт болғанын және нақты жоспарлары немесе ниеттері бар-жоғын жұмсақ түрде нақтылау.Әңгімелесу аяқталғаннан кейін көмектің жақын жерде екенін, ал жасөспірімнің жалғыз еместігін баса көрсете отырып, эмоционалдық қолдау көрсету қажет.

**Педагог-психологтің рөлі**

Мектеп педагог-психологының міндеті – жасөспірім өз уайымдарын ашық айта алатын сенім кеңістігін құра отырып, психологиялық қолайсыздық пен суицидтік тәуекелдерді анықтау болып табылады. Жартылай құрылымдалған сұхбат басқа әдістермен (бақылау, әңгімелесу, диагностикалық әдістемелер) кешенді түрде қолданылады және қорытынды шығару үшін өз бетінше негіз болып табылмайды. Алынған мәліметтер психологиялық сүйемелдеудің жеке бағытын әзірлеуге және қажет болған жағдайда, жасөспірімді бейінді мамандарға бағыттауға арналған.

## ЖАРТЫЛАЙ ҚҰРЫЛЫМДАЛҒАН СҰХБАТ

*Эмоционалдық жай-күй және қауіпсіздік*

| 1. Эмоционалдық жай-күй | |
|---|---|
| 1 | Соңғы кездері өзіңді әдетте қалай сезініп жүрсің? Іштей қысылу немесе босаңсуда қиындық байқала ма? |
| 2 | Бір жағдай орын алғанда, тым қатты жауап қайтаратыныңды немесе өзің қалағаннан да күштірек уайымдайтыныңды сезесің бе? |
| 3 | Болымсыз ұсақ-түйек нәрселер үшін көңілің түсетін сәттер бола ма? Қаласаң, мысал келтірші. |
| 4 | Қазіргі өміріңде бұрынғыдай қуаныш сыйламайтын бір нәрсе бар ма? |
| 5 | Өзіңе деген сенімділіктің жетіспейтінін сезетін кездерің бола ма? Қандай жағдайларда бұл бәрінен де қатты білінеді? |

| | 2. Дене сигналдары мен үрей |
|---|---|
| 6 | Жүйкең жұқарғанда немесе уайымдағанда басыңның айналуын, ішіңнің ауырғанын, жүрегіңнің айнуын немесе алақаныңның мұздап/терлеп кететінін байқадың ба? |
| 7 | Белгілі бір себепсіз үрейленетін кездерің бола ма? Қатты толқи бастағаныңды қалай түсінесің? |

| | 3. Буллинг тәжірибесі және агрессия |
|---|---|
| 8 | Кімде-кімнің сені мазақтайтын, ренжітетін немесе саған әділетсіздік танытатын сәттері бола ма? |
| 9 | Ал өзің қашан да болмасын төбелеске араластың ба немесе басқаларды бір нәрсе істеуге мәжбүрлеген кезің болды ма? |
| 10 | Ашуланған кезде саған не болады? Өзіңді ұстау қиын ба? |
| 11 | Сенің жүйкеңе бәрінен де жиі не тиеді? Мысалы, біреу кедергі жасағанда немесе сөзіңді бөлгенде ме? |

| | 4. Энергия, оқу, қызығушылық |
|---|---|
| 12 | Ауыр ештеңе істемесең де, шаршағаныңды қаншалықты жиі сезінесің? |
| 13 | Бір істі бастап, орта жолдан тастап кететін кездерің бола ма? Бұл неліктен олай болады? |

| | 5. Мұң, жалғыздық, тұйықталу |
|---|---|
| 14 | Саған мұңайғың немесе жылағың келетін кездер қаншалықты жиі болады? |
| 15 | Жалғыздық сезімі туындайтын сәттер бола ма? Қай кезде ол бәрінен де қатты білінеді? |
| 16 | Саған қиын болғанда, бұл туралы біреуге айтып бересің бе, әлде өз ішіңе тұйықталып қаласың ба? |
| 17 | Ешкім көрмейтіндей және мазаламайтындай жай ғана жалғыз қалғың келетін кездер бола ма? |
| 18 | Өзіңмен не болып жатқаны басқаларға бәрібір сияқты сезінесің бе? |

| | 6. Өзін-өзі кінәлау, өзін-өзі жазалау |
|---|---|
| 19 | Қатты уайымнан кейін өзіңді жазалағың келген немесе өзің үшін қауіпті бір нәрсе істеген сәттерің болды ма? |

| | 7. Суицидтік мәлімдемелер мен тәуекелдер (барынша ұқыпты түрде) |
|---|---|
| 20 | Таңертең мүлдем оянғың келмейтін сәттер болды ма? |
| 21 | Жоқ болып кетсем екен немесе осының бәрі тезірек аяқталса екен деген ойлар келді ме? |
| 22 | Нақты себебі болмаса да, өмір сүргің келмейтін кездер бола ма? |
| 23 | Салдары туралы ойланбастан, жай ғана тәуекелді немесе қауіпті бір нәрсе жасаған кезің болды ма? |
| 24 | Жаның қатты ауырғанда немесе ашу қысқанда өзіңе зиян келтірген сәттерің болды ма? |
| 25 | Өз болашағыңды қалай елестетесің? Ол жерден жақсы бір нәрсені көре аласың ба? |
| 26 | Өмірдің ешқандай мәні жоқ деген ой келетін кездер бола ма? |
| 27 | Өзіңе әдетте қалай қарайсың? Өзіңді маңызды адам ретінде сезінесің бе? |

| | 8. Өзін-өзі реттеу және мінез-құлық |
|---|---|
| 28 | Ересектердің өтініштеріне қалай қарайсың? Олардың айтқанын орындау қиынға соға ма? |
| 29 | Бір нәрсе жасамас бұрын, алдымен ойланып алудың сәті түсе ме? |
| 30 | Істерді соңына дейін жеткізе аласың ба? Бұған не көмектеседі, ал не кедергі жасайды? |
| 31 | Ойланбастан бір нәрсе жасап қоятын кездерің бола ма? Қандай жағдайларда? |
| 32 | Саған тыныш отыру қиын ба? Жиі қозғалақтап, алаңдайсың ба? |
| 33 | Зейінің қалай? Бір нәрсеге шоғырлану (зейін қою) оңай ма? |

| 9. Ережелер, шыншылдық, жауапкершілік | |
|---|---|
| 34 | Сені өтірік айтты немесе алдады деп айыптаған кездер болды ма? Өзің бұған қалай қарайсың? |
| 35 | Сұраусыз біреудің затын алған сәттерің болды ма? Сені бұған не итермеледі? |

| 10. Әлеуметтік қолдау | |
|---|---|
| 36 | Сенің шынымен ашық-жарқын сөйлесе алатын адамың бар ма? |
| 37 | Достарыңнан, отбасыңнан немесе мұғалімдеріңнен қолдау сезінесің бе? Кімнен бәрінен де қатты сезіледі? |
| 38 | Қалай ойлайсың, сен басқа балаларға ұнайсың ба? Неліктен? |
| 39 | Өзіңді құрметтейтіндерін сезесің бе? Қандай жағдайларда бұл анық байқалады? |
| 40 | Өз заттарыңмен, тағамыңмен, ойындарыңмен бөлісу саған оңай ма? |
| 41 | Өзіңнен кіші балаларға қалай қарайсың? Оларға жиі мейірімділік (ізгілік) танытасың ба? |

**Ескерту**

Бұл сұхбат қатаң түрде ретімен оқылмайды және қорытынды шығару үшін өз бетінше негіз болып табылмайды – ол бақылау, әңгімелесу және проективті әдістемелермен кешенді түрде қолданылады, ал оның нәтижелері психологиялық сүйемелдеудің жеке бағытын әзірлеуге негіз болады.

## *ӨЗГЕРІСКЕ ШАҚЫРУ СЕБЕБІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖАРТЫЛАЙ ҚҰРЫЛЫМДАЛҒАН СҰХБАТТЫ ҚАЛАЙ БАСТАУ КЕРЕК*

**Негізгі қағида**

Жартылай құрылымдалған сұхбат сұрақтардың қатаң түрде ретімен қойылуын талап етпейді. Педагог-психологтің басты міндеті – тізімдегі барлық тармақтарды түгел өту емес, әңгімені бала үшін табиғи әрі жайлы болатындай етіп құру. Әңгімені бастамас бұрын, баланың кездесуге қандай себеппен келгенін анықтап алу және соған сүйене отырып әңгімеге кірісу нүктесін таңдау маңызды.

| Егер бала диагностикадан кейін шақырылса | |
|---|---|
| 1 | Әңгімені диагностика барысында қозғалған нәтижелерден немесе тақырыптардан бастаңыз. |
| 2 | Бұл мәселелердің баланың өзіне қаншалықты әсер ететінін (жанына бататынын) нақтылаңыз. |
| 3 | Маңызды бағыттар бойынша нақтылаушы сұрақтарға біртіндеп көшіңіз. |
| 4 | Өмірдің барлық салаларын бірден талқылауға тырыспаңыз – балаға не туралы айту оңайырақ болса, содан бастап жылжыңыз. |

| Егер бала бақылаудан кейін шақырылса | |
|---|---|
| 1 | Әңгімені оның мінез-құлқынан, көңіл-күйінен немесе айналасындағылармен өзара әрекеттесуінен байқаған нәрселеріңізден бастаңыз. |
| 2 | Бағалаудан және алдын ала қорытынды жасаудан аулақ болыңыз. |
| 3 | Баланың өзіне жағдайды қалай көретінін айтып беруді ұсыныңыз. |
| 4 | Оның жауаптарына сүйеніп, әңгімені бірте-бірте кеңейтіңіз. |

| Егер бала өзі жүгінген жағдайда | |
|---|---|
| 1 | Ең алдымен, оның нақты қандай мәселемен келгенін анықтаңыз. |
| 2 | Тым көп сұрақ қоймай, өз жағдайын еркін айтып беруіне мүмкіндік беріңіз. |
| 3 | Оған өз сұранысын тұжырымдауға және қазір ол үшін не нәрсе ең маңызды екенін анықтауға көмектесіңіз. |
| 4 | Тек осыдан кейін ғана жағдайдың жекелеген тұстарын нақтылауға көшіңіз. |

Жартылай құрылымдалған сұхбатқа бөлінген уақыт шектеулі болғандықтан, педагог-психологтің міндеті – әрбір диагностикалық

тармаққа егжей-тегжейлі талдау жасау емес, керісінше, қысқа уақыт ішінде баланың жағдайы туралы маңызды ақпаратты жинақтау.

| **Жартылай құрылымдалған сұхбат барысында баланың жауаптарын жай ғана нақтылап қоймай, бірнеше негізгі бағыттар бойынша ақпаратты жүйелі түрде жинақтау маңызды.** | |
|---|---|
| **1** | **Мәселенің бар-жоғын нақтылау –** қиындықтың шынымен бар екенін, оның қаншалықты жиі туындайтынын және қандай жағдайларда көрініс табатынын анықтау. |
| **2** | **Баланың субъективті қабылдауын түсіну –** оның болып жатқан жағдайды өзі қалай түсіндіретінін, мұны мәселе деп санайтынын және бұл оның өміріне қаншалықты күшті әсер ететінін білу. |
| **3** | **Уайымдардың біліну деңгейін бағалау –** үрей, мұң, қорқыныш, ашу, реніш немесе басқа да эмоционалдық реакциялардың қаншалықты қарқынды екенін анықтау. |
| **4** | **Күйдің ықтимал себептерін анықтау –** болып жатқан жағдайдың мектеппен, отбасымен, құрдастарымен қарым-қатынаспен, оқу жүктемесімен, жанжалдармен немесе басқа да өмірлік жағдайлармен байланыстылығын айқындау. |
| **5** | **Маңызды ересек адамның бар-жоғын анықтау –** баланың сенетін және көмек пен қолдау алу үшін жүгіне алатын адамының бар-жоғын білу. |
| **6** | **Әлеуметтік қолдауды бағалау –** бала қастарында өзін қабылданған және керек сезінетін достарының, сыныптастарының немесе басқа адамдардың бар-жоғын анықтау. |
| **7** | **Қиындықтарды еңсеру тәсілдерін түсіну –** баланың жанына батқанда, қорыққанда, ренжігенде немесе қиналғанда әдетте не істейтінін білу. |
| **8** | **Өзекті ресурстарды табу –** баланың өзін жақсырақ сезінуіне, күш-қуатын қалпына келтіруіне, қуаныш алуына және уайымдарды жеңуіне не көмектесетінін анықтау. |
| **9** | **Қауіпсіздік деңгейін бағалау –** зорлық-зомбылықпен, буллингпен, қатыгездікпен қараумен, өзіне зиян келтіру мінез-құлқымен немесе басқа да тәуекел факторларымен байланысты жағдайлардың бар-жоғын тексеру. |
| **10** | **Келесі сүйемелдеудің қажеттілігін анықтау –** бірреттік қолдаудың жеткіліктілігін, қосымша диагностиканың, ата-аналарға, педагогтерге кеңес берудің немесе психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастырудың қажеттілігін айқындау. |

Төменде диагностика нәтижелерін жанды диалогқа қалай көшіруге болатыны және баланың жауаптарын әрі қарайғы әңгімеге негіз ретінде қалай қолдануға болатыны туралы мысалдар келтірілген.

**Басты ереже**

Алдымен баланың жүгіну (келу) себебіне мән беріңіз, содан кейін ғана сұхбаттың басқа бағыттарына көшіңіз. Әңгіме неғұрлым табиғи көрінсе, соғұрлым көп ақпарат пен сенімге ие боласыз.

### 1–4 сыныптарға арналған мектеп туралы сұрақтардың мысалдары

| Сұрақ | Нені анықтауға мүмкіндік береді |
|---|---|
| **Мектепте саған бәрінен де не ұнайды?** | Бала үшін жағымды эмоционалдық әсерлердің, қызығушылық пен мектептік ынтаның маңызды көздері. |
| **Саған онша ұнамайтын бір нәрсе бар ма?** | Мектеп өміріндегі қолайсыздықтың, кернеудің немесе қанағаттанбаушылықтың негізгі себептері. |
| **Қасыңда әдетте кім отырады?** | Құрдастарымен өзара әрекеттесу ерекшеліктері және баланың сыныптағы орны. |
| **Мектепте көбіне кіммен ойнайсың?** | Достарының бар-жоғы, әлеуметтік байланыстардың сапасы және ұжымға бейімделу деңгейі. |
| **Мектепте көңілің түсетін немесе ішің пысатын кездер бола ма?** | Білім беру ортасындағы баланың эмоционалдық көңіл-күйі. |
| **Егер бір жағдай орын алса немесе қиын болып кетсе, әдетте кімнен көмек сұрайсың?** | Бала көмек пен қолдау алу үшін жүгіне алатын маңызды ересектердің немесе құрдастарының бар-жоғы. |
| **Таңертең мектепке жиналғанда, әдетте көңіл-күйің қандай болады?** | Баланың мектепке баруға деген жалпы эмоционалдық көзқарасы. |
| **Мектепке мүлдем барғың келмейтін сәттер бола ма?** | Мектептік мазасыздықтың, шамадан тыс жүктеменің немесе бейімделе алмаудың белгілері. |
| **Әдетте саған жиналып, мектепке келуге не көмектеседі?** | Баланың жеке ресурстары және оның мектепке бейімделуін қолдайтын факторлар. |
| **Сабақ аяқталар кезде қатты шаршайсың ба, әлде әлі күш-қуатың қала ма?** | Оқу күні ішіндегі физикалық және эмоционалдық қажу деңгейі. |
| **Сен үшін ең жеңіл сабақ қайсысы?** | Бала өзін табысты әрі сенімді сезінетін оқу пәндері мен жағдайлар. |
| **Ал қайсысы бәрінен де қиын болады?** | Ықтимал оқу қиындықтары, сәтсіздіктерді уайымдау және кернеу аймақтары. |

| | |
|---|---|
| **Сабақта бір нәрсе дұрыс шықпай қалғанда, көңілің түсе бастайтын кездер бола ма?** | Баланың оқу әрекетіндегі қателіктер мен сәтсіздіктерге сезімталдығы. |
| **Мұндай жағдайда әдетте не істейсің?** | Қиындықтарға жауап қайтару тәсілдері және өзін-өзі реттеу дағдыларының қалыптасу деңгейі. |
| **Мектепте жүргенде ішіңнің немесе басыңның ауыратын кездері бола ма?** | Мазасыздықтың, стрестің немесе эмоционалдық кернеудің ықтимал психосоматикалық көріністері. |
| **Уақытынан бұрын үйге қатты қайтқың келетін кездер бола ма?** | Мектептегі шаршау сезімінің, эмоционалдық қолайсыздықтың немесе қауіпсіздік сезімінің жетіспеушілігінің бар-жоғы. |
| **Қатты шаршаған кезде, оны қалай түсінесің?** | Баланың өз физикалық және эмоционалдық күйін байқау және сезіну қабілеті. |
| **Мектептен кейін ойынға да, серуендеуге де мүлдем дәрменің қалмайтын кездер бола ма?** | Шамадан тыс шаршау, эмоционалдық қажу немесе шамадан тыс жүктеме қаупі. |
| **Мектепте көңілің түсетін сәттер бола ма?** | Эмоционалдық қолайсыздық немесе уайым тудыратын жағдайлар. |
| **Ал сәл қорқынышты немесе үрейлі болатын сәттер ше?** | Мектеп ортасындағы үрейдің, қорқыныштың және қауіпсіздік сезімі жоқтығының көздері. |
| **Мектепте өзіңе бәрінен де қатты ұнайтын, болғанды жақсы көретін жерің бар ма?** | Бала өзін тыныш, жайлы және қауіпсіз сезінетін кеңістіктер. |
| **Ал мүлдем барғың келмейтін жер бар ма?** | Психологиялық қолайсыздықтың немесе жағымсыз тәжірибенің ықтимал аймақтары. |
| **Егер мектепте бір нәрсеге көңілің түссе, оны ең бірінші кім байқайды?** | Баланың қиындықтарын дер кезінде байқай алатын ересектердің немесе құрдастарының бар-жоғы. |
| **Егер мектебіңде бір нәрсені өзгерте алсаң, нені өзгертер едің?** | Баланың өзі үшін ең маңызды деп санайтын негізгі мәселелері мен қажеттіліктері. |
| **Егер сенде сиқырлы таяқша болса, мектепті бұдан да жақсырақ ету үшін не істер едің?** | Баланың жасырын уайымдары, тілектері және жайлы мектеп ортасы туралы түсініктері. |

## Сыныптастарымен / достарымен қарым-қатынас

| Сұрақ | Нені анықтауға мүмкіндік береді |
|---|---|
| **Сыныпта достарың бар ма?** | Маңызды достық қарым-қатынастардың бар-жоғы және әлеуметтік бейімделу деңгейі. |
| **Мектептегі ең жақын досың кім?** | Құрдастарының арасында эмоционалды тұрғыдан маңызды байланыстардың бар-жоғы. |
| **Сен көбіне балалармен бірге ойнайсың ба, әлде жалғыз ба?** | Қарым-қатынас ерекшеліктері және ықтимал әлеуметтік оқшаулану |

| | |
|---|---|
| **Басқа балалар сені жиі ойынға шақыра ма?** | Баланың құрдастары тарапынан қабылдану деңгейі. |
| **Сені ойынға алмай қоятын кездер бола ма?** | Шеттетілу қаупі немесе құрдастарымен өзара әрекеттесудегі қиындықтар. |
| **Сыныпта өзіңе араласу қиынға соғатын балалар бар ма?** | Жанжалдардың немесе шиеленісті қарым-қатынастардың бар-жоғы. |
| **Кімде-кімнің сені ренжітетін немесе мазақтайтын кездері бола ма?** | Буллингтің немесе құрдастары тарапынан көрсетілетін агрессивті мінез-құлықтың ықтимал белгілері. |
| **Егер сені біреу ренжітсе, әдетте не істейсің?** | Жанжалды жағдайларға жауап қайтару тәсілдері. |
| **Балалардың ішінен кімді үйіңе қонаққа шақырар едің?** | Достық қарым-қатынастардың тереңдігі мен сапасы. |
| **Қалай ойлайсың, балаларға сенімен дос болған ұнай ма?** | Өзін-өзі бағалауы және ұжымдағы өз орнын субъективті түрде қабылдауы. |

## Мұғаліммен қарым-қатынас

| Сұрақ | Нені анықтауға мүмкіндік береді |
|---|---|
| **Саған мұғалімің ұнай ма?** | Педагогке деген жалпы эмоционалдық көзқарасы. |
| **Мұғаліміңді не үшін жақсы көресің?** | Педагогпен өзара әрекеттесудің жағымды тұстарын. |
| **Мұғалімнің саған ашуланатын кездері бола ма?** | Педагогпен жағымсыз қарым-қатынастардың жиілігін. |
| **Мұғалім ескерту жасағанда өзіңді қалай сезінесің?** | Баланың ересек адамның бағалауы мен сынына қалай жауап беретінін. |
| **Егер саған бір нәрсе түсініксіз болса, мұғалімнен көмек сұрап бара аласың ба?** | Педагогке деген сенім деңгейі мен психологиялық қауіпсіздік сезімін. |
| **Қалай ойлайсың, көңілің түскенде немесе қиналғанда мұғалімің оны байқай ма?** | Ересек адам тарапынан көрсетілетін қолдауды субъективті түрде сезінуін. |
| **Егер мектепте саған өте қиын болып кетсе, мұғалімге жүгіне алар ма едің?** | Педагогпен эмоционалдық жақындық пен сенім деңгейін. |

## Жүктеме және бос уақыт

| Сұрақ | Нені анықтауға мүмкіндік береді |
|---|---|
| **Мектептен кейін әдетте не істейсің?** | Сабақтан кейінгі бала өмірінің жалпы ұйымдастырылуын. |
| **Ойын мен тынығуға уақытың қала ма?** | Жүктеме мен күш-қуатты қалпына келтіру арасындағы теңгерімді . |
| **Мектептен кейін көбіне демаласың ба, әлде бірден сабақ оқуға отырасың ба?** | Күн тәртібінің ерекшеліктері мен оқу жүктемесінің деңгейін. |
| **Өзіңе ұнайтын істермен айналысуға үлгересің бе?** | Өз бос уақытына қанағаттану деңгейін. |
| **Мектептен кейін бәрінен де немен айналысқанды жақсы көресің?** | Баланың жеке қызығушылықтары мен ресурс беретін іс-әрекеттерін. |
| **Мектептен кейін қатты шаршап қалатын кездерің бола ма?** | Шамадан тыс шаршау және эмоционалдық қажу қаупін. |
| **Сенде жай ғана демалуға болатын демалыс күні бар ма?** | Күш-қуатты толыққанды қалпына келтіру мүмкіндігін. |
| **Соңғы рет қашан жай ғана көңілді болғандықтан ойнадың?** | Еркін ойын белсенділігінің бар-жоғын және эмоционалдық қолайлылықты. |

## 1–4 сыныптарға арналған отбасы туралы сұрақтардың мысалдары

Бірінші сынып оқушысы үшін отбасы туралы сұрақтар жұмсақ әрі табиғи естілуі тиіс. Бұл жерде мәселе іздеу емес, бала үшін кім тірек болып табылатынын, үйдегі қарым-қатынастың қалай құрылғанын, оның өзін қауіпсіз сезінетінін және қажетті қолдауды алатынын түсіну маңызды.

| Сұрақ | Нені анықтауға мүмкіндік береді |
|---|---|
| **Маған үйде сенімен бірге кімдер тұратынын айтып берші?** | Отбасы құрамы және баланың маңызды жақын ортасы. |
| **Уақытыңды бәрінен де көбірек кіммен өткізгенді жақсы көресің?** | Отбасындағы ең жақын эмоционалдық байланыстар. |
| **Бірге не істегенді ұнатасыздар?** | Бірлескен бос уақыттың және отбасылық өзара әрекеттестіктің бар-жоғы. |
| **Бір нәрсе қолыңнан келмей жатса, саған көбіне кім көмектеседі?** | Отбасындағы қолдаудың негізгі көзі. |
| **Егер көңілің түссе, әдетте кімге барасың?** | Бала үшін эмоционалды тұрғыдан ашық әрі қолжетімді ересек адамның бар-жоғы. |
| **Сені бәрінен де жақсы жұбата алатын кім?** | Эмоционалдық қауіпсіздік пен бауыр басу тұлғасы. |
| **Күніңнің қалай өткенін көбіне кім сұрап біледі?** | Ересектердің бала өміріне араласу деңгейі. |

| | |
|---|---|
| **Үйде мектеп туралы айтып бергенді ұнатасың ба?** | Бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынастың ашықтығы. |
| **Ал үйдегілер сенің әңгімелеріңді тыңдағанды жақсы көре ме?** | Отбасының баланы тыңдауға және қолдауға дайындығы. |
| **Сабақ орындауға әдетте кім көмектеседі?** | Отбасы тарапынан көрсетілетін оқу қолдауының ерекшеліктері. |
| **Бір нәрсе қолыңнан келмей қалса, үйде не болады?** | Ересектердің баланың қателіктері мен сәтсіздіктеріне реакциясы. |
| **Жақсы баға алсаң немесе сені мақтаса, үйде не болады?** | Ынталандыру және эмоционалдық қолдау формалары. |
| **Үйде сіздерді талпыныстарыңыз үшін жиі мақтай ма?** | Отбасындағы жағымды қолдау деңгейі. |
| **Үйдегі ересектердің қатты шаршайтын кездері бола ма?** | Отбасындағы эмоционалдық фон және кернеу деңгейі. |
| **Анаңның немесе әкеңнің көңілі түскенін қалай түсінесің?** | Баланың ересектердің эмоционалдық күйіне сезімталдығы. |
| **Үйде біреу мұңайып отырса, әдетте не істейсің?** | Баланың отбасылық жүйедегі рөлі және жауап қайтару тәсілдері. |

## Отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынас

| Сұрақ | Нені анықтауға мүмкіндік береді |
|---|---|
| **Бүкіл отбасыларыңызбен бірге уақыт өткізгенді жақсы көресіздер ме?** | Отбасының ұйымшылдық деңгейін. |
| **Бүкіл отбасымен бірге не істегенді бәрінен де қатты ұнатасыздар?** | Бірлескен жағымды әсерлер мен сәттердің бар-жоғын. |
| **Үйде кімде-кімнің ренжісіп, сөзге келіп немесе ұрысып қалатын кездері бола ма?** | Отбасы жүйесіндегі жанжалдардың бар-жоғын. |
| **Ересектер сөзге келіп қалғанда әдетте не істейсің?** | Баланың отбасылық кернеуге реакциясын. |
| **Үйде өзіңді ерекше тыныш әрі жақсы сезінетін жерің бар ма?** | Үйдегі қауіпсіздік сезімінің көздерін. |
| **Үйде көңілсіз немесе жағымсыз жағдай орын алғанда, өзіңді жақсырақ сезінуге не көмектеседі?** | Баланың эмоционалдық тұрғыдан өзін-өзі реттеу тәсілдерін. |
| **Үйде кез келген нәрсе туралы ашық сөйлесуге болатын адам бар ма?** | Сенімді қарым-қатынастардың бар-жоғын. |
| **Егер сенде үлкен бір мәселе туындаса, бұл туралы бірінші кімге айтар едің?** | Сенім мен қолдау көрсететін негізгі тұлғаны. |

## Баланың қауіпсіздік сезімі

| Сұрақ | Нені анықтауға мүмкіндік береді |
|---|---|
| **Мектептен кейін үйге қайтқың келіп тұра ма?** | Үй ортасына деген жалпы эмоционалдық көзқарасты. |

| | |
|---|---|
| **Үйде болғанда, өзіңді жиі тыныш сезінесің бе, әлде бір нәрсеге үрейленесің бе?** | Эмоционалдық жайлылық пен қауіпсіздік деңгейін. |
| **Жалғыз қалғың келетін кездер бола ма?** | Жеке кеңістікке деген мұқтаждықты және ықтимал эмоционалдық кернеуді. |
| **Үйде қасында өзіңді ерекше тыныш сезінетін адам бар ма?** | Қауіпсіздік пен бауыр басудың негізгі тұлғасын. |
| **Егер қорықсаң немесе үрейленсең, бұны еңсеруге саған кім көмектеседі?** | Эмоционалдық қолдауды қамтамасыз ететін ересек адамның бар-жоғын. |

## Бос уақытты өткізу және отбасылық өмір

| Сұрақ | Нені анықтауға мүмкіндік береді |
|---|---|
| **Мектептен кейін үйге қайтқың келіп тұра ма?** | Үй ортасына деген жалпы эмоционалдық көзқарасты. |
| **Үйде болғанда, өзіңді жиі тыныш сезінесің бе, әлде бір нәрсеге үрейленесің бе?** | Эмоционалдық жайлылық пен қауіпсіздік деңгейін. |
| **Жалғыз қалғың келетін кездер бола ма?** | Жеке кеңістікке деген мұқтаждықты және ықтимал эмоционалдық кернеуді. |
| **Үйде қасында өзіңді ерекше тыныш сезінетін адам бар ма?** | Қауіпсіздік пен бауыр басудың негізгі тұлғасын. |
| **Егер қорықсаң немесе үрейленсең, бұны еңсеруге саған кім көмектеседі?** | Эмоционалдық қолдауды қамтамасыз ететін ересек адамның бар-жоғын. |

## 1-сынып оқушымен жүргізілетін жартылай құрылымдалған сұхбат пен тереңдетілген диагностиканың мысалы

**Негіздеме:** Бақылау картасын жүргізу қорытындысы бойынша (педагог тарапынан) қызыл аймақ анықталды (бірінші сынып оқушысының бейімделе алмауы).

- Кездесудің мақсаты:
- Сенімді қарым-қатынас орнату;
- Баланың үрейін азайту;
- Эмоционалдық күйінің ерекшеліктерін нақтылау;
- Отбасы, мектеп және құрдастарымен қарым-қатынасы туралы қосымша ақпарат алу;

– Проективті әдістемелер арқылы тереңдетілген диагностика жүргізу.

**Ұзақтығы: 30–40 минут.**

**1-кезең. Байланыс орнату (5–7 минут).**

**Педагог-психолог баланы сабырмен және жылы жүзбен қарсы алады.**

***Сәлем!***

*Сені көргеніме өте қуаныштымын. Кел, өзіңе ыңғайлы болатын орынды таңда да жайғас.*

*Бүгін көңіл күйің қалай?*

*Күнің қалай өтті?*

*Бүгін мектепте қандай қызықты оқиғалар болды?*

*Сен жақында ғана мектеп оқушысы атандың. Мектептегі өміріңнің қалай өтіп жатқанын білгім келеді.*

Маңызды: Баланы асықтырмау және қиындықтар туралы бірден сұрақ қоймау керек. Оны өзіңізге баурап, бойындағы ішкі қысымды басу қажет, сондықтан сұрақтар бейтарап және жауап беруге жеңіл болуы тиіс.

**Баламен әңгімелесу кезіндегі педагог-психолог репликаларының нұсқалары**

| **Педагог-психологтің сұрағы** | **Егер бала ықыласпен жауап берсе** | **Егер бала үндемесе / қысқа жауап берсе** |
|---|---|---|
| **Сәлем! Бүгін өзіңді қалай сезініп тұрсың?** | Қолдау көрсету: *«Көңіл-күйіңнің жақсы болғаны тамаша»* | Қысымды азайту: *«Түсінемін, жай ғана «қалыпты» немесе «окей» деп айтуыңның өзі жеткілікті»* |
| **Күнің қалай өтті?** | Нақтылау: *«Ең қызықтысы не болды?»* | Қарапайымдандыру: *«Бүгін көбіне көңілді болды ма, әлде үйреншікті күн бе?»* |

| | | |
|---|---|---|
| **Бүгін мектепте қандай қызықтар болды?** | Дамыту: *«Маған толығырақ айтып берші»* | Таңдау жасауға көшіру: *«Үзілістер ме, әлде сабақтар көбірек есіңде қалды ма?»* |
| **Мектепте саған бәрінен де не ұнайды?** | Тереңдету: *«Неліктен дәл осы нәрсе?»* | Қайта тұжырымдау: *«Сабақтар ма, достар ма, әлде үзілістер ме?»* |
| **Саған онша ұнамайтын бір нәрсе бар ма?** | Жұмсақ нақтылау: *«Ал бұл саған қалай кедергі жасайды?»* | Кернеуді басу: *«Мүмкін қазірше бәрі дұрыс шығар, иә?»* |
| **Көбіне кіммен ойнайсың?** | Қолдау көрсету: *«Бірге уақыт өткізген жақсы, иә?»* | Нақтылыққа көшіру: *«Бір ғана бала бар ма, әлде бірнеше ма?»* |
| **Мектепте көңілің түсетін немесе ішің пысатын кездер бола ма?** | Нақтылау: *«Бұл көбіне қай уақытта болады?»* | Қысымды азайту: *«Көп баланың басында мұндай жағдай әртүрлі болып тұрады»* |
| **Қиын болғанда кімнен көмек сұрайсың?** | Дамыту: *«Неліктен дәл сол адамға барасың?»* | Тірек ұсыну: *«Мұғалімге барған оңай ма, әлде балаларға ма?»* |
| **Таңертең мектеп алдында көңіл-күйің қандай болады?** | Қолдау көрсету: *«Қызық екен»* + нақтылау | Қарапайымдандыру: *«Көбіне жақсы ма, әлде үйреншікті күйде ме?»* |
| **Мектепке мүлдем барғың келмейтін сәттер бола ма?** | Жұмсақ нақтылау: *«Сондай күндері мектепке келуге не көмектеседі?»* | Қысымды азайту: *«Кейде бәрінде де сондай сәттер болып тұрады»* |
| **Әдетте саған жиналып, мектепке келуге не көмектеседі?** | Ресурсты қолдау: *«Бұл өте тамаша екен»* | Қарапайымдандыру: *«Мүмкін саған біреу көмектесетін шығар?»* |
| **Сабақ аяқталар кезде шаршайсың ба?** | Нақтылау: *«Қай сабақтар сені көбірек шаршатады?»* | Қайта тұжырымдау: *«Күш-қуатың көбейе ме, әлде азая ма?»* |
| **Сен үшін ең жеңіл сабақ қайсысы?** | Қолдау көрсету: *«Неліктен ол жеңіл деп ойлайсың?»* | Қарапайымдандыру: *«Саған бәрінен де қатты ұнайтын сабақ бар ма?»* |
| **Ал қайсысы бәрінен де қиын болады?** | Нақтылау: *«Ол жерде не нәрсе қиынырақ?»* | Қысымды азайту: *«Кейде барлық сабақтар бірдей сияқты көріне ме?»* |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақта бір нәрсе дұрыс шықпай қалғанда, көңілің түсе ме?** | Тереңдету: *«Сондай кезде не істейсің?»* | Қалыпты жағдай ретінде көрсету: *«Мұндай жағдай бәрінде де болады»* |
| **Мұндай жағдайда әдетте не істейсің?** | Әрекетін қолдау: *«Бұл – жақсы тәсіл»* | Қарапайымдандыру: *«Біреуге барасың ба, әлде өзің шешуге тырысасың ба?»* |
| **Мектепте жүргенде ішіңнің немесе басыңның ауыратын кездері бола ма?** | Нақтылау: *«Көбіне қай уақытта?»* | Мазасыздықты азайту: *«Кейде ағза қатты шаршағанда солай болуы мүмкін»* |
| **Уақытынан бұрын үйге қайтқың келетін кездер бола ма?** | Нақтылау: *«Қай сәттерде?»* | Қалыпты жағдай ретінде көрсету: *«Ұзақ күннен кейін мұндайдың болуы заңды»* |
| **Мектепте өзіңе ерекше жақсы болатын жер бар ма?** | Қолдау көрсету: *«Неліктен дәл сол жер?»* | Қарапайымдандыру: *«Сынып па, дәліз бе, әлде дала ма?»* |
| **Ал мүлдем барғың келмейтін жер бар ма?** | Жұмсақ нақтылау | Кернеуді басу: *«Мүмкін, ондай жерлер жоқ та шығар»* |
| **Егер бір жағдай орын алса, оны кім байқайды?** | Нақтылау: *«Неліктен дәл сол адам?»* | Қарапайымдандыру: *«Қасыңда көбіне кім болады?»* |
| **Егер мектебіңде бір нәрсені өзгерте алсаң, нені өзгертер едің?** | Тереңдету: *«Бұл өте маңызды екен»* | Қарапайымдандыру: *«Нені жақсартқан дұрыс болар еді – сабақтарды ма, әлде үзілістерді ме?»* |

**«Отбасы суреті» әдістемесі**

Диагностиканы әңгімелесуді бастамас бұрын жүргізуге болады

*Ал қазір мен саған сәл сурет салуды ұсынамын. Өтініш, өз отбасыңның суретін салып берші. Кімді қалай салғың келсе, дәл солай сал. Суретті кез келген ретпен салуыңа болады*

Сурет салу барысында ешқандай нұсқау бермеу керек. Сұрақтар сурет аяқталғаннан кейін қойылады.

**1. Суреттің жалпы сипаттамасы**

*Өз суретің туралы айтып берші. Мұнда кімдер салынған?*

*Қазір олардың әрқайсысы не істеп жатыр?*

Міндет: Отбасы құрылымын және қарым-қатынастарды субъективті қабылдауды түсіну.

**2. Эмоционалдық рөлдер**

*Суреттегі ең мейірімдісі кім?*

*Ең көңілдісі кім?*

*Кіммен бірге уақыт өткізгенді бәрінен де қатты жақсы көресің?*

Эмоционалдық байланыстар мен бауыр басудың маңызды тұлғаларын анықтайды.

**3. Қолдау және қауіпсіздік**

*Егер көңілің түссе, отбасыңнан саған көбіне кім көмектеседі?*

*Өзіңді жаман сезініп немесе ренжіп жүргеніңді әдетте бірінші кім байқайды?*

Тірек, эмоционалдық қолдау, отбасының балаға деген сезімталдығы.

**4. Баланың отбасы жүйесіне араласуы**

*Суретте өзің қай жердесің? Неліктен дәл осы жердесің?*

*Егер басқа жерге ауысуға мүмкіндік болса, сен қай жерде болғың келер еді?*

Өзін-өзі бағалауы, отбасына кірігу немесе одан алшақтау сезімі.

**5. Жасырын кернеулер (өте жұмсақ түрде)**

*Суретке тағы бір адамды қосқың келер ме еді?*

*Үйде кімде-кімнің мұңаятын немесе сөзге келіп, ұрысып қалатын кездері бола ма?*

Жанжалдар, шеттетілген, отбасының эмоционалдық фоны

**6. Қорытынды ресурс беретін сұрақ**

*Үйде бәріңіз бірге не істегенді бәрінен де қатты жақсы көресіздер?*

Отбасылық ресурс, жағымды өзара әрекеттестіктер.

**Шағын қозғалыс үзілісі (*1–2 минут*)**

*Кел, жақсы көңіл-күйімізді сәл оятып жіберейік. Тұрып, бейне бір бұлттарға қол жеткізгің келгендей жоғары қарай созылшы. Ал енді қолыңды жай ғана сілкіп-сілкіп тасташы, бейне бір саусақтарыңнан жаңбыр тамшылары ұшып кеткендей болсын.*

**«Өмірде жоқ жануар» әдістемесі**

*Ал енді менде сен үшін ерекше тапсырма бар. Осы дүниеде бұрын-соңды ешкім көрмеген бір жануар бар деп елестетші. Ол ешқандай кітапта да, ешбір мультфильмде де жоқ. Сондай бір жануарды ойдан шығарып, суретін салып көрші. Ол қандай болса да өз еркің.*

Суреттен кейінгі сұрақтар.

**1. Бейне және өзін-өзі сезінуі**

*Бұл жануардың аты кім?*

*Ол күшті ме, әлде әлсіз бе? Неліктен бұлай ойлайсың?*

*Ол мейірімді ме, әлде ашулана ала ма?*

Выявляет самооценку, внутреннюю силу, уровень напряжения и агрессии.

Өзін-өзі бағалауын, ішкі күшін, кернеу және агрессия деңгейін анықтайды.

**2. Эмоционалдық жай-күй**

*Оның көңілін не түсіруі мүмкін? Ол қорыққан кезде өзін қалай ұстайды?*

Мазасыздықтың туындауына не әсер ететінін және стресті еңсеру тәсілдерін анықтайды.

**3. Қолдау және қауіпсіздік**

*Оған қиын немесе қорқынышты болғанда, кім көмектесе алады? Оның арқа сүйер, сенімді адамы бар ма?*

Қолдау сезімін және «сенімді ересек адамның» бар-жоғын диагностикалау

**4. Әлеуметтік орта**

*Оның достары бар ма? Олар қандай?*

Әлеуметтік байланыстардың сапасы және қабылданғандық сезімі.

**5. Ресурс пен қажеттіліктер (негізгі сұрақ)**

*Егер бұл жануар қазір бірдеңе айта алса, не айтар еді?*

Баланың ішкі күйіне, жасырын уайымдары мен қажеттіліктеріне тікелей шығу.

**Кездесуді аяқтау (3–5 минут)**

*Суреттерің үшін саған көп рақмет! Бүгін сен тұтас бір әлемді жасай алдың: отбасыңды да салдық, сондай ерекше жануарды да ойлап таптық. Меңіңше, бұл жануар өзіндік бір мультфильмнің кейіпкері бола алатындай екен.*

*Әңгімеміз үшін де саған рақмет. Сенімен танысып, сені жақсырақ білу мен үшін өте қызықты болды.*

*Айта қойшы, қазір өзіңді қалай сезініп тұрсың? Кездесуіміздің соңында көңіл-күйің қалай?*

Баланың жауабын тыңдау. Қажет болса, оған қолдау көрсетіп, жігерлендіру.

*Біз сенімен әлі де кейде кездесіп, сөйлесіп, ойнаймыз немесе қызықты тапсырмалар орындаймыз. Сондықтан бұл біздің соңғы кездесуіміз емес.*

*Егер бірдеңе айтқың келсе, сұрағың келсе немесе жай ғана амандасу үшін кіріп шыққың келсе – мен сені әрқашан қуана қарсы аламын.*

*Онда келістік пе?*

*Күнің сәтті өтсін, көңіл-күйің тамаша болсын! Кездескенше!*

Жартылай құрылымдалған сұхбат пен тереңдетілген диагностика жүргізгеннен кейін, ақпаратты жай ғана жинап қоймай, алынған барлық мәліметтерді бір тұтас жүйеге біріктіру маңызды. Бұл кезеңде педагог-психолог баланың жауаптарын, әдістемелердің нәтижелерін, педагогтардың бақылауларын және әңгімелесу кезіндегі өзінің бақылауларын талдайды.

Негізгі міндет – мектептегі бейімдел алмаудың мүмкін себептерін анықтау және баланың эмоционалдық күйі мен мінез-құлқына қандай факторлардың барынша күшті әсер етіп отырғанын түсіну.

Бейімделе алмаудың тек бір ғана себебі сирек болатынын есте сақтау маңызды. Көбінесе бұл бір-бірін күшейтетін бірнеше факторлардың жиынтығы болып табылады. Сондықтан талдау жасау кезінде жағдайды кешенді түрде қарастыру ұсынылады.

**Назар аударуға тиіс мәселелер:**

– мектеп ортасына бейімделу ерекшеліктері;

– құрдастарымен қарым-қатынасы;

– педагогпен қарым-қатынасы;

– баланың эмоционалдық күйі;

– мазасыздық деңгейі және қауіпсіздік сезімі;

– шаршау немесе шамадан тыс жүктеме белгілерінің бар-жоғы;

– отбасылық жағдайдың ерекшеліктері;

– ресурстардың және қолдау көрсететін ересектердің бар-жоғы;

– баланың күшті жақтары және бейімделуге ықпал ететін факторлар.

**Педагог- психологтің қорытынды сұрағы**

Барлық мәліметтерді талдағаннан кейін маман үшін негізгі сұраққа жауап беру маңызды:

***«Дәл қазір бұл баланың мектепте өзін жайлы, қауіпсіз әрі табысты сезінуіне не кедергі болып тұр?»***

Бұл сұрақтың жауабы әрі қарайғы сүйемелдеу бағытының, түзету-дамыту жұмыстарын таңдаудың және педагогтермен әрі ата-аналармен өзара іс-қимыл жасаудың негізіне айналады.

**2–4 сынып білім алушыларымен жартылай құрылымдалған сұхбат жүргізу және тереңдетілген диагностика жасау үлгісі**

**Негіздеме:** алғашқы диагностика қорытындысы бойынша бала қауіп-қатердің қызыл аймағында тұр: эмоционалдық қолайсыздық ықтималдығы, бейімделу қиындықтары, мектепте немесе отбасында қауіпсіздік сезімінің бұзылуы, сондай-ақ жағдайды тереңірек зерттеу қажеттілігі.

**Сұхбаттың мақсаты:** анықталған қиындықтардың ықтимал себептерін нақтылау, баланың мектептегі және үйдегі жағдайды субъективті қабылдауын бағалау, қауіп-қатер факторлары мен қолдау

ресурстарын анықтау, сондай-ақ психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің әрі қарайғы бағытын белгілеу.

**Ұзақтығы: 20–30 минут.**

**1-кезең. Байланыс орнату (5–7 минут)**

Бұл кезеңде педагог-психологтің негізгі міндеті – қауіпсіз әрі жайлы жағдай жасау, ықтимал шиеленісті азайту және баланы әңгімелесуге бейімдеу. Сұрақтарды бірден қиындықтар, жанжалдар немесе уайымдар туралы қоюдан бастау ұсынылмайды.

*Сәлем!*

*Бүгін кездесуге келгеніңе рақмет. Кел, өзіңе ыңғайлы жерге жайғас. Бүгін көңіл күйің қалай?*

*Бүгінгі күніңде қандай жақсы нәрсе болды?*

*Сабақтан кейін бос уақытыңда немен айналысқанды ұнатасың?*

*Айтып бергеніңе рақмет. Сені жақынырақ танып-білу мен үшін өте қызықты. Енді мектеп туралы және қазіргі уақытта өзіңді мектепте қалай сезінетінің жайында аздап әңгімелесейік.*

*Әңгімемізді бастамас бұрын, сенен шағын сауалнамаға жауап беруіңді сұраймын. Мұнда дұрыс немесе бұрыс жауап жоқ. Өзің қалай сезінсең, солай жауап бер. Кейін нәтижесін бірге талқылаймыз. Дайынсың ба?*

**Тереңдетілген диагностика қорытындысы бойынша нақтылаушы сұрақтар**

Сауалнама қорытындыларын өңдегеннен кейін педагог-психологке бала жағымсыз көрсеткіштер жинаған тұжырымдарға ерекше назар аудару ұсынылады. Сұхбат барлық тармақтар бойынша емес, тек нақтылауды қажет ететін бағыттар бойынша ғана жүргізіледі.

| Сауалнама тармағы | Егер қауіп-қатер белгілері анықталса | Нақтылаушы сұрақтар |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| **Сенің асыққан немесе аптыққан кездерің болды ма?** | *Бала уақыттың жетіспеушілігін жиі сезінеді* | *Маған жиі қай жаққа асығуың керек болатынын айтып берші?* |
| **Өзің қалаған нәрселермен айналысуға уақытың жеткілікті болды ма?** | *Бос уақыттың жетіспеушілігі* | *Қай сәттерде ең қатты шаршайсың?* |
| **Тым бос еместігіңе алаңдадың ба?** | *Шамадан тыс жүктеме* | *Қандай нәрсеге көбірек уақытың болғанын қалар едің?* |
| **Бағаларың немесе мектеп туралы уайымдадың ба?** | *Мектептегі мазасыздық* | *Тек өзің үшін не істегенді жақсы көресің?* |
| **Анаң немесе әкең өзіңді жақсырақ сезінуіңе көмектесті ме?** | *Эмоционалды қолдаудың жетіспеушілігі* | *Сені ең көп шаршататын не?* |
| **Анаң немесе әкең өзіңнің сүйікті екеніңді сезінуге мүмкіндік берді ме?** | *Эмоционалды жақындықтың жетіспеушілігі* | *Қай кезде демалудың сәті түседі?* |
| **Бірдеңеден қорықтың ба немесе қобалжыдың ба?** | *Жоғары мазасыздық* | *Мектепте сені дәл не мазалайды?* |
| **Ашуландың ба?** | *Жоғары шиеленіс, агрессия* | *Өзің ерекше уайымдайтын жағдайлар бола ма?* |
| **Өзіңді бақытты сезіндің бе?** | *Төмендеген эмоционалдық фон* | *Көңілің түскенде әдетте кімге барасың?* |
| **Ұйқыңды қандыра алдың ба?** | *Демалыстың бұзылуы* | *Қиындықтарды жеңуге саған көбіне кім көмектеседі?* |
| **Достарыңмен жанжалдасып қалған кездерің болды ма?** | *Қарым-қатынас қиындықтары* | *Өзіңді жақсы көретінін қалай түсінесің?* |
| **Достарыңмен араластың ба?** | *Қарым-қатынастың жетіспеушілігі* | *Соңғы рет өзіңді мақтан тұтқаның қашан сезіндің?* |
| **Достарың жеткілікті деп сезіндің бе?** | *Жалғыздық немесе әлеуметтік оқшаулану сезімі* | *Сені көбіне не толғандырады?* |

## Маңызды ереже

Барлық нақтылаушы сұрақтарды қою міндетті емес. Әрбір проблемалық тармақ бойынша 1–2 сұрақты таңдап, баланың жауаптарына қарай бағытталып отыру жеткілікті. Көбінесе, ұзаққа созылған ресми нақтылаулар сериясына қарағанда, дәл осы бір қосымша сұрақ қиындықтардың себебін әлдеқайда жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді.

## Баламен әңгімелесу барысында қолданылатын үлгі репликалар

| Педагог-психологтің сұрағы | Егер бала ықыласпен жауап берсе | Егер бала үнсіз қалса / қысқа жауап берсе |
|---|---|---|
| **Қазір мектепте оқу саған қалай болып жатыр?** | *Саған не ұнайтынын немесе не ұнамайтынын толығырақ айтып берші?* | *Егер таңдау керек болса, мектепке жиі барғың келе ме, әлде онша емес пе?* |
| **Таңертең мектеп алдында әдетте көңіл-күйің қандай болады?** | *Бұл неге байланысты?* | *Көбіне көңілді, тыныш па, әлде мұңды ма?* |
| **Мектепке барғың келмейтін кездер бола ма?** | *Сондай күндері әдетте не болады?* | *Кейде мұндай жағдай бәрінде де болады. Ал сенде бола ма?* |
| **Мектепте саған бәрінен де не көбірек ұнайды?** | *Неліктен дәл осы нәрсе?* | *Мүмкін жақсы көретін сабағың немесе үзілісің бар шығар?* |
| **Саған бәрінен де не аз ұнайды?** | *Бұл туралы аздап айтып берші. Өзгерткің келетін нәрсе бар ма?* | *Мүмкін қиын соғатын сабақ немесе шаршататын сәттер бар шығар?* |
| **Сыныптағы балалармен қарым-қатынасың қалай қалыптасып жатыр?** | *Кіммен көбірек араласасың? Қасында өзіңді жақсы сезінетін достарың бар ма?* | *Сыныптастарыңмен араласу саған оңай ма, әлде қиын ба?* |
| **Біреудің сені ренжітетін, мазақтайтын немесе үстіңнен күлетін кездері бола ма?** | *Бұдан кейін әдетте не болады?* | *Кейде балалар бір-бірін ренжітіп жатады. Сенде сондай жағдай болды ма?* |
| **Егер сені біреу ренжітсе, әдетте не істейсің?** | *Ал бұл көмектесе ме? Әдетте кімнен көмек сұрайсың?* | *Көмек сұрауға болатын адам бар ма, әлде өзің шешуге тырысасың ба?* |
| **Мектепте өзің сенетін ересек адам бар ма?** | *Неліктен дәл сол адам? Егер өзіңді жаман сезінсең, кімге бара алар едің?* | *Сеніңше, мұғалімдер сенің мұңайғаныңды немесе қиналғаныңды байқай ма?* |
| **Мектепте ересектер саған көмектесетін кездер бола ма?** | *Сабақта қателесіп кетсең, не болады? Содан кейін өзіңді қалай сезінесің?* | *Мұғалімдер әдетте көмектесе ме, әлде ұрса ма?* |
| **Сабақ алдында немесе тақтаға шығып жауап берерде уайымдайтын кездерің бола ма?** | *Сені бәрінен де не қатты мазалайды?* | *Қаттырақ қобалжитын сабақтарың бар ма?* |

| | | |
|---|---|---|
| **Үйде көңілің түскенде немесе қиналғанда, саған мұны жеңуге кім көмектеседі?** | *Ол әдетте не істейді?* | *Өз уайымдарың туралы айта алатын адамың бар ма?* |
| **Соңғы уақытта үйде жағдайың қалай?** | *Бұл туралы аздап айтып берші.* | *Үйде көбіне тыныш па, әлде қиын сәттер бола ма?* |
| **Үйде ересектердің өзара қатты ұрсысатын кездері бола ма?** | *Сондай сәттерде әдетте не істейсің?* | *Кейде ересектер дауласып жатады. Сондай кездерде қайда боласың?* |
| **Үйде сені қатты жазалайтын кездер бола ма?** | *Айтып берші, әдетте не болады?* | *Ересектер саған ашуланғанда не істейді?* |
| **Саған қорқынышты немесе реніштi болғанда, мұны бірінші кім байқайды?** | *Ол адам сен үшін не істейді?* | *Сені сөзсіз түсінетін адам бар ма?* |
| **Егер мен саған дәл қазір бір ғана нәрсеге көмектесе алсам, нені өзгертуді сұрар едің?** | *Баланың өтінішінің егжей-тегжейін нақтылау.* | *Ойлануға уақыт беріп, бірнеше нұсқа ұсыну (мектеп, үй, достар, ересектер).* |
| **Сеніңше, ересектер қазір саған жеткілікті көмектесіп жүр ме, әлде көбірек көмектескенін қалар ма едің?** | *Саған қандай көмек жетіспейді?* | *Кейде балалар ересектердің өздерін көбірек түсінгенін қалайды. Сенде қалай?* |
| **Педагог-психологтің сұрағы** | *Егер бала ықыласпен жауап берсе* | *Егер бала үнсіз қалса / қысқа жауап берсе* |

Қажет болған жағдайда сұхбаттан кейін проективті әдістемелерді қолдануға болады. Олар әсіресе бала қысылып, шиеленісіп тұрғандай көрінгенде, қысқа әрі бірсарынды жауап бергенде немесе өз уайымдары туралы ашық сөйлесуде қиналған жағдайларда өте пайдалы.

Сондай сәтте сурет салу тек диагностикалық құрал ғана емес, сонымен бірге эмоционалдық шиеленісті азайтудың жолына айналады. Шығармашылық әрекет барысында балаға сөзбен жеткізу қиын болатын өз сезімдерін, ойлары мен уайымдарын білдіру әдетте оңайырақ соғады.

Сұхбат пен қосымша диагностика аяқталғаннан кейін, ақпаратты жай ғана жинап қоймай, басты кәсіби сұраққа жауап беру маңызды:

***«Баланың қазіргі күйі немен байланысты?»***

Бұл кезеңде педагог-психолог алынған барлық мәліметтерді талдайды және білім алушының эмоционалдық қолайлылығына әсер етуі мүмкін негізгі факторларды айқындайды: отбасындағы қарым-қатынас, мектепке бейімделу, құрдастарымен өзара іс-қимыл, ересектермен қарым-қатынас, жүктеме деңгейі, мазасыздық, қауіпсіздік сезімі және қолдау көрсету ресурстарының бар-жоғы.

Талдаудың басты міндеті – бөлек белгілерді ғана емес, бала өмірінің жалпы көрінісін көру, бұл оған қандай көмектің шынымен пайдалы әрі дер кезінде көрсетілетінін түсіну үшін қажет.

**! Назар аударыңыз**

Сұхбаттағы сұрақтар баланың мектеп өмірін ғана емес, оның отбасындағы жағдайын да қамтиды. Бұл кездейсоқ емес.

Тәжірибеде мәселелер өмірдің тек бір ғана саласында сирек кездеседі. Көбінесе отбасындағы қиындықтар баланың мектептегі мінез-құлқына, үлгеріміне және қарым-қатынасына әсер етеді. Дәл солай, мектептегі ұзаққа созылған мәселелер үйдегі эмоционалдық жағдайға әсер етіп, ата-аналарда жанжал, мазасыздық немесе дәрменсіздік сезімін тудыруы мүмкін.

*Мысалы, отбасындағы шиеленісті жағдайды бастан өткеріп жатқан бала сыныпта ашуланшақ, агрессивті немесе тұйық бола бастауы мүмкін. Керісінше, құрдастарымен тұрақты жанжалдар немесе мектептен қорқу сезімі үйде эмоционалдық күйзелістерге әкелуі ықтимал.*

Сондықтан педагог-психологтің міндеті – жағдайға кеңірек қарау және бала өмірінің әртүрлі салалары арасындағы өзара байланысты

көре білу. Көрініс неғұрлым тұтас болса, қорытындылар соғұрлым дәл және әрі қарайғы көмек соғұрлым тиімді болады.

**5-сынып білім алушысымен жартылай құрылымдалған сұхбат жүргізу және тереңдетілген диагностика жасау үлгісі**

**Негіздеме:** бейімделу диагностикасының қорытындысы бойынша білім алушы қауіп-қатердің қызыл аймағына сәйкес келетін көрсеткіштерді жинады. Алынған мәліметтер орта буында оқуға бейімделудің қиындықтарын, жоғары эмоционалдық шиеленісті, қауіпсіздік сезімінің төмендеуін, құрдастарымен және педагогтермен қарым-қатынастағы қиындықтарды, сондай-ақ баланың қазіргі күйін неғұрлым егжей-тегжейлі зерттеу қажеттілігін көрсетуі мүмкін.

**Мақсаты:** анықталған қиындықтардың себептерін нақтылау, негізгі қауіп-қатер факторлары мен қолдау ресурстарын айқындау, білім алушының эмоционалдық күйін және оның 5-сыныптағы оқу жағдайларына бейімделу ерекшеліктерін бағалау.

**Ұзақтығы:** 25–40 минут.

**1-кезең. Сенімді әңгімелесу (5–7 минут)**

Орта буынға өту – мектеп өміріндегі ең күрделі кезеңдердің бірі. Мұғалімдер, талаптар, оқу жүктемесі, құрдастармен қарым-қатынас өзгереді. Сондықтан алғашқы кездесуде әңгімені бірден мәселелерден бастамай, жасөспірім өзі туралы еркін әрі тыныш айта алатын жағдай жасау маңызды.

*Сәлем. Келуге уақыт тапқаныңа рақмет. Өзіңе қалай ыңғайлы болса, солай жайғасып ал. Осы оқу жылы сенде қалай өтіп жатыр?*

*Егер 4 және 5-сыныпты салыстырсақ, не нәрсе ең ерекше болып көрінді?*

*Қазір саған көбірек не ұнайды: сабақтар ма, үзілістер ме, әлде балалармен араласу ма?*

*Көптеген балалар 5-сыныпты бір уақытта әрі қызықты, әрі оңай емес кезең деп айтады. Ал сеніңше бұл қалай сезіледі?*

Байланыс орнатқаннан кейін диагностика қорытындыларын нақтылауға көшуге болады.

**5-сынып білім алушыларының бейімделу диагностикасының нәтижелері бойынша нақтылаушы сұрақтар**

| Сауалнама тармағы | Егер қауіп-қатер белгілері анықталса | Нақтылаушы сұрақтар |
|---|---|---|
| **Соңғы уақытта мен тез шаршаймын** | Жоғары шаршағыштық | *Күннің қай мезгілінде өзіңді ең қатты шаршағандай сезінесің? Сені не көбірек шаршатады: сабақтар ма, араласу ма, әлде басқа нәрсе ме?* |
| **Соңғы уақытта мен өзімді кейбір балаларға қарағанда жағдайым жақсырақ деп ойлаймын** | Құрдастарымен қарым-қатынастағы ықтимал қиындықтар немесе қорғаныс позициясы | *Өзіңді басқа балалармен жиі салыстырасың ба? Басқалардан жақсырақ болу сен үшін қаншалықты маңызды?* |
| **Соңғы уақытта өзімді еркінірек сезінемін** | Мінез-құлықтағы немесе талаптарға деген көзқарастағы шұғыл өзгерістер | *Не өзгерді, өзіңді еркінірек сезінуіңе не себеп болды?* |
| **Соңғы уақытта менде бас айналу/әлсіздік/ жүрек айну пайда болды** | Сүйемелдеуші стреске қатысты ықтимал психосоматикалық реакциялар | *Мұндай жағдай көбіне қашан болады? Бұның қандай де бір оқиғалармен байланысты екенін байқадың ба?* |
| **Соңғы уақытта мұғалімдердің маған көңілі толмайды (ескертулер көбейді)** | Педагогтермен өзара іс-қимыл жасаудағы қиындықтар | *Сеніңше, мұғалімдер көбіне не үшін ескерту жасайды? Өзіңе ерекше қиын соғатын мұғалімдер бар ма?* |

| | | |
|---|---|---|
| **Соңғы уақытта өзіме деген сенімім жетіспейді.** | Өзін-өзі бағалаудың төмендеуі | *Қандай жағдайларда өзіңе ерекше күмәнданасың? Қай кезде өзіңді сенімдірек сезінесің?* |
| **Соңғы уақытта өзімді қауіпсіз сезінемін** | Қорғалу сезімінің төмендеуі | *Мектепте өзіңді жайсыз немесе мазасыз сезінетін жағдайлар бола ма?* |
| **Соңғы уақытта қиындықтардан қашқақтаймын** | Қателіктерден немесе сәтсіздіктерден қорқу | *Күрделі тапсырмаға тап болғанда әдетте не болады? Мұндай жағдайларда бәрінен де неден қорқасың?* |
| **Соңғы уақытта мен тез ренжіп, тіпті жылап жіберуім мүмкін** | Эмоционалды сезімталдық, қажу | *Сен көбіне не нәрсеге ренжисің? Өз уайымдарың туралы әдетте кімге айтасың?* |
| **Соңғы уақытта менде жанжалдар көбейді** | Қарым-қатынастағы шиеленіс | *Жанжалдар көбіне кіммен болады – құрдастарыңмен бе, әлде ересектермен бе? Олар әдетте неден басталады?* |
| **Соңғы уақытта үй тапсырмалары қызықты бола бастады** | Оқу ынтасының төмендеуі | *Қазір саған қандай тапсырмалар ең іш пыстырарлық болып көрінеді? Оқуды қызықтырақ етуге не көмектесер еді?* |
| **Соңғы уақытта мұғалімдердің түсіндіргендерін нашар түсінетін болдым** | Оқудағы қиындықтар | *Бұл көбіне қай пәндерде болады? Дәл нені түсіну қиынға соғады?* |
| **Соңғы уақытта жағымсыз жағдайларды ұзақ уақыт уайымдаймын** | Эмоционалдық тұрғыдан қайта қалпына келудің қиындығы | *Жағымсыз жағдайларды жеңуге саған не көмектеседі?Саған сабыр сақтауға көмектесетін адам бар ма?* |
| **Соңғы уақытта ұйқым қанбай жүр** | Демалыс режимінің бұзылуы | *Әдетте сағат нешеде ұйқыға жатасың? Ұйқыңның қануына көбіне не кедергі болады?* |
| **Соңғы уақытта 5-сыныпта өткен жылғы мұғалімдерім сабақ бергенін қалаймын** | Жаңа педагогтарға бейімделудің қиындықтары | *4-сыныптан саған ең көп жетіспейтін нәрсе не? Жаңа мұғалімдерге үйренуде не нәрсе ең күрделі болды?* |

| | | |
|---|---|---|
| **Маған ересектің көмегі қажет** | Қолдау алуға бағытталған тікелей өтініш | *Қазіргі уақытта саған қандай көмектің болғаны өте маңызды? Көмек сұрап жүгіне алатын ересек адам бар ма?* |

### Маңызды

Барлық сұрақтарды қатарынан қоюға тырыспаңыз. Сұхбаттың негізгі міндеті – баланың жауаптарының артында қандай қиындықтар тұрғанын түсіну. Көбінесе шаршаудың артында мазасыздық, жанжалдардың артында – жалғыздық сезімі, ал үлгерімнің төмендеуінің артында – қателіктерден қорқу немесе өзіне деген сенімділікті жоғалту жатады. Сондықтан тек диагностика қорытындыларына ғана емес, баланың өзі айтып берген шынайы әңгімесіне де назар аудару маңызды.

## 5-сынып білім алушыларына арналған жартылай құрылымдалған сұхбаттың қосымша сұрақтары

Бұл сұрақтар отбасындағы жағдайды, құрдастарымен қарым-қатынас ерекшеліктерін және қолдау ресурстарының бар-жоғын нақтылауға көмектеседі. Оларды диагностика қорытындыларын талқылағаннан кейін, баланың жағдайын тереңірек түсіну қажеттілігі туындаған сәтте қолдану ұсынылады.

### Отбасымен қарым-қатынас туралы сұрақтар

| Педагог-психологтің сұрағы | Егер бала ықыласпен жауап берсе | Егер бала үнсіз қалса / қысқа жауап берсе |
|---|---|---|
| **Үйде әдетте кіммен көбірек уақыт өткізесің?** | *Бірге не істегенді жақсы көресіздер?* | *Бұл көбіне анаң ба, әкең бе, әжең бе, әлде басқа адам ба?* |
| **Егер сенде қандай да бір мәселе туындаса немесе көңіл-күйің түссе, үйде ең бірінші кімге барасың?** | *Неліктен дәл осы адамға?* | *Үйде өзіңе сөйлесу ең оңай болатын біреу бар ма?* |
| **Үйде кештеріңіз әдетте қалай өтеді?** | *Осы уақытта саған бәрінен де не көбірек ұнайды?* | *Көбіне уақытты бірге өткізесіздер ме, әлде әркім өз шаруасымен айналыса ма?* |

## Сыныптастармен қарым-қатынас туралы сұрақтар

| Педагог-психологтің сұрағы | Егер бала ықыласпен жауап берсе | Егер бала үнсіз қалса / қысқа жауап берсе |
|---|---|---|
| **Қазір өз сыныбың туралы не айтасың? Балалардың бойынан саған не ұнайды?** | *Егер 1-ден 10-ға дейінгі шкала бойынша бағаласаң, сыныпта өзіңді қаншалықты жайлы сезінесің?* | *Сыныбың саған ұнай ма, әлде әлі үйрене алмай жүрсің бе?* |
| **Сыныпта достарың бар ма? Олармен араласқанда саған не ұнайды?** | *Басқаларға қарағанда өзіңе араласқан ерекше жағымды болатын балалар бар ма?* | *Үзілісте әдетте кіммен бірге боласың?* |
| **Балалардың арасында өзіңді жалғыз сезінетін кездерің бола ма? Бұл қандай жағдайларда болады?** | *Кейде сені ешкім түсінбейтіндей сезім бола ма?* | *Сыныпта өзіңді шеттетілгендей сезінетін сәттер бола ма?* |

## Ресурстар мен қолдау туралы сұрақтар

| Педагог-психологтің сұрағы | Егер бала ықыласпен жауап берсе | Егер бала үнсіз қалса / қысқа жауап берсе |
|---|---|---|
| **Қандай да бір іс оңға баспай, қиындықтар туындағанда, оны жеңуге саған не көмектеседі?** | *Бұл нәрсенің саған көмектесетінін қалай түсіндің?* | *Мүмкін бұл музыка, достар, ойындар, спорт немесе басқа бір нәрсе шығар?* |
| **Қай сәттерде өзіңді ерекше сенімді сезінесің?** | *Саған сенімділікті сезінуге дәл не көмектеседі?* | *Қасында өзіңді сенімдірек сезінетін белгілі бір орын, айналысатын іс немесе адам бар ма?* |
| **Қазіргі уақытта саған бәрінен де көп қуаныш немесе ләззат сыйлайтын не нәрсе?** | *Бұл туралы толығырақ айтып берші.* | *Тіпті ең сәтсіз (жаман) күннің өзінде әдетте сені не қуанта алады?* |

## Бұл сұрақтардың маңызды болу себебі:

– **отбасы** – баланың үйде эмоционалдық тірегі бар-жоғын түсінуге көмектеседі;

– **сыныптастар** – ұжымдағы қабылдану деңгейін және әлеуметтік оқшаулану қаупін бағалауға мүмкіндік береді;

– **ресурстар** – баланың қиын жағдайларда не нәрсеге сүйеніп үлгергенін және әрі қарайғы жұмыста қолдаудың қандай ішкі немесе сыртқы көздерін пайдалануға болатынын көрсетеді.

Кейде дәл осы ресурстық блок педагог-психологке мәселелердің өзін талқылауға қарағанда көбірек ақпарат береді, өйткені ол тек проблеманы ғана емес, оны еңсеру мүмкіндіктерін де көрсетеді.

5-сынып білім алушылары үшін, әсіресе дезадаптация белгілері байқалған және алғашқы әдістеме бойынша қауіп-қатердің қызыл аймағына түскен жағдайда, қосымша «Филлипстің мектептегі мазасыздық тестін» жүргізу ұсынылады. Бұл әдістеме мектептегі мазасыздықтың деңгейі мен құрылымын неғұрлым егжей-тегжейлі бағалауға, сондай-ақ шиеленістің нақты аймақтарын айқындауға мүмкіндік береді: өзін-өзі көрсетуден қорқу, бағаланудан қорқу, әлеуметтік жағдайларды бастан өткеру, стреске физиологиялық реакциялар және мектептегі жалпы эмоционалдық фон.

Аталған әдістемені қолдану орта буынға өту кезеңінде ерекше маңызды, өйткені бұл уақытта балада оқу талаптары, мұғалімдер жүйесі және әлеуметтік орта бір мезгілде өзгереді.

### Филлипс тестінің нәтижелері бойынша нақтылаушы сұрақтар

Филлипс тестінің нәтижелері өңделгеннен кейін барлық тармақтарды егжей-тегжейлі талқылау міндетті емес. Сұхбат мазасыздық деңгейі жоғары анықталған шкалалар бойынша ғана жүргізіледі.

| Мазасыздық көрсеткіші (Филлипс) | Егер қауіп-қатер белгілері анықталса | Педагог-психологтің нақтылаушы сұрақтары |
|---|---|---|
| **Жалпы мектептегі мазасыздық** | *Бала мектепте жиі уайымдайды, шиеленісті сезінеді* | *Мектептегі қай сәттерде сен көбіне қобалжи бастайсың? Өзіңнің уайымдай бастағаныңды әдетте қалай түсінесің?* |

| | | |
|---|---|---|
| **Өзін-өзі көрсетуден қорқу** | *Жауап беруден, сөйлеуден, өзін танытудан қорқады* | *Сен үшін ең күрделісі не – тақтаға шығып жауап беру ме, сабақ үстінде ме, әлде кенеттен сұраған кезде ме? Сондай сәттерде не ойлайсың?* |
| **Мұғалім тарапынан бағаланудан қорқу** | *Мұғалімнің пікіріне қатты тәуелді болу* | *Мұғалім сені бағалаған кезде өзіңді қалай сезінесің? Жауап берер алдында алдын ала уайымдайтын кездерің бола ма?* |
| **Айналадағылардың үмітін ақтамаудан қорқу** | *«Мен жеткілікті дәрежеде жақсы емеспін» деген уайым* | *Сен үшін кімнің үміті ең маңызды? Мектепте «жақсы нәтиже көрсету» сен үшін нені білдіреді?* |
| **Әлеуметтік жағдайлардан қорқу** | *Сыныптастармен қарым-қатынастағы шиеленіс* | *Сыныпта өзіңді онша сенімді сезінбейтін жағдайлар бола ма? Кіммен араласу саған ең оңай?* |
| **Сәтсіздікке ұшырауды бастан өткеру** | *Қателіктер мен сәтсіздіктер кезіндегі қиындықтар* | *Бір нәрсе іске аспай қалса, әдетте не сезінесің? Мұны жеңуге саған не көмектеседі?* |
| **Стреске физиологиялық реакция** | *Шаршау, бас ауруы, ішкі шиеленіс* | *Қобалжыған кезде денеңде бір өзгерістер болатынын байқайсың ба? Мектепте шаршауды көбіне қашан сезінесің?* |

### ! Жұмыстың маңызды принципі

Филлипс тестінің қорытындылары оқшауланған түрде қарастырылмайды. Олар алғашқы диагностика мәліметтерімен, бақылаулармен және баламен әңгімелесу нәтижелерімен өзара салыстырылады. Педагог-психологтің негізгі міндеті – мазасыздық деңгейін жай ғана тіркеп қою емес, оның дәл қандай мектеп жағдайларында көрініс табатынын және оны не күшейтетінін түсіну.

Мұндай тәсіл жалпылама «мазасыздық» көрсеткішінен баланың қолдау мен сүйемелдеуді қажет ететін нақты өмірлік жағдайларына көшуге мүмкіндік береді.

**5–11 сынып білім алушыларымен жартылай құрылымдалған сұхбат жүргізу және тереңдетілген диагностика жасау үлгісі**

Диагностикадан өткеннен кейін 5–11 сынып білім алушыларына арналған жартылай құрылымдалған сұхбатты жүргізу алгоритмін қарастырайық.

Егер диагностика қорытындысы бойынша баланың/жасөспірімнің тек бір ғана әдістеме бойынша қауіп-қатердің қызыл аймағында екені анықталса, сұхбат дәл осы әдістеменің сұрақтары негізінде құрылады. Бұл ретте ең маңызды жауаптарды нақтылауға басымдық беріліп, бұның немен байланысты болуы мүмкіндігі және қазіргі сәтте балада қаншалықты ресурстардың бар екені қосымша анықталады.

Ал егер білім алушыда екі немесе одан да көп әдістемелер бойынша қызыл аймақ анықталса, теріс немесе мазасыз жауаптар алынған тармақтарға ерекше назар аудара отырып, барлық диагностикалардың сұрақтарын кіріктіру қажет. Бұл жағдайда сұхбат нақтырақ сипатқа ие болады және бала өмірінің әртүрлі салаларының (мектеп, отбасы, эмоционалдық күйі, құрдастарымен қарым-қатынасы) арасындағы өзара байланысты түсінуге бағытталады.

Жартылай құрылымдалған сұхбатты бастамас бұрын, білім алушымен алғашқы байланысқа назар аудару маңызды. Бұл кезеңде педагог-психолог баланың немесе жасөспірімнің әңгімелесуге қаншалықты бейім екенін, ересек адамға қалай әрекет ететінін, диалогқа қаншалықты тез қосылатынын және жеке тақырыптарды талқылауға дайындығын бағалайды. Әрі қарайғы жұмыстың тереңдігі мен қарқыны осыған байланысты болады: кейбір жағдайларда әңгімеге жұмсақ түрде кірісу жеткілікті болса, ал кей жерлерде сенімділік орнатуға және шиеленісті азайтуға көбірек уақыт қажет.

Жағдайға байланысты, **алдымен тереңдетілген диагностика жүргізіліп, содан кейін ғана сұхбаттың өзі өткізілуі мүмкін**. Онда

алғашқы диагностика қорытындылары да, тереңдетілген әдістемелердің мәліметтері де пайдаланылады. Қосымша құралдарды таңдау анықталған проблемалық аймаққа (эмоционалдық күйі, мазасыздық, отбасындағы қарым-қатынас, мектепке бейімделу және т.б.) байланысты диагностиканың навигациялық картасы бойынша жүзеге асырылады. Мұндай тәсіл сұхбатты нақтырақ және мақсатты етуге мүмкіндік береді, сондай-ақ сауалнаманы ресми түрде қайталап сұраудан қашуға көмектеседі – оның орнына педагог-психолог баланың шынайы қауіп-қатер аймақтары мен тірі жауаптарына сүйенеді.

**! Жұмыстың маңызды принципі**

Әңгімелесу барысында педагог-психолог бүкіл сауалнаманы қайталап шықпайды, тек нақтылауды және тереңірек түсінуді қажет ететін жауаптарға ғана сүйенеді. Бала айқын қолайсыздықты, эмоционалдық фонның төмендеуін немесе ресурстардың жоқтығын атап өткен мәлімдемелерге ерекше назар аударылады.

***Нақтылаушы сұрақтарға көшу үлгісі***

*Сенің «енді ештеңе қуантпайды» деп белгілегеніңді және бұның жиі болатынын көріп тұрмын.*

*Сондай сәттерде бұл сен үшін қалай сезіледі?*

*Бұл көбіне шаршау ма, мұң ба, әлде ішкі бостық сезімі ме?*

*Сен мұны сезінген кезде, әдетте айналаңда не болып жатады?*

**Мұндай тәсілдің басты мәні**

Педагог-психологтің міндеті – сауалнаманы тексеру емес, баланың ішкі тәжірибесін оның өз тұжырымдары арқылы түсіну. Дәл солай болғандықтан, әрбір «теріс жауап» диагностикалық парақтағы жай ғана белгі емес, шынайы диалогқа түсудің бастау нүктесіне айналады.

Мұндай формат ресми диагностикадан баланың күйін нақты түсінуге және әрі қарайғы сүйемелдеу бағытын құруға көшуге мүмкіндік береді.

## К. Риффтің әл-ауқат шкаласы бойынша жартылай құрылымдалған сұхбат жүргізу үлгісі

| Әдістеме тармағы | Егер қауіп-қатер белгілері анықталса | Егер бала ықыласпен жауап берсе (нақтылау) | Егер бала үнсіз қалса / қысқа жауап берсе |
|---|---|---|---|
| **Мен бұрынғыдай жағымды нәрселерге ұмтыламын.** | Ынтаның төмендеуі, мақсаттарды жоғалту | *Қазіргі уақытта не нәрсеге ұмтылғың келеді?* | *Мүмкін қазіргі уақытта мақсаттарды айқындау қиын болып жүргенін сезетін шығарсың?* |
| **Мен өте жақсы ұйықтаймын** | Ұйқының бұзылуы, мазасыздық | *Әдетте ұйқың қалай өтеді?* | *Қалай ұйықтайсың? Тыныш па, әлде қиындықтар бола ма?* |
| **Менің жылағым келеді** | Эмоционалдық шиеленіс | *Көбіне қай сәттерде жылағың келеді? Өзіңе жылауға рұқсат бересің бе?* | *Бұл көбіне мұңайғандықтан ба, әлде шаршағандықтан ба?* |
| **Маған бір жерге барған ұнайды** | Белсенділікке деген қызығушылықтың төмендеуі | *Қазіргі уақытта саған көбіне қайда барған ұнайды?* | *Сыртқа көбірек шыққың келе ме, әлде үйде қалғың келе ме?* |
| **Мен үйден кеткім келеді.** | Отбасындағы шиеленіс, қауіпсіздіктің болмауы | *Үйден кетіп қалуға ерекше қалау қай кезде пайда болады? Үйде көбіне тыныш па, әлде ауыр ма?* | *Бұл әдетте жай ғана ой ма, әлде үйден кетуге әрекет жасаған кездерің болды ма?* |
| **Менің асқазаным ауырады/құрысулар болады / басым ауырады.** | Психосоматика, стресс | *Сен ішіңнің немесе басыңның ауыратынын атап өтіпсің, бұл дәл қай кезде болады?* | *Қазір өзіңді қалай сезініп тұрсың? Жалпы денсаулығың қалай?* |
| **Менде көп күш-қуат бар.** | Астения / қажу | *Өзіңді қай кезде сергегірек, күш-* | *Бойыңда көбіне шаршау сезімі* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | *қуатқа толы сезінесің?* | *басым ба, әлде бәрі қалыпты ма?* |
| **Маған тамақтануым ұнайды.** | Жалпы әл-ауқаттың төмендеуі | *Соңғы уақытта жейтін тамағыңның ұнамайтынын белгілепсің, жалпы тәбетің болмай жүр ме, әлде өзіңе ұнайтын ерекше бір тағам бар ма?* | *Қазір тәбетің әдеттегідей ме, әлде өзгерді ме?* |
| **Мен өзімді қорғай аламын** | Сенімділіктің төмендеуі | *Қандай жағдайларда өзіңді қорғай аласың? Ал қай кездерде қорғай алмайсың?* | *Өзіңді қорғау көбіне қолыңнан келе ме, әлде бұл қиын ба?* |
| **Мен өмірдің еш мәні жоқ деп ойлаймын.** | Суицидтік ойлар (жоғары қауіп-қатер) | *«Өмірдің ешқандай құны жоқ» дегенді қалай түсінесің? Бұл туралы толығырақ айта аласың ба?* | *Бойыңда сені мазалайтын немесе жаныңа бататын ауыр ойлар бола ма?* |
| **Мен өзім айналысатын істе жақсымын.** | Өзін-өзі бағалаудың төмендеуі | *Өзіңді қай істе күштімін деп есептейсің?* | *Өзіңнің қолыңнан бәрінен де жақсы келетін бір іс бар ма?* |
| **Маған бұрынғыдай өзім істейтін ісім ұнайды.** | Қызығушылықты жоғалту | *Қазіргі уақытта саған аздап болса да қуаныш сыйлайтын іс бар ма?* | *Соңғы кезде көңіл-күйің қалай, өзіңнің хоббиің немесе тыңдайтын музыкаң сені қуанта ма?* |
| **Мен достарыммен және отбасыммен сөйлескенді ұнатамын** | Әлеуметтік оқшаулану | *Кіммен араласқан саған ерекше жағымды?* | *Қазіргі уақытта араласу, ішкі сырыңды бөлісу оңайырақ болатын адамдар бар ма?* |
| **Мен қорқынышты түстер көремін** | Мазасыздық, стресс | *Сен қорқынышты түстер көретініңді атап өтіпсің. Ең соңғы көрген түсің есіңде* | *Түсіңде сені мазалайтын, жиі мазаңды алатын жағдайлар бола ма?* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | *ме, айтып бере аласың ба?* | |
| **Мен өзімді өте жалғыз сезінемін** | Оқшаулану сезімі | *Өзіңді көбіне қай кезде жалғыз сезінесің?* | *Жаныңда адамдар болса да, бәрібір өзіңді жалғыз сезінетін сәттер бола ма?* |
| **Мені оңай көңілдендіруге болады.** | Эмоционалдық сезімталдықтың төмендеуі | *Әдетте сені не қуантады?* | *Қазіргі уақытта көңіл-күйіңді көтеру бұрынғыға қарағанда оңай ма, әлде қиынырақ па?* |
| **Мен өзімді сондай мұңды сезінемін, оған шыдау қиын.** | Депрессияның жоғары деңгейі | *Көңілің қатты түскенде, мұны жеңуге саған не көмектеседі?* | *Көңіліңнің түсетінін белгілепсің, бұл сенде қаншалықты жиі болып тұрады?* |
| **Маған өте қызықсыз.** | Эмоционалдық бостық, апатия | *Ішіңнің өте пысатынын атап өтіпсің. Сеніңше, қазір саған бәрінен де не жетіспейді?* | *Ішіңнің өте пысатынын айттың. Бұрын саған қызықты болған немесе қуаныш сыйлаған қандай да бір іс бар ма еді?* |
| **Маған ересек адамның көмегі қажет** | Көмек алуға бағытталған тікелей өтініш | *Қазіргі уақытта саған қандай көмек жетіспейді?* | *Өзің сенетін, көмек сұрап жүгіне алатын ересек адам бар ма?* |

## Жартылай құрылымдалған сұхбаттың үлгісі (RCADS-25 әдістемесі)

| Сауалнама тармағы | Егер қауіп-қатер белгілері анықталса | Оралу және нақтылау | Тағы нені нақтылау маңызды |
|---|---|---|---|
| **Мен өзімді мұңды және іштей бос қалғандай сезінемін** | Тұйықталған эмоционалдық күй | *Сенің жиі мұңайып немесе іштей бостықты сезінетініңе назар аудардым. Бұл күйді өзің қалай түсінесің?* | *Әдетте бұл қашан пайда болады? Өзіңді жақсырақ сезінуіңе не көмектеседі?* |
| **Мен бір нәрсені дұрыс істемедім деп ойласам, алаңдаймын.** | Мазасыздық, қателіктен қорқу | *Қателіктер сені қатты қобалжытатынын байқадым. Бір нәрсені дұрыс істемегендей* | *Сенің уайымыңды әдетте кім бірінші байқайды?* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | *сезінгенде, бойыңда не болады?* | |
| **Үйде жалғыз қалудан қорқамын** | Қауіпсіздік сезімінің болмауы | *Үйде жалғыз қалу сен үшін оңай емес екеніне назар аудардым. Дәл осы жағдайда сені не нәрсе мазалайды?* | *Өзіңді сабырлы әрі қауіпсіз сезінетін жер бар ма?* |
| **Енді мені ештеңе қуантпайды.** | Өмірге деген қызығушылықтың төмендеуі | *Қазіргі уақытта үйреншікті нәрселерден қуаныш алу сен үшін қиын болып жүргенін байқадым. Мұны алғаш рет қашан сезіндің?* | *Бұрын саған не қуаныш сыйлайтын еді? Қазір сондай бір нәрсе қалды ма?* |
| **Мен жақындарымның біріне қорқынышты нәрсе болуы мүмкін деп алаңдаймын.** | Отбасы үшін мазасыздану | *Жақын адамдарың үшін жиі алаңдайтыныңа назар аудардым. Басыңа көбіне қандай ойлар келеді?* | *Сондай сәттерде саған сабыр сақтауға не көмектеседі?* |
| **Адамдар көп жиналған жерлерде болудан қорқамын.** | Әлеуметтік мазасыздық | *Адамдардың көп болуы сенде қобалжу тудыруы мүмкін екенін байқадым. Мұндай жерлерде дәл не нәрсе жайсыздық туғызады?* | *Өзіңді тыныштырақ сезінетін орындар бар ма?* |
| **Басқа адамдар мен туралы не ойлайды деп алаңдаймын.** | Айналадағылардың бағасына тәуелділік | *Басқа адамдардың пікірі сен үшін өте маңызды екеніне назар аудардым. Кімнің пікірі үшін бәрінен де көбірек уайымдайсың?* | *Есіңде ерекше сақталып қалған оқиға болды ма?* |
| **Менің ұйқым дұрыс емес.** | Эмоционалдық шиеленіс | *Қазіргі уақытта ұйықтау сен үшін оңай емес екенін байқадым. Ұйықтауға жатар алдында әдетте не болады?* | *Ұйықтауға кедергі келтіретін ойлар бар ма?* |
| **Мен жалғыз ұйықтаудан қорқамын.** | Мазасыздық | *Түнде жалғыз қалу сен үшін мазасыз екеніне назар аудардым. Ұйықтар алдында* | *Өзіңді тыныштырақ сезінуіңе не көмектеседі?* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | *әдетте не туралы ойлайсың?* | |
| **Менің тәбетім дұрыс емес.** | Стресс, эмоционалдық қолайсыздық | *Соңғы уақытта тамаққа деген көзқарасыңның өзгергенін байқадым. Мұны өзің қалай сезінесің?* | *Бұл қашан басталды?* |
| **Кейде себепсіз күтпеген жерден басым айналады немесе есімнен танып қаламын.** | Ықтимал психосоматикалық көріністер | *Денеңде белгілі бір себепсіз жағымсыз сезімдердің болатынына назар аударды. Бұл көбіне қандай жағдайларда болады?* | *Осының алдында әдетте не болып еді?* |
| **Кейбір әрекеттерді қайта-қайта жасауға тура келеді** | Еріксіз қайталанатын әрекеттер | *Кейбір әрекеттерді бірнеше рет қайталағың келетінін байқадым. Егер оны істемесең, не сезінесің?* | *Оны істеп болғаннан кейін не болады?* |
| **Маған күш-қуат жетіспейді** | Қажу | *Саған жиі күш-қуат жетіспейтініне назар аударды. Күннің қай мезгілінде бұл ерекше қатты сезіледі?* | *Өзіңді жеңіл сезінуге көмектесетін іс-әрекеттер бар ма?* |
| **Кейде себепсіз күтпеген жерден денем дірілдеп немесе қалтырай бастайды.** | Жоғары мазасыздық | *Кейде денеңнің өзінен-өзі әрекет ете бастайтынын байқадым. Бұл күйдің жақындап қалғанын әдетте қалай түсінесің?* | *Мұнымен күресуге не көмектеседі?* |
| **Менің ойым шашыраңқы** | Жоғары шиеленіс | *Кейде саған зейін қою және ойларыңды жинақтау қиын болатынына назар аударды. Бұл көбіне қандай жағдайларда болады?* | *Ойдың айқындылығын қайтаруға не көмектеседі?* |
| **Мен өзімді пайдасыз сезінемін** | Өзін-өзі бағалаудың төмендеуі | *Өзіңнің құндылығыңды әрдайым көре бермейтініңді байқадым. Мұндай ойлар көбіне не себепті* | *Сенің қолыңнан не жақсы келеді?* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | *пайда болады? Сенің қолыңнан не жақсы келеді?* | |
| **Жаман нәрсе болмауы үшін мен ерекше тәсілмен ойлаймын.** | Жоғары мазасыздық | *Кейде белгілі бір ойлар немесе әрекеттер арқылы жағдайды бақылауда ұстауға тырысатыныңа назар аудардым. Олар саған нені сезінуге көмектеседі?* | *Егер олай істемесең, не болады?* |
| **Мен өмірді тым қиын деп сезінемін.** | Эмоционалдық қолайсыздық | *Қазіргі уақытта саған өте ауыр бір нәрсені жеңуге тура келіп жүргенін байқадым. Сені бәрінен де не көбірек қажытады немесе мазалайды?* | *Қазір саған оңай емес екенін кім біледі?* |
| **Менің қимыл-қозғалыс жасағым келмейтінін сезінемін.** | Апатия | *Кейде саған ештеңе істегің келмейтініне назар аудардым. Сондай күнің әдетте қалай өтеді?* | *Істерге аздап болса да араласуыңа не көмектеседі?* |
| **Ешқандай себепсіз бірденеден қорқып қаламын ба деп алаңдаймын.** | Күту мазасыздығы | *Сені мазасыздық немесе қорқыныш сезімінің өзін алдын ала күту күйі мазалайтынын байқадым. Бұл көбіне қашан болады?* | *Осы сәтте саған не көмектеседі?* |
| **Мен қатты шаршадым** | Шамадан тыс қажу | *Шаршау сен үшін үйреншікті күйге айналғанына назар аудардым. Қазір саған ең көп күш-қуат шығындататын не нәрсе?* | *Демалып, қалпыңа келуге мүмкіндік бар ма?* |
| **Басқа балалар мені мазақ ете ма деп алаңдаймын.** | Әлеуметтік мазасыздық | *Басқа адамдардың саған деген көзқарасы сен үшін маңызды екенін байқадым. Осы үшін қаттырақ уайымдай бастауыңа түрткі болған оқиға болды ма?* | *Қасында өзіңді еркін ұстай алатын адамдар бар ма?* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Кейде жаман нәрсе болмауы үшін кейбір әрекеттерді ерекше тәсілмен жасаймын.** | Рәсімдер, мазасыздық | *Кейбір әрекеттерді белгілі бір тәсілмен ғана істеу сен үшін маңызды екеніне назар аударды. Бұдан кейін сен үшін не өзгереді?* | *Бұл тәсілден бас тарту қаншалықты қиын?* |
| **Мен өзімді мазасыз сезінемін.** | Жалпы мазасыздық | *Соңғы уақытта өзіңді жиі мазасыз сезінетініңді байқадым. Қазір ойынды бәрінен де көп мазалап жүрген не нәрсе?* | *Мазасыздық азаятын сәттер бола ма?* |
| **Менімен бір жаман нәрсе болып қалама деп алаңдаймын.** | Қауіп-қатер мазасыздығы | *Өзіңді қауіпсіздікте сезіну сен үшін қиын болып жүргеніне назар аударды. Сені дәл не көбірек мазалайды?* | *Өзіңді тыныштырақ сезінуіңе кім көмектеседі?* |
| **Маған ересек адамның көмегі қажет** | Қолдау алуға бағытталған өтініш | *Қазіргі уақытта саған ересек адамның көмегі ерекше қажет екенін байқадым. Саған қандай қолдау бәрінен де көбірек жетіспейді?* | *Қазірдің өзінде ішкі сырыңды ашып, сене алатын ересек адам бар ма?* |

## Жартылай құрылымдалған сұхбаттың үлгісі («Саған қалай қарайды?» экспресс-сауалнамасы, 5–7-сыныптар)

| Сауалнама тармағы | Егер қауіп-қатер белгілері анықталса | Оралу және нақтылау | Тағы нені нақтылау маңызды |
|---|---|---|---|
| **Үйде жақындарыңмен болатын жанжалдар салдарынан өзіңді жиі мазасыз немесе көңілсіз сезінесің бе?** | Отбасындағы шиеленіс, эмоционалдық қауіпсіздіктің болмауы | *Үйде сені мұңайтатын немесе уайымдауға мәжбүр ететін жағдайлар болатынына назар аударды. Сондай сәттерде әдетте не болады?* | *Бұл қаншалықты жиі қайталанады? Жанжалдарға көбіне кімдер қатысады?* |
| **Үйдегі ересектер саған тым қатал қарайды, сені тыңдағысы** | Қолдаудың жетіспеуі, эмоционалдық қысым | *Саған ересектер тарапынан түсіністік жетіспеуі мүмкін екенін байқадым. Қандай* | *Өз көзқарасыңды түсіндірудің сәті түсе ме? Сені* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **келмейді немесе үнемі мін тағады деп ойлайсың ба?** | | *жағдайларда мұны ерекше қатты сезінесің?* | *қолдайтын ересек адам бар ма?* |
| **Күнделігіңді, телефоныңды немесе хат-хабарларыңды сенің рұқсатыңсыз тексеретін жағдайлар бола ма?** | Жеке шекаралардың бұзылуы, бақылау | *Сен үшін жеке кеңістік тақырыбы маңызды болуы мүмкін екенін көрдім. Мұндай жағдай орын алғанда өзіңді қалай сезінесің?* | *Бұл туралы ата-анаңмен сөйлестің бе? Олар өз әрекеттерін қалай түсіндіреді?* |
| **Басқа балалардың сені мазақтап, келемеждеп немесе көпшіліктің алдында күлетін жағдайлары бола ма?** | Буллинг, эмоционалдық зорлық-зомбылық | *Саған жағымсыз сөздермен немесе мазақпен бетпе-бет келуге тура келгеніне назар аудардым. Маған бұның әдетте қалай болатынын айтып берші?* | *Мұны кім істейді? Қаншалықты жиі? Қасыңда сені қолдайтын адамдар бар ма?* |
| **Басқа балалардың сені әдейі ойынға немесе өз ортасына қоспай, елемей немесе байқамағандай кейіп танытатын кездері бола ма?** | Әлеуметтік шеттетілу | *Кейде өзіңді ортадан шеттетілгендей сезінетініңді байқадым. Бұл сен үшін қалай көрінеді?* | *Қасында өзіңді еркін ұстайтын, өзіңдік ортақ деп санайтын достарың бар ма? Бұл сенің жаныңа қаншалықты қатты батады?* |
| **Басқа балалардың саған әмір жүргізіп, қорқытып немесе өз еркіңе қарсы бір нәрсе істеуге мәжбүрлейтін жағдайлары кездесе ме?** | Құрдастар тарапынан болатын қысым | *Саған қысым жасалатын жағдайлардың болатынын көрдім. Бұл әдетте қандай жағдайлар?* | *Бас тартудың сәті түсе ме? Егер сен "жоқ" деп айтсаң, не болады?* |
| **Мұғалімдердің немесе мектептегі басқа ересектердің сенімен сөйлесу мәнеріне** | Педагогтермен жанжал, эмоционалдық осалдық | *Мектептегі ересектердің сөздері жаныңа батуы мүмкін екеніне назар аудардым. Дәл не нәрсе реніш тудырады?* | *Бұл нақты бір мұғаліммен байланысты ма, әлде әртүрлі адамдар ма? Бұның жалғасып* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **ренжитін кездерің бола ма?** | | | *жүргеніне көп болды ма?* |
| **Мұғалімнің сағаң әділетсіз немесе басқа оқушыларға қарағанда нашар қарайтыны үшін мектепке барғың келмейтін кездер бола ма?** | Мектептегі мазасыздық, эмоционалдық жайсыздық | *Кейде мектепке баруға деген ықыласыңның азаятынын байқадым.* | *Бұл немен байланысты? Өзің ерекше уайымдайтын сабақтар немесе мұғалімдер бар ма?* |
| **Өзіңнен үлкен немесе күштірек балалардың сенен ақша, тамақ немесе жеке заттарыңды талап еткен жағдайлары болды ма?** | Жеке шекаралардың бұзылуы, тәуелді позиция | *Саған басқа адамдардан бас тарту қиын болатынын көрдім. Мұндай жағдайларда әдетте не сезінесің?* | *Егер бас тартсаң, неден қорқасың? Бұл жиі бола ма?* |
| **Бас тартуға қорыққандықтан, басқа біреудің үй тапсырмасын орындауға немесе оның тапсырмаларын атқаруға мәжбүр болған кездерің болды ма?** | Бопсалау қаупі | *Саған ақша немесе заттар үшін қысым жасалуы мүмкін жағдайлардың болғанына назар аударды. Толығырақ айтып берші.* | *Мұны кім істеді? Бұл қазір жалғасып жатыр ма? Ересектерден бұл туралы білетін ешкім бар ма?* |
| **Мектепте немесе үйге қайтар жолда (дәретхана, киім ауыстыратын бөлме, тұйық көше сияқты) жалғыз болуға қорқатын орындар бар ма?** | Қауіпсіздік сезімінің болмауы | *Өзіңді тыныш сезінбейтін жерлердің бар екенін байқадым. Ол жерде дәл не нәрсе мазасыздық тудырады?* | *Ол жерлерден қашуға тырысасың ба? Басқа уақытта ол жерде жағымсыз жағдайлар болды ма?* |
| **Бейтаныс адамдардың сағаң келіп, өздерімен бірге бір жерге баруды немесе** | Сыртқы қауіп-қатердің болуы | *Бейтаныс адамдармен араласқан жағдайлардың болғанын көрдім. Дәл не болды?* | *Сондай жағдайларда не істеу керектігін білесің бе? Бұл туралы біреуге айттың ба?* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **олардан бір нәрсе алуды сұрайтын жағдайлары бола ма?** | | | |
| **Саған немесе сенің көзіңше басқа біреуге күш қолданып, итеріп немесе ұрып-соққан жағдайлар болды ма?** | Физикалық агрессия | *Саған физикалық агрессиямен бетпе-бет келуге тура келгеніне назар аударды м. Ол кезде не болды?* | *Саған көмектескен адам болды ма? Мұндай жағдайлар қайталанды ма?* |
| **Саған күмәнді түйіншек немесе пакетті жеткізіп беруді ұсынып, ол үшін сыйлық немесе ақша уәде еткен жағдай болды ма?** | Тәуекелді әрекеттерге тартылу қаупі | *Ерекше немесе күдікті өтініштердің болғанын байқадым. Сонда саған не айтты?* | *Ол кім еді? Мұның не үшін қажет екенін түсіндің бе?* |
| **Саған бас тартуы қиын болған қауіпті нәрселерді (бейтаныс таблеткалар, вейптер, қоспалар және т.б.) қолданып көруді ұсынған кездер болды ма?** | Психоактивті заттарды қолдану қаупі | *Саған қауіпті болуы мүмкін заттар ұсынылуы мүмкін екенін көрдім. Бұл қалай болды?* | *Басқалар тарапынан қысым болды ма? Шешім қабылдауыңа не көмектесті?* |
| **Маған ересек адамның көмегі қажет** | Қолдау алуға бағытталған тікелей өтініш, критикалық маркер | *Қазіргі уақытта саған ересек адамның қолдауы ерекше қажет екеніне назар аударды м. Айтып берші, қандай көмек алғың келеді?* | *Өзің сенетін ересек адам бар ма? Қазірдің өзінде өзіңді тынышырақ сезінуіңе не көмектесе алар еді?* |

## *8–11 сынып білім алушыларымен* жартылай құрылымдалған сұхбат жүргізу үлгісі *(«Саған қалай қарайды» экспресс-сауалнамасы)*

| Сауалнама тармағы | Егер қауіп-қатер белгілері анықталса | Оралу және нақтылау | Тағы нені нақтылау маңызды |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Үйде жақындарыңмен қарым-қатынас кезінде өзіңді іштей қысылғандай, кінәлі немесе мазасыз сезінетін кездерің бола ма?** | Отбасындағы эмоционалдық шиеленіс | *Жақындарыңмен қарым-қатынас кейде сенде мазасыздық немесе шиеленіс тудыратынына назар аударды м. Сондай сәттерде әдетте не болады?* | *Бұл қаншалықты жиі қайталанады? Бұл көбіне кіммен байланысты? Саған сабыр сақтауға не көмектеседі?* |
| **Үйде сенің пікіріңе құлақ аспайтын немесе саған дөрекі түрде наразылық білдіретін жағдайлар бола ма?** | Эмоционалдық қысым, диалогтың болмауы | *Саған үйде өзіңді тыңдату мүмкіндігі жетіспеуі мүмкін екенін байқадым. Қандай жағдайларда мұны ерекше қатты сезінесің?* | *Сені түсінуге тырысатын ересек адам бар ма? Өз сезімдерің туралы ашық айта аласың ба?* |
| **Үйіңде жеке шекараларыңның бұзылатынын (заттарыңды, телефоныңды тексеру, жеке қалуға мүмкіндік бермеу) сезінесің бе?** | Жеке шекаралардың бұзылуы, бақылау | *Сен үшін жеке кеңістік тақырыбы қазір өте маңызды екенін көрдім. Дәл не нәрсе ең үлкен жайсыздықты тудырады?* | *Бұл қаншалықты жиі болады? Бұл туралы жақындарыңмен сөйлесуге тырыстың ба?* |
| **Құрдастарыңның бірі өзін жоғары көрсету үшін сені қорлайтын жағдайлар бола ма?** | Буллинг, психологиялық қысым | *Құрдастарың тарапынан жағымсыз көзқарасқа тап болғаныңа назар аударды м. Бұл туралы толығырақ айтып бере аласың ба?* | *Көбіне мұны кім істейді? Бұның жалғасып жатқанына көп болды ма? Сені қолдайтын балалар бар ма?* |
| **Өзіңді «артық адам» сияқты немесе ортадан әдейі шеттетілгендей сезінетін кездерің бола ма?** | Әлеуметтік оқшаулану, қабылданбау | *Кейде басқа балалардың арасында өзіңді бөтендей сезінетініңді байқадым. Бұл көбіне қандай жағдайларда болады?* | *Қасында өзіңді жайлы сезінетін достарың бар ма? Бұл сенің жаныңа қаншалықты қатты батады?* |
| **Мектепте біреудің саған қатысты** | Вербалды агрессия | *Саған жағымсыз сөздермен немесе* | *Бұл қаншалықты жиі болады? Сен* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **ренжітетін әзілдер айтатынын немесе жағымсыз пікірлер білдіретінін байқайсың ба?** | | *әзілдермен бетпе-бет келуге тура келетінін көрдім. Балалар әдетте не айтады?* | *әдетте бұған қалай жауап қайтарасың?* |
| **Мектепте ересектердің сөзі немесе әрекеті салдарынан өзіңді әділетсіз ренжіген немесе қорланғандай сезінетін жағдайлар бола ма?** | Мектептегі эмоционалдық жайсыздық | *Мектептегі ересектермен болған кейбір жағдайлар жаныңа бататынына назар аудардым. Дәл не нәрсе ерекше жағымсыз болып көрінеді?* | *Бұл нақты бір адаммен байланысты ма, әлде әртүрлі жағдайларда бола ма? Бұның басталғанына көп болды ма?* |
| **Белгілі бір мұғалімге байланысты кейбір сабақтарға барар алдында өзіңді жайсыз немесе мазасыз сезінесің бе?** | Мектептегі мазасыздық | *Кейбір сабақтардың алдында ішкі шиеленіс немесе мазасыздық сезінетініңді байқадым. Сені дәл не алаңдатады?* | *Бұл қателесуден, бағадан қорқумен байланысты ма, әлде мұғалімнің көзқарасына қатысты ма? Бұл қаншалықты жиі болады?* |
| **Сенен ақша немесе заттарды «уақытша бере тұруды» қоймай сұрап, саған бас тартуға тым қиын болған жағдайлар болды ма?** | Қысым, жеке шекаралардың бұзылуы | *Саған "жоқ" деп айту қиын болатын жағдайлардың болатынын көрдім. Мұндай сәттерде әдетте не болады?* | *Егер бас тартсаң, неден қорқасың? Мұндай жағдайлар жиі қайталана ма?* |
| **Саған ақша, өз заттарыңды беруге немесе қандай да бір жұмысты орындауға мәжбүрлеп, сен оны қорқыныштан жасайсың ба?** | Мәжбүрлеу, қысым жасау | *Саған өз қалауыңнан тыс бір нәрсе істеуге тура келгеніне назар аудардым. Маған бұның қалай болғанын айтып берші?* | *Саған кім қысым жасады? Бұл қазір де жалғасып жатыр ма? Ересектер бұл туралы біле ме?* |
| **Жолыңда өзіңді жайсыз сезінетін жерлер бар болғандықтан, күнделікті бағытыңды өзгерткің келетін жағдайлар бола ма?** | Қауіпсіздік сезімінің болмауы | *Өзіңді тыныш сезінбейтін жерлердің бар екенін байқадым. Дәл не нәрсе мазасыздық тудырады?* | *Бұл адамдармен ба, оқиғалармен бе, әлде сол орынның өзімен байланысты ма? Ол жерлерді айналып өтуге тырысасың ба?* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Қоғамдық орындарда бейтаныс адамдардың саған оғаш немесе күмәнді ұсыныстар жасаған жағдайлары бола ма?** | Сыртқы ықпал ету қаупі | *Бейтаныс адамдармен араласқан жағдайлардың болғанын көрдім. Дәл не болды?* | *Сен не істедің? Бұл туралы ересектердің біріне айттың ба?* |
| **Айналаңда мәні толық түсініксіз немесе жасырын «оңай табыс табу» туралы ұсыныстарды байқайсың ба?** | Қауіпті схемаларға тартылу қаупі | *Саған осындай ұсыныстардың кездескеніне назар аудардым. Дәл не нәрсе саған күдікті болып көрінді?* | *Мұны кім ұсынды? Сені көндіруге тырысты ма?* |
| **Саған қандай да бір затты апарып беру, жасыру немесе тауып беру үшін сыйақы ұсынған жағдайлар болды ма?** | Тәуекелді әрекеттерге тартылу | *Саған ерекше өтініштер түсуі мүмкін екенін байқадым. Сенен дәл не талап етті?* | *Бұның не үшін қажет екенін түсіндің бе? Қалай жауап бердің?* |
| **Айналаңдағы адамдардың бас тартуы қиын болатын, «қызық үшін» бір нәрсені байқап көруді ұсынған жағдайларына тап болдың ба?** | ПБЗ қолдану қаупі, құрдастар қысымы | *Саған бір нәрсені татып көруді ұсынған жағдайлардың болғанын көрдім. Бұл қалай болды?* | *Мұны кім ұсынды? Орта тарапынан қысым немесе бас тартудан қорқу сезімі болды ма?* |
| **Маған ересек адамның көмегі қажет** | Қолдау алуға бағытталған тікелей өтініш | *Қазіргі уақытта саған ересек адамның көмегі ерекше қажет екеніне назар аудардым. Айтып берші, қандай қолдау алғың келеді?* | *Үйде немесе мектепте өзің сенетін ересек адам бар ма? Саған қазірдің өзінде кім көмектесе алар еді?* |

## *Жалғыздықты сезінудің дифференциалды сауалнамасы бойынша*

## жартылай құрылымдалған сұхбат жүргізу үлгісі

| Сауалнама тармағы бойынша сұрақтар | Егер қауіп-қатер белгілері анықталса | Оралу және нақтылау | Тағы нені нақтылау маңызды |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Өзіңді жалғыз сезінесің бе?** | Эмоционалдық жалғыздық | *Өзіңе жалғыздық сезімі таныс екеніне назар аудардым. Бұл сезім көбіне қандай сәттерде пайда болады?* | *Қаншалықты жиі болып тұрады? Сондай сәттерде әдетте не сезінесің?* |
| **Саған адамдармен араласу жетіспей ме?** | Әлеуметтік байланыстардың жетіспеушілігі | *Өміріңде араласу деңгейі өзің қалағандай көп болмауы мүмкін екенін байқадым. Саған бәрінен де кіммен көбірек араласқан ұнар еді?* | *Қазіргі уақытта байланыс жасап тұратын адамдарың бар ма?* |
| **Қасыңда жақын адамның болғаны жетіспей ме?** | Эмоционалдық қолдаудың жетіспеушілігі | *Кейде қасында өзіңді тыныш әрі қауіпсіз сезінетін адамның жетіспейтініне назар аудардым. Бұл сен үшін кім болуы мүмкін еді?* | *Қазір өміріңде сондай адам бар ма? Оған сену саған қаншалықты оңай?* |
| **Сені түсінбейтін кездер бола ма?** | Түсінбеушілік сезімі | *Саған басқалардың өзіңді түсінетінін сезіну қиын болатынын байқадым. Бұл ерекше қандай жағдайларда байқалады?* | *Сені көбіне кім түсінбейді? Ал сені тыңдауға тырысатын адам бар ма?* |
| **Жалғыз қалғанда көңілің түсе ме?** | Жалғыздықты теріс бастан өткеру | *Жалғыздықтың сенің көңіл-күйіңді түсіретініне назар аудардым. Сондай сәттерде әдетте не істейсің?* | *Бұл сезім өте қатты ма, әлде жеңіл ме?* |
| **Жалғыз қалу саған қорқынышты ма?** | Жалғыздықтан туындаған мазасыздық | *Кейде жалғыз қалу сенде қобалжу тудыруы мүмкін екенін байқадым. Мұның ішінде дәл не нәрсе қорқыныштыр?* | *Бұл ойлармен бе, сезімдермен бе, әлде белгілі бір жағдайлармен байланысты ма?* |
| **Саған адамдарсыз ұзақ уақыт болу қиын ба?** | Қарым-қатынасқа тәуелділік | *Саған араласусыз ұзақ уақыт қалу қиын болуы мүмкін екеніне назар аудардым. Кіммен үнемі байланыста болу сен үшін ерекше маңызды?* | *Ұзақ уақыт қасында ешкім болмағанда өзіңді қалай сезінесің?* |
| **Тыныштық пен жалғыздық** | Оңаша қалуға деген мазасыз реакция | *Тыныштық пен жалғыздықтың сенде жайсыздық тудыруы* | *Бұл көбіне іш пысу ма, мазасыздық па,* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **саған жағымсыз ба?** | | *мүмкін екенін байқадым. Сондай сәтте не сезінесің?* | *әлде ішкі шиеленіс ба?* |
| **Жалғыз қалғанда қобалжи бастайсың ба?** | Жалғыздықтағы жоғары мазасыздық | *Жалғыз қалғанда сенде уайым-қайғы пайда болуы мүмкін екеніне назар аударды. Сондай сәттерде әдетте не туралы ойлайсың?* | *Бұл қаншалықты жиі болады?* |
| **Үнемі біреумен бірге болуға тырысасың ба?** | Жалғыздықтан қашу | *Саған адамдардың қасында болу маңызды екенін байқадым. Басқалармен араласу саған не береді?* | *Қалай болғанда да, кейде жай ғана жалғыз қалғың келетін сәттер бола ма?* |
| **Кейде жалғыз болған саған ұнай ма?** | Ресурстық оңашалану | *Кейде саған жалғыз болған жайлы екеніне назар аударды. Сондай сәттерде әдетте не істейсің?* | *Бұл саған күш жинауға көмектесе ме, әлде жай ғана демалыс па?* |
| **Тыныштықта ойлану саған оңайырақ па?** | Оңашалану арқылы өзін-өзі реттеу | *Тыныштықта ойларыңды жинақтау саған оңайырақ болуы мүмкін екенін байқадым. Әдетте не туралы ойлайсың?* | *Бұл өзіңді тынышырақ сезінуіңе көмектесе ме?* |
| **Жалғыз қалғанда демаласың ба?** | Ресурстарды қалпына келтіру | *Өзіңмен-өзің жалғыз қалу сен үшін демалудың бір тәсілі болуы мүмкін екеніне назар аударды. Мұны әдетте қалай істейсің?* | *Адамдармен араласқаннан кейін қалпыңа келу үшін саған уақыт керек пе?* |
| **Кейде өзіңмен-өзің оңаша қалған ұнай ма?** | Салауатты оңашалану | *Кейде оңаша қалған өзіңе жайлы екенін байқадым. Бұл жағдайдың сен үшін құндылығы неде?* | *Қандай жағдайларда ерекше жалғыз қалғың келеді?* |
| **Жалғыздық жағымды бола ала ма?** | Жалғыздықты ресурстық бастан өткеру | *Жалғыздықты сен әртүрлі күйде сезінуің мүмкін екеніне назар аударды. Ол сен үшін қай кезде тыныш болады?* | *Оның жағымды немесе жағымсыз болуы неге байланысты?* |
| **Саған ересек адамның көмегі қажет пе?** | Критикалық маркер, қолдау | *Қазіргі уақытта саған ересек адамның қолдауы қажет болуы мүмкін* | *Ішкі сырыңды ашу саған ең оңай* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | алуға бағытталған өтініш | *екенін байқадым. Дәл қазір сен үшін не алу маңызды?* | *болатын ересек адам бар ма?* |

## DASS-20 әдістемесіне арналған сұхбат үлгісі

| Сауалнама тармағы бойынша сұрақтар | Егер қауіп-қатер белгілері анықталса | Оралу және нақтылау | Тағы нені нақтылау маңызды |
|---|---|---|---|
| **Өткен аптада саған сабыр сақтау қиын болды ма?** | Мазасыздықтың жоғары деңгейі | *Өткен аптада саған сабыр сақтау қиын болғанына назар аудардым. Бұл ерекше қандай сәттерде байқалды?* | *Қаншалықты жиі болды? Өзіңді аздап болса да тыныштандыруға не көмектесті?* |
| **Өзіңді қатты шиеленісте немесе стресте сезінген сәттерің болды ма?** | Тұрақты эмоционалдық шиеленіс | *Сенің жиі шиеленісті сезінуің мүмкін екенін байқадым. Әдетте оған не себеп болады?* | *Бұл көбіне мектеппен бе, үймен бе, әлде әртүрлі жағдайлармен байланысты ма?* |
| **Тіпті жақсы нәрселерге де қуана алмайтын кездерің болды ма?** | Эмоционалдық фонның төмендеуі | *Кейде тіпті жақсы оқиғалардың өзі сені бұрынғыдай қуантпайтынына назар аудардым. Осындай сәтте не сезінесің?* | *Бұл жиі бола ма, әлде кейде ме? Сені әлі де қуанта алатын бір нәрсе бар ма?* |
| **Ешбір себепсіз тыныс алу қиындаған немесе ауа жетпей қалғандай сезім болды ма?** | Дүрбелең реакциялары, денедегі мазасыздық | *Денеңде белгілі бір жағымсыз сезімдердің, мысалы, ауа жетпей қалудың болуы мүмкін екенін байқадым. Бұл қандай жағдайларда орын алады?* | *Бұл сені қорқыта ма, әлде жай ғана байқап қаласың ба?* |
| **Өзіңді бір нәрсе істеуге мәжбүрлеу қиын болған сәттер болды ма?** | Апатия, қажу | *Кейде саған бір істі бастау қиынға соғатынына назар аудардым. Бұл ерекше қандай жағдайларда байқалады?* | *Бұл көбіне шаршағандықтан ба, әлде ықыластың жоқтығынан ба?* |
| **Тез ашуланып немесе шарт кетіп қалатын кездерің болды ма?** | Эмоционалдық тұрақсыздық | *Сенде ашушаңдық пен тітіркенудің тез пайда болуы мүмкін екенін байқадым. Бұл* | *Мұндай күйді әдетте қалай жеңесің?* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | *сезімді көбіне не тудырады?* | |
| **Дірілдеу, жүректің қатты соғуы немесе қатты қобалжу сәттері болды ма?** | Мазасыздықтың физиологиялық көріністері | *Кейде мазасыздықтың денеңде де сезілуі мүмкін екеніне назар аудардым. Мұны көбіне қашан байқайсың?* | *Бұл көбіне басыңдағы ойларға байланысты ма, әлде денеңдегі сезімдер ме?* |
| **Сасқалақтап қаламын ба немесе қорқып кетемін бе деп уайымдадың ба?** | Бақылауды жоғалтудан қорқу | *Кейде жағдайды бақылай алмай қаламын ба деп уайымдайтыныңды байқадым. Бұл қандай сәттерде болады?* | *Бұл нақты бір жағдайлармен байланысты ма, әлде жалпы мазасыздық па?* |
| **Алдыда ешқандай жақсылық жоқ сияқты көрінген сәттер болды ма?** | Болашақ туралы теріс ойлар | *Кейде болашақ сен үшін күрделі немесе белгісіз болып көрінуі мүмкін екеніне назар аудардым. Бұл ретте сені дәл не мазалайды?* | *Бұл сезім жиі пайда бола ма, әлде мезгіл-мезгіл ме?* |
| **Мұң немесе көңілсіздік сезімі болды ма?** | Көңіл-күйдің түсуі | *Мен сенде кейде мұңды сәттер болатынын байқадым. Мұндай кездерде әдетте саған не аздап болса да көмектеседі?* | *Бұл ұзаққа созыла ма, әлде тез өте ме?* |
| **Сен әдеттегіден гөрі көбірек өкпелегіш болып кеттің бе?** | Жоғарылаған эмоционалды сезімталдық | *Мен сенің басқалардың сөзіне немесе әрекетіне күштірек әрекет ететініңе назар аудардым. Сен көбінесе неге өкпелейсің?* | *Бұл жиі болады ма, әлде тек белгілі бір жағдайларда ғана ма?* |
| **Ешнәрсені қызығушылықпен істегің келмейтін сезім болады ма?** | Қызығушылықтың жоғалуы, ынтаның төмендеуі | *Мен саған әдеттегі нәрселерге қызығушылық таныту қиынға соғатынын байқадым. Бұрын* | *Қазір саған әлі де қызығушылық тудыратын бір нәрсе бар ма?* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | *саған ең көп не ұнайтын?* | |
| **Барлығын нашар істеп жатқандай сезім болады ма?** | Өзін-өзі бағалаудың төмендеуі | *Мен сенің кейде өзіңе күмәнданатыныңа байқадым. Сен неде өзіңді сенімді сезінесің?* | *Бұл сезім жиі пайда бола ма, әлде жекелеген жағдайларда ғана ма?* |
| **Себепсіз қатты қорқыныш сезетін сәттері болды ма?** | Мазасыздық көріністері | *Сенде кейде қатты қорқыныш немесе мазасыздық пайда болатынын байқадым. Сен мұны әдетте қалай сезінесің?* | *Бұл көбінесе ойларға қатысты ма, әлде дене реакцияларына қатысты ма?* |
| **Саған ересек адамның көмегі керек пе?** | Қолдауға тікелей сұраныс | *Мен саған қазір ересек адамның қолдауы маңызды болуы мүмкін екенін байқадым. Саған қазір қандай көмек жетіспейді?* | *Сенетін және хабарласа алатын ересек адам бар ма?* |

## Жартылай құрылымдалған сұхбаттың үлгісі (Мазасыздықты бағалау әдістемесі)

| Сауалнама тармағы бойынша сұрақтар | Егер қауіп-қатер белгілері анықталса | Оралу және нақтылау | Тағы нені нақтылау маңызды |
|---|---|---|---|
| **Қазіргі уақытта бойыңда не нәрсе басым – тыныштық па, әлде ішкі шиеленіс пе?** | Тұрақты ішкі шиеленіс | *Бойыңда көбіне шиеленіс сезімі басым болуы мүмкін екеніне назар аударды м. Ол қандай сәттерде күшейе түседі?* | *Әдетте бұл күй қанша уақытқа созылады? Басқа нәрсеге аздап болса да ой бөлуге не көмектеседі?* |
| **Өзіңді қауіпсіздікте сезінетін сәттерің бола ма?** | Қауіпсіздік сезімінің болмауы | *Қауіпсіздік сезімі сен үшін әрдайым тұрақты емес екенін байқадым. Өзіңді қай жерде бәрінен де тыныш сезінесің?* | *Қасында өзіңді толықтай жайлы сезінетін белгілі бір орын немесе адам бар ма?* |
| **Ішкі шиеленісті жиі сезінесің бе?** | Стрестің жоғары деңгейі | *Шиеленіс сен үшін өте жиі болатын күй екенін көрдім.* | *Бұл көбіне басыңдағы ойларға* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | *Әдетте оның басталуына не түрткі болады?* | *байланысты ма, әлде адамдар мен жағдайлар ма?* |
| **Өкініш немесе кінә сезімі жиі мазалай ма?** | Эмоционалдық қысым | *Кейде өз іс-әрекеттерің үшін қатты уайымдайтыныңа назар аудардым. Сондай сәттерде көбіне не туралы ойлайсың?* | *Бұл тез басыла ма, әлде ол туралы ұзақ уақыт бойы ойланып жүресің бе?* |
| **Күнделікті өмірде өзіңді еркін сезінесің бе?** | Психологиялық қысылу | *Өзіңді әрдайым еркін сезіну саған оңай емес екенін байқадым. Қандай жағдайларда өзіңді еркінірек ұстайсың?* | *Керісінше, қай жерде өзің болу ең қиын соғады?* |
| **Мұңайып немесе көңілің түсетін кездер бола ма?** | Төмендеген көңіл-күй | *Сенде мұңды кезеңдердің болуы мүмкін екенін көрдім. Сондай сәттерде саған аздап болса да не көмектеседі?* | *Бұл қаншалықты жиі болады және қанша уақытқа созылады?* |
| **Сәтсіздіктерге байланысты жиі уайымдайсың ба?** | Қателіктерге мазасыз жауап қайтару | *Сәтсіздіктер жаныңа қатты батуы мүмкін екеніне назар аудардым. Сен үшін ең күрделі жағдайлар қандай?* | *Сондай сәттерде өзіңе іштей не айтасың?* |
| **Өзіңді демалғандай сезінесің бе?** | Эмоционалдық және физикалық қажығыштық | *Шаршаудың жиналып қалуы мүмкін екенін байқадым. Соңғы рет өзіңді қашан шынымен демалғандай сезіндің?* | *Күн бойы сені бәрінен де не қатты қажытады?* |
| **Себепсіз мазасызданатын кездерің бола ма?** | Ішкі мазасыздық | *Мазасыздықтың тіпті ешбір айқын себепсіз де пайда болуы мүмкін* | *Бұл көбіне ойларыңда ма, әлде денеңде сезіле ме?* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | *екенін көрдім. Оны әдетте қалай байқайсың?* | |
| **Іштей қанағаттанушылықты сезінесің бе?** | Эмоционалдық бостық | *Саған ішкі қанағаттану сезімі әрдайым жетіспеуі мүмкін екеніне назар аударым. Саған аздап болса да қуаныш сыйлайтын не нәрсе?* | *Қазіргі уақытта саған тірек болатын не бар?* |
| **Өзіңе деген сенімділікті сезінесің бе?** | Өзін-өзі бағалаудың төмендеуі | *Өзіңе деген сенімділіктің өзгеріп тұруы мүмкін екенін байқадым. Қандай жағдайларда өзіңді күштірек сезінесің?* | *Ал қай кезде, керісінше, өзіңе күмәнданасың?* |
| **Қобалжитын кездерің бола ма?** | Жоғары мазасыздық | *Сенің тез қобалжи бастауың мүмкін екенін көрдім. Бұл көбіне қандай жағдайларда орын алады?* | *Мұндай күйді әдетте қалай жеңесің?* |
| **Бір орнында тыныш отыру қиын болатын сәттер бола ма?** | Ішкі шиеленіс | *Саған тыныш қалыпта сабыр сақтау қиын болуы мүмкін екеніне назар аударым. Сондай сәтте ішіңнен не сезінесің?* | *Бұл мазасыздықпен байланысты ма, әлде жай ғана шаршағандықтан ба?* |
| **Дүрлігіп жүретін кездерің бола ма?** | Қатты эмоционалдық шиеленіс | *Іштей өте қатты шиеленісетін сәттердің болатынын байқадым. Оның алдында әдетте не болады?* | *Бұл күйдің басталып жатқанын қалай түсінесің?* |
| **Өзіңді босаңсыған күйде сезінесің бе?** | Созылмалы шиеленіс | *Босаңсу сен үшін әрдайым оңай емес екенін көрдім.* | *Соңғы рет өзіңді қашан тыныш сезіндің?* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | *Саған тыныштықты сезінуге не көмектеседі?* | |
| **Өзіңе көңілің толады ма?** | Өзін-өзі бағалаудың төмендеуі | *Өзіңе әрдайым риза бола бермейтініңе назар аударды м. Сонда да өзіңді қандай сәтте қолдай аласың?* | *Өзің мақтан тұта алатын ең болмағанда бір нәрсе бар ма?* |
| **Мәселелерді ойлап, жиі уайымдайсың ба?** | Мазасыз ойлар | *Мәселелер туралы ойлардың басында ұзақ сақталып қалатынын байқадым. Көбіне не туралы ойлайсың?* | *Бұл ойлардан басқа нәрсеге алаңдап, бөліну қолыңнан келе ме?* |
| **Тым қатты қобалжып, өзіңді жайсыз сезінетін кездерің бола ма?** | Қатты эмоционалдық қозу | *Ішкі қатты мазасыздық сәттерінің болатынын көрдім. Сондай уақытта не сезінесің?* | *Бұл көбіне денеңде ме, әлде ойларыңда ма?* |
| **Өміріңде қуанышты сезінесің бе?** | Төмендеген эмоционалдық фон | *Қуаныш сезімінің әрдайым бола бермейтініне назар аударды м. Саған әдетте не қуаныш сыйлайды?* | *Қазіргі уақытта қуаныш алатын бір нәрсе бар ма?* |
| **Қанағаттанушылық сезінесің бе?** | Бұрынғы істерге қызығушылықтың жоғалуы | *Үйреншікті нәрселерден ләззат алу сезімінің өзгергенін байқадым. Бұрын саған бәрінен де не көбірек ұнайтын еді?* | *Ал қазір солардың ішінен жағымды болып қалған нәрсе бар ма?* |
| **Жалпы өзіңді тыныш сезінесің бе?** | Жалпы мазасыздық | *Тыныштық күйі сен үшін әрдайым тұрақты емес екенін көрдім.* | *Осы күйді сақтап тұруға не көмектеседі?* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | *Өзіңді қай кезде ең жақсы сезінесің?* | |
| **Тез шаршайсың ба?** | Эмоционалдық және физикалық қажу | *Шаршаудың өте тез пайда болуы мүмкін екеніне назар аудардым. Нәтижесінде неден кейін ең қатты шаршайсың?* | *Бұл көбіне мектеп пе, адамдар ма, әлде жүктеме ме?* |
| **Тез жылап жіберетін кездерің бола ма?** | Эмоционалдық сезімталдық | *Эмоцияларыңның өте тез сыртқа шығатынын байқадым. Сенің жаныңа бәрінен де не қатты батады?* | *Бұл сирек пе, әлде жиі бола ма?* |
| **Бұдан да бақыттырақ болғың келе ме?** | Өз күйіне қанағаттанбаушылық | *Өзіңді жақсырақ сезінгің келетінін көрдім. Сеніңше, бұған не көмектесе алар еді?* | *Қазіргі уақытта жағдайыңды аздап болса да жақсартатын нәрсе бар ма?* |
| **Шешімдерді тез қабылдау саған қиын ба?** | Мазасыздық және күмәншілдік | *Шешім қабылдаудың кейде оңайға соқпайтынына назар аудардым. Бұл қандай жағдайларда ең қиыны?* | *Көбіне күмәнданасың ба, әлде жай ғана ұзақ ойланасың ба?* |
| **Бойыңда сергектікті сезінесің бе?** | Шаршау | *Күш-қуаттың әрдайым жеткілікті емес екенін байқадым. Өзіңді қай уақытта сергегірек сезінесің?* | *Сені бәрінен де не қатты қажытады?* |
| **Өзіңді жинақы сезінесің бе?** | Зейіннің шашыраңқылығы | *Жинақылықтың кейде жоғалып кететінін көрдім. Қандай жағдайларда зейін* | *Бұл көбіне мектепте ме, әлде үйде ме?* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | *қою саған оңайырақ?* | |
| **Болашақ туралы қатты уайымдайсың ба?** | Болашақтан қорқу | *Болашақ туралы ойлардың сенде толқыныс тудыруы мүмкін екеніне назар аударды. Сені дәл не алаңдатады?* | *Бұл көбіне оқу ма, өмір ме, әлде қарым-қатынас па?* |
| **Ұсақ-түйек нәрселер үшін уайымдайсың ба?** | Жоғары мазасыздық | *Ұсақ-түйек жағдайлардың жаныңа батуы мүмкін екенін байқадым. Дәл қандай жағдайлар?* | *Бұл тез басыла ма, әлде ұзақ уақытқа созыла ма?* |
| **Өзіңді бақытты сезінесің бе?** | Төмендеген эмоционалдық күй | *Бақыт сезімінің әрдайым бола бермейтінін көрдім. Соңғы рет қашан өзіңді шынымен жақсы сезіндің?* | *Өзіңді жақсырақ сезінуіңе не көмектеседі?* |
| **Барлық нәрсені жүрегіңе жақын қабылдайсың ба?** | Эмоционалдық сезімталдық | *Сөздер мен жағдайлардың жаныңа қатты батуы мүмкін екеніне назар аударды. Сені көбіне не қатты ренжітеді?* | *Бұл көбіне адамдарға ма, әлде жағдайларға ма?* |
| **Өзіңе деген сенімділігің бар ма?** | Өзін-өзі бағалаудың төмендеуі | *Өзіңе деген сенімділіктің тұрақсыз болуы мүмкін екенін байқадым. Сонда да өз бойыңнан қандай қасиетіңе сенімдісің?* | *Өзіңді қашан ең күшті сезінесің?* |
| **Өзіңді қауіпсіздікте сезінесің бе?** | Қауіпсіздікті сезінбеу үрейі | *Қауіпсіздік сезімінің әрдайым тұрақты емес екенін көрдім. Саған қай жерде тыныш?* | *Қасында өзіңді нақты жайлы сезінетін адамдар бар ма?* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Күрделі жағдайлардан қашасың ба?** | Қашқақтау мінез-құлқы | *Кейде күрделі жағдайлардан қашқақтайтыныңа назар аудардым. Дәл қандай жағдайлардан?* | *Қиындықтарды жеңіп көруге саған не көмектеседі?* |
| **Ішің пысып, көңіл-күйің түсетін кездер бола ма?** | Төмендеген эмоционалдық фон | *Көңіл-күйдің төмендейтін кезеңдері болатынын байқадым. Бұл күйден шығуға саған не көмектеседі?* | *Бұл қаншалықты жиі болады?* |
| **Өміріңе көңілің тола ма?** | Өмірге қанағаттанбаушылық | *Өмірге қанағаттану сезімінің өзгеріп тұратынын көрдім. Қазіргі уақытта өз өміріңнен саған не ұнайды?* | *Ал нені өзгерткің келер еді?* |
| **Ұсақ-түйек нәрселер сені тез мазасыздандыра ма?** | Мазасыздық | *Ұсақ-түйек нәрселердің сенің назарыңды бөліп, мазасыздандыруы мүмкін екеніне назар аудардым. Бұған көбіне не себеп болады?* | *Бұл жиі ме, әлде сирек пе?* |
| **Сәтсіздіктерді ұзақ уақыт бойы уайымдайсың ба?** | Уайымға байланып қалу | *Жағымсыз жағдайлардың ойыңнан шықпай, ұзақ сақталып қалатынын байқадым. Мұнымен әдетте қалай күресесің?* | *Басқа нәрсеге ауысу қолыңнан келе ме?* |
| **Өзіңді жиі тыныш сезінесің бе, әлде тез уайымдай бастайсың ба?** | Эмоционалдық тұрақсыздық | *Көңіл-күйіңнің жиі өзгеріп тұруы мүмкін екенін көрдім. Қай кезде өзіңді тұрақтырақ сезінесің?* | *Сабырлықты сақтауға не көмектеседі?* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Өз істеріңе байланысты қатты толқисың ба?** | Күту мазасыздығы | *Істер мен тапсырмалардың сенде толқыныс тудыруы мүмкін екеніне назар аударды м. Дәл қандай істер?* | *Бұл бағалармен бе, болашақпен ба, әлде адамдармен байланысты ма?* |
| **Саған ересек адамның көмегі қажет пе?** | Қауіпті маркер, қолдауға сұраныс | *Қазіргі уақытта саған ересек адамның қолдауы қажет болуы мүмкін екенін байқадым. Саған қазір ең маңызды көмек не болар еді?* | *Ішкі сырыңды ашып, көмек сұрай алатын сенімді адамың бар ма?* |

**Стандартталған тереңдетілген диагностикадан өткеннен кейінгі жартылай құрылымдалған сұхбат**

Тереңдетілген диагностика эмоционалдық қиындықтардың бар-жоғын анықтап қана қоймай, олардың артында не тұруы мүмкін екенін түсінуге мүмкіндік береді. Мазасыздықтың жоғары деңгейі, көңіл-күйдің төмендеуі, жалғыздық сезімі, эмоционалдық қажу немесе қарым-қатынастағы қиындықтар – мұның бәрі қосымша зерттеуді қажет етеді және оларды тек тестілеу нәтижелерімен ғана түсіндіру мүмкін емес.

Дәл солай болғандықтан, тереңдетілген әдістемелерді жүргізгеннен кейін жартылай құрылымдалған сұхбат өткізу ұсынылады. Оның міндеті – диагностика қорытындыларын нақтылау, жұмыс гипотезаларын тексеру және жасөспірімнің өз өмірінде болып жатқан жағдайларды қалай қабылдайтынын түсіну.

**1-нұсқа**



**Бұл алгоритмді алғашқы диагностика қорытындысы бойынша эмоционалдық қолайсыздықтың айқын белгілері анықталған және алдымен стандартталған әдістемелердің көмегімен қиындықтардың бағытын нақтылау қажет болған жағдайларда қолдану ұсынылады.**

**Артықшылығы:** педагог-психолог сұхбатқа әлдеқайда толық диагностикалық көрініспен келеді және неғұрлым нақтылаушы сұрақтарды дәлірек қоя алады**.**

**2-нұсқа**

**Алғашқы жалпы жаппай диагностика** → **Жартылай құрылымдалған сұхбат** → **Тереңдетілген диагностика**

**Бұл алгоритм алдымен баламен немесе жасөспіріммен байланыс орнату, оның жағдайын түсіну және әрі қарайғы тексерудің ең қолайлы бағытын айқындау маңызды болған жағдайларда тиімді болып табылады.**

**Артықшылығы:** әңгімелесу нақты бір балаға шынымен қажетті тереңдетілген әдістемелерді дәл таңдауға көмектеседі, сонымен қатар білім алушының әрі қарайғы диагностикаға деген дайындығын арттырады.

**Айырмашылығы неде?**

| 1-нұсқа | 2-нұсқа |
|---|---|
| Алдымен мәселені диагностика арқылы нақтылаймыз, содан кейін нәтижелерді баламен талқылаймыз. | Алдымен жағдайды әңгімелесу арқылы зерттейміз, содан кейін тереңдетілген диагностиканы таңдаймыз. |
| Айқын диагностикалық қауіп-қатерлер болғанда және баланың күйін тез нақтылау қажеттілігі туындағанда тиімді. | Жағдайдың мән-жайын жақсырақ түсіну немесе сенімді байланыс орнату қажет болғанда тиімді. |

| | |
|---|---|
| Сұхбат бірнеше диагностиканың қорытындылары негізінде құрылады. | Тереңдетілген диагностика сұхбаттың нәтижелері мен анықталған гипотезаларға сәйкес таңдалады. |

**Маңызды:** екі алгоритм де тиімді жұмыс істейді. Кезектілікті таңдау баланың жасына, байланыс деңгейіне, қауіп-қатердің айқындылығына және педагог-психологтің кәсіби шешіміне байланысты.

## Төменде Басс–Перри агрессивтілік деңгейі сауалнамасына арналған сұхбат жүргізу үлгісі

| № | Сұхбатқа арналған сұрақтар |
|---|---|
| 1 | «Кейде басқа адамды ұрып жіберуге деген ниетімді баса алмайтыныңды атап өткеніңе назар аудардым. Бұл қандай жағдайларда болады?» |
| 2 | «Жауаптарыңа қарағанда, егер сенің намысыңа қатты тисе немесе арандатса, өзіңді ұстап қалу қиынға соғады екен. Бұл рас па?» |
| 3 | «Өзіңді қорғай алу сен үшін маңызды екенін байқадым. Мұны қалай көрсетесің ?» |
| 4 | «Сенің өміріңде төбелестер басқа балаларға қарағанда жиірек болатынын атап өтіпсің. Олар әдетте не себепті туындайды?» |
| 5 | «Кейде күш қолдану өзіңнің құқықтарыңды қорғаудың жолы сияқты көрінетініне назар аудардым. Ал өзіңді тағы қалай қорғауға болады?» |
| 6 | «Сенің есіңді шығарып, қатты ашуландыра алатын адамдар бар сияқты. Бұл әдетте қалай болады?» |
| 7 | «Кейбір жағдайларда адамды ұрып жіберуің мүмкін екенін жоққа шығармайтыныңа назар аудардым. Сеніңше, бұл қандай жағдайларда орын алуы мүмкін?» |
| 8 | «Өміріңде басқа адамдарға қоқан-лоқы жасаған жағдайлардың болғанын байқадым. Бұл немен байланысты еді?» |
| 9 | «Жауаптарыңа қарағанда, кейде ашуыңның қатты болатыны сондай, бір нәрсені сындырғың немесе қиратқың келеді екен. Сондай сәттерде не істейсің?» |
| 10 | «Тез ашуланып, бірақ тез басылатыныңды жазыпсың. Қайтадан тыныш күйге келуіңе саған не көмектеседі?» |
| 11 | «Бір нәрсе іске аспай қалса, қатты тітіркенетініңе назар аудардым. Сондай сәттерде не істейсің?» |
| 12 | «Жауаптарыңа қарағанда, кейде эмоциялар бойыңды кернеп, асып-тасып бара жатқандай сезінеді екенсің. Мұнымен қалай күресесің?» |
| 13 | «Кейде саған сабырлылықты сақтау қиынға соғатынына назар аудардым. Бұл көбіне қандай жағдайларда орын алады?» |

| | |
|---|---|
| 14 | «Кейбір достарың сені шарт кетпе, қызбалы адам деп есептейтінін байқадым. Өзің бұған қалай қарайсың және бұл қандай жағдайларда көрініс табуы мүмкін?» |
| 15 | «Кейде ешбір айқын себепсіз-ақ қатты ашуланып кететін кездерің болатын сияқты. Бұл әдетте қалай болады?» |
| 16 | «Тітіркенуді басу саған қиынға соғатынын атап өтіпсің. Сені не жиі ашуыңды келтіреді?» |
| 17 | «Жауаптарыңа қарағанда, саған қатты қызғаныш сезімі таныс екен. Бұл көбіне қандай жағдайларда пайда болады?» |
| 18 | «Өмір өзің қалаған нәрсенің бәрін бере қоймағандай сезімде болатыныңа назар аудардым. Дәл нені меңзеп тұрсың?» |
| 19 | «Басқа адамдардың жолы көбіне оңынан болатынын атап өтіпсің. Олардың дәл не нәрседе жолы көбірек болады?» |
| 20 | «Жауаптарыңа қарағанда, кейде жаныңа қатты бататын немесе ренжитін кездерің болады екен. Бұл немен байланысты?» |
| 21 | «Достарым сыртымнан сөз қылып жүруі мүмкін деген ойлардың пайда болатынын байқадым. Мұндай ойлар қаншалықты жиі келеді және қандай жағдайларда туындайды?» |
| 22 | «Тым ізгі ниетті көрінетін адамдарға сақтықпен қарайтыныңды атап өтіпсің. Бұл жерде сені дәл сақтандырады?» |
| 23 | «Жауаптарыңа қарағанда, кейде адамдар сыртыңнан мазақтап, күліп жүргендей көрінеді екен. Ондай ойлар қандай жағдайларда пайда болады?» |
| 24 | «Басқалардың шамадан тыс ізгі ниеттілігі сенде күдік тудыратынына назар аудардым. Бұл немен байланысты?» |

## «Психикалық күйлердің өзін-өзі бағалау» әдістемесі бойынша жартылай құрылымдалған сұхбат жүргізу үлгісі

| № | Педагог-психологтің сұрағы |
|---|---|
| 1 | «Өзіңе деген сенімділіктің әрдайым жеткілікті еместігіне назар аудардым. Бұл ерекше қатты қай кезде сезіледі?» |
| 2 | «Жауаптарыңа қарағанда, кейбір жағдайларда өзіңді өте қатты мазасыз сезінеді екенсің. Мұндай қобалжуды көбіне не тудырады?» |
| 3 | «Ұйқыңның әрдайым тыныш бола бермейтінін атап өтіпсің. Саған тыныш ұйықтауға әдетте не кедергі болады?» |
| 4 | «Тез мұңайып немесе қапаланып қалатыныңды байқадым. Мұндай сәттер көбіне қай кезде орын алады?» |
| 5 | «Жауаптарыңа қарағанда, кейде тіпті әлі болмаған нәрселер үшін де алдын ала уайымдайды екенсің. Сондай сәттерде көбіне не туралы ойлайсың?» |
| 6 | «Қиындықтардың бойында қатты шиеленіс тудыратынын атап өтіпсің. Сен үшін дәл қандай жағдайлар ең күрделі болып табылады?» |

| | |
|---|---|
| 7 | «Өзіңнің кемшіліктерің туралы жиі ойланатыныңа назар аудардым. Көбіне дәл не туралы ойлайсың?» |
| 8 | «Жауаптарыңа қарағанда, саған ықпал ету оңай сияқты. Бұл қандай жағдайларда болады?» |
| 9 | «Жиі секемденіп немесе күмәнданатыныңды атап өтіпсің. Мұндай ойларды көбіне не тудырады?» |
| 10 | «Күту процесінің саған оңайға соқпайтынын байқадым. Күту кезінде сен үшін ең қиыны не?» |
| 11 | «Жауаптарыңа қарағанда, кейде жағдай тығырыққа тірелгендей көрінеді екен. Қандай сәттерде сенде сондай сезім болады?» |
| 12 | «Жағымсыз жағдайлардың жаныңа қатты бататынын атап өтіпсің. Қандай оқиғаларды бастан өткеру ерекше ауыр соғады?» |
| 13 | «Сәтсіздіктер кез келгенде өз-өзіңді кінәлауға бейім екеніңе назар аудардым. Сондай сәттерде әдетте іштей не ойлайсың?» |
| 14 | «Жауаптарыңа қарағанда, өткендегі қателіктер сені әлі де мазалайды екен. Көбіне дәл қандай жағдайлар есіңе жиі түседі?» |
| 15 | «Кейде тіпті істі бастамай жатып-ақ жігерің құм болып, салың суға кететінін атап өтіпсің. Бұл қандай жағдайларда болады?» |
| 16 | «Кейде өзіңді дәрменсіз сезінетініңді байқадым. Мұндай сезім қай кезде пайда болады?» |
| 17 | «Жауаптарыңа қарағанда, саған үміт үзілу сезімі таныс екен. Ол қандай жағдайларда туындайды?» |
| 18 | «Қиындықтардың алдында кейде абдырап қалатыныңды атап өтіпсің. Сондай сәттерде жинақталуыңа не көмектеседі?» |
| 19 | «Күрделі сәттерде қолдау тапқың келетініне назар аудардым. Әдетте саған кім немесе не көмектеседі?» |
| 20 | «Жауаптарыңа қарағанда, өзіңнің кейбір кемшіліктеріңді өзгермейтін тұрақты нәрсе деп есептейді екенсің. Дәл қай қасиеттерің туралы олай ойлайсың?» |
| 21 | «Соңғы сөзді өзіңде қалдыру сен үшін маңызды екенін атап өтіпсің. Бұл сен үшін неліктен маңызды?» |
| 22 | «Әңгімелесуші адамның сөзін соңына дейін тыңдау саған кейде қиын болатынын байқадым. Бұл қандай жағдайларда орын алады?» |
| 23 | «Жауаптарыңа қарағанда, сенің ашуыңды келтіру өте оңай сияқты. Сені көбіне не тітіркендіреді?» |
| 24 | «Басқа адамдарға жиі ескерту жасайтыныңды атап өтіпсің. Мұндай жағдайлар қай кезде болады?» |
| 25 | «Адамдардың арасында маңызды тұлға болу сен үшін ерекше мәнді екеніне назар аудардым. Сен үшін "маңызды болу" нені білдіреді?» |
| 26 | «Жауаптарыңа қарағанда, үлкен жетістіктерге жеткің келеді екен. Дәл қай салада табысқа жеткің келеді?» |

| | |
|---|---|
| 27 | «Қатты ашуланған сәтте өзіңді бақылау қиын болатынын атап өтіпсің. Бұл қандай жағдайларда орын алады?» |
| 28 | «Саған біреуге бағынғаннан көрі, өзің жетекшілік жасаған әлдеқайда жайлы екенін байқадым. Неліктен бұлай істеу саған оңайырақ?» |
| 29 | «Жауаптарыңа қарағанда, айналаңдағы адамдар сенің мінезіңнің өткірлігін байқайтын сияқты. Бұл қандай жағдайларда көрінеді?» |
| 30 | «Реніштерді ұзақ уақыт бойы ұмытпайтыныңды атап өтіпсің. Қандай жағдайларды ұмыту бәрінен де қиын?» |
| 31 | «Нәрселердің үйреншікті тәртібін өзгерту саған қиын соғатынына назар аударды м. Дәл не нәрсе жайсыздық тудырады?» |
| 32 | «Жауаптарыңа қарағанда, бір істен екінші іске тез ауысу оңай емес екен. Бұл процестің ең қиын тұсы неде?» |
| 33 | «Жаңа нәрселердің бәріне сақтықпен қарайтыныңды атап өтіпсің. Мұндай сақтықты көбіне не тудырады?» |
| 34 | «Өз пікіріңді өзгерту саған кейде қиын болатынын байқадым. Бұл қандай жағдайларда орын алады?» |
| 35 | «Жауаптарыңа қарағанда, кейбір ойлар басыңнан ұзақ уақыт бойы шықпай қояды екен. Көбіне не туралы ойлайсың?» |
| 36 | «Адамдармен жақындасу оңай емес екенін атап өтіпсің. Бұл жерде сен үшін ең күрделісі не?» |
| 37 | «Жоспарлардың шағын ғана өзгеріске ұшырауы сенің көңіліңді түсіретініне назар аударды м. Бұл сенің жаныңа неліктен олай қатты батады?» |
| 38 | «Жауаптарыңа қарағанда, кейде қырсықтық таныта алады екенсің. Бұл көбіне қандай жағдайларда болады?» |
| 39 | «Тәуекелге барғанды онша ұнатпайтыныңды атап өтіпсің. Тәуекелдің сен үшін ең жағымсыз тұсы неде?» |
| 40 | «Үйреншікті күн тәртібінің бұзылуы жаныңа қатты батуы мүмкін екенін байқадым. Дәл мұның несі бойында шиеленіс тудырады?» |

## Филлипс әдістемесіне (Мектептегі мазасыздық тесті) арналған сұхбат жүргізу үлгісі

| № | Педагог-психологтің сұрағы (жанды форма) |
|---|---|
| 1 | «Сыныптың қарқынына ілесу саған кейде қиын болатынына назар аударды м. Сенде шынымен солай ма?» |
| 2 | «Бақылау жұмыстары туралы айтқанда қобалжитыныңды байқадым. Сондай сәттерде не сезінесің?» |
| 3 | «Тапсырмаларды мұғалім сұрағандай етіп орындау саған кейде оңай соқпайтынына назар аударды м. Дәл несі қиын?» |
| 4 | «Кейде түсіңе мектептегі жағымсыз жағдайлар кіретінін байқадым. Сенде сондай кездер бола ма?» |

| | |
|---|---|
| 5 | «Мектепте саған физикалық тұрғыдан жайсыздық тудырған (мысалы, итеріп жіберген, ұрған) сәттердің болуы мүмкін екеніне назар аударды. Бұл туралы не айта аласың?» |
| 6 | «Мұғалімнің тақырыпты баяу түсіндіргені сен үшін маңызды екенін байқадым. Қай кезде саған түсініксіз бола бастайды?» |
| 7 | «Сені сабақ сұрауға шақырғанда қатты уайымдайтыныңа назар аударды. Бұл сенде қалай өтеді?» |
| 8 | «Сабақ үстінде қателесіп кетуден қорқатыныңды байқадым. Бұл жерде сені бәрінен де не қатты шиеленістіреді?» |
| 9 | «Жауап беріп жатқанда қатты қобалжуың мүмкін екеніне назар аударды. Муны өзің қалай сезінесің?» |
| 10 | «Кейде ойын кезінде сыныптастарыңның күлуі мүмкін екенін байқадым. Сенде сондай жағдай болды ма?» |
| 11 | «Бағаларың кейде өзің күткеннен төмен болатынына назар аударды. Бұған қалай қарайсың?» |
| 12 | «Екінші жылға қалып қою туралы ойлардың бар екенін байқадым. Бұл жерде сені бәрінен де не мазалайды?» |
| 13 | «Кейде ойындарға қатысқың келмейтініне назар аударды. Бұл немен байланысты?» |
| 14 | «Тапсырмаларды орындар алдында қатты уайымдайтыныңды байқадым. Әдетте өзіңді қалай сезінесің?» |
| 15 | «Сыныпта басқа балалармен бірге болғанда өзіңді әрдайым жайлы сезіне бермейтініңе назар аударды. Бұл неден көрінеді?» |
| 16 | «Ата-анаңның бағаға қатысты үміттері сен үшін маңызды екенін байқадым. Бұл саған қысым түсіре ме, әлде көмектесе ме?» |
| 17 | «Мектепте кенеттен өзіңді жаман сезініп қалсам ба деп уайымдайтыныңа назар аударды. Сондай сезім бола ма?» |
| 18 | «Жауап беріп жатқанда қателік жасаудан қорқатыныңды байқадым. Сен үшін бұл жерде ең қиыны не?» |
| 19 | «Өзіңді сыныптастарыңмен салыстыратыныңа назар аударды. Бұл ретте өзіңді қалай сезінесің?» |
| 20 | «Тапсырмаларды орындап болғаннан кейін бәрін дұрыс істедім бе деп жиі ойланатыныңды байқадым. Сондай сәтте не сезінесің?» |
| 21 | «Материалды жақсы есте сақтау сен үшін маңызды екеніне назар аударды. Қазір бұл саған қаншалықты оңай?» |
| 22 | «Кейде түсіңе мектептегі жағдайлардың кіретінін байқадым. Көбіне дәл қандай көріністер жиі кіреді?» |
| 23 | «Сыныптастармен қарым-қатынас сен үшін маңызды екеніне назар аударды. Қазір оларды қалай сезініп жүрсің?» |
| 24 | «Сыныптағы нәтижелерді салыстыру саған әсер ететінін байқадым. Сондай сәтте не сезінесің?» |

| | |
|---|---|
| 25 | «Кейде сабақтарда азырақ уайымдағың келетініне назар аудардым. Бұл қай сәттерде ең қатты сезіледі?» |
| 26 | «Дау-жанжалға түсу кейде қиын болатынын байқадым. Сеніңше, бұл неліктен?» |
| 27 | «Бақылау жұмыстары кезінде денеңнің (жүрек қағуы, қобалжу арқылы) әрекет беретініне назар аудардым. Бұл сенде қалай көрінеді?» |
| 28 | «Жақсы баға алған кезде басқалардың сен туралы не айтатыны туралы ойланатыныңды байқадым. Дәл не ойлайсың?» |
| 29 | «Сыныптастарыңның саған деген көзқарасы сен үшін маңызды екеніне назар аудардым. Қазір бұған қаншалықты ризасың?» |
| 30 | «Кейде балалардың сөздері жаныңа батуы мүмкін екенін байқадым. Сондай жағдайларды есіңе түсіре аласың ба?» |
| 31 | «Үлгерімі төмен оқушыларды қалай бағалайтыны сен үшін маңызды екеніне назар аудардым. Бұл туралы не ойлайсың?» |
| 32 | «Кейде сыныпта өзіңді ешкімге байқалмайтындай сезінетініңді байқадым. Сондай кездер бола ма?» |
| 33 | «Күлкілі болып көрінуден қорқатыныңа назар аудардым. Мұндай сезім қандай жағдайларда пайда болады?» |
| 34 | «Мұғалімдермен қарым-қатынас сен үшін маңызды екенін байқадым. Қазір оларды қалай бағалайсың?» |
| 35 | «Ата-анаңның қолдауын, араласуын басқа отбасылармен салыстыратыныңа назар аудардым. Бұл сен үшін неліктен маңызды?» |
| 36 | «Айналаңдағылардың пікірі сен үшін маңызды екенін байқадым. Көбіне не туралы ойлайсың?» |
| 37 | «Болашақта жақсырақ оқудан үміттенетініңе назар аудардым. Бұл үшін не қажет деп ойлайсың?» |
| 38 | «Мектепте басқалардың арасында өзіңнің қалай көрінетінің сен үшін маңызды екенін байқадым. Бұл сен үшін шынымен мәнді ме?» |
| 39 | «Басқалардың сен туралы не ойлайтыны туралы жиі толғанатыныңа назар аудардым. Бұл қай сәттерде қаттырақ сезіледі?» |
| 40 | «Өзіңді үлгерімі күшті оқушылармен салыстыратыныңды байқадым. Мұны іштей қалай бастан сезінесің?» |
| 41 | «Сыныптастарыңның пікірі сен үшін маңызды екеніне назар аудардым. Бұған өзің қалай қарайсың?» |
| 42 | «Мұғаліммен оңаша қалғанда өзіңді тынышырақ сезінесің бе, әлде жоқ па? Ол жерде өзіңді қалай сезінесің?» |
| 43 | «Сенің сырт келбетің немесе мінез-құлқың туралы әзілдер жаныңа батуы мүмкін екеніне назар аудардым. Сондай жағдайлар болды ма?» |
| 44 | «Мектеп істеріне байланысты басқаларға қарағанда қаттырақ уайымдайтыныңды байқадым. Мұны өзің қалай сезінесің?» |

| | |
|---|---|
| 45 | «Жауап бере алмай қалғанда, кейде жылап жібере жаздайтыныңа назар аудардым. Дәл осы сәтте ішіңде не болады?» |
| 46 | «Кешкісін мектеп туралы ойлайтыныңды байқадым. Дәл не нәрсе үшін уайымдайсың?» |
| 47 | «Стрестік жағдайларда өзің білетін нәрселерді ұмытып қалуың мүмкін екеніне назар аудардым. Бұл сенде қалай өтеді?» |
| 48 | «Тапсырмаларды орындау кезінде қолыңның дірілдеуі мүмкін екенін байқадым. Бұл көбіне қай кезде болады?» |
| 49 | «Тапсырмалардың алдында қобалжи бастайтыныңа назар аудардым. Бұл қалай сезіледі?» |
| 50 | «Бақылау жұмыстары бойында шиеленіс тудыратынын байқадым. Ол қаншалықты қатты?» |
| 51 | «Тапсырмаларды орындай алмай қаламын ба деп қорқатыныңа назар аудардым. Сен үшін бұл жерде ең қиыны не?» |
| 52 | «Кейде түсіңе басқалардың бір істі сенен қарағанда жақсырақ істеп жатқаны кіретінін байқадым. Бұған қалай қарайсың?» |
| 53 | «Басқалар материалды тезірек түсінетін сияқты көрінетініне назар аудардым. Мұны неден байқайсың?» |
| 54 | «Мектепке бара жатқан жолда алдағы тексерулер үшін уайымдайтыныңа назар аудардым. Сенде шынымен солай ма?» |
| 55 | «Өз тапсырмаларыңды онша сәтті емес деп бағалайтыныңды байқадым. Бұл немен байланысты?» |
| 56 | «Сынып алдында жауап беріп жатқанда қолыңның дірілдеуі мүмкін екеніне назар аудардым. Бұны іштей қалай бастан өткересің?» |

## Үмітсіздік шкаласы бойынша жартылай құрылымдалған сұхбат жүргізу үлгісі

| № | Педагог-психологтің сұрағы |
|---|---|
| 1 | «Өз болашағыңа әртүрлі қарайтыныңа – бірде үмітпен, бірде күмәнмен қарайтыныңа назар аудардым. Қазір оны өзің қалай сезінесің?» |
| 2 | «Кейде басыңа "бәрібір ештеңені өзгерте алмаймын" деген ой келуі мүмкін екенін байқадым. Сенде сондай сезім бола ма?» |
| 3 | «Қиын сәттерде бұның мәнгілік емес екені туралы ой саған кейде көмектесетініне назар аудардым. Саған қиындықтарды жеңуге әдетте не көмектеседі?» |
| 4 | «Бірнеше жылдан кейін өміріңнің қандай болатынын елестету саған кейде қиын соғатынын байқадым. Жалпы болашақ туралы не ойлайсың?» |
| 5 | «Өзің үшін маңызды нәрселерге уақытың бар деп есептейтініңе назар аудардым. Қазір сен үшін ең маңыздысы не?» |
| 6 | «Өзіңе ұнайтын істе табысқа жетуден үміттенетініңді байқадым. Дәл қай салада жетістікке жеткің келеді?» |

| | |
|---|---|
| 7 | «Кейде болашақ саған түсініксіз болып көрінуі мүмкін екеніне назар аударды. Ондай сәттер қай кезде пайда болады?» |
| 8 | «Өмірден басқаларға қарағанда жақсылықты көбірек алудан үміттенетініңді байқадым. Сен үшін "жақсылық" нені білдіреді?» |
| 9 | «Кейде болашақта ешқандай ерекше мүмкіндіктер жоқ сияқты сезім пайда болуы мүмкін екеніне назар аударды. Сондай сәттерде не ойлайсың?» |
| 10 | «Өткендегі тәжірибең болашақтан күтетін үміттеріңе қандай да бір түрде әсер ететінін байқадым. Мұны өзің қалай сезінесің?» |
| 11 | «Кейде болашақ саған қуаныштыдан көрі, күрделірек болып көрінетініне назар аударды. Сені бәрінен де не көбірек мазалайды?» |
| 12 | «Бойыңда "мен өзім қалаған нәрсеге жете алмаймын" деген ой пайда болуы мүмкін екенін байқадым. Сенде сондай кездер бола ма?» |
| 13 | «Кейде болашақты қазіргіге қарағанда бақыттырақ етіп елестететініңе назар аударды. Олай болуы үшін сен үшін не маңызды?» |
| 14 | «Қазір бәрі өзің қалағандай бола бермейтінін байқадым. Дәл не нәрсе көңіліңнен шықпайды?» |
| 15 | «Өз болашағыңа сенетініңе назар аударды. Бұл сенімділікті саған не береді?» |
| 16 | «Кейде "бәрібір өз дегеніме жете алмаймын" деген сезім пайда болуы мүмкін екенін байқадым. Бұл қандай жағдайларда болады?» |
| 17 | «Кейде болашақта өміріме көңілім толатынына күмәнданатыныңа назар аударды. Бұл ретте сені не мазалайды?» |
| 18 | «Болашақ сен үшін белгісіз болып көрінуі мүмкін екенін байқадым. Дәл не нәрсе түсініксіз немесе үрейлі?» |
| 19 | «Болашақта жамандықтан көрі, жақсылықтың көбірек болатынын күтетініңе назар аударды. Сен үшін "жақсы болашақ" деген не?» |
| 20 | «Кейде жасаған күш-жігерім ешқандай нәтижеге әкелмейді деген ой пайда болуы мүмкін екенін байқадым. Қандай жағдайларда солай ойлайсың?» |

## Буллинг құрылымын анықтау сауалнамасы бойынша жартылай құрылымдалған сұхбат жүргізу үлгісі

| Шкала | Педагог-психологтің сұрағы |
|---|---|
| **Бастамашы** | Сыныптастарыңды бірінші болып әзілдеп немесе мазақтай бастайтын кездерің бола ма? |
| | Басқа адамның жанына батыру үшін бір нәрсе айтатын немесе істейтін сәттерің бола ма? |
| | Сенің сөздеріңнен кейін басқалардың біреудің үстінен күле бастайтын кездері бола ма? |
| **Көмекші** | Біреу басқа адамды мазақтап жатқанда, сенің күлетін немесе оны қолдайтын кездерің бола ма? |

| | |
|---|---|
| | Өзің бірінші бастамасаң да, біреу туралы айтылған әзілдерге қосылып кететін сәттерің бола ма? |
| | Егер сыныпта біреуді талқылап жатса, сен әдетте оған қосыласың - ба, әлде шетте қаласың ба? |
| **Қорғаушы** | Сыныпта біреуді ренжітіп жатса, сенің араша түсетін кездерің бола ма? |
| | Біреудің намысына тиіп жатқанда, «былай істеуге болмайды» деп айтқан сәттерің болды ма? |
| | Егер біреуді ойынға алмай жатса немесе елемей кетсе, сен әдетте не істейсің? |
| **Құрбан** | Сыныпта сенімен онша араласқысы келмейтіндей көрінетін сәттер бола ма? |
| | Сені ренжітетін, мазақтайтын немесе компанияға қабылдамайтын кездер бола ма? |
| | Сыныптастарыңның арасында өзіңді артық сезінетін кездерің бола ма? |
| **Бақылаушы** | Егер сыныпта біреуді ренжітіп жатса, сен әдетте араласасың ба, әлде жай ғана қарап тұрасың ба? |
| | Жағымсыз жағдайларды көріп, бірақ оған мүлдем араласпайтын кездерің бола ма? |
| | Жаман бір нәрсе болып жатқанын түсініп, бірақ ештеңе істемейтін сәттерің бола ма? |

## Балаларға арналған қабылданған стресс шкаласы бойынша жартылай құрылымдалған сұхбат жүргізу үлгісі

| № | Педагог-психологтің сұрағы |
|---|---|
| 1 | «Барлық нәрсені асығыс істеу керек сияқты сезінетін кездерің болатынына назар аударды м. Өткен аптада сенде де осындай жағдай болды ма?» |
| 2 | «Өзің қалаған нәрселерге уақытың әрдайым жете бермейтінін байқадым. Өткен аптада сенде осындай сәт болды ма?» |
| 3 | «Істер мен жүктемелердің тым көп болуына байланысты уайымдаған болуың мүмкін екеніне назар аударды м. Жақында осындай жағдай болды ма?» |
| 4 | «Мектеп немесе бағалар үшін қобалжыған болуың мүмкін екенін байқадым. Өткен аптада бұл сенде қаншалықты жиі болды?» |
| 5 | «Ата-анаңның кейде өзіңді жақсырақ сезінуіңе көмектесетініне назар аударды м. Өткен аптада бұл сенде қалай байқалды?» |
| 6 | «Үйде сүйіспеншілік пен қолдауды сезіну сен үшін маңызды екенін байқадым. Соңғы уақытта бұл сенің өміріңде болды ма?» |
| 7 | «Бойыңда қорқыныш немесе қатты қобалжу сәттерінің болған болуы мүмкін екеніне назар аударды м. Өткен аптада сондай жағдай орын алды ма?» |

| | |
|---|---|
| 8 | «Ашулану сезімін бастан өткерген болуың мүмкін екенін байқадым. Бұл көбіне қандай жағдайларда болды?» |
| 9 | «Өзіңді бақытты сезінген жақсы сәттеріңнің де болғанына назар аудардым. Бұл қаншалықты жиі болды?» |
| 10 | «Сенің ұйқыңның сапасы әртүрлі болуы мүмкін екенін байқадым. Өткен аптада қалыпты түрде ұйқыңды қандыра алдың ба?» |
| 11 | «Достарыңмен жанжалдасып қалған немесе түсініспеушілік болған сәттердің болуы мүмкін екеніне назар аудардым. Бұл жақында болды ма?» |
| 12 | «Достарыңмен араласып тұратыныңды байқадым. Өткен аптада бұл араласу сен үшін қаншалықты жеткілікті болды?» |
| 13 | «Кейде достарым аз немесе қарым-қатынас жетіспейді деген сияқты сезім болатынына назар аудардым. Сенде сондай сезім болды ма?» |

Диагностика жүргізу тәжірибесінде бала немесе жасөспірімнің: *«Мен кездейсоқ жауап бердім», «Сұрақты толық оқымадым», «Назар аудармадым»* деп айтуы жиі кездеседі. Мұндай түсіндірмелер баланы назарда ұстау немесе психологиялық бақылау аясынан шығару үшін негіз болып табылмайтынын атап өткен жөн.

Жауаптар күмән тудырған немесе формалды түрде «қате» болып көрінгеннің өзінде, олардың нәтижелері баланың немесе жасөспірімнің қазіргі психоэмоционалдық жағдайының ықтимал көрсеткіші ретінде қарастырылып, мұқият талдауды қажет етеді. Сондықтан мұндай жағдайларда білім алушы бақылау аясында қалады, ал қорытынды тек бір ғана диагностикалық әдістеменің нәтижесіне сүйене отырып жасалмайды.

Баланың жағдайын бағалау әрдайым кешенді түрде жүргізілуі тиіс. Бұл ретте бастапқы диагностиканың нәтижелері, тереңдетілген диагностиканың деректері, жартылай құрылымдалған сұхбат барысында алынған мәліметтер және бақылау нәтижелері кешенді түрде ескеріледі. Ақпараттың барлық көздерін өзара салыстыру ғана баланың немесе жасөспірімнің эмоционалдық жағдайы туралы объективті қорытынды жасауға, қате тұжырымдардың алдын алуға

және оған дер кезінде қажетті психологиялық қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

## 4 Төтенше және дағдарыстық жағдайларда әрекет ету алгоритмдері

Педагог-психологтің жұмысында баланың мінез-құлқы немесе эмоционалдық күйі үйреншікті қалыптан кенеттен шығып кететін жағдайлар туындауы мүмкін: ол жылауы, араласудан бас тартуы, агрессия танытуы немесе ауыр уайымдары туралы хабарлауы мүмкін. Мұндай сәттер маманнан тек кәсіби ұстамдылықты ғана емес, сонымен бірге іс-әрекеттердің дәйектілігін нақты түсінуді де талап етеді.

Бұл бөлім төтенше және дағдарыстық жағдайларда тез бағдар алуға, бала мен айналадағылардың қауіпсіздігін сақтауға, сондай-ақ маманның реакциясындағы қателіктер қаупін азайтуға көмектесетін тәжірибелік құрал ретінде әзірленген.

Алгоритмдердің негізгі мақсаты – тек ықтимал жағдайларды сипаттап қою емес, нақты әрі қолдануға тиімді қадамдарды ұсыну: жағдайды қалай тану керек, алғашқы минуттарда қалай әрекет ету қажет, балаға не айту керек, неден аулақ болған жөн және әрі қарайғы сүйемелдеу үшін кімдерді тарту қажет.

### ДИАГНОСТИКА ЖӘНЕ ӘҢГІМЕЛЕСУ БАРЫСЫНДАҒЫ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ РЕАКЦИЯЛАР

**1-ЖАҒДАЙ. Диагностика барысында бала кенеттен жылай бастайды.**

| Бөлім | Мазмұны |
|---|---|
| **Жағдайды анықтау белгілері** | |
| **Негізгі белгілері** | Бала әдістемені орындау немесе әңгімелесу барысында эмоционалдық күйін шұғыл өзгертеді: көзіне жас алады, дауысы дірілдейді, жауап беруде кідірістер пайда болады, жұмыс қарқыны төмендейді. Тапсырмаларды орындауды |

| | |
|---|---|
| | кенеттен тоқтату, жауап беруден бас тарту, жанарын төмен салу, көзбен байланыс жасаудан қашу байқалуы мүмкін. Дене позасы тұйықталады: бала еңкіштейді, өзін-өзі құшақтайды, бетін басады, теріс айналады. |
| **Дабыл белгілері** | – жылау күшейе түседі және 1–3 минут ішінде басылмайды;<br>– бала сөзге жауап беруді тоқтатады;<br>– «менің қолымнан келмейді», «қаламаймын», «мені жайыма қалдырыңызшы», «маған ауыр» деген фразалар пайда болады. Физиологиялық шиеленістің белгілері байқалуы мүмкін: тыныс алудың үзілуі, жиілеуі, діріл, беттің қызаруы. |
| **Қауіп-қатер факторлары** | – бұрыннан бар мазасыздық, эмоционалдық тұрақсыздық;<br>– мектептегі немесе отбасындағы стресс тәжірибесі;<br>– отбасындағы жанжалды қарым-қатынастар; буллинг немесе әлеуметтік қысым;<br>– бағалануға және сынаққа жоғары сезімталдық;<br>– шаршау, шамадан тыс жүктеме, ұйқының қанбауы, эмоционалдық қажу. |

| Қадам | Мазмұны |
|---|---|
| **Педагог-психологтің алғашқы іс-әрекеттері** | |
| **1-қадам – диагностиканы тоқтату** | Әдістемені орындауды дереу тоқтату. Ынталандыру материалдарын (бланкілерді, карточкаларды, тест парақтарын) алып тастау. Тапсырмаларды әрі қарай ұсынуға жол бермеу. «Блокты аяқтауды» немесе «әдістемені жабуды» жалғастырмау маңызды. |
| **2-қадам – ынталандыруды азайту** | Сөйлеудің барынша тыныш қарқынына көшу. Сөздердің санын азайту. Паузаны сақтау. Диагностикалық сұрақтар қоймау. Арақашықтықты шұғыл өзгертпеу. Баланың төбесінен төніп тұрмау. |
| **3-қадам – тұрақтандыру паузасы** | Балаға сұрақсыз уайымдауға уақыт (әдетте 30–90 секунд) беру. Жанында тыныш қалыпта қатысу. Түсіндіруді талап етпеу. Негізгі міндет – эмоционалдық толқынды төмендету. |
| **4-қадам – күйді алғашқы бағалау** | Баланың айтылған сөзді ести алатын-алмайтынын, байланыстың бар-жоғын, шиеленістің қаншалықты айқын екенін жұмсақ түрде бағалау. Тыныс алуды, дене қалпын, тыныш дауысқа деген реакцияны бақылау. |

| | |
|---|---|
| **5-қадам – қауіпсіздікті қамтамасыз ету** | Баланы ыңғайлы отырғызу, кеңістікті қамтамасыз ету, жалғыз қалдырмау. Қажет болған жағдайда су, майлықтар ұсыну. Қорғаныста болу және қысымның жоқтығы сезімін тудыру. |

| Бөлім | Мазмұны |
|---|---|
| **Педагог-психологтің үлгі сөздері** | |
| **Күйді тіркеу** | «Қазір саған өте ауыр болып кеткенін көріп тұрмын. Мен қасыңдамын, сен қауіпсіздіктесің. Қазір ештеңе істеудің қажеті жоқ». |
| **Қысымды азайту** | «Біз тоқтай аламыз. Қазір сұрақтарға жауап берудің қажеті жоқ. Мен сені ешқайда асықтырмаймын». |
| **Байланысты сақтау** | «Мен жай ғана қасыңда боламын. Үндемей отыра берсең де болады, бұл қалыпты жағдай. Бойың сәл жеңілдеген кезде – әрі қарай не істейтінімізді бірге шешеміз». |
| **Бақылауды балаға қайтару** | «Айтшы, саған қазір қалай ыңғайлырақ – жай ғана тыныш отыра тұрамыз ба, әлде үзіліс жасаймыз ба? Сәл тыныштық қалайсың ба, әлде су ішесің бе?» |
| **Тұрақтандыру** | «Сен бұл сәтте өзіңді қолға алып жатырсың. Бұл жай ғана қатты сезім, ол біртіндеп басылады. Егер дайын болсаң, біз мұны кейінірек жалғастыра аламыз». |

| Бөлім | Мазмұны |
|---|---|
| **Жол беруге болмайтын әрекеттер** | |
| **Маманның қателіктері** | – баланың жылағанына қарамастан диагностиканы жалғастыру;<br>– бірнеше сұрақтарды қатар қою;<br>– себебін түсіндіруді талап ету;<br>– баланы асықтыру;<br>– эмоционалдық жай-күйді елемеу;<br>– реакцияны «жұмыс істегісі келмеу» немесе «манипуляция» деп интерпретациялау. |
| **Жағымсыз фразалар** | – *«тез тыныштал»;*<br>– *«ештеңе етпейді»;*<br>– *«неге жылап жатырсың?» (өткір эмоционалдық күй кезінде бұл сұрақты қоюға болмайды);*<br>– *«біз тестті аяқтауымыз керек»;* |

| | |
|---|---|
| | – *«өзіңді қолға ал».* |

| Бөлім | Мазмұны |
|---|---|
| **Қандай мамандарды тарту қажет** | |
| **Дереу** | Реакция орын алған сәтте – егер баланың күйі тұрақталса, басқа мамандарды тарту талап етілмейді. |
| **Қайталанған жағдайда / Айқын реакция кезінде** | – сынып жетекшісі (мектептегі жағдайды талдау үшін);<br>– ата-аналар/заңды өкілдер (баланың реакциясы туралы хабардар ету);<br>– әкімшілік (егер эпизодтар айқын көрініс тапса немесе қайталанса);<br>– медицина қызметкері (соматикалық көріністер – бас айналу, талып қалу күйлері байқалғанда). |
| **Командалық сүйемелдеу** | **Педагог-психолог + педагог + әкімшілік** |

| Блок | Мазмұны |
|---|---|
| **Кейінгі сүйемелдеу бағыты** | |
| **Тіркеу** | Эпизод міндетті түрде тіркеледі: күні, жағдай, реакцияның қай кезеңде туындағаны, қанша уақытқа созылғаны, күйді тұрақтандыруға не көмектескені жазылады. |
| **Себептерін талдау** | Ықтимал триггер анықталады: нақты сұрақ, тақырып, бағалау нысаны, шаршау немесе сыртқы факторлар нақтыланады. |
| **Диагностиканы түзету** | Әдістеменің бір бөлігін басқа уақытқа ауыстыру немесе оны бірнеше кезеңмен бөліп жүргізу мүмкіндігі қарастырылады. |
| **Бақылау** | Бала динамикалық бақылауға алынады (эмоционалдық реакциялары, олардың қайталану жиілігі қадағаланады). |
| **Қажет болған жағдайда** | Тереңдетілген диагностикаға және жеке сүйемелдеу бағытына көшу жүзеге асырылады. |

## 2-ЖАҒДАЙ. Бала диагностикалық әдістемені орындауды жалғастырудан бас тартады.

| Бөлім | Мазмұны |
|---|---|
| **Жағдайды қалай білу керек** | |

| | |
|---|---|
| **Негізгі белгілері** | Бала диагностиканы жалғастырудан тікелей немесе жанама түрде бас тартады: «қаламаймын», «жалықтым», «істемеймін», «кетуге бола ма» дейді, бланкіні жабады. Диагностикаға тартылу деңгейінің шұғыл төмендеуі, үнсіз қалу, тапсырмаларды орындауды демонстративті түрде тоқтату немесе жағдайдан қашу байқалуы мүмкін. |
| **Дабыл белгілері** | Бас тарту әрекеті эмоционалдық шиеленіспен, тітіркенумен, көз жасымен, тұйықталумен немесе мазасыздықпен қатар жүреді. Нақты бір тақырыптан қашқақтау белгілері, байланыстан қашу, мінез-құлықтың шұғыл өзгеруі байқалуы мүмкін. |
| **Қауіп-қатер факторлары** | Жоғары мазасыздық, бағаланудың теріс тәжірибесі, қателік жасаудан қорқу, шаршау, эмоционалдық қажу, жанжалға бейімділік, төмен ынта, зейін шоғырландырудың қиындығы, өткен уақыттағы диагностиканың жағымсыз тәжірибесі. |

| Бөлім | Мазмұны |
|---|---|
| **Педагог-психологтің алғашқы іс-әрекеттері** | |
| **1-қадам – бас тарту құқығын тану** | Процедураны тыныш қалыпта тоқтату. Талап етпеу. Қысымды күшейтпеу. Бас тарту фактісін қалыпты реакция ретінде қабылдау. |
| **2-қадам – шиеленісті азайту** | Диагностика материалдарын жинап тастау. Әңгімені бейтарап, қолдау көрсететін форматқа ауыстыру. Тыныш сөйлеу мәнерін сақтау. |
| **3-қадам – себебін қысымсыз нақтылау** | Бұның шаршаумен, түсінбеушілікпен, мазасыздықпен немесе әрі қарай жалғастырғысы келмеуімен байланысты екенін жұмсақ түрде анықтау. |
| **4-қадам – жағдайды тіркеу** | Әдістеменің баланың бас тартуы себебінен аяқталмағанын белгілеп қою (бұл нәтижелерді интерпретациялау үшін өте маңызды). |
| **5-қадам – байланысты сақтау** | Диагностикаға деген теріс көзқарасты күшейтпеу үшін өзара іс-қимылды жанжалсыз, тыныш аяқтау. |

| Бөлім | Мазмұны |
|---|---|
| **Педагог-психологтің ұсынылатын сөздері** | |
| **Бас тартуды қабылдау** | «Жақсы, енді тоқтайық. Егер қазір ықыласың болмаса, жалғастырмауыңа болады». |

| | |
|---|---|
| **Қысымды алып тастау** | «Мұны істеуге сені ешкім мәжбүрлемейді. Кейде тапсырмаларды орындағың келмейтіні – қалыпты жағдай». |
| **Күйді нақтылау** | «Айтшы, саған қазір орындау қиын ба, әлде жай ғана жалғастырғың келмей тұр ма? Бұл шаршағандықпен байланысты ма, әлде басқа нәрсе ме?» |
| **Баланың бақылауын қолдау** | «Біз қазір тоқтап, мұған кейінірек қайта орала аламыз. Қай кезде жалғастыру ыңғайлы екенін өзің шешесің». |
| **Байланысты аяқтау** | «Бұл туралы ашық айтқаныңа рақмет. Бүгінге осы жерден тоқтаймыз». |

| Бөлім | Мазмұны |
|---|---|
| **Жол беруге болмайтын әрекеттер** | |
| **Маманның қателіктері** | – Диагностиканы жалғастыруды талап етіп қысым жасау;<br>– Ұялту;<br>– Басқа балалармен салыстыру;<br>– «Бәрі өтіп жатыр, сен де өтуің керек» деп айту;<br>– Бас тарту әрекетін тәртіп бұзушылық ретінде қабылдау;<br>– Баланың бас тартуын елемей, тестілеуді жалғастыра беру. |
| **Жағымсыз фразалар** | – *«Сен мұны аяқтауға міндеттісің»;*<br>– *«Бұл қиын емес»;*<br>– *«Бәрінің қолынан келіп жатыр»;*<br>– *«Кел, тезірек бітіре салайық»;*<br>– *«Сен жай ғана ереніп тұрсың».* |

| Бөлім | Мазмұны |
|---|---|
| **Қандай мамандарды тарту қажет** | |
| **Жағдай орын алған сәтте** | Басқа мамандарды тарту талап етілмейді. |
| **Жағдайдан кейін** | – Сынып жетекшісі (бейімделудің жалпы көрінісін талдау үшін);<br>– Ата-аналар (жүйелі түрде бас тартқанда немесе айқын мазасыздық байқалғанда); |

| | |
|---|---|
| | – Әкімшілік (егер бас тарту жаппай сипатқа ие болса немесе қайталанса);<br>– Қажет болған жағдайда – медицина қызметкері (егер соматикалық шағымдар болса). |

| Бөлім | Мазмұны |
|---|---|
| **Кейінгі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағыты** | |
| Тіркеу | Бас тарту фактісі міндетті түрде тіркеледі: қай кезеңде, қандай тапсырмалар кезінде, қандай эмоционалдық күйде орын алғаны жазылады. |
| Талдау | Бас тарту әрекеті «нәтиже» ретінде емес, күйдің (мазасыздық, шамадан тыс жүктеме, қашқақтау) диагностикалық тұрғыдан маңызды көрсеткіші ретінде қарастырылады. |
| Қайталанған жұмыс | Диагностиканы басқа уақытқа ауыстыру немесе оны басқа нысанда (кезең-кезеңмен, жеке дара, қолдау көрсете отырып) жүргізу мүмкіндігі қарастырылады. |
| Бақылауға алу | Бала автоматты түрде психологиялық бақылау аймағында қалады. |
| Тереңдетілген диагностика | Жүйелі түрде бас тартқан жағдайда – себептерін (мазасыздық, стресс, отбасылық факторлар, мектептегі жүктеме) анықтау үшін тереңдетілген тексеруге көшу жүзеге асырылады. |
| Сүйемелдеу | Білім беру ұйымында жеке қолдау көрсету және бақылау бағытын қалыптастыру. |

!

**Маңызды!**

Диагностикадан бас тартудың өзі маңызды диагностикалық маркер болып табылады және баланы сүйемелдеу жүйесінен шығармайды.

## 3-ЖАҒДАЙ. Бала кабинеттен немесе аудиториядан шығып кетеді.

| Бөлім | Мазмұны |
|---|---|
| **Жағдайды қалай тану керек** | |
| **Негізгі белгілері** | Бала кенеттен орнынан тұрып, себебін түсіндірместен немесе қысқа фразалармен («қолымнан келмейді», «қаламаймын», «бітті», «маған тиіспеңіздер») жауап беріп, кабинеттен, |

| | |
|---|---|
| | аудиториядан немесе диагностика өткізілетін орыннан шығып кетеді. Кетпес бұрын күшті эмоционалдық шиеленістің белгілері байқалуы мүмкін:<br>– көз жасы,<br>– тыныс алудың жиілеуі,<br>– тітіркену (шарт кету),<br>– мазасыздық,<br>– сұрақтарға жауап беруден бас тарту,<br>– мінез-құлықтың шұғыл өзгеруі. |
| **Дабыл белгілері** | Бала қатты эмоционалдық қозу күйінде болады, жылайды, айқайлайды, ересектердің сөзіне жауап бермейді, жасырынуға, мектеп немесе колледж аумағынан қашып кетуге тырысады. Отбасы, қарым-қатынас, өзін-өзі сезіну, өзіне зиян келтіру (селфхарм), зорлық-зомбылық немесе басқа да эмоционалдық тұрғыдан маңызды тақырыптар туралы сұрақтардан кейін баланың атып шығып кетуі ерекше дабыл беретін жағдай болып табылады. |
| **Қауіп-қатер факторлары** | Қауіп-қатер факторлары:<br>– мазасыздықтың жоғары деңгейі,<br>– эмоционалдық шамадан тыс жүктеме,<br>– бағаланудан қорқу,<br>– отбасындағы немесе ұжымдағы жанжалды жағдай,<br>– жарақаттаушы оқиғаны бастан өткеру, буллинг,<br>– ұят сезімі,<br>– талқыланып жатқан тақырыпқа жоғары сезімталдық,<br>– дағдарыстық эмоционалдық күй. |

| Бөлім | Мазмұны |
|---|---|
| **Педагог-психологтің алғашқы әрекеттері** | |
| **1-қадам. Сабырлық сақтаңыз** | Ең маңыздысы – өзіңіздің ішкі үрейіңізге бой алдырмау. Ересек адамның шұғыл әрі дөрекі әрекеттері баланың қорқынышын күшейтіп, әрі қарай байланыстан қашқақтауына түрткі болуы мүмкін. Педагог-психолог дауыс ырғағын тыныш сақтап, өзіне сенімді нық мінез-құлық танытуы және жағдайды бақылауда ұстауы тиіс. |
| **2-қадам. Айқайламаңыз және баланың соңынан қуаламаңыз** | Баланың соңынан жүгіруге, оны қолынан ұстап жұлқуға, дәліз бойымен дауыстап айқайлап шақыруға немесе дереу кері қайтуды талап етуге болмайды. Бала |

| | |
|---|---|
| | бұны соңына түсу деп қабылдап, оның эмоционалдық реакциясы одан сайын ушыға түсуі мүмкін. |
| **3-қадам. Баланың қауіпсіздікте екеніне көз жеткізіңіз** | Баланың қай бағытқа қарай бет алғанын көзбен анықтау қажет. Басты міндет – оның білім беру ұйымының аумағынан шығып кетпегеніне және қауіп төнуі мүмкін орындарда (баспалдақ, көшеге шығатын есік, шатыр, техникалық бөлмелер, терезе және т.б.) тұрмағанына көз жеткізу. |
| **4-қадам. Біршама қашықтықтан байқатпай сүйемелдеңіз** | Егер бала дәлізге, холлға, киім ауыстыратын бөлмеге немесе басқа да қауіпсіз жерге барса, ересек адам белгілі бір арақашықтықты сақтап, қысым жасамай, оның жақын маңында болуы керек. Бала өзіне көмектесуге әзір ересек адамның қасында жүргенін көруі тиіс. |
| **5-қадам. Сыныптың (топтың) қалған бөлігін реттеңіз** | Егер бұл жағдай топтық диагностика немесе сабақ үстінде орын алса, қалған білім алушылар үшін тыныш жағдайды сақтап қалу маңызды. Педагог-психологтің іс-әрекеті:<br>– сабырлық сақтаңыз және топтың назарын болған оқиғаға аудармаңыз;<br>– жағдай бақылауда екенін қысқаша хабарлаңыз;<br>– қажет болған жағдайда мұғалімнен, әлеуметтік педагогтен немесе басқа қызметкерден топтың қасында қалуын өтініңіз;<br>– баланың бұл мінез-құлқының себептерін басқа білім алушылармен талқыламаңыз;<br>– келемеждеуге, мазақтауға, талқылауға және өсек-аяңның таралуына жол бермеңіз.<br>**Топқа арналған сөз үлгілері:**<br>*«Қазір бәрі жақсы. Сабақты сабырлы түрде жалғастыра беріңіздерші. Мен бұл жағдайды өзім реттеп аламын, кейін қайта ораламын».*<br>немесе<br>*«Қазір бұл білім алушыға қолдау қажет. Сабақты сабырлы түрде жалғастырайық. Бұл жағдайды қазір талқыламаймыз».*<br>**Маңызды:** Баланың қауіпсіздігі мен эмоционалдық күйі бірінші кезектегі басымдыққа ие, сонымен қатар қалған білім алушылар да ересек адамның қадағалауында қалуы тиіс және олар құрдасының жеке басына қатысты жағдайдың талқылануына куә болмауы керек. |

| | |
|---|---|
| **6-қадам. Эмоционалдық тұрақтануға уақыт беріңіз** | Болған оқиғаның себептерін бірден анықтауға тырыспаңыз. Алғашқы минуттарды эмоционалдық шиеленісті төмендетуге арнау қажет. Кейде балаға сөйлесу қабілетін қалпына келтіру үшін 5–15 минут уақыт қажет болуы мүмкін. |
| **7-қадам. Байланысты қалпына келтіріңіз** | Эмоционалдық реакция бәсеңдегеннен кейін, педагог-психолог баламен жұмсақ түрде байланыс орнатып, көмек ұсынады. Басты міндет – балаға қауіпсіздік сезімін және жағдайды бақылау мүмкіндігін қайтару. |
| **8-қадам. Қауіп-қатер деңгейін бағалаңыз** | Жағдай тұрақталғаннан кейін баланың кетуіне дәл не себеп болғанын түсіну маңызды. Өзіне-өзі зиян келтіру, суицидтік ойлар, зорлық-зомбылық, буллинг, отбасындағы елеулі жанжалдар немесе басқа да дағдарыстық факторлардың белгілеріне ерекше назар аудару қажет. |
| **9-қадам. Әрі қарайғы іс-әрекеттер туралы шешім қабылдаңыз** | Баланың күйіне байланысты әңгімені жалғастыру, диагностиканы басқа уақытқа ауыстыру, ата-аналарды, әкімшілікті хабардар ету немесе сүйемелдеуге арналған қосымша мамандарды тарту туралы шешім қабылданады. |

| Бөлім | Мазмұны |
|---|---|
| **Педагог-психологтің ұсынылатын сөздері** | |
| **Кетіп қалған сәтте** | *Егер бала айтылған сөзді еститін қашықтықта болса: «Қазір ештеңе түсіндірудің қажеті жоқ. Мен сені кері қайтуға мәжбүрлемеймін».* |
| **Бала сәл тынышталған кезде** | *«Қазір саған өте ауыр болғанын көріп тұрмын. Тоқтағаныңа рақмет. Қазір ең бастысы – сәл тыныштalып, өзіңді қолға алуың».* |
| **Байланысты қалпына келтіру үшін** | *«Әзірге не болғаны туралы сөйлеспей-ақ қоюымызға болады. Мен жай ғана сенің аман-есен, жақсы екеніңе көз жеткізгім келеді. Мен қасыңдамын, егер сөйлескің келсе, көмектесуге әзірмін».* |
| **Жағдайды анықтау үшін** | *«Қазір өзіңді қалай сезініп тұрсың? Өзіңді тынышырақ сезінуіңе не көмектесе алар еді? Сені ерекше қатты ренжіткен немесе жаныңа батқан бір нәрсе болды ма?»* |
| **Егер бала өзін кінәлі сезінсе** | *«Сен ешқандай жаман нәрсе істеген жоқсың. Кейде іштегі қатты эмоциялардың ауыр болатыны сондай, тек кетіп қалғың келеді. Мұндай жағдайлар болып тұрады».* |
| **Егер бала сөйлесуге дайын болмаса** | *«Әзірге ештеңе айтқың келмесе, бұл қалыпты жағдай. Кейінірек, өзің дайын болған кезде сөйлесе аламыз».* |

| Бөлім | Мазмұны |
|---|---|
| **Не істеуге болмайды** | |
| **Маманның қателіктері** | – Баланың соңынан жүгіру және оны күшпен тоқтатуға тырысу;<br>– Артынан айқайлау;<br>– Дереу кері қайтуын талап ету;<br>– Ақыл айту;<br>– Кінәлау;<br>– Ұялту<br>– Баланың мінез-құлқын басқа балалардың көзінше талқылау;<br>– Болған оқиғаның себептерін бірден анықтауға тырысу. |
| **Жағдайды ушықтыруы мүмкін фразалар** | *«Дереу кері қайт!»;*<br>*«Өзіңе неге мұндайды рұқсат етесің?»;*<br>*«Мұнда қойылым ұйымдастыруды тоқтат»;*<br>*«Егер қазір қайтып келмесең, мәселе туындайды»;*<br>*«Сенің кесіріңнен біз уақыт жоғалтып жатырмыз»;*<br>*«Ешқандай қорқынышты нәрсе болған жоқ».* |

| Бөлім | Мазмұны |
|---|---|
| **Қандай мамандарды тарту қажет** | |
| **Егер бала қауіпсіз жерде болса және байланыс сақталса** | Әдетте педагог-психологтің қатысуы жеткілікті. Қажет болған жағдайда сынып жетекшісін хабардар етуге болады. |
| **Егер бала білім беру ұйымының аумағынан шығып кетсе** | Дереу әкімшілік пен ата-аналар (заңды өкілдер) хабардар етіледі. Мекеменің ішкі регламенттеріне сәйкес баланы іздестіру жұмыстары ұйымдастырылады. |
| **Егер дағдарыстық күйдің белгілері анықталса** | Ата-аналар, әкімшілік, медицина қызметкері, сүйемелдеу мамандары тартылады. |
| **Егер өзіне немесе басқаларға зиян келтіру қаупі болса** | Дереу әрекет етудің дағдарыстық хаттамасы іске қосылады. Қажет болған жағдайда шұғыл қызметтер шақырылады. |

| Бөлім | Мазмұны |
|---|---|
| **Одан әрі сүйемелдеу маршруты** | |
| **Жағдайды тіркеу** | Болған оқиғаның мән-жайын құжаттық түрде тіркеу қажет:<br>– күні,<br>– уақыты,<br>– орны,<br>– жағдай,<br>– алдында болған оқиғалар,<br>– баланың эмоционалдық күйі,<br>– қабылданған шаралар. |
| **Себептерін талдау** | Ықтимал триггерлерге талдау жүргізіледі:<br>– сұрақтардың мазмұны,<br>– эмоционалдық тұрғыдан маңызды тақырып,<br>– тұлғааралық жанжал,<br>– шамадан тыс жүктеме,<br>– стрестік оқиғалар. |
| **Қайталанған кездесу** | Жағдай тұрақталғаннан кейін, орын алған мәселені тыныш ортада талқылау үшін жеке әңгімелесу жүргізген жөн. |
| **Бақылау** | Болған оқиғаның себептерін бірден анықтаудың сәті түскен-түспегеніне қарамастан, бала психологиялық бақылау тобына қосылады. |
| **Тереңдетілген диагностика** | Қажет болған жағдайда эмоционалдық күйді, мазасыздық деңгейін, депрессивтік көріністерді, суицидтік қауіп-қатерді, отбасылық жағдайды және құрдастарымен өзара іс-қимыл ерекшеліктерін қосымша тексеру жүргізіледі. |
| **Сүйемелдеу** | Ата-аналардың, педагогтардың және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі мамандарының қатысуымен жеке сүйемелдеу жоспары әзірленеді. |

!

**Маңызды!**

Баланың кабинеттен немесе аудиториядан атып шығып кету фактісінің өзін тәртіп бұзушылық ретінде қарамау керек. Көп жағдайда бұл эмоционалдық шиеленіс деңгейінің **тым жоғары болғанын және баланың өз уайымдарын өзіне қолжетімді тәсілмен жеңе алмағанын білдіретін дабыл белгісі болып табылады**. Педагог-психологтің басты міндеті – мінез-құлыққа баға беру емес, болған оқиғаның себептерін түсіну, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және әрі қарайғы сүйемелдеуді ұйымдастыру.

## АЙҚЫН ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ҚОЛАЙСЫЗДЫҚТЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

**1-жағдай. Бала: «Менің өмір сүргім келмейді» дейді**

Бұл жағдай әрдайым ықтимал дағдарыстық жағдай ретінде қарастырылады және қауіп-қатер деңгейін дереу бағалауды талап етеді. Маманға бала мұны «эмоция үстінде», «назар аударту үшін» немесе «әзілдеп» айтқандай көрінсе де, мұндай мәлімдемелерді елеусіз қалдыруға болмайды.

Педагог-психологтің міндеті – қауіп-қатер дәрежесін тыныш қалыпта анықтау, баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және әрі қарайғы сүйемелдеуді ұйымдастыру.

| **Бөлім** | **Педагог-психологтің әрекеттері** |
|---|---|
| **Жағдайды қалай тану керек** | Бала тікелей былай дейді: «Өмір сүргім келмейді», «Мен болмағаным жақсы еді», «Бәрінен жалықтым», «Жоқ болып кеткім келеді», «Жақында менсіз бәріне жеңіл болады», «Өмір сүруден шаршадым». Кейде мәлімдемелер жанама сипатта болуы мүмкін: «Әрі қарай өмір сүрудің мәні жоқ», «Мен ешкімге керек емеспін», «Өмірдің пайдасы жоқ».<br>Мұндай сөздер келесі белгілермен қатар жүрсе, ерекше назар аудару маңызды:<br>– айқын мұң,<br>– жылау,<br>– үміт үзілу (түңілу),<br>– үмітсіздік,<br>– әлеуметтік оқшаулану,<br>– өзіне зиян келтіру (селфхарм) немесе жақында болған ауыр оқиғалар. |
| **Дабыл белгілері** | – Бала өлім туралы тыныш сөйлейді немесе бұл тақырыпқа үнемі қайта оралады;<br>– Өзіне зиян келтіретіні туралы хабарлайды;<br>– Жеке заттарын таратады; достарымен қоштасады;<br>– Әлеуметтік желілерде дабыл тудыратын хабарламалар жазады;<br>– Жақындарына жүк болып жүргенін айтады; |

| | |
|---|---|
| | – Болашағын көрмейді;<br>– Өз мәселелерін шешу мүмкін емес деп есептейді. |
| **Жоғары қауіп-қатер факторлары** | – Суицид жоспарының болуы;<br>– Тәсілдің көрсетілуі;<br>– Қауіпті құралдарға қолжетімділіктің болуы;<br>– Бұрын суицид жасау әрекеттерінің болуы;<br>– Өзіне зиян келтіру (селфхарм); отбасындағы зорлық-зомбылық;<br>– Ауыр қудалау;<br>– Жақында жақын адамынан айырылу;<br>– Үмітсіздік сезімінің айқын көрінісі;<br>– Ересектер тарапынан қолдаудың мүлдем жоқтығы. |

## Педагог-психологтің алғашқы әрекеттері

| Қадам | Не істеу керек |
|---|---|
| **1-қадам Сабырлық сақтаңыз** | Мұндай сөздерді естігенде, бойыңыздан қорқыныш, шок немесе үрей белгілерін көрсетпеңіз. Бала қасынан байсалды, сабырлы ересек адамды көруі тиіс. |
| **2-қадам Баланы жалғыз қалдырмаңыз** | Егер әңгіме диагностика немесе сабақ үстінде орын алса, топты басқа ересек адамның қадағалауына тапсыруды ұйымдастырып, өзіңіз баланың қасында қалыңыз. |
| **3-қадам Қауіпсіз кеңістік жасаңыз** | Мүмкіндік болса, оңаша әрі тыныш бөлмеге ауысыңыз. |
| **4-қадам Ашық айтқаны үшін алғыс білдіріңіз** | Балаға өз уайымдарымен бөлісіп, бұл туралы ашық айтқаны өте дұрыс қадам болғанын көрсету маңызды. |
| **5-қадам Жағдайды абайлап нақтылаңыз** | Оның жай-күйі мен ойлары туралы ашық, тікелей сұрақтарды тыныш қалыпта қойыңыз. Тікелей сұрақтар суицид қаупін арттырмайды және балаға қандай да бір деструктивті «ой» итермелемейді. |
| **6-қадам Қауіп-қатер дәрежесін бағалаңыз** | Бойында жай ғана өтпелі ойлар бар ма, әлде нақты ниет, жоспар және дайындық орын алып қойған ба – соны анықтаңыз. |
| **7-қадам Қауіпсіздікті қамтамасыз етіңіз** | Қауіп-қатерді бағалау толық аяқталғанға дейін бала ешбір жағдайда жалғыз қалмауы керек (тіпті дәретханаға немесе сыртқа жалғыз жіберілмейді). |
| **8-қадам Әкімшілікті дереу хабардар етіңіз** | Білім беру ұйымының ішкі бекітілген дағдарыстық алгоритміне сәйкес мектеп/колледж басшылығына шұғыл хабар беріңіз. |

| | |
|---|---|
| **9-қадам Ата-аналармен (заңды өкілдермен) байланысыңыз** | Ата-аналарды немесе заңды өкілдерді бұл жағдайдан шұғыл әрі міндетті түрде хабардар ету қажет. |
| **10-қадам Жоғары қауіп төнгенде медициналық қызметтерді тартыңыз** | Егер нақты жоспар, ниет немесе тікелей өмірге қауіп төніп тұрғаны анықталса – шұғыл әрекет ету (жедел жәрдем шақыру) талап етіледі. |

## Педагог-психологтің айтатын сөздерінің мысалдары

**Әңгіменің басталуы**

*Бұл туралы маған айтқаныңа рақмет.*

*Сені тыңдау мен үшін өте маңызды.*

*Қазір саған өте ауыр болып тұрғанын көріп тұрмын.*

*Кел, асықпай, тыныш қалыпта сөйлесейік.*

*Қазір сен жалғыз емессің.*

*Сенің бұл айтқандарың өте маңызды.*

**Күйді нақтылау үшін**

*Сен «өмір сүргім келмейді» деп айтқанда, дәл нені айтқың келді?*

*Мұндай ойлардың пайда болғанына көп болды ма?*

*Олар мезгіл-мезгіл келе ме, әлде үнемі мазалай ма?*

*Мұндай ойлар келер алдында әдетте не болады?*

*Кейде жаныңның қиналғаны сондай, жоқ болып кеткің немесе ұйықтап кетіп, қайта оянбағың келетін сәттер бола ма?*

**Қауіп-қатерді бағалау үшін**

*Бойыңда өзіңе қалай да бір зиян келтіру туралы ойлар туындады ма?*

*Мұны қандай тәсілмен жасауға болатыны туралы ойландың ба?*

*Белгілі бір жоспарың болды ма?*

*Осыған байланысты бір нәрсе дайындадың ба?*

*Бұған дейін өзіңе зақым келтіру әрекеттері болған ба еді?*

**Ресурстарды іздеу үшін**

*Тіпті ең ауыр күндердің өзінде саған шыдауға не көмектеседі?*

*Қазір саған бәрінен де қатты қолдау көрсетіп жүрген кім?*

*Ішкі сырыңды ашып, толық сенетін ересек адам бар ма?*

*Бұрын қиындықтарды жеңуге саған не көмектесуші еді?*

**Әңгімені аяқтау**

*Маған бұл туралы ашық айтқаныңа көп рақмет.*

*Қазір қасыңда көмектесе алатын ересек адамдардың болуы өте маңызды.*

*Біз сені бұл жағдайда жалғыз қалдырмаймыз.*

*Көмек алу мүмкіндігі бар, ал қазіргі біздің міндетіміз – сол көмекті саған ұйымдастырып беру.*

## Жол беруге болмайтын әрекеттер

| Қателік | Неліктен қауіпті? |
|---|---|
| **«Ақымақтық жасап, бос сөйлемеші»** деп айту | Бала өзінің түсініспеушілікке тап болғанын сезінеді және іштей мүлдем тұйықталып қалуы мүмкін. |
| **«Сенде бәрі жақсы, мәселені өзің ойлап тауып алдың»** деп айту | Баланың басынан өткеріп жатқан ауыр уайымдары мен сезімдерін құнсыздандырады. |
| Нотация оқу | Баланың бойындағы ішкі кінәлілік сезімін одан сайын күшейте түседі. |
| Ұялту | Баланың өзіне тұйықталу және тығырыққа тірелу қаупін арттырады. |
| Болған жағдайды ешкімге айтпай, толық құпия сақтауға уәде беру | Өмірге тікелей қауіп төнген жағдайда педагог-психолог ересектер мен жауапты мамандардың көмегін тартуға міндетті. |
| Баланы жалғыз қалдыру | Қауіп-қатер деңгейі толық бағаланғанға дейін бұлай істеуге мүлдем жол берілмейді. |
| Өмірдің тамаша екенін айтып, оны көндіруге тырысу | Дағдарыстық күйде логикалық дәлелдемелер мен ақыл-кеңестер әдетте ешқандай нәтиже бермейді. |
| Мәлімдемесін елемеу | Кез келген осындай хабарлама немесе сөз міндетті түрде шұғыл тексеруді және нақтылауды талап етеді. |

## Қандай мамандарды тарту қажет

| Маман | Қашан тарту керек |
|---|---|

| | |
|---|---|
| **Әкімшілік** | Жағдай анықталғаннан кейін дереу |
| **Ата-аналар (заңды өкілдер)** | Міндетті түрде |
| **Медицина қызметкері** | Баланың күйін бағалау қажет болған жағдайда |
| **Психиатр / дағдарыстық қызмет** | Суицидтік ойлар, ниеттер немесе нақты жоспар болған кезде |
| **Шұғыл қызметтер** | Өмірге тікелей қауіп төнген жағдайда |
| **Әлеуметтік педагог** | Отбасылық мәселелер (немесе қолайсыздықтар) болған кезде |
| **Сынып жетекшісі** | Әрі қарайғы сүйемелдеу және бақылау үшін |

## Кейінгі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағыты

| **Құжаттандыру** | **Іс-әрекеттер** |
|---|---|
| **Қауіп-қатерді бағалау** | Баланың айтқан сөздерінің мазмұнын, күнін, уақытын, қабылданған шараларды және тартылған мамандарды тіркеу. |
| **Ата-аналарды хабардар ету** | Ұйымның ішкі алгоритміне сәйкес суицидтік қауіп-қатерге тереңдетілген бағалау жүргізу. |
| **Мамандарға жолдау** | Жағдайды және көмек көрсетудің әрі қарайғы қадамдарын міндетті түрде талқылау. |
| **Психологиялық сүйемелдеу** | Қажет болған жағдайда психиатрдың, психотерапевттің немесе дағдарыстық педагог-психологтің (ПҚО, ПДО) консультациясын ұйымдастыру. |
| **Бақылау** | Баланы психологиялық-педагогикалық назар аудару тобына енгізу. |
| **Қайталанған кездесулер** | Баланың жағдайының динамикасын бағалау үшін жүйелі түрде жеке әңгімелесулер өткізу. |
| **Қауіпсіздікті бақылау** | Күйдің динамикасын бағалау үшін тұрақты түрде әңгімелесулер ұйымдастыру. |
| **Құжаттандыру** | Балада қолдау көрсететін ересек адамдардың және дағдарыстық жағдайда көмек сұраудың нақты жоспары бар екеніне көз жеткізу. |

**!**

**Маңызды!**

«Мен өмір сүргім келмейді» деген фраза әрдайым байсалды әрі маңызды қарауды талап етеді.

Алғашқы минуттардағы педагог-психологтің басты міндеті – себептерді іздеу немесе баланы райынан қайтаруға тырысу

емес, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, байланыс орнату, қауіп-қатерді бағалау және көмек ұйымдастыру болып табылады. Бала өзінің естілгенін, түсінілгенін және қасында әрекет етуге әрі көмектесуге әзір ересектердің бар екенін сезінуі тиіс.

## 2-ЖАҒДАЙ. Бала өзіне зиян келтіру туралы хабарлайды.

| Блок | Мазмұны |
|---|---|
| **Жағдайды қалай тану керек** | |
| **Негізгі белгілері** | Бала өзіне физикалық тұрғыдан ауырсыну тудыратыны туралы тікелей хабарлайды:<br>– «Мен қолымды кесемін»,<br>– «Кейде өзімді тырнаймын»,<br>– «Өзімді ұрамын»,<br>– «Жағдайым нашарлағанда, өзіме ауырлық тудырамын (жанымды ауыртамын)»,<br>– «Терімді күйдіремін»,<br>– «Жараның қабыршағын жұлып тастаймын»,<br>– «Шашымды жұламын».<br>Кейде бұл ақпарат диагностика, жеке әңгімелесу немесе эмоционалдық күйді талқылау барысында анықталады. Бала жарақат іздерін өзі көрсетуі мүмкін немесе, керісінше, оларды жасыруға тырысады. |
| **Дабыл белгілері** | – Денесінде жаңадан пайда болған кесіктер, күйіктер, сырылған жерлер, соққы іздерінің болуы;<br>– Ауа райына қарамастан үнемі жабық киім киіп жүру;<br>– Өз күйі туралы әңгімелерден қашқақтау;<br>– Өмірдің мәнсіздігі, үмітсіздік, өзінің ешкімге керек еместігі туралы мәлімдемелер;<br>– «Осылай істегенде жеңілдеп қаламын» деген сөздерді жиі айту;<br>– Өзіне зиян келтіру жиілігінің немесе ауырлығының артуы. |
| **Қауіп-қатер факторлары** | – Мазасыздықтың жоғары деңгейі,<br>– Депрессивті күй,<br>– Бастан өткерген зорлық-зомбылық,<br>– Буллинг,<br>– Отбасындағы ауыр жанжалдар,<br>– Жалғыздық сезімі,<br>– Эмоционалдық оқшаулану,<br>– Өзін-өзі бағалаудың төмендігі, |

| | |
|---|---|
| | – Сезімдерді сыртқа шығарудың қиындығы,<br>– Бұған дейін анықталған суицидтік ойлар немесе суицид жасау әрекеттері. |

## Педагог-психолог алғашқы іс-әрекеттері (қадамдық алгоритм)

| Қадам | Педагог-психологтің әрекеттері |
|---|---|
| **1-қадам**<br>**Сабырлық сақтаңыз** | Ақпарат уайым тудырса да, кәсіби ұстамдылық таныту маңызды. Маманның үрейі баланың оқшауланuуына әкелуі мүмкін. |
| **2-қадам**<br>**Сенім білдіргені үшін алғыс айтыңыз** | Мұндай тақырыпты қозғау бала үшін қиын. Айыптаусыз тыңдауға дайын екеніңізді көрсету маңызды. |
| **3-қадам**<br>**Құпиялылықты қамтамасыз етіңіз** | Әңгімені бөгде адамдар мен құрдастар жоқ, қауіпсіз әрі оңаша жерде жалғастырыңыз. |
| **4-қадам**<br>**Эмоционалдық байланыс орнатыңыз** | Бірден физикалық жағдайды егжей-тегжейлі сұрауға асықпай, алдымен сенімді қарым-қатынас орнатуға көңіл бөліңіз. |
| **5-қадам**<br>**Жағдайды анықтаңыз** | Психологиялық күйзелістің қашан басталғанын және оның жиілігін сабырмен нақтылаңыз. |
| **6-қадам**<br>**Функциясын түсінуге тырысыңыз** | Бұл мінез-құлық көбіне ішкі ауырсыну немесе эмоционалдық бостықпен күресу тәсілі ретінде қолданылатынын ескеріңіз. |
| **7-қадам**<br>**Қауіп-қатерді бағалаңыз** | Баланың қауіпсіздігіне төнетін жалпы тәуекелдер мен оның ой-ниетін кәсіби тұрғыда бағалау қажет. |
| **8-қадам**<br>**көмекті қарастырыңыз** | Қажет болған жағдайда білікті медицина маманын дереу көмекке шақырыңыз. |
| **9-қадам**<br>**Бақылауда ұстаңыз** | Қауіп деңгейі толық анықталғанша баланы қараусыз қалдырмау маңызды. |
| **10-қадам**<br>**Әрі қарайғы көмекті ұйымдастырыңыз** | Мекеменің бекітілген алгоритміне сәйкес әкімшілік пен ата-ананы хабардар етіп, мамандардың көмегін жоспарлаңыз. |

## Педагог-психологтің сөздері (жағдаяттар бойынша)

| Жағдаят | Педагог-психологтің үлгілі сөздері |
|---|---|
| **Әңгіменің басталуы** | – *Маған бұл туралы айтқаның үшін рақмет.*<br>– *Бұл туралы айту оңай емес екенін түсінемін.*<br>– *Қазір сенде не болып жатқанын түсіну мен үшін маңызды.* |
| **Егер бала ұялса** | – *Мен сені ұрысуға немесе кінәлауға келгенім жоқ.* |

| | |
|---|---|
| | – *Қазір менің міндетім – не болып жатқанын анықтауға көмектесу.* |
| **Жағдайды нақтылау үшін** | – *Өзіңе зақым келтірмес бұрын әдетте не болатынын айтып бере аласың ба?*<br>– *Осы сәтте қандай сезімде боласың?*<br>– *Олай істегеннен кейін не өзгереді?* |
| **Себептерін түсіну үшін** | – *Саған бұл әрекетті еңсеруге не көмектесетін сияқты?*<br>– *Бұдан кейін не жеңілдейді?* |
| **Суицид қаупін бағалау үшін** | – *Өзіңе зақым келтірген кезде, өмір сүргің келмейтін ойлар бола ма?*<br>– *Өлгің келетін сәттер болды ма?*<br>– *Өзіңе қатты зиян келтіру туралы ойлаған кездерің болды ма?* |
| **Көмек ресурстарын іздеу** | – *Қасында болғанда саған жеңілдік сыйлайтын адам бар ма?*<br>– *Өзіңе зақым келтіруден басқа, саған бұл жағдайдан шығуға не көмектеседі?* |
| **Егер бала жыласа** | – *Асықпауыңа болады.*<br>– *Мен қасыңдамын.*<br>– *Саған сәл жеңілдеген кезде сөйлесе аламыз.* |
| **Әңгімені аяқтау** | – *Маған сенім артқаның үшін рақмет.*<br>– *Қазір қасыңда бұл жағдайды еңсеруге көмектесетін ересектердің болғаны маңызды.*<br>– *Саған жеңіл болуы үшін бірге амалын ойластырамыз.* |

**Жол беруге болмайтын әрекеттер**

| Блок | Мазмұны |
|---|---|
| **Маманның қателіктері** | – шошып кеткенін немесе зәресі ұшқанын көрсету;<br>– барлық жарақаттарды дереу көрсетуді талап ету;<br>– сұрақтармен қысым жасау;<br>– баланы кінәлау; |

| | |
|---|---|
| | – ақыл айтып, насихат оқу;<br>– ұялтау;<br>– салдарымен қорқыту;<br>– жағдайды елемеу;<br>– мән-жайды нақтыламай тұрып қорытынды жасау. |
| **Жағдайды ушықтыруы мүмкін сөздер** | – «Мұны не үшін істеп жүрсің?» (кінәлау реңкінде).<br>– «Мұның қаншалықты ақымақтық екенін түсінесің бе?»<br>– «Бұл жай ғана назар аудартудың амалы».<br>– «Басқаларға бұдан да қиын».<br>– «Бұдан былай ешқашан өйтпеймін деп уәде бер».<br>– «Сен жынды емессің ғой». |

## Қандай мамандарды тарту қажет

| **Жағдай** | **Іс-әрекеттер** |
|---|---|
| **Жоғары қауіп белгілері жоқ бірлі-жарым эпизод** | Ата-аналары (заңды өкілдері) хабардар етіледі, психологиялық қолдау көрсету және бақылау ұйымдастырылады. |
| **Жүйелі түрде өзіне зақым келтіру (селфхарм)** | Ата-аналар, әкімшілік және қолдау көрсету мамандары міндетті түрде тартылады. Психиатр немесе психотерапевт кеңесінің қажеттілігі қарастырылады. |
| **Суицидалды ойлардың болуы** | Дағдарыс кезіндегі әрекет ету алгоритмі дереу іске қосылады. |
| **Өзіне қатты зиян келтіру жоспарының немесе ниетінің болуы** | Жергілікті регламенттерге сәйкес ата-аналар, әкімшілік, медицина қызметкерлері және шұғыл қызметтер кідіріссіз тартылады. |
| **Жаңадан салынған немесе ауыр жарақаттар** | Дереу медициналық көмек көрсетілуі қамтамасыз етіледі. |

## Кейінгі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағыты

| **Жағдаятты тіркеу** | **Мазмұны** |
|---|---|
| **Эмоционалдық күйді бағалау** | Әңгіменің мазмұнын, күнін, уақытын, анықталған қауіп-қатерлердің сипатын және қабылданған шараларды құжат түрінде тіркеу қажет. |

| | |
|---|---|
| **Себептерді талдау** | Эмоционалдық күйге, үрейге, депрессиялық белгілерге, суицид қаупінің деңгейіне және қолайсыздық факторларына тереңдетілген диагностика жүргізіледі. |
| **Отбасымен жұмыс** | Өзіне зақым келтірудің ықтимал себептері анықталады: отбасылық жанжалдар, буллинг, эмоционалдық шамадан тыс жүктеме, жарақаттайтын оқиғалар, жалғыздық сезімі, өзін-өзі бағалау мәселелері. |
| **Бақылау** | Балаға қолдау көрсету және қауіп-қатер факторларын азайту мәселелері бойынша ата-аналарға кеңес беріледі. |
| **Жеке сүйемелдеу** | Өзіне зақым келтіру деңгейінің айқындылығына қарамастан, бала психологиялық-педагогикалық назар аудару тобына қосылады. |
| **Ведомствоаралық өзара іс-қимыл** | Баланың күйін қадағалап отыру және эмоцияны өзі реттеудің қауіпсіз әдістерін қалыптастыру үшін педагог-психологпен тұрақты кездесулер ұйымдастырылады. |
| **Жағдайды тіркеу** | Қажет болған жағдайда медициналық және бейінді мамандар тартылады. |

!

**Маңызды!**

**Өзіне зақым келтіру** – бұл «еркелік», «манипуляция» немесе «назар аудартудың амалы» емес. Жиі жағдайда бұл күрделі **эмоционалдық қолайсыздықтың белгісі және баланың ішкі жан ауруымен** өзіне қолжетімді тәсілмен күресу әрекеті.

Педагог-психологтің басты міндеті – баланың әрекетіне баға беру емес, бұл мінез-құлықтың артында не тұрғанын түсіну, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және уақытылы көмек ұйымдастыру. Өзіне зақым келтірудің кез келген жағдайы суицид қаупін бағалауды және бұдан былайғы бақылауды талап ететінін есте сақтау ерекше маңызды.

## 3-ЖАҒДАЯТ. Бала басқа адамдарға зиян келтіруді жоспарлап жүргені туралы хабарлайды

| Блок | Мазмұны |
|---|---|
| **Жағдайды қалай тануға болады** | |
| **Негізгі белгілері** | Әңгімелесу, диагностика, кеңес беру немесе бақылау кезінде бала басқа адамға зиян келтіру ниеті туралы тікелей немесе |

| | |
|---|---|
| | жанама түрде хабарлайды. Мәлімдемелер ашық («*Мен оны ұрамын», «Мен одан кек алғым келеді», «Мен оны сабап тастаймын», «Мен оған қалай жамандық жасауды білемін»*) немесе астарлы («Ол әлі өкінеді», «Жақында олар біледі», «Мен бәрін ойластырып қойдым») болуы мүмкін. |
| **Дабыл белгілері** | – Бала жазалағысы, ауырсыну тудырғысы немесе қорлағысы келетін нақты бір адам туралы айтады.<br>– Зиян келтіру тәсілдерін сипаттайды.<br>– Әрекеттерге дайындық туралы хабарлайды.<br>– Айқын ашу-ыза, жеккөрушілік, кек алу сезімін көрсетеді.<br>– Зорлық-зомбылық туралы қиялдарымен бөлісуі, қару-жарақ, төбелестерге, шабуыл жасау тәсілдеріне қызығушылық танытуы мүмкін. |
| **Қауіп-қатер факторлары** | – ұзақ уақыт бойы буллингке ұшырау,<br>– қорлау,<br>– әлеуметтік шеттетілу,<br>– құрдастарымен немесе ересектермен қақтығыстар,<br>– импульсивтілік,<br>– агрессияның жоғары деңгейі,<br>– эмоционалдық тұрақсыздық,<br>– әділетсіздікті сезіну,<br>– психотравмалық оқиғалар,<br>– бұрын жасалған агрессиялық әрекеттер,<br>– психоактивті заттарды қолдану,<br>– қарудың болуы немесе қауіпті заттарға қолжетімділік. |
| **Жоғары қауіп-қатер факторлары** | Бала нақты құрбанды, зиян келтірудің нақты тәсілін, жоспарланған әрекеттердің орны мен уақытын атайды, шабуыл жасауға арналған заттардың бар екенін немесе дайындық әрекеттері туралы хабарлайды. Бұл жағдайда білім алушының жасына қарамастан, жағдай дағдарыстық ретінде қарастырылады. |

## Педагог-психологтің алғашқы іс-әрекеттері (қадамдық алгоритм)

| Қадам | Педагог-психологтің іс-әрекеті |
|---|---|
| **1-қадам. Сабырлық сақтаңыз** | Ақпарат қатты мазасыздық тудырса да, сабырлы тонды сақтау маңызды. Ересек адамның қорқуы, айыптауы немесе шұғыл реакциясы байланыстың үзілуіне және ақпараттың жасырылуына әкелуі мүмкін. |
| **2-қадам. Баланы мұқият тыңдаңыз** | – Сөзін бөлмеңіз және дауласпаңыз.<br>– Сөзін аяғына дейін айтуға мүмкіндік беріңіз.<br>– Мүмкіндігінше толық ақпарат алу және ниеттің маңыздылығын түсіну маңызды. |
| **3-қадам. Сөздерге байыппен қараңыз** | Басқаларға зиян келтіру ниеті туралы кез келген хабарлама әлеуетті маңызды ретінде қабылдануы тиіс. Мұндай мәлімдемелерді қосымша тексерусіз «жай ғана жасөспірімдердің сөздері» деп санауға болмайды. |
| **4-қадам. Қауіп деңгейін нақтылаңыз** | Келесі жайттарды анықтау қажет:<br>– бала нақты кімге зиян келтіргісі келеді;<br>– нақты не істеуді жоспарлап отыр;<br>– нақты тәсілі туралы ойлады ма;<br>– дайындалу үшін қандай да бір әрекеттер жасады ма;<br>– қауіпті заттарға қолжетімділік бар ма;<br>– мұны қашан істегелі жатыр. |
| **5-қадам. Эмоционалдық күйді бағалаңыз** | Баланың қатты ашу-ыза, қозу, аффект, эмоционалдық күйзеліс күйінде екенін анықтаңыз. Қазіргі сәтте ол өз әрекеттерін бақылай ала ма, соны анықтаңыз. |
| **6-қадам. Қауіпсіздікті қамтамасыз етіңіз** | Егер шұғыл әрекеттер жасау қаупі болса, бала қараусыз қалмауы керек. Қажет болған жағдайда әлеуетті қауіпті заттарға қолжетімділік шектеледі және ересек адамның сүйемелдеуі ұйымдастырылады. |
| **7-қадам. Толық құпиялылыққа уәде бермеңіз** | Егер басқа адамдардың қауіпсіздігіне қатер төніп тұрса, педагог-психолог ақпаратты жауапты тұлғаларға беруге міндетті. |
| **8-қадам. Әкімшілікті дереу хабардар етіңіз** | Басқа адамдарға зиян келтіру ниеті туралы ақпарат жоғары қауіп санатына жатады және білім |

| | |
|---|---|
| | беру ұйымының әкімшілігіне дереу жеткізілуі тиіс. |
| **9-қадам. Ата-аналарды (заңды өкілдерді) міндетті түрде хабардар етіңіз** | Тәуекел анықталған күні ата-аналарға (заңды өкілдерге) міндетті түрде хабар берілуі тиіс. Хабарлауды кейінге қалдыруға болмайды. |
| **10-қадам. Кейінгі сүйемелдеуді ұйымдастырыңыз** | Жағдай тұрақталғаннан кейін қауіп-қатер факторларын, агрессия деңгейін, эмоционалдық күйді және мұндай ниеттердің пайда болу себептерін тереңдетілген бағалау жүргізіледі. |

## Педагог-психологтің үлгілі сөздері

| Жағдаят | Педагог-психологтің үлгілі сөздері |
|---|---|
| **Егер бала өз ниеттері туралы айтса** | *Маған бұл туралы айтқаның үшін рақмет.* |
| | *Мен сенің қазір өте күшті сезімдерді бастан кешіріп отырғаныңды көріп тұрмын.* |
| | *Бұл жағдайды еңсеруге көмектесу үшін не болып жатқанын түсіну мен үшін маңызды.* |
| **Қауіпті нақтылау үшін** | *Айтып берші, өтініш, нақты не болды?* |
| | *Қазір кімге бәрінен де қатты ашуланып тұрсың?* |
| | *Бұл жағдайда не істегің келеді?* |
| | *Сен бұны жай ғана көз алдыңа елестеттің бе, әлде мұны нақты қалай істеу керектігін ойластырдың ба?* |
| | *Осыған қатысты қандай да бір дайындық жасадың ба?* |
| **Кернеуді азайту үшін** | *Қазір бұл жағдайда жалғыз қалмау маңызды.* |
| | *Кел, бұл ашу-ызаны қауіпсіз тәсілмен қалай жеңуге болатынын бірге ойластырайық.* |
| | *Қазір саған қаншалықты ауыр екенін естіп тұрмын.* |
| **Егер бала әңгіменің салдарынан қорықса** | *Қазір менің міндетім – көмектесу және қауіпсіздікті қамтамасыз ету.* |
| | *Мен сені ұрыспаймын.* |
| | *Бірақ біреудің зардап шегу қаупі болса, мен жағдайды анықтауға көмектесетін ересектерді тартуға міндеттімін.* |

## Тағы нені нақтылау маңызды

| Нені анықтау қажет | Бұл неліктен маңызды |
|---|---|
| **Бала зиян келтіргісі келетін нақты адам бар ма** | Қатер деңгейін бағалауға мүмкіндік береді |

| | |
|---|---|
| **Нақты іс-әрекет жоспары бар ма** | Жоғары қауіптің басты критерийлерінің бірі |
| **Қаруға, пышақтарға, қауіпті заттарға қолжетімділік бар ма** | Ниеттердің іске асу ықтималдығын арттырады |
| **Бұрын төбелестер, шабуылдар, қоқан-лоқылар болды ма** | Агрессивті мінез-құлық тарихын бағалауға мүмкіндік береді |
| **Бұл ойлардың пайда болуына не себеп болды** | Іске қосу механизмін түсінуге көмектеседі |
| **Қолдау көрсететін ересектер бар ма** | Қорғаныс және сүйемелдеу ресурсы |
| **Бала өз әрекеттерін бақылай ала ма** | Өзін-өзі бақылау деңгейін бағалау |
| **Бұрын басқаларға зиян келтіру тәжірибесі болды ма** | Мінез-құлықтың қайталануының маңызды қауіп-қатер факторы |

## Жол беруге болмайтын әрекеттер

| Маманның қателігі | Бұл неліктен қауіпті |
|---|---|
| **Айтылған сөзді елеусіз қалдыру** | Нақты қатерді өткізіп алу мүмкін |
| **«Сен бұны істемейсің» деп айту** | Ақпараттың маңыздылығын құнсыздандырады |
| **Ақыл айтып, насихат оқу** | Байланысты нашарлатады |
| **Жазамен қорқыту** | Бала шындықты айтуды тоқтатуы мүмкін |
| **Келемеждеу немесе ұялтау** | Агрессия мен оқшауланууды күшейтеді |
| **Баланың қате екенін айтып, дауласу және дәлелдеу** | Қауіпті азайтпайды |
| **Жоғары қауіп төнгенде баланы жалғыз қалдыру** | Ниеттердің іске асуына әкелуі мүмкін |
| **Ақпаратты әкімшіліктен және ата-анадан жасыру** | Қауіпсіздік талаптарын бұзады |

***Жағдайды ушықтыруы мүмкін сөз тіркестері***

*Қойшы, сен ондай әрекетке бармайсың.*

*Мұның бәрі бос сөз.*

*Мұндай болмашы нәрсеге бола ашуланудың қажеті жоқ.*

*Сен жай ғана өзіңе назар аудартқың келіп тұр.*

*Қалыпты балалар бұлай сөйлемейді.*

*Мұның салдары туралы жақсылап ойлан.*

*Өзіңді қолға ал.*

### Қандай мамандарды тарту қажет

| Жағдаят | Кімдерді тарту керек |
|---|---|
| **Басқа адамға зиян келтіру ниеті туралы кез келген хабарлама** | Білім беру ұйымының әкімшілігі |
| **Басқа адамға зиян келтіру ниеті туралы кез келген хабарлама** | Ата-аналар (заңды өкілдер) |
| **Айқын агрессия, эмоционалдық тұрақсыздық** | Педагог-психолог, әлеуметтік педагог, сүйемелдеу мамандары |
| **Психикалық бұзылуға немесе мінез-құлықты бақылауды жоғалтуға күдік** | Медицина қызметкері, көрсеткіштер бойынша психиатриялық қызмет |
| **Айналадағылардың өмірі мен денсаулығына тікелей қатердің болуы** | Қолданыстағы регламенттерге сәйкес шұғыл қызметтер |

### Кейінгі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағыты

| Кезең | Жұмыс мазмұны |
|---|---|
| **Жағдаятты тіркеу** | Баланың сөздері, әңгімелесу мән-жайлары, эмоционалдық күйі, анықталған қауіп-қатер факторлары және қабылданған шаралар егжей-тегжейлі құжаттандырылады. |
| **Қауіпті тереңдетілген бағалау** | Агрессия, импульсивтілік деңгейіне, эмоционалдық күйге, жанжалдарға, бастан өткерген стрестік оқиғаларға және қолдау ресурстарына талдау жүргізіледі. |
| **Отбасымен жұмыс** | Ата-аналармен кездесу ұйымдастырылады. Анықталған қауіп-қатерлер мен қауіпсіздік шаралары талқыланады. |
| **Психологиялық сүйемелдеу** | Агрессияны азайту, өзін-өзі реттеу және жанжалдарды сындарлы шешу дағдыларын дамыту бойынша жеке жұмыс жоспары құрылады. |
| **Бақылау** | Әңгімелесуден кейін қауіп азайды ма, әлде жоқ па, оған қарамастан бала психологиялық-педагогикалық бақылау тобына қосылады. |
| **Ведомствоаралық өзара іс-қимыл** | Қажет болған жағдайда медицина мамандары, сүйемелдеу қызметтері және басқа да бейінді ұйымдар тартылады. |

!

**Маңызды!**

Баланың басқа адамға зиян келтіру ниеті туралы хабарлауының өзі оның бұл сөздерді міндетті түрде іске асыратынын білдірмейді. Дегенмен, мұндай мәлімдемелер әрдайым маңызды бағалауды және тексеруді талап етеді. Педагог-психологтің басты міндеті – кінәліні іздеу немесе баланы жазалау емес, уақытылы қауіп-қатер деңгейін анықтау, айналадағылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қажетті көмекті ұйымдастыру. Басқа адамдарға зиян келтіру туралы кез келген қоқан-лоқы білім беру ұйымының әкімшілігін және ата-аналарды (заңды өкілдерді) міндетті түрде хабардар етуді талап етеді.

## 3-ЖАҒДАЙ. Бала өзіне қатысты зорлық-зомбылық немесе қатыгездік көрсету туралы хабарлайды

| Бөлім | Мазмұны |
|---|---|
| **Жағдайды қалай тануға болады** | |
| **Негізгі белгілері** | Бала келесі жағдайлар туралы тікелей немесе жанама түрде хабарлайды:<br>– физикалық зорлық-зомбылық,<br>– психологиялық зорлық-зомбылық,<br>– сексуалды зорлық-зомбылық,<br>– қажеттіліктерге немқұрайлы қарау,<br>– қатыгездік таныту,<br>– қорлау, қоқан-лоқы көрсету,<br>– жүйелі түрде жазалау,<br>– қорқыту немесе зиян келтірудің басқа түрлері.<br>Хабарлама ашық *(«Мені үйде ұрады», «Маған ересек адам қол тигізді», «Мен үйге қайтуға қорқамын»*) немесе астарлы *(«Үйде үндемеген дұрыс», «Егер айтсам, мәселе туындайды», «Мені тым қатты жазалайды»*) болуы мүмкін. |
| **Дабыл белгілері** | – бала нақты бір адамнан қорқатыны туралы айтады;<br>– ешкімге ештеңе айтпауды өтінеді; |

| | |
|---|---|
| | – соққыға жығу, қоқан-лоқы көрсету, сексуалды әрекеттер туралы хабарлайды;<br>– айқын қорқыныш, ұят, кінә, мазасыздық сезімін көрсетеді;<br>– тұрақты зорлық-зомбылық туралы «норма» ретінде айтады. |
| **Жоғары қауіп-қатер факторлары** | – дене жарақаттарының болуы;<br>– сексуалды зорлық-зомбылық туралы хабарламалар;<br>– баланың өмірі мен денсаулығына қатер төнуі;<br>– қайталанатын зорлық-зомбылық;<br>– қауіпсіз ересек адамның болмауы;<br>– үйге қайтудан қорқу;<br>– қарудың болуы, ересектердің ішімдік ішуі немесе агрессивті мінез-құлқы;<br>– ақпаратты жария қылғаны үшін қоқан-лоқы көрсету. |

## Педагог-психологтің алғашқы іс-әрекеттері (қадамдық алгоритм)

| Қадам | Маманның іс-әрекеті |
|---|---|
| **1-қадам. Сабырлық сақтаңыз** | Естілген ақпарат маманның бойында күшті эмоционалдық реакция тудыруы мүмкін. Шошып кеткенді, зәресі ұшқанды, наразылықты немесе үрейді көрсетпеу маңызды. Бала ересек адамның реакциясын мұқият бақылайды. |
| **2-қадам. Баланы соңына дейін тыңдаңыз** | Сөзін бөлмеңіз, асықтырмаңыз және тым көп нақтылаушы сұрақтар қоймаңыз. Бірінші кезеңдегі басты міндет – балаға қауіпсіз жағдайда болған оқиға туралы айтып беруге мүмкіндік беру. |
| **3-қадам. Сенім білдіргені үшін алғыс айтыңыз** | Балалардың көпшілігі үшін зорлық-зомбылық туралы айту өте қиын қадам болып табылады. Баланы қолдау және ересек адамға айту арқылы оның дұрыс әрекет жасағанын көрсету маңызды. |

| | |
|---|---|
| **4-қадам. Баланы кінәлауды мүлдем алып тастаңыз** | Бала болған оқиға үшін жауапкершілік өзіне емес, ересек адамға немесе ренжітушіге жүктелетінін естуі тиіс. |
| **5-қадам. Толық құпиялылыққа уәде бермеңіз** | Ақпаратты құпия сақтауға уәде беруге болмайды. Педагог-психолог қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін басқа ересектердің көмегі қажет болатынын түсіндіруге міндетті. |
| **6-қадам. Тікелей төніп тұрған қауіп деңгейін бағалаңыз** | Баланың қазір қауіпсіздікте екенін, жақын арада зорлық-зомбылықтың қайталану қаупі бар-жоғын, денсаулыққа ауыр зиян келтіру қаупінің бар-жоғын анықтау қажет. |
| **7-қадам. Ақпаратты барынша дәл тіркеңіз** | Баланың сөздерін өзіңіздің түсіндірмелеріңіз бен қорытындыларыңызды қоспай, түпнұсқаға барынша жақын жазып алу маңызды. |
| **8-қадам. Әкімшілікке дереу хабарлаңыз** | Зорлық-зомбылық туралы ақпарат тек педагог-психолог деңгейінде ғана қалмауы тиіс. Ұйым басшылығы дереу құлағдар етілуі керек. |
| **9-қадам. Баланы қорғау алгоритмін іске қосыңыз** | Жағдайға байланысты ата-аналармен, қорғаншылық органдарымен, медициналық ұйымдармен, полиция бөлімшелерімен және басқа да құрылымдармен өзара іс-қимыл ұйымдастырылады. |
| **10-қадам. Бұдан былайғы сүйемелдеуді ұйымдастырыңыз** | Алғашқы әрекеттерден кейін бала мамандардың бақылауында болуы және қажетті психологиялық көмекті алуы тиіс. |

## Педагог-психологтің үлгі сөздер

| Жағдай | Педагог-психологтің үлгілі сөздері |
|---|---|
| **Егер бала айтып бере бастаса** | – Маған бұл туралы айтқаның үшін рақмет.<br>– Бұл туралы айту сен үшін өте оңай болмағанын көріп тұрмын.<br>– Мен сені мұқият тыңдап тұрмын. |
| **Егер бала әрі қарай айтуға қорықса** | – Қазір қаншалықты дайын болсаң, соншалықты айтып бер.<br>– Саған қазір айта алатыныңнан артық сөйлеуге ешкім мәжбүрлемейді. |
| **Егер бала кінәлілік сезімін бастан кешірсе** | – Болған жағдайға сен кінәлі емессің. |

| | |
|---|---|
| | – Біреудің саған зиян келтіргеніне сен кінәлі емессің. |
| **Егер бала салдарынан қорықса** | – Қазір менің міндетім – саған көмектесу және сенің қауіпсіздікте болуыңды қамтамасыз ету. |
| **Егер бала ешкімге айтпауды өтінсе** | – Сенің қорқып тұрғаныңды түсінемін. Бірақ әңгіме сенің қауіпсіздігің туралы болса, маған сені қорғай алатын басқа ересектерден көмек сұрау қажет. |
| **Байланысты қолдау үшін** | – Қазір сен жалғыз емессің.<br>– Біз бұнымен бірге айналысамыз (бірге анықтаймыз). Саған көмектесе алатын ересектер бар. |

## Тағы нені нақтылау маңызды

| Бағыты | Нені анықтау маңызды |
|---|---|
| **Қауіпсіздік** | Бала қазір қауіпсіздікте ме |
| **Уақыты** | Зорлық-зомбылық қашан болды |
| **Жиілігі** | Бұл бірлі-жарым жағдай болды ма, әлде жүйелі түрде қайталанып тұра ма |
| **Ренжітуші** | Нақты кім зиян келтіріп жүр |
| **Қатер** | Жағдайдың қайталану қаупі бар ма |
| **Қолдау** | Бала сенетін ересек адам бар ма |
| **Салдары** | Дене жарақаттары, денсаулықтың нашарлауы, қорқыныш, ұйқысыздық бар ма |
| **Құпиялылық** | Балаға болған жағдай туралы айтуға тыйым салынды ма |

## Не істеуге болмайды

| Маманның қателігі | Бұл неліктен қауіпті |
|---|---|
| **Егжей-тегжейлерді талап ету және өз бетінше тергеу жүргізу** | Бұл баланы қайтадан жарақаттауы мүмкін |
| **Сұрақтармен қысым жасау** | Мазасыздық пен қорқынышты күшейтеді |
| **Баланың сөздеріне күмән келтіру** | Сенімді бұзады |
| **Баланы кінәлау** | Кінәлілік сезімін күшейтеді |

| | |
|---|---|
| **Құпияны сақтауға уәде беру** | Қауіпсіздікке қатер төнген жағдайда орындау мүмкін емес |
| **Шошып кеткенді, зәресі ұшқанды немесе ашу-ызаны көрсету** | Бала қорқып, өз-өзіне тұйықталып қалуы мүмкін |
| **Болжамды ренжітушімен өз бетінше қарым-қатынасты анықтауға тырысу** | Балаға қосымша қатер төндіруі мүмкін |

## Қандай мамандарды тарту қажет

| Жағдай | Іс-әрекеттер |
|---|---|
| **Зорлық-зомбылық туралы кез келген хабарлама** | Білім беру ұйымының әкімшілігі дереу хабардар етіледі |
| **Егер болжамды ренжітуші ата-анасы болмаса** | Баланың ата-аналары (заңды өкілдері) хабардар етіледі |
| **Егер болжамды ренжітуші – ата-анасы немесе заңды өкілі болса** | Хабардар ету мәселесі баланың қауіпсіздігін негізге ала отырып, әкімшілікпен, қорғаншылық органдарымен және құқық қорғау органдарымен бірлесіп шешіледі |
| **Дене жарақаттарының болуы** | Медицина қызметкері тартылады |
| **Сексуалды зорлық-зомбылық** | Құқық қорғау органдары мен медициналық қызметтер дереу тартылады |
| **Өмірге және денсаулыққа қатер төнуі** | Шұғыл қызметтер шақырылады |

## КТІжИ-мен өзара іс-қимыл және ведомствоаралық сүйемелдеу

| Негіздеме | Іс-әрекеттер |
|---|---|
| **Қатыгездік танытудың расталған фактілері** | Ақпарат қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес әкімшілікке және кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі бөлімшеге (КТІжИ) беріледі |
| **Қайталанған зорлық-зомбылық қаупінің болуы** | Балаға ведомствоаралық сүйемелдеу ұйымдастырылады |
| **Қауіпсіз ортаның болмауы** | Қорғаншылық органдары және басқа да уәкілетті құрылымдар тартылады |
| **Өмір мен денсаулыққа төнген жоғары қауіп** | Құзыретті қызметтер дереу хабардар етіледі |

Тәуекел деңгейі жоғары күйінде сақталған, зорлық-зомбылық жалғасқан, оң өзгерістер байқалмаған немесе кешенді көмек көрсету қажет болған жағдайда білім алушыны ведомствоаралық сүйемелдеу аясында ювеналды полиция бөлімшесімен (ЮПБ), психологиялық қолдау орталығымен (ПҚО), психикалық денсаулық орталығымен (ПДО), құқықтық қолдау қызметтерімен, «111» психологиялық қолдау қызметімен, қорғаншылық және қамқоршылық органдарымен, медициналық ұйымдармен және басқа да құзыретті құрылымдармен өзара іс-қимыл ұйымдастырылады.

### Кейінгі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағыты

| Жұмыс бағыты | Мазмұны |
|---|---|
| **Құжаттандыру** | Бала хабарламасының мән-жайлары мен мазмұнын егжей-тегжейлі тіркеу |
| **Қауіпті бағалау** | Өмір мен денсаулыққа төнген қатер деңгейін талдау |
| **Психологиялық сүйемелдеу** | Тұрақты жеке кездесулер |
| **Отбасымен жұмыс** | Отбасы тарапынан қауіп төнбеген жағдайда |
| **Ведомствоаралық өзара іс-қимыл** | Барлық мамандардың іс-әрекеттерін үйлестіру |
| **Қауіпсіздікті бақылау** | Жағдайға тұрақты мониторинг жүргізу |
| **Қайталанған диагностика** | Эмоционалдық күйді динамикада бағалау |
| **Бақылау** | Баланы психологиялық-педагогикалық назар аудару тобына қосу |

!

**Маңызды!**

Баланың зорлық-зомбылық немесе қатыгездік таныту туралы кез келген хабарламасы өте байыппен қарастырылуы тиіс. Педагог-психологтің міндеті – кінәлілікті анықтау немесе тергеу жүргізу емес, баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ақпаратты жауапты қызметтерге уақытылы беру және қажетті көмекті ұйымдастыру. Білім алушының



өмірін, денсаулығын және амандығын қорғау әрдайым басты басымдық болып қала береді.

## МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҚ ДАҒДАРЫСТЫҚ ЖАҒДАЙЛАР

### 1-ЖАҒДАЙ. Білім алушы агрессия танытады, айналадағыларға қоқан-лоқы көрсетеді немесе қауіпті мінез-құлық көрсетеді

| Блок | Мазмұны |
|---|---|
| **Жағдайды қалай тануға болады** | |
| **Негізгі белгілері** | Білім алушы келесі әрекеттерді танытады:<br>– физикалық немесе сөздік агрессия,<br>– айқайлайды,<br>– айналадағыларды қорлайды,<br>– өзіне немесе басқаларға зиян келтірумен қорқытады,<br>– мүлікті бүлдіреді,<br>– заттарды лақтырады,<br>– құрдастарын немесе ересектерді ұруға әрекеттенеді,<br>– бақылаусыз мінез-құлық көрсетеді. |
| **Дабыл белгілері** | Жазалаумен қорқыту, зиян келтіру ниеті туралы мәлімдемелер, соққы беру әрекеттері, қауіпті заттардың болуы, айқын эмоционалдық қозу, мінез-құлықты бақылаудан шығарып алу, қиратушы әрекеттер, төбелеске итермелеу әрекеттері. |
| **Жоғары қауіп-қатер факторлары** | – қарудың немесе қауіпті заттардың болуы;<br>– өлтірумен немесе ауыр зиян келтірумен қорқыту;<br>– кек алу туралы айтылған сөздер;<br>– психоактивті заттарды қолдану белгілері;<br>– психотикалық белгілер;<br>– ұзаққа созылған жанжал;<br>– бұрын жасалған зорлық-зомбылық әрекеттері;<br>– эмоционалдық қозудың жоғары деңгейі. |

## Педагог-психологтің алғашқы іс-әрекеттері (қадамдық алгоритм)

| Қадам | Маманның іс-әрекеті |
|---|---|
| **1-қадам. Қауіп деңгейін дереу бағалаңыз** | Бірінші кезекте білім алушының өзіне немесе айналадағыларға тікелей қатер төндіріп тұрғанын анықтау қажет. Қарудың, өткір заттардың бар-жоғын, физикалық шабуыл жасау әрекеттерін, қиратушы мінез-құлықты бағалаңыз. |
| **2-қадам. Айналадағылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіңіз** | Алғашқы минуттардағы негізгі міндет – басқа білім алушылар мен қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Қажет болған жағдайда білім алушыларды бөлмеден ұйымдасқан түрде шығару немесе агрессия танытып отырған білім алушыны ересектердің бақылауымен қауіпсіз орынға алып бару қажет. |
| **3-қадам. Дауға түспеңіз және жанжалды ушықтырмаңыз** | Эмоционалды қозу кезінде бала ақыл-насихат пен логикалық шешімдерді қабылдауға қабілетсіз болады. Кез келген дау-дамай агрессияны күшейтуі мүмкін. |
| **4-қадам. Қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз** | Балаға кенеттен жақындамаңыз. Шығатын жолды бөгемеңіз. Арнайы дайындық болмаса және баланың өзіне немесе өзгелерге дереу зиян келтіру қаупінің алдын алу қажеттілігі туындамаса, оны өз бетіңізше күшпен ұстап қалуға әрекет жасамаңыз. |
| **5-қадам. Сабырлы және қысқа сөйлемдермен сөйлесіңіз** | Сабырлы дауысты, қарапайым нұсқауларды және сөздердің ең аз мөлшерін қолданыңыз. |
| **6-қадам. Басқа білім алушыларды сүйемелдеуді ұйымдастырыңыз** | Егер жағдай сыныпта немесе топта орын алса, басқа балалардың қауіпсіздігін дереу қамтамасыз ету, олардың жанжалға қатысуын болдырмау және үрейдің алдын алу қажет. |
| **7-қадам. Ересектерді көмекке шақырыңыз** | Білім беру ұйымының әкімшілігіне дереу хабарлаңыз. Айқын агрессия жағдайында маман бұл жағдайда жалғыз қалмауы тиіс. |
| **8-қадам. Дабыл түймесін немесе ішкі қауіпсіздік алгоритмін қолданыңыз** | Егер білім беру процесіне қатысушылардың өмірі мен денсаулығына қатер төнсе, дабыл түймесі немесе мекемеде қарастырылған басқа да шұғыл әрекет ету механизмі іске қосылады. |
| **9-қадам. Қауіп төнген жағдайда шұғыл қызметтерді шақырыңыз** | Егер бала қаруланған болса, айналадағыларға шабуыл жасаса, өлтірумен немесе ауыр зиян |

| | |
|---|---|
| | келтірумен қорқытса, дереу шұғыл қызметтер шақырылады. |
| **10-қадам. Кернеу азайғаннан кейін қауіпті бағалаңыз** | Жағдай тұрақталғаннан кейін болған оқиғаның себептерін, баланың өз әрекеттерін қаншалықты түсінетінін, зиян келтіру ниетінің бар-жоғын және қайталанатын қауіп-қатерлерді анықтау қажет. |

## Басқа білім алушылардың қауіпсіздігін ұйымдастыру

| Іс-әрекеттер | Не істеу қажет |
|---|---|
| **Балаларды шығару** | Мүмкіндігінше басқа балаларды бөлмеден шығару. |
| **Көрермендерді болдырмау** | Жағдайдың айналасына білім алушылардың жиналуына жол бермеу. |
| **Жауапты ересек адамды тағайындау** | Бір ересек адам топпен айналысады, екіншісі дағдарыстық жағдаймен жұмыс істейді. |
| **Түсірілімнің алдын алу** | Болып жатқан жағдайды фото және видеоға түсіруге жол бермеу. |
| **Құпиялылықты қорғау** | Жағдайдың егжей-тегжейін білім алушылармен талқыламау. |

### Сыныпқа айтылатын үлгі сөздер

*Қазір ересектердің назар аударуын талап ететін жағдай туындады. Өтінемін, педагогпен бірге тыныш басқа бөлмеге өтіңіздер.*

## *Педагог-психологтің сөйлеу үлгілері*

| Жағдай | Ұсынылатын сөйлеу үлгілері |
|---|---|
| **Айқын агрессия кезінде** | *Мен сенің қазір өте ашулы екеніңді көріп тұрмын.* |
| | *Қазір ешкімнің зардап шекпеуі маңызды.* |
| | *Саған сәл сабырлы болған кезде, мен сені тыңдауға дайынмын.* |
| **Қоқан-лоқы кезінде** | *Сенің өте ашуланып тұрғаныңды естіп тұрмын.* |
| | *Кел, қазір бәрі қауіпсіздікте болатындай іс-әрекет жасайық.* |
| **Егер бала айқайласа** | *Мен сені естіп тұрмын.* |
| | *Қазір ештеңені дәлелдеудің қажеті жоқ.* |
| | *Кел, кернеуді азайтуға тырысайық.* |

| | |
|---|---|
| **Егер бала заттарды сындырса** | *Қазір ең маңыздысы – ешкімге зиян келмеуі үшін жағдайды тоқтатып, қауіпсіздікті қамтамасыз ету.* |
| **Байланысты қалпына келтіру үшін** | *Не болғанын айтып берші.* |
| | *Сені не мұншалықты қатты ашуландырды?* |
| | *Қазір саған сәл тыныштануға не көмектеседі?* |

## Тұрақтандырудан кейін тағы нені нақтылау маңызды

| Бағыты | Нені анықтау қажет |
|---|---|
| **Өршу себебі** | Агрессияның алдында нақты не болды |
| **Агрессия объектісі** | Агрессия нақты кімге бағытталды |
| **Ниеттер** | Бала шынымен зиян келтіргісі келді ме |
| **Жоспарлау** | Қоқан-лоқылар алдын ала ойластырылды ма |
| **Қауіпті заттарға қолжетімділік** | Қару, пышақтар, қауіпті заттар бар ма |
| **Мінез-құлық тарихы** | Бұған дейін мұндай жағдайлар болды ма |
| **Баланың күйі** | Өз әрекеттерін бақылау деңгейі |
| **Қолдау** | Бала сенетін ересек адам бар ма |

## Не істеуге болмайды

| Маманның қателігі | Бұл неліктен қауіпті |
|---|---|
| **Жауап ретінде айқайлау** | Агрессияны күшейтеді |
| **Жазамен қорқыту** | Кернеуді арттырады |
| **Баланы ұялтау** | Қарсылықты күшейтеді |
| **Тым жақын келу** | Шабуыл жасауға итермелеуі мүмкін |
| **Жалғыз өзі күшпен ұстап тұруға тырысу** | Жарақаттану қаупі бар |
| **Дауласу және көзін жеткізуге тырысу** | Дағдарыс кезінде логикалық аргументтер іске асырылмайды |
| **Билік үшін күресті тудыру** | Жанжалды күшейтеді |

## Кімдерді тарту қажет

| Жағдаят | Іс-әрекеттер |
|---|---|
| **Кез келген елеулі агрессия** | Әкімшілік дереу хабардар етіледі |
| **Айналадағыларға қоқан-лоқы көрсету** | Ата-аналар (заңды өкілдер) міндетті түрде хабардар етіледі |
| **Қайталанатын агрессивті мінез-құлық** | Сүйемелдеу мамандары тартылады |

| | |
|---|---|
| **Физикалық зорлық-зомбылық қаупі** | Мекеменің әкімшілігі мен қауіпсіздік қызметі тартылады |
| **Өмір мен денсаулыққа төнген нақты қатер** | Дабыл түймесі қолданылады және шұғыл қызметтер шақырылады |
| **Құқық бұзушылық белгілерінің болуы** | Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инпекцияны (КТІжИ) хабардар етіледі |
| **Айналадағыларға зиян келтіру** | Белгіленген тәртіппен құқық қорғау органдары тартылады |

## КТІжИ және ведомствоаралық қызметтермен өзара іс-қимыл

| Негіздеме | Іс-әрекеттер |
|---|---|
| **Жүйелі түрдегі қоқан-лоқылар** | КТІжИ хабардар етіледі |
| **Физикалық зорлық-зомбылық** | КТІжИ және әкімшілік хабардар етіледі |
| **Қауіпті заттарды қолдану** | Құқық қорғау органдарымен кідіріссіз өзара іс-қимыл жасау |
| **Қайталанған зорлық-зомбылықтың жоғары қаупі** | Ведомствоаралық сүйемелдеу ұйымдастырылады |

**Жоғары қауіп-қатер сақталған, қайталанған қоқан-лоқылар, агрессивті әрекеттер болған, оң динамика болмаған немесе құқыққа қайшы мінез-құлық белгілері бар болған жағдайда, білім алушыны ведомствоаралық сүйемелдеу шеңберінде КТІжИ, БҚЖӨУ, БҚҚК, БҚУ, «111» қызметімен, медициналық ұйымдармен және басқа да құзыретті құрылымдармен өзара іс-қимыл ұйымдастырылады.**

## Сүйемелдеудің бұдан былайғы бағыты

| Жұмыс бағыты | Мазмұны |
|---|---|
| **Құжаттандыру** | Болған оқиғаның мән-жайларын егжей-тегжейлі тіркеу |
| **Қауіп-қатер факторларын талдау** | Агрессия себептерін анықтау |
| **Тереңдетілген диагностика** | Эмоционалдық күйді, агрессия, үрей, импульсивтілік деңгейін зерттеу |
| **Отбасымен жұмыс** | Қауіп-қатер факторларын және қолдау шараларын талқылау |

| | |
|---|---|
| **Жеке сүйемелдеу** | Көмек жоспарын әзірлеу |
| **Бақылау** | Психологиялық-педагогикалық назар аудару тобына қосу |
| **Ведомствоаралық өзара іс-қимыл** | Қажет болған жағдайда сыртқы қызметтерді тарту |
| **Динамиканы бақылау** | Мінез-құлықтағы өзгерістерді тұрақты бағалау |

!

**Маңызды!**

Баланың зорлық-зомбылық немесе қатыгездік туралы кез келген хабарламасы байыпты қарастырылуы тиіс.

Маманның негізгі міндеті – дағдарыс сәтінде кінәліні анықтау немесе тәрбиелік ықпал ету емес, білім беру процесінің барлық қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, әкімшілікті уақытылы хабардар ету және қажетті әрекет ету механизмдерін іске қосу.

## ДАҒДАРЫСТЫҚ ЖАҒДАЙЛАРДА ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ҚАҒИДАЛАРЫ

Осы бөлімде білім беру ұйымында диагностика жүргізу, консультация беру, бақылау жасау немесе білім алушылармен күнделікті өзара әрекеттесу барысында туындауы мүмкін ең жиі кездесетін дағдарыстық жағдайлар қарастырылды. Жағдайдың сипатына қарамастан, маманның кәсіби, қауіпсіз әрі тиімді әрекет етуіне мүмкіндік беретін негізгі қағидалар бар.

### Педагог-психолог үшін ең маңызды қағидалар

1

***Сабыр сақтаңыз***

Дағдарыстық жағдайда ересек адамның эмоционалдық күйі баланың жағдайына тікелей әсер етеді. Егер педагог-психолог абыржып, асығыс әрекет етсе, дауысын көтерсе немесе қорқынышын байқатса, білім алушының мазасыздығы одан әрі күшеюі мүмкін. Сондықтан жағдай қаншалықты күрделі болса да, сабырлы үнді, сенімді мінез-құлықты сақтап, байыпты шешім қабылдай білу маңызды.

2

***Ең алдымен қауіпсіздікті қамтамасыз етіңіз***

Кез келген дағдарыстық жағдайда ең бірінші кезекте баланың және айналасындағылардың қауіпсіздігі бағалануы тиіс. Жағдайдың мән-жайын анықтауға кіріспес бұрын, ешкімнің өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп жоқ екеніне көз жеткізу қажет.

3

***Жағдаймен жалғыз қалмаңыз***

Педагог-психолог барлық дағдарыстық жағдайларды өз бетінше шешуге міндетті емес. Қауіп анықталған жағдайда білім беру ұйымының әкімшілігін, медицина қызметкерлерін, ата-аналарды (заңды өкілдерді), әлеуметтік педагогті және басқа да сүйемелдеу қызметтерін дер кезінде тарту қажет. Дағдарыстық көмек жауапкершілік мамандар арасында бөлінген жағдайда әлдеқайда тиімді болады.

4

***Барлық ақпаратты бірден алуға тырыспаңыз***

Күшті эмоционалдық күйде бала болған жағдай туралы толық әрі егжей-тегжейлі айтуға дайын болмауы мүмкін. Алғашқы минуттардағы негізгі міндет – баланың эмоционалдық жағдайын тұрақтандыру және сенімді байланыс орнату. Ал жағдайды жан-жақты анықтау кейінгі кезеңде жүзеге асырылады.

| | |
|---|---|
| 5 | ***Көбірек тыңдап, азырақ сөйлеңіз***<br>Көп жағдайда бала үшін оның сөзін мұқият тыңдап, түсінетін және сезіміне құрметпен қарайтын ересек адамның болуы өте маңызды. Сабырлы қатысу мен зейін қойып тыңдау кейде көптеген сұрақтар мен кеңестерден әлдеқайда тиімді болады. |
| 6 | ***Бағаламаңыз және айыптамаңыз***<br>Маман баланың әрекетімен немесе оның реакциясымен келіспесе де, кәсіби ұстанымын сақтауы қажет. Дағдарыстық жағдайда балаға ең алдымен бағалау емес, түсіністік, қолдау және көмек қажет. |
| 7 | ***Орындай алмайтын уәде бермеңіз***<br>Мысалы, зорлық-зомбылық, суицидтік ниет немесе басқа адамдарға қауіп төндіру туралы ақпаратты толық құпия сақтаймын деп уәде беруге болмайды. Мұндай жағдайларда баланың қауіпсіздігі әрдайым құпиялылық қағидатынан жоғары тұрады. |
| 8 | ***Маңызды оқиғаларды құжаттаңыз***<br>Жағдай тұрақтанғаннан кейін болған оқиғаның негізгі деректерін тіркеу қажет: не болды, қашан болды, кімдер қатысты, қандай әрекеттер жасалды және қандай шешімдер қабылданды. Бұл әрі қарайғы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру үшін де, педагог-психологтің кәсіби қызметін қорғау үшін де маңызды. |
| 9 | ***Кейінгі сүйемелдеуді ұйымдастырыңыз***<br>Дағдарыстық жағдай алғашқы әңгімеден немесе шұғыл көмек көрсетілгеннен кейін аяқталмайды. Көп жағдайда баланың жағдайын әрі қарай бақылау, қосымша кездесулер өткізу, отбасымен өзара әрекеттесу және қажет болған жағдайда тереңдетілген диагностика жүргізу қажет болады. |

10

***Өз жағдайыңызды да назардан тыс қалдырмаңыз***

Дағдарыстық жағдайлармен жұмыс тәжірибелі мамандардың өзі үшін де эмоционалдық тұрғыдан ауыр болуы мүмкін. Сондықтан күрделі жағдайлардан кейін әріптестердің кәсіби қолдауына жүгіну, супервизиядан өту, жағдайды сүйемелдеу тобының мүшелерімен талқылау және өз психологиялық ресурстарыңызды сақтауға көңіл бөлу маңызды.

## Дағдарыстық жағдайлар – тек педагог-психологтің ғана емес, бүкіл білім беру ұйымының жауапкершілігі

Баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – тек педагог-психологтің ғана емес, бүкіл білім беру ұйымының ортақ міндеті екенін түсіну маңызды.

Мектептің немесе колледждің әрбір қызметкері – әкімшілік, сынып жетекшілері, кураторлар, әлеуметтік педагогтер, медицина қызметкерлері, қосымша білім беру педагогтері, күзет қызметкерлері және техникалық персонал – дағдарыстық жағдай туындаған кезде әрекет етудің жалпы алгоритмін білуі тиіс.

Білім беру ұйымының қызметкерлері мыналарды білуі қажет:

✓ тәуекел белгілері анықталған жағдайда кімге жүгіну керектігін;

✓ білім алушының өмірі мен денсаулығына қауіп төнген кезде қалай әрекет ету қажеттігін;

✓ балалар мен ересектердің қауіпсіздігі қандай тәртіппен қамтамасыз етілетінін;

✓ ең алдымен кімдерді хабардар ету қажеттігін;

✓ білім беру ұйымындағы әрекет етудің ішкі алгоритмі қалай жүзеге асырылатынын;

✓ қандай жағдайларда жедел қызметтер шақырылатынын;

✓ ата-аналар (заңды өкілдер), ювеналды полиция қызметкерлері, медицина қызметкерлері және сүйемелдеуге қатысатын өзге де мамандар қай кезде тартылатынын.

Қызметкерлердің арнайы даярлықты талап ететін күрделі дағдарыстық жағдайларды өз бетінше шешуге тырыспай, ақпаратты дер кезінде жауапты мамандарға жеткізуі ерекше маңызды.

!

МАҢЫЗДЫ!

Дағдарыстық жағдайда басты мақсат – кінәліні іздеу емес, тәуекел деңгейін жедел бағалау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қажетті көмекті ұйымдастыру. Ересектердің сабырлы әрекеті, қызметкерлердің үйлесімді жұмысы және қажетті мамандардың уақытылы тартылуы ауыр салдардың алдын алуға және балаға қиын кезеңде қажетті қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

## 5 Күрделі жағдайларда ата-аналармен өзара әрекеттесу

Педагог-психологтің қызметі білім алушыны диагностикалау және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеумен ғана шектелмейді. Көптеген жағдайда көмек көрсету жұмысының маңызды құрамдас бөлігінің бірі – ата-аналармен (заңды өкілдермен) тиімді өзара әрекеттесу. Баланы одан әрі сүйемелдеудің нәтижелілігі көбіне ата-анамен жүргізілетін әңгіменің қаншалықты кәсіби, әдепті әрі сенімге негізделіп ұйымдастырылғанына байланысты.

Тәжірибеде педагог-психологтер ата-аналардың берілген ақпаратты қабылдауы әртүрлі болатынын жиі байқайды. Кейбір ата-аналар жағдайдың бар екенін жоққа шығарса, енді біреулері алаңдаушылық пен абыржу сезімін бастан кешіреді. Ал кейбірі қорғаныс ұстанымын қабылдап, мектепті, баланы немесе маманның өзін кінәлауға бейім болуы мүмкін. Сондықтан педагог-психологтің міндеті тек ақпарат беру ғана емес, сонымен қатар ата-анамен сындарлы ынтымақтастық орнатуға қолайлы жағдай қалыптастыру болып табылады.

Ата-анамен жүргізілетін әңгіменің негізгі мақсаты – оларды қорқыту, кінәлау немесе балаға қандай да бір қорытынды қою емес, керісінше, баланың жағдайын түсінуге, оның қажеттіліктерін көруге және қолдау көрсету үдерісіне белсенді қатысуына ықпал ету.

Әңгімелесу барысында төмендегі қағидаларды ұстану ұсынылады:

- бақылау нәтижелері мен психологиялық диагностика деректеріне сүйену;
- бағалаушы пікірлер мен таңба тағатын тұжырымдардан аулақ болу;
- ақпаратты қарапайым әрі түсінікті тілмен жеткізу;
- назарды тек қиындықтарға ғана емес, баланың күшті жақтары мен ресурстарына да аудару;
- отбасына құрметпен қарап, серіктестік қарым-қатынасты сақтау;
- нақты ұсынымдар мен алдағы әрекеттер жоспарын ұсыну;
- анықталған белгілерге неліктен назар аудару қажет екенін түсіндіру;

• ата-аналарға сұрақ қоюға және өз алаңдаушылықтары мен ойларын еркін айтуға мүмкіндік беру.

Есте сақтайтын маңызды жайт – анықталған мазасыздық белгілері, эмоционалдық қолайсыздық, буллингтің белгілері, депрессиялық көріністер немесе дағдарыстық жағдайлар бала туралы түпкілікті қорытынды болып саналмайды. Олар тек мұқият назар аударуды, қосымша зерделеуді және ересектердің бірлескен қолдауын қажет ететін белгілер болып табылады.

Төменде тәжірибеде жиі кездесетін жағдайлар бойынша ата-аналармен жүргізілетін әңгіменің үлгі нұсқалары ұсынылған. Оларды баланың жас ерекшелігіне, отбасының жағдайына және нақты ахуалға сәйкес бейімдеп пайдалануға болады. Мұндай әңгімелердің негізгі мақсаты – ата-ананың алаңдаушылығын күшейту емес, керісінше, оларды баласына қолдау көрсету үдерісіндегі сенімді серіктеске айналдыру.

**Ата-аналармен әңгімелесу (бастауыш сыныптар): алгоритмі және педагог-психологтің үлгі сөзі**

Баланың бастауыш мектеп жасында ата-анамен жүргізілетін әңгіме сенімге, қолдауға және серіктестікке негізделуі тиіс. Бұл кезеңде ата-ананың баланың эмоционалдық жағдайын түсінуі және мектеппен бірлесе әрекет етуі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

**1. Әңгімені бастау. Сенімді қарым-қатынас орнату**

**Мақсаты:** ата-ананың мазасыздығын төмендетіп, ынтымақтастыққа бағыттау.

***Сәлеметсіз бе!***

*Кездесуге уақыт бөліп келгеніңізге (немесе әңгімеге қосылғаныңызға) рақмет. Бүгін сізбен балаңызға қатысты жағдайды*

*сабырлы түрде талқылағым келеді. Қазіргі мақсатымыз – кінәліні іздеу емес, балаға қалай тиімді қолдау көрсете алатынымызды бірлесіп анықтау.*

*Бірден атап өткім келеді: әңгіме барысында мен мектептегі бақылау нәтижелері мен психологиялық диагностиканың қорытындыларына сүйенемін. Бұл диагноз емес, баланың қазіргі жағдайын тереңірек түсінуге көмектесетін ақпарат.*

**2. Кездесу себебін қысқаша түсіндіру**

**Мақсаты:** кездесудің себебін бағалаусыз әрі алаңдатпай жеткізу.

*Соңғы уақытта балаңыздың мінез-құлқы мен эмоционалдық жағдайында кейбір өзгерістерді байқадық. Мысалы, ол бұрынғыға қарағанда жиірек мазасыздануы, тезірек шаршауы, тұйықтала бастауы немесе сыныптағы түрлі жағдайларға аса сезімталдық танытуы мүмкін.*

*Сонымен қатар бақылау мен психологиялық диагностика барысында баланың эмоционалдық жүктемесінің жоғарылағанын көрсететін кейбір белгілер анықталды.*

**3. Ата-ананың пікірін анықтау**

**Мақсаты:** ата-ананы әңгімеге тартып, олардың бақылауларын білу.

*Айтыңызшы, үй жағдайында осыған ұқсас өзгерістерді байқадыңыз ба? Мысалы, көңіл күйінде, ұйқысында, мінез-құлқында немесе мектепке деген көзқарасында қандай да бір өзгерістер болды ма?*

*Өзіңіздің ойыңызша, қазіргі уақытта балаңыздың жалпы жағдайы қандай?*

*(Ата-анаға өз ойын еркін айтуға мүмкіндік беру.)*

**4. Ата-ананың пікірін қабылдау және мазасыздықты төмендету**

**Мақсаты:** қорғаныс реакциясын азайтып, ата-ананың сезімдерін жоққа шығармау.

*Сізді түсінемін. Кез келген ата-ана үшін баласындағы мұндай өзгерістер алаңдаушылық тудыруы қалыпты жағдай.*

*Ең маңыздысы – сіз бұл өзгерістерді байқап, олар туралы ашық сөйлесуге дайынсыз. Бұл – балаға қолдау көрсетудегі маңызды ресурс.*

**5. Баланың жағдайын қарапайым тілмен түсіндіру**

**Мақсаты:** жағдайды таңба тақпай, түсінікті түрде жеткізу.

*Қазіргі таңда біз баланың бойынан қандай да бір «мәселені» емес, эмоционалдық жүктеменің жоғарылағанын байқап отырмыз. Мұндай жағдайда балаларға оқу тапсырмаларын орындау, құрдастарымен қарым-қатынас жасау, мектеп ережелерін сақтау немесе өз эмоцияларын реттеу қиындауы мүмкін.*

*Көп жағдайда мұндай жағдай бір ғана себептен емес, бірнеше фактордың қатар әсер етуінен туындайды. Олардың қатарында оқу жүктемесі, құрдастарымен қарым-қатынас, баланың жеке ерекшеліктері, отбасындағы жағдай немесе ішкі уайымдары болуы мүмкін.*

**6. Ата-ананы қолдау және кінәлілік сезімін азайту**

**Мақсаты:** ата-ананың өзін немесе баланы кінәлауына жол бермеу.

Ең маңыздысы – мұндай жағдайлар баламен «бір нәрсе дұрыс емес» немесе біреудің кінәсі бар дегенді білдірмейді. Бұл – қазіргі уақытта балаға ересектердің қосымша қолдауы қажет екенін көрсететін белгі.

**7. Баланың күшті жақтарына назар аудару**

**Мақсаты:** мәселені емес, баланың ресурстарын алдыңғы орынға шығару.

*Сонымен қатар балаңыздың көптеген жақсы қасиеттері бар екенін де атап өткім келеді. Біз оның жауапкершілік танытатынын, мейірімді екенін, тапсырмаларға қызығушылықпен қатысатынын немесе жақындарына қамқорлық көрсете алатынын байқаймыз.*

*Бұл өте маңызды, өйткені алдағы қолдау жұмысында дәл осы күшті жақтарына сүйенеміз.*

**8. Қолдау көрсету жоспарын ұсыну**

**Мақсаты:** ата-анаға алдағы әрекеттердің нақты жоспарын ұсыну.

*Қазіргі кезеңде жағдайдың өздігінен өзгеруін күтпей, балаға дер кезінде қолдау көрсету маңызды.*

*Осы мақсатта біз:*

- *баланың мектептегі эмоционалдық жағдайын бақылауды;*
- *педагог-психолог тарапынан қолдау көрсетуді;*
- *қажет болған жағдайда жеке кездесулер өткізуді;*
- *үй жағдайында ата-ананың қарапайым қолдау көрсету әрекеттеріне қатысуын ұсынамыз.*

**9. Ата-аналарға ұсыныстар**

*Үй жағдайында:*

- *баламен қысым көрсетпейтін сабырлы қарым-қатынасты көбірек ұйымдастыру;*
- *оның жағдайына қызығушылық танытып, жауап беруге мәжбүрлемеу;*
- *ұйқы мен демалыс тәртібін сақтауға көңіл бөлу;*

- *сын айту мен жағымсыз бағалауды азайту;*
- *«Мен әрдайым жаныңдамын», «Қаласаң, маған кез келген уақытта айта аласың» деген сияқты қолдау білдіретін сөздерді жиі қолдану маңызды.*

**10. Әңгімені қорытындылау**

**Мақсаты:** серіктестік қарым-қатынасты нығайтып, ата-ананың *мазасыздығын төмендету.*

*Біз балаңыздың жағдайын бірлесіп бақылауды жалғастырамыз және сізбен тұрақты байланыста боламыз. Егер қандай да бір жаңа өзгерістер байқалса, оларды міндетті түрде бірге талқылаймыз.*

*Қазіргі кезеңдегі ең маңыздысы – баланың өзін үйде де, мектепте де қолдау бар екенін сезінуі. Осындай жағдайда балалар эмоционалдық қиындықтарды жеңіл еңсеріп, қалыпты жағдайына тезірек оралады.*

*Егер қандай да бір сұрақтарыңыз туындаса, кез келген уақытта маған хабарласа аласыз.*

## Ата-аналармен әңгімелесу (орта және жоғары сыныптар): алгоритм және педагог-психологтің үлгілі сөзі

Жасөспірімдермен жұмыс барысында ата-аналармен жүргізілетін әңгіме ерекше кәсіби тәсілді талап етеді. Бір жағынан, жасөспірімнің дербестігіне құрметпен қарау маңызды болса, екінші жағынан, оның эмоционалдық жағдайы мен мінез-құлқындағы өзгерістерге мұқият назар аудару қажет. Бұл жаста жасөспірімдер өз уайымдары мен ішкі күйзелістерін жиі жасырады. Сондықтан мектептен алынған ақпарат ата-аналар үшін баланың жағдайына назар аударуға мүмкіндік беретін маңызды белгі болуы мүмкін.

**1. Әңгімені бастау. Сенімді қарым-қатынас орнату**

**Мақсаты:** ата-ананың мазасыздығын төмендетіп, серіктестік қарым-қатынас қалыптастыру.

***Сәлеметсіз бе!***

*Уақытыңызды бөліп, кездесуге келгеніңіз үшін рақмет. Бүгін сізбен балаңызға қатысты кейбір мәселелерді талқылағым келеді. Біздің мақсатымыз – ешкімді бағалау немесе кінәлау емес, қазіргі жағдайды бірлесіп түсініп, оған қандай қолдау қажет екенін анықтау.*

*Әңгіме барысында мен мектептегі бақылау нәтижелеріне және психологиялық диагностиканың қорытындыларына сүйенемін. Бұл диагноз емес, баланың қазіргі жағдайын тереңірек түсінуге көмектесетін ақпарат.*

**2. Кездесу себептерін қысқаша көрсету**

**Мақсаты:** байқалған өзгерістерді сабырлы түрде жеткізу, жағдайды ушықтырмау.

*Соңғы уақытта балаңыздың эмоционалдық жағдайында, мінез-құлқында немесе мектеп өміріне қатысуында кейбір өзгерістерді байқадық.*

*Мысалы, ол бұрынғыға қарағанда тұйықтала бастауы, тезірек шаршауы, ашуланшақ болуы, белсенділігінің төмендеуі, ескертулерге немесе оқу жүктемесіне өзгеше жауап беруі мүмкін.*

**3.** Ата-ананың пікірін білу

**Мақсаты:** ата-ананы жағдайды бірлесіп талдауға тарту.

*Айтыңызшы, үй жағдайында балаңыздың көңіл күйінде немесе мінез-құлқында қандай да бір өзгерістерді байқадыңыз ба?*

*Өзіңіз оның қазіргі жағдайын қалай бағалайсыз?*

*(Ата-анаға өз ойын еркін айтуға мүмкіндік беру.)*

**4.** Ата-ананың пікірін қабылдау және мазасыздықты азайту

**Мақсаты:** қорғаныс реакциясы мен алаңдаушылықты күшейтпеу.

*Сіздің көңіліңізде алаңдаушылық немесе күтпеген сезімдердің туындауы қалыпты жағдай екенін түсінемін. Жасөспірімнің мінез-құлқындағы өзгерістерді ата-аналар бірден байқай бермеуі мүмкін.*

*Ең бастысы – сіз бұл жағдайды талқылауға дайынсыз. Бұл балаға қолдау көрсетудегі маңызды ресурс болып табылады.*

**5. Жасөспірімнің жағдайын түсіндіру**

**Мақсаты:** жағдайдың мәнін қарапайым әрі түсінікті тілмен жеткізу.

*Қазіргі таңда біз қандай да бір бұзылыс туралы емес, эмоционалдық жүктеменің артуы немесе ішкі күйзеліс туралы айтып отырмыз.*

*Жасөспірімдерде мұндай жағдайлар әртүрлі көрінуі мүмкін: тез шаршау, ашуланшақтық, оқуға деген ынтаның төмендеуі, тұйықталу немесе жанжалға бейімділік.*

*Көп жағдайда мұндай өзгерістер бір ғана себептен емес, бірнеше фактордың қатар әсер етуінен туындайды. Олардың қатарында мектептегі жүктеме, құрдастарымен қарым-қатынас, өзін-өзі бағалау, отбасындағы ахуал немесе жеке ішкі уайымдары болуы мүмкін.*

**6. Маңызды түсіндіру: қалыпты құбылыс екенін жеткізу**

**Мақсаты:** ата-ана мен жасөспірімнің кінәлілік немесе ұялу сезімін азайту.

*Мұндай жағдайлар жасөспірімдік кезеңде жиі кездеседі. Бұл балада «бір нәрсе дұрыс емес» дегенді білдірмейді. Керісінше, бұл оның*

*қазіргі уақытта эмоциялары мен өмірлік жүктемені еңсеруі қиындағанын көрсететін белгі.*

**7. Жасөспірімнің күшті жақтарына назар аудару**

**Мақсаты:** мәселені емес, баланың ресурстарын алдыңғы орынға шығару.

*Сонымен қатар балаңыздың көптеген жақсы қасиеттері бар екенін де атап өткім келеді. Біз оның жауапкершілік таныта алатынын, өз бетінше әрекет ететінін, белгілі бір қызығушылықтарының бар екенін немесе тапсырмаларға белсенді қатыса алатынын байқаймыз.*

*Дәл осы күшті жақтары алдағы қолдау жұмысының негізгі тірегі болады.*

**8. Ықтимал себептерді бірлесіп талқылау**

**Мақсаты:** жағдайды кеңірек түсінуге мүмкіндік беру.

*Кейде мұндай өзгерістер мектептегі жүктememен, құрдастарымен қарым-қатынаспен, жеке уайымдармен немесе мектептен тыс өміріндегі оқиғалармен байланысты болуы мүмкін.*

*Егер қарсы болмасаңыз, осы жағдайға әсер етіп отырған факторларды бірге біртіндеп анықтап көрейік.*

**9. Қолдау көрсету жоспарын ұсыну**

**Мақсаты:** ата-анаға нақты әрі түсінікті әрекет жоспарын ұсыну.

*Қазіргі кезеңде жағдайдың өздігінен өзгеруін күтпей, жасөспірімге дер кезінде қолдау көрсету маңызды.*

*Осы мақсатта біз:*

- *мектеп жағдайында оның эмоционалдық күйін бақылауды;*
- *қажет болған жағдайда педагог-психологпен жеке кездесулер ұйымдастыруды;*
- *отбасымен тұрақты қолдау байланысын сақтауды;*

- *қажет болған жағдайда қосымша диагностика жүргізуді немесе басқа мамандардың консультациясына жолдауды ұсынамыз.*

**10. Ата-аналарға ұсыныстар**

**Мақсаты:** ата-анаға қарапайым әрі шынайы орындалатын әрекеттерді ұсыну.

*Қазіргі уақытта үйде:*

- *«Саған не болды?» деген сияқты қысым тудыратын сұрақтарды жиі қоймаған жөн;*
- *сын айтудан гөрі сабырлы әрі жылы қарым-қатынасқа көбірек көңіл бөлген дұрыс;*
- *баланың жағдайына қызығушылық танытып, бірақ оны жауап беруге мәжбүрлемеу маңызды;*
- *ұйқы мен демалыс тәртібін сақтауға көмектесу қажет;*
- *«Мен әрдайым жаныңдамын», «Дайын болған кезде сөйлесе аласың» деген сияқты қабылдау мен қолдау сезімін білдіру маңызды;*
- *«Ештеңе етпейді», «Өссең бәрі өтеді» сияқты баланың сезімін жоққа шығаратын сөздерден аулақ болған жөн.*

**11. Әңгімені аяқтау**

**Мақсаты:** серіктестік қарым-қатынасты нығайту.

*Біз балаңыздың жағдайын бақылауды жалғастырамыз және сізбен тұрақты байланыста боламыз. Егер қандай да бір жаңа өзгерістер байқалса, оларды міндетті түрде бірге талқылаймыз.*

*Қазіргі кезеңдегі ең маңызды міндет – жасөспірімнің өзіне қолдау көрсететін адамдардың жанында екенін сезінуі. Ол мектепте де, үйде де жалғыз емес екенін білуі қажет.*

*Егер қандай да бір сұрақтарыңыз болса, кез келген уақытта маған хабарласа аласыз.*

# IV ТАРАУ
# АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН БАҒДАРЛАМАМЕН ЖҰМЫС

Цифрлық платформа білім беру ұйымындағы білім алушыларды диагностикалық жұмысты ұйымдастырудың және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің негізгі құралы болып табылады. Ол мамандарға диагностиканы уақытылы жүргізуге, нәтижелерді талдауға, балалар мен жасөспірімдердің эмоционалдық жай-күйінің динамикасын қадағалауға, сондай-ақ қажетті көмек көрсету бойынша алдағы жұмысты жоспарлауға мүмкіндік береді.

Платформаның негізгі пайдаланушылары – педагог-психолог, әлеуметтік педагог және сынып жетекшісі. Мамандардың әрқайсысы өзінің кәсіби функциясын орындайды және өз бағыты бойынша білім алушымен жұмысқа жауап береді.

Педагог-психолог диагностиканы ұйымдастырады және жүргізеді, нәтижелерді талдайды, тереңдетілген диагностика қажеттілігін анықтайды, психологиялық-педагогикалық назар аудару топтарын қалыптастырады, сүйемелдеу маршрутын әзірлейді және білім алушыға психологиялық көмек көрсетеді.

Әлеуметтік педагог баланың даму жағдайының әлеуметтік ахуалын талдайды, отбасылық және әлеуметтік тәуекел факторларын зерттейді, отбасымен, қажет болған жағдайда алдын алу жүйесі ұйымдарымен өзара іс-қимылды ұйымдастырады, сондай-ақ білім алушыны сүйемелдеу бойынша іс-шараларды іске асыруға қатысады.

Сынып жетекшісі білім алушыларды білім беру ортасында күнделікті бақылайды, олардың мінез-құлқындағы, эмоционалдық жай-күйіндегі, құрдастарымен қарым-қатынасындағы және оқу

қызметіндегі өзгерістерді уақытылы байқайды, анықталған ерекшеліктер туралы сүйемелдеу мамандарын хабардар етеді және ұсынымдарды сынып жағдайында іске асыруға қатысады.

Платформаның жұмысы пәнаралық өзара іс-қимыл қағидатына негізделген. Әрбір маман өз құзыреті шегінде жұмыс істейді, алайда тиімді сүйемелдеу тек психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің барлық қатысушыларының үздіксіз ақпарат алмасуы және келісілген іс-әрекеттері кезінде ғана мүмкін болады. Мұндай тәсіл қиындықтарды уақытылы анықтауға, жағдайды кешенді бағалауға және балаға көмек көрсетудің бірыңғай маршрутын құруға мүмкіндік береді.

Жеке кабинет арқылы мамандар диагностика күнтізбесіне, диагностикалық әдістемелерге, білім алушылардың нәтижелеріне, статистикалық деректерге, талдамалық ақпаратқа және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру үшін қажетті басқа да құралдарға қолжетімділік алады. Ақпаратқа қолжетімділік маманның функционалдық міндеттеріне сәйкес және құпиялылықты, дербес деректерді қорғауды және кәсіби этика қағидаттарын міндетті түрде сақтай отырып жүзеге асырылады. Алынған мәліметтер тек білім алушының мүддесі үшін және уақытылы психологиялық-педагогикалық көмекті ұйымдастыру үшін ғана пайдаланылады.

Платформаны пайдалану диагностика процесін автоматтандыруға ғана емес, мамандардың жұмысын неғұрлым дәйекті және келісілген етуге де мүмкіндік береді. Оның көмегімен диагностика жүргізу мерзімдерін бақылауға, жекелеген білім алушылардың, сыныптардың және жалпы білім беру ұйымының нәтижелерін талдауға, қосымша назар аударуды қажет ететін

балаларды уақытылы анықтауға және жүргізілетін жұмыстың тиімділігін бағалауға болады.

***! Маңызды***

***Цифрлық платформа – баланың жай-күйін дербес анықтайтын жүйе емес, шешім қабылдауды қолдайтын кәсіби құрал.***

***Диагностиканың бірде-бір нәтижесі басқа деректерден бөлек қаралмауы тиіс. Түпкілікті қорытындыны әрдайым мамандар диагностика нәтижелерін, бақылауды, білім алушымен әңгімелесуді, педагогтер мен ата-аналардан (заңды өкілдерден) алынған ақпаратты, сондай-ақ тереңдетілген диагностика нәтижелерін кешенді талдау негізінде жасайды.***

Платформаның басты міндеті – мамандардың жұмысын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің бірыңғай жүйесіне біріктіру, қиындықтарды уақытылы анықтауды, сүйемелдеу қатысушылары арасындағы тиімді өзара іс-қимылды және әрбір білім алушының мүддесіне сай негізделген кәсіби шешімдер қабылдауды қамтамасыз ету.

## КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢМЕН ОРЫНДАЛАТЫН АЛГОРИТМ

### Жүйеге жалпы кіру

**ЭКРАНДА НЕГЕ НАЗАР АУДАРУ КЕРЕК**

1. Платформаның басты бетіндегі жүйеге кіру терезесі.
2. Терезенің жоғарғы бөлігіндегі интерфейс тілін таңдау түймесі (қазақша / орысша).
3. «Кіру» түймесін басқаннан кейін пайда болатын рөлді таңдау терезесі

### Жүйеге кіру алгоритмі (барлық рөлдер үшін бірыңғай)

1. Платформаның басты бетін ашыңыз.

2. Интерфейс тілін – қазақша немесе орысша – таңдаңыз.

3. «Кіру» түймесін басыңыз.

4. Ашылған терезеде өз рөліңізді таңдаңыз:

   1) «Мен маманмын» (педагог-психолог пен әлеуметтік педагог үшін);

   2) «Мен мұғаліммін» (сынып жетекшісі үшін);

   3) Оқушылар «Мен оқушымын» дегенді таңдайды.

5. Өз есептік жазбаңыздың логинін енгізіңіз.

6. Өз есептік жазбаңыздың құпия сөзін енгізіңіз.

7. Жеке кабинетке өту үшін «Кіру» түймесін тағы бір рет басыңыз.

**МАҢЫЗДЫ**

Логин мен құпия сөз әрбір маман мен мектеп үшін жеке дара болып табылады. Кіру деректеріңізді әріптестеріңізге бермеңіз – жүйедегі барлық әрекеттер нақты пайдаланушы бойынша тіркеледі.

## ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТІҢ ЖЕКЕ КАБИНЕТІ

Мұнда маман мектептің барлық оқушыларының психологиялық әл-ауқатының жалпы көрінісін көреді, тәуекел аймақтарымен жұмыс істейді, консультация мен сүйемелдеу жүргізеді, сондай-ақ қажет болған жағдайда істі неғұрлым жоғары деңгейдегі қолдауға – Психологиялық қолдау орталығына (ПҚО) және/немесе басқа мамандарға жібереді.

### 1.1. Педагог-психологтің басты беті

**БҰЛ БӨЛІМ КІМГЕ АРНАЛҒАН**

Білім беру ұйымының педагог-психологі.

**ЭКРАНДА НЕГЕ НАЗАР АУДАРУ КЕРЕК**

1. Экранның жоғарғы бөлігінде – мектеп пен ауданның атауы.

2. Айлар тізімі: айды таңдаған кезде осы кезеңде диагностикадан өткен оқушылардың тізімі ашылады.

3. Сол жақта – барлық сыныптардың тізімі, сынып әріптері тізімнің жоғарғы бөлігінде орналасқан.

4. Әрбір оқушының мәртебесі: диагностикадан өтті / өтпеді / диагностика нәтижелері бойынша жұмыс жүргізілді.

5. Төменде – барлық оқушылардың әлеуметтік мәртебесі (әлеуметтік педагог толтырады, педагог-психолог осы деректерді көреді).

Басты бет педагог-психологтің жұмыс тақтасы болып табылады және білім беру ұйымындағы ағымдағы жағдай туралы жалпы түсінік алуға бірнеше минут ішінде мүмкіндік береді. Мұнда диагностиканың өтуі, білім алушылардың психологиялық-педагогикалық назар аймақтары бойынша бөлінуі, өзіндік өтініштердің жаңа жағдайлары, ересектер тарапынан түскен өтініштер, сондай-ақ психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуде жүрген балалар туралы ең маңызды ақпарат жинақталған. Осының арқасында маманның жалпы жағдайды бағалау үшін әрбір білім алушының картасын жеке-жеке ашуының қажеті жоқ.

Әрбір жұмыс күнін дәл басты беттен бастау ұсынылады. Бұл диагностика немесе басқа мамандардың жұмысы аяқталғаннан кейін болған өзгерістерді уақытылы көруге, сары немесе қызыл аймақта жаңа білім алушылардың пайда болғанын тексеруге, көмекке өз бетінше жүгінген балаларға назар аударуға, сондай-ақ сынып жетекшісінің немесе әлеуметтік педагогтің жаңа жазбаларымен танысуға мүмкіндік береді.

Басты бетті күнделікті қарау педагог-психологке жұмыстағы басымдықтарды дұрыс белгілеуге көмектеседі. Ең алдымен маман кімге дереу назар аудару қажет екенін, кімді жеке әңгімеге шақыру керек екенін, кімге тереңдетілген диагностика қажет екенін, ал қай

білім алушылар бойынша жоспарлы сүйемелдеуді жалғастыру жеткілікті екенін анықтай алады. Мұндай тәсіл балалардың эмоционалдық жай-күйіндегі өзгерістерге уақытылы жауап беруге, ерекше назар аударуды қажет ететін жағдайларды жіберіп алмауға және жұмысты жекелеген өтініштер бойынша емес, жүйелі және дәйекті түрде құруға мүмкіндік береді.

Басты беттегі ақпарат талдау үшін бастапқы нүкте болып табылатынын, бірақ қорытынды жасаудың түпкілікті негізі емес екенін есте ұстаған жөн. Анықталған барлық өзгерістерді диагностика нәтижелерімен, бақылаумен, сынып жетекшісінің, әлеуметтік педагогтің деректерімен, баламен әңгімелесумен және басқа да маңызды ақпаратпен кешенде қарастыру қажет. Тек кешенді талдау ғана жағдайды объективті бағалауға және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің алдағы маршрутын анықтауға мүмкіндік береді.

**ЖҰМЫСҚА АРНАЛҒАН**

Басты бетті күніне кемінде бір рет тексеріп отырыңыз – жүйе тәуекел аймағындағы жаңа бала туралы push-хабарландыру жібермейді, тек кездесу нақты жоспарланған жағдайдан басқа, сондықтан визуалды бақылау педагог-психологтің жауапкершілігінде қалады.

## 1.2. «Аймақтар» бөлімі және балалар тізімімен жұмыс

**БҰЛ БӨЛІМ КІМГЕ АРНАЛҒАН**

Педагог-психолог – жедел ден қою үшін негізгі пайдаланушы ретінде.

Мектеп әкімшілігі – жалпы статистиканы бақылау үшін (қарау құқығымен қолжетімділік).

**ЭКРАНДА НЕГЕ НАЗАР АУДАРУ КЕРЕК**

1. «Аймақтар» бөлімі басты беттегі сыныптар тізімінің астында орналасқан.
2. Бөлім ішінде – жеті санат:

- ✔ мектептің барлық оқушылары;
- ✔ қызыл аймақ, сары аймақ;
- ✔ сүйемелдеу тобы;
- ✔ өзіндік өтініш;
- ✔ жасыл аймақ;
- ✔ маңызды маркерлік жауаптар.

3. Кез келген аймақты бассаңыз, осы топқа жататын барлық балалардың тізімі ашылады.

Аймақтарға бөлу баланы бағалау немесе оған қандай да бір «мәртебе» беру үшін емес, маманның алдағы жұмысын ұйымдастыру үшін қажет. Түрлі-түсті аймақ педагог-психологке білім алушыға қажетті назар деңгейін тез анықтауға, басымдықтарды белгілеуге және алдағы іс-әрекеттердің кезектілігін жоспарлауға көмектеседі.

Әрбір аймақ психологиялық-педагогикалық көмектің белгілі бір көлемінің қажеттілігін көрсетеді. Кейбір білім алушылар үшін белгілі бір уақыттан кейін бақылау және жай-күйді қайта бағалау жеткілікті болуы мүмкін, ал басқалары үшін тереңдетілген диагностика жүргізу, жеке әңгімелесу, консультация беру, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуге қосу немесе білім беру ұйымының басқа мамандарын тарту қажет болады.

Түрлі-түсті аймақтың өзі баланың психологиялық жай-күйі туралы түпкілікті қорытынды жасауға мүмкіндік бермейтінін есте ұстаған жөн. Ол тек нәтижелерді неғұрлым мұқият талдау және алдағы іс-әрекеттерді анықтау қажеттілігін ғана көрсетеді. Бұл маман үшін бағдар болып табылады, ол нәтижелерді мұқияттырақ талдау қажеттілігін көрсетеді. Түпкілікті шешім әрдайым тек диагностика нәтижелерін, баланы бақылауды, онымен әңгімелесуді, сынып жетекшісінен, әлеуметтік педагогтен, ата-аналардан (заңды

өкілдерден) алынған ақпаратты және басқа да маңызды мәліметтерді қамтитын кешенді бағалаудан кейін ғана қабылданады.

| *Әрекет* | **Неге назар аудару керек** |
|---|---|
| ***Қызыл аймақ*** | Тәуекелдің жоғары деңгейі. Педагог-психолог консультациясының және қажет болған жағдайда ПҚО-ға жіберудің басымдығы. |
| ***Сары аймақ*** | Тәуекелдің орташа деңгейі. Жоспарлы сүйемелдеу, динамиканы бақылау. |
| ***Жасыл аймақ*** | Диагностика нәтижелері бойынша жақсы көрсеткіштер. |
| ***Сүйемелдеу тобы*** | Қазірдің өзінде жүйелі түзету немесе консультациялық жұмысқа қосылған балалар. |
| ***Өзіндік өтініш*** | Бала көмек сұрап өз бетінше жүгінген жағдайлар. |
| ***Маңызды маркерлік жауаптар*** | Түпкілікті аймаққа қарамастан назар аударуды қажет ететін сауалнамалардағы жекелеген жауаптар. |

**АЙМАҚТАРМЕН ЖҰМЫС АЛГОРИТМІ**

1. Басты беттен «Аймақтар» бөлімін табыңыз.

2. Қызығушылық тудыратын аймақты таңдаңыз (мысалы, «қызыл аймақ»).

3. Осы аймаққа жататын балалардың ашылған тізімін қараңыз.

4. Жұмыс басымдығын анықтаңыз: алдымен қызыл аймақтағы балаларға, содан кейін сарыға назар аударыңыз.

5. Алдағы жұмыс үшін нақты оқушының картасына өтіңіз.

## 1.3. Оқушының картасы: құрылымы мен навигациясы

**БҰЛ БӨЛІМ КІМГЕ АРНАЛҒАН**

Педагог-психолог, әлеуметтік педагог және сынып жетекшісі – әрқайсысы картаны көреді, бірақ тек өз бөлімін толтырады.

**ЭКРАНДА НЕГЕ НАЗАР АУДАРУ КЕРЕК**

1. Кез келген тізімдегі оқушының пайдаланушы атын басу арқылы ашылады.
2. Картаның жоғарғы бөлігінде: пайдаланушы аты, сынып, әріп, мектеп, аудан.
3. Карта төрт негізгі бөлімнен тұрады: «Психолог», «Әлеуметтік педагог», «Сынып жетекшісі», «Оқушының жылжу тарихы».

**Оқушының картасы** – сүйемелдеудің барлық үш маманының деректері біріктірілген біртұтас ақпараттық кеңістік. Мұндай құрылым пәнаралық команда қағидатын жүзеге асырады: педагог-психолог баламен әлеуметтік педагог пен сынып жетекшісі қазірдің өзінде қандай жұмыс жүргізіп жатқанын көреді, бұл күш-жігердің қайталануын болдырмауға және көмектің келісілген стратегиясын құруға мүмкіндік береді.

**МАҢЫЗДЫ**

Педагог-психолог тек «Психолог» бөлімін ғана өңдей алады. «Әлеуметтік педагог» және «Сынып жетекшісі» бөлімдері педагог-психологке тек қарау үшін ғана қолжетімді – оларға өзгерістер енгізуге болмайды..

## 1.4. «Педагог-психолог» бөлімі

**БҰЛ БӨЛІМ КІМГЕ АРНАЛҒАН**

Педагог-психолог – осы бөлімді толтыруға құқығы бар жалғыз маман.

**ЭКРАНДА НЕГЕ НАЗАР АУДАРУ КЕРЕК**

1. Оқушының картасын ашқаннан кейін «Психолог» қойындысын таңдаңыз.
2. Бөлім ішінде дәйекті түрде орналасқан: сауалнама нәтижелері, психолог консультациялары, психологтің сүйемелдеуі, психологтің іс-шаралары, ПҚО-

ға жіберу, қиындықтар блогы, психологтің іс-шараларының егжей-тегжейлері.

Аталған бөлімшелердің әрқайсысын жеке ашуға және онда қамтылған ақпаратпен толық танысуға болады. Әрі қарай нұсқаулықта педагог-психологтің өз бетінше толтыруы үшін қолжетімді әрбір бөлімше жеке кезең-кезеңмен орындалатын алгоритм ретінде талданады: консультация, сүйемелдеу, ПҚО-ға жіберу, қиындықтар блогы және іс-шара егжей-тегжейлері.

### 1.5. Алгоритм психолог консультациясын толтыру

**БҰЛ БӨЛІМ КІМГЕ АРНАЛҒАН**

Педагог-психолог.

**ЭКРАНДА НЕГЕ НАЗАР АУДАРУ КЕРЕК**

1. Оқушының картасы ішіндегі «Психолог консультациясы» бөлімі.
2. Екі міндетті мағыналық өріс: «Себебі» және «Себеппен жұмыс».
3. «Сақтау» түймесі және келесі кездесудің күнін таңдау үшін автоматты түрде ашылатын күнтізбе.

#### Кезең-кезеңмен орындалатын алгоритм

1. Басты беттен немесе «Аймақтар» бөлімінен қажетті оқушыны таңдаңыз.
2. Пайдаланушы атын басу арқылы оның картасын ашыңыз.
3. «Психолог консультациясы» бөліміне өтіңіз.
4. «Себебі» және «Себеппен жұмыс» өрістерін толтыра отырып, жүргізілген консультация туралы ақпаратты енгізіңіз (толығырақ – төменде).
5. «Сақтау» түймесін басыңыз.
6. Келесі консультацияның күнін таңдаңыз – ол үшін күнтізбе автоматты түрде ашылады.

7. Қажетті күнді көрсетіңіз.

8. Қажет болған жағдайда оқушыны ағымдағы мәртебеде (аймақта) қалдырыңыз немесе оның мәртебесін өзгертіңіз.

9. Барлық деректерді толтырғаннан кейін жазбаны түпкілікті бекіту үшін «Сақтау» түймесін тағы бір рет басыңыз.

Сақталғаннан кейін консультация жүйеге автоматты түрде қосылады, ал келесі кездесу туралы хабарландыру белгіленген күннің қарсаңында хабарландырулар бөлімінде пайда болады.

### «Себебі» өрісін дұрыс толтыру

Егер білім алушы сары немесе қызыл аймақта болса, бұл диагностика нәтижелерінің неғұрлым мұқият талдауды қажет ететінін білдіреді. Дегенмен аймақтың өзі сүйемелдеудің себебі болып табылмайды. Педагог-психологтің міндеті – алынған нәтиженің негізінде қандай нақты қиындықтар жатқанын анықтап, оларды «Себебі» өрісінде көрсету.

Бұл өрісті толтырған кезде «қиындықтар бар», «эмоционалдық қиындықтар», «қиын жағдай» немесе «балаға көмек қажет» сияқты жалпы тұжырымдамалармен шектелмеу маңызды. Мұндай жазбалар маманның нақты немен жұмыс істеу керек екенін және қандай сүйемелдеу шаралары қажет екенін түсінуге мүмкіндік бермейді.

Тұжырымдама мүмкіндігінше нақты, кәсіби болуы және кешенді бағалау барысында анықталған негізгі проблеманы көрсетуі тиіс. Себепті анықтау кезінде тек диагностика нәтижелерін ғана емес, сонымен қатар бақылау деректерін, жеке әңгімелесуді, сынып жетекшісінің, әлеуметтік педагогтің, ата-аналардың (заңды өкілдердің) ақпаратын, сондай-ақ білім алушының жағдайы туралы басқа да маңызды мәліметтерді ескеру қажет.

Мысалы, «қиындықтар бар» деген жалпы жазбаның орнына мыналарды көрсету ұсынылады:

- ✔ «сыныптағы қақтығысқа байланысты алаңдаушылықтың жоғары деңгейі»;
- ✔ «жоғары оқу жүктемесі аясындағы эмоционалдық жайсыздық белгілері»;
- ✔ «жаңа ұжымға көшкеннен кейінгі әлеуметтік бейімделу қиындықтары»;
- ✔ «әлеуметтік оқшауланумен қатар жүретін эмоционалдық фонның төмендеуі»;
- ✔ «отбасылық жағдайға байланысты айқын көрінетін уайымдар».

Себеп неғұрлым нақты тұжырымдалса, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің алдағы маршрутын анықтау соғұрлым жеңіл болады: жұмыстың қажетті нысандарын таңдау, консультациялардың мақсаттарын анықтау, тереңдетілген диагностика жүргізу, басқа мамандарды тарту немесе ПҚО-ға жіберу туралы шешім қабылдау. Сонымен қатар, «Себебі» өрісінің сапалы толтырылуы білім алушының жай-күйінің динамикасын қадағалауға, жүргізіліп жатқан жұмыстың тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді және баламен кейіннен басқа мамандар жұмыс істейтін жағдайда сүйемелдеудің сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Бір білім алушыда жиі бірнеше өзара байланысты қиындықтың бірден анықталатынын ескеру қажет. Мысалы, жоғары алаңдаушылық ұзақ уақытты буллингпен, үлгерімнің төмендеуі эмоционалдық қажумен, ал агрессивті мінез-құлық отбасындағы шиеленіскен жағдаймен байланысты болуы мүмкін. Сондықтан «Себебі» өрісін

толтырған кезде алдымен жұмыс істейтін негізгі мәселені ғана емес, мүмкіндігінше оның ықтимал терең себебін де көрсету ұсынылады.

Мұндай тәсіл жағдайды кешенде көруге, баланың жай-күйіне әсер ететін нақты факторларды анықтауға және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің неғұрлым тиімді маршрутын құруға көмектеседі.

***Тек сыртқы көріністермен, олардың пайда болу себептерін түсінбей жұмыс істеу тұрақты оң өзгерістерге әкелмейтінін есте ұстаған жөн.***

> **МАҢЫЗДЫ**
>
> Анықталған себепті «Себебі» бөлімінде міндетті түрде тіркеу қажет – бұл болмаса, консультация жазбасы әдістемелік тұрғыдан толық емес деп есептеледі.

### «Себеппен жұмыс» өрісін дұрыс толтыру

Себеп анықталғаннан кейін түзету немесе консультациялық жұмыс басталады. Жүргізілген барлық іс-шаралар, қолданылатын әдістер және жұмыстың динамикасы дәл осы бөлімде дәйекті түрде көрсетілуі тиіс. Анықталған проблеманы шешу үшін қандай нақты іс-әрекеттер қолданылып жатқанын, балаға, ата-аналарға немесе педагогтерге қандай ұсынымдар берілетінін және сүйемелдеу үдерісінде қандай өзгерістер байқалатынын сипаттау маңызды.

Осылайша, сапалы толтырылған консультация үш міндетті элементтен тұруы тиіс:

- ✔ өтініш немесе анықталған қиындықтың нақты тұжырымдалған себебі;
- ✔ осы себеппен жүргізілетін жұмыстың толық сипаттамасы;

✔ жағдайдың басынан аяғына дейінгі психологиялық сүйемелдеудің барлық кезеңдерінің дәйекті тіркелуі.

**ЖҰМЫС БОЙЫНША КЕҢЕС**

Барлық консультация жазбалары кәсіби, нақты, объективті болуы және нақты жағдайды көрсетуі тиіс. Тұжырымдамалар қажет болған жағдайда баланы сүйемелдейтін немесе онымен жұмысты жалғастыратын кез келген маманға түсінікті болуы тиіс.

### 1.6. Алгоритм: психологтің сүйемелдеуі

**БҰЛ БӨЛІМ КІМГЕ АРНАЛҒАН**

Педагог-психолог.

**ЭКРАНДА НЕГЕ НАЗАР АУДАРУ КЕРЕК**

1. Оқушының картасындағы «Психолог» бөлімі ішіндегі «Психологтің сүйемелдеуі» бөлімі.
2. Жаңа іс-шара қосу үшін «+» түймесі.

«Психологтің сүйемелдеуі» бөлімі баламен ұзақ мерзімді жұмыс аясында педагог-психолог жүргізген барлық іс-шараларды жүйелі түрде тіркеуге арналған – бір реттік консультациядан айырмашылығы, мұнда сүйемелдеудің бүкіл траекториясы көрсетіледі.

**Кезең-кезеңмен орындалатын алгоритм**

1. Оқушының картасын ашып, «Психологтің сүйемелдеуі» бөліміне өтіңіз.
2. Жаңа іс-шара қосу үшін «+» түймесін басыңыз.
3. Іс-шара картасын толтырыңыз: жүргізілген іс-шараны көрсетіңіз.
4. Жұмыс барысын, бақылауларды, нәтижелерді немесе жүргізілген қызметтің мазмұнын толық сипаттаңыз.
5. «Сақтау» түймесін басыңыз.
6. Қажет болған жағдайда келесі іс-шараның күнін дереу тағайындаңыз немесе жалғасы қажет болмаса, толтыруды аяқтаңыз.

## 1.7. Алгоритм: ПҚО-ға жіберу

**БҰЛ БӨЛІМ КІМГЕ АРНАЛҒАН**

Педагог-психолог – мектеп ресурстары жеткіліксіз болған кезде жолдама рәсімдейді.

**ЭКРАНДА НЕГЕ НАЗАР АУДАРУ КЕРЕК**

1. «ПҚО-ға жіберу» бөліміндегі «+» белгісі.

### Кезең-кезеңмен орындалатын алгоритм

1. «ПҚО-ға жіберу» бөліміндегі «+» белгісін басыңыз.
2. Өтініш тақырыбын таңдап, баланы жіберу себебін қысқаша көрсетіңіз.
3. Туындаған мәселені толық сипаттап, қажетті түсініктемелер беріңіз.
4. Балаға ПҚО тарапынан қандай нақты көмек қажет екенін көрсетіңіз.
5. Жіберуге дейін мектеп мамандары қазірдің өзінде жүргізген іс-шараларды тізіп жазыңыз.
6. Алушы ұйымды таңдаңыз: ПҚО.

ПҚО-ға жіберу кез келген қиындықта емес, білім беру ұйымы мамандарының мүмкіндіктері қажетті психологиялық-педагогикалық көмек көрсету үшін жеткіліксіз болып, Психологиялық қолдау орталығының (ПҚО) мамандарының сүйемелдеуі қажет болған жағдайларда рәсімделеді

### Жіберудің негіздері мыналар болуы мүмкін:

✔ мектепте жүргізіліп жатқан жұмысқа қарамастан сақталатын немесе күшейетін эмоционалдық жайсыздықтың айқын белгілерін анықтау;

✔ жоғары немесе сақталатын суицидтік тәуекел, өзіне-өзі зиян келтіру жағдайлары, қайталанатын суицидтік мәлімдемелер;

✔ ұзақ мерзімді сүйемелдеуді қажет ететін зорлық-зомбылықтың, қатыгез қарым-қатынастың, ауыр психожарақат оқиғалардың салдары;

✔ мектеп күшімен шешуге болмайтын буллингтің, қақтығыстардың немесе әлеуметтік бейімделмеудің күрделі жағдайлары;

✔ психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бойынша жүргізілген іс-шаралардан кейін оң динамиканың болмауы;

✔ ПҚО мамандарымен бірлесіп жеке сүйемелдеу маршрутын әзірлеу қажеттілігі;

✔ күрделі жағдай бойынша педагог-психологке әдістемелік, консультациялық немесе супервизиялық көмек алу қажеттілігі;

✔ бірнеше қызметтің жұмысын ведомствоаралық өзара іс-қимылды және үйлестіруді қажет ететін жағдайлар.

**МАҢЫЗДЫ**

ПҚО-ға жіберу мектеп педагог-психологінің білім алушыны сүйемелдеуді тоқтататынын білдірмейді. Жұмыс Психологиялық қолдау орталығының мамандарымен өзара іс-қимыл жасай отырып жалғасады. Мұндай өзара іс-қимылдың негізгі мақсаты – білім беру ұйымының және ПҚО мамандарының ресурстарын біріктіре отырып, балаға уақытылы және барынша тиімді көмек көрсетуді қамтамасыз ету.

## 1.8. Алгоритм: қиындықтар блогы

**БҰЛ БӨЛІМ КІМГЕ АРНАЛҒАН**

Педагог-психолог – мәселені мектеп деңгейінен жоғары деңгейге көтеру қажет болған кезде.

**ЭКРАНДА НЕГЕ НАЗАР АУДАРУ КЕРЕК**

**1**. «Қиындықтар блогы» бөліміндегі «+» белгісі.

2. Өтініш алушысын таңдау:

- ➢ Отбасын қолдау орталығы, әлеуметтік қорғау / әлеуметтік қызмет, әкімдік;

- ПҚО, ПДО/медициналық ұйым;
- қарқоршылық органы, БҚҚБ, КТІжК, ҚТІжИ/полиция;
- жағдайға байланысты өзге де жергілікті қызметтер.

Егер мектеп және жергілікті қызметтер деңгейіндегі әрекеттер нәтиже бермесе немесе жауап болмаса, мынадай эскалация иерархиясы қолданылады: 111 → БҚҚК→ БҚЖӨУ→ БҚУ.

111 шұғыл кеңес алу, өтінішті тіркеу немесе жауап болмаған жағдайда көмек көрсету үшін пайдаланылады.

БҚҚК, БҚЖӨУ және БҚУ кез келген жағдай бойынша бастапқы жүгінетін орган болып табылмайды; олар мәселе шешілмеген немесе одан әрі әрекет ету қажет болған жағдайда көрсетіледі.

## Кезең-кезеңмен орындалатын алгоритм

1. «Қиындықтар блогы» бөліміндегі «+» белгісін басыңыз.
2. Туындаған қиындықтың тақырыбын көрсетіңіз.
3. Жағдайды толық сипаттап, қажетті түсініктемелер қалдырыңыз.
4. Қандай мәселелердің қазірдің өзінде шешілгенін, ал қайсысының шешілмей қалғанын көрсетіңіз.
5. Мәселені шешу бойынша мектеп деңгейінде шаралар қолданылып жатқанын белгілеңіз.
6. Егер мәселені білім беру ұйымының күшімен шешу мүмкін болмаса және жоғары тұрған органдардың араласуы қажет болса – өтініш алушысын таңдаңыз: ПҚО, өңірлік немесе республикалық уәкілетті орган БҚЖӨУ, БҚҚК).
7. Өтінішті жіберіңіз.

**МАҢЫЗДЫ**

Қиындықтар блогынан алынған ақпарат тікелей тиісті уәкілетті органдарға жіберіледі. Жіберер алдында мәселенің шынымен де мектеп деңгейінде шешілмейтінін және сыртқы араласуды қажет ететінін міндетті

түрде тексеріп алыңыз – бұл қатардағы құжаттама құралы емес, эскалация арнасы.

### 1.9. Алгоритм: психологтің іс-шарасының егжей-тегжейлері

**БҰЛ БӨЛІМ КІМГЕ АРНАЛҒАН**

Педагог-психолог.

**ЭКРАНДА НЕГЕ НАЗАР АУДАРУ КЕРЕК**

«Психологтің іс-шарасының егжей-тегжейлері» бөліміндегі тиісті іс-шара картасы.

**Кезең-кезеңмен орындалатын алгоритм**

1. Тиісті іс-шара картасын ашыңыз.
2. Барлық қажетті мәліметтерді толтырыңыз.
3. Ұсынылған сұрақтарға тиісті нұсқаларды белгілей отырып жауап беріңіз.
4. «Сақтау» түймесін басыңыз.

Сақталғаннан кейін жүргізілген іс-шара туралы барлық ақпарат осы бөлімде кейіннен қарау және талдау үшін қолжетімді болады. Осымен оқушының картасындағы «Психолог» бөлімін толтыру аяқталады.

### 1.10. «Әлеуметтік педагог» және «Сынып жетекшісі» бөлімдері (тек қарауға арналған)

**БҰЛ БӨЛІМ КІМГЕ АРНАЛҒАН**

Педагог-психолог – өңдеу құқығынсыз, тек оқу үшін қолжетімділік.

**ЭКРАНДА НЕГЕ НАЗАР АУДАРУ КЕРЕК**

1. «Әлеуметтік педагог» бөлімінде: баланың әлеуметтік картасы, әлеуметтік педагогтің іс-шаралары, ПҚО-ға жіберу, қиындықтар блогы.
2. «Сынып жетекшісі» бөлімінде: сынып жетекшісінің жұмысы және оның жүргізген іс-шаралары туралы ақпарат; деректерді қарауға немесе жүктеп алуға болады.

«Әлеуметтік педагог» бөлімінің барлық деректерін тек әлеуметтік педагог қана толтырады – педагог-психолог бұл ақпаратты тек қарай алады, бірақ оны өңдеуге немесе оған өзгерістер енгізуге

мүмкіндігі жоқ. Дәл осылайша «Сынып жетекшісі» бөлімі сынып жетекшісінің жұмысын көрсетеді және педагог-психологке танысу үшін, қажет болған жағдайда жүктеп алу үшін қолжетімді.

**Педагог -психологке бұл бөлімдерді зерттеу неге маңызды**

Консультация жүргізуден бұрын әлеуметтік педагог пен сынып жетекшісі енгізген ақпаратпен танысу ұсынылады. Бұл білім алушының жағдайы туралы неғұрлым толық түсінік алуға, оны тек психологиялық тұрғыдан ғана емес, әлеуметтік және педагогикалық тұрғыдан да көруге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік педагогтің ақпараты педагог-психологке отбасылық қиындықтардың, тұрғылықты жағдайдың ерекшеліктерінің, материалдық-тұрмыстық факторлардың, әл-ауқатсыздық жағдайларының, сабаққа қатыспау жағдайларының, мінез-құлық мәселелерінің, отбасымен қарым-қатынастың және баланың эмоционалдық жай-күйіне әсер етуі мүмкін басқа да жағдайлардың мүмкін болуына назар аударуға көмектеседі.

Сынып жетекшісінің ақпараты білім алушының күнделікті мектеп өмірінде қалай көрінетінін түсінуге мүмкіндік береді: құрдастарымен және педагогтермен қалай өзара әрекеттеседі, оның мінез-құлқы, үлгерімі, сабаққа қатысуы, көңіл-күйі, сабақтардағы белсенділігі өзгерді ме, сондай-ақ қандай қолдау шаралары қазірдің өзінде қолданылды.

Сүйемелдеудің барлық мамандары енгізген ақпаратты кешенді талдау жұмыстың қайталануын болдырмауға, анықталған қиындықтардың себептерін неғұрлым дәл анықтауға және білім алушыны психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің бірыңғай маршрутын құруға мүмкіндік береді.

**ЖҰМЫСҚА АРНАЛҒАН КЕҢЕС**

Консультация жүргізуден бұрын алдымен әлеуметтік педагог пен сынып жетекшісінің жазбаларымен танысып, содан кейін диагностика нәтижелерін талдау ұсынылады. Мұндай тәсіл жағдайды тұтас көруге, әртүрлі мамандардың деректерін салыстыруға және білім алушымен алдағы жұмыстың неғұрлым тиімді стратегиясын анықтауға көмектеседі.

### 1.11. «Оқушының жылжу тарихы» бөлімі

**БҰЛ БӨЛІМ КІМГЕ АРНАЛҒАН**

Барлық мамандар – белгілі бір баланың тарихын қарау үшін қолжетімділік.

**ЭКРАНДА НЕГЕ НАЗАР АУДАРУ КЕРЕК**

1. Есептік жазбаны құру күні.
2. Мектепке қабылданған күні.
3. Оқушының ағымдағы мәртебесі.
4. Мәртебелердің өзгеру күндері.
5. Бала туралы сақталған мәліметтер

Мұнда бала бойынша барлық өзгерістердің толық тарихы сақталады: барлық іс-әрекеттер жүйе арқылы автоматты түрде тіркеліп, сақталады. Бұл баланың мектепте оқыған бүкіл кезеңіндегі сүйемелдеу траекториясын, оның ішінде мәртебелер мен тәуекел аймақтары арасындағы ауысуларды қадағалауға мүмкіндік береді. Ақпаратпен танысқаннан кейін жеке кабинеттің басты бетіне қайта оралуға болады.

## ПЛАТФОРМАНЫҢ ЖАЛПЫ БӨЛІМДЕРІ

Белгілі бір рөлге бекітілген бөлімдерден басқа, платформада сүйемелдеудің барлық мамандарына қолжетімді бірқатар жалпы құралдар бар. Олар негізгі кабинеттің қасында орналасқан және жалпы жағдайды талдауға, диагностикалық материалдармен жұмыс істеуге және хабарландыруларды уақытылы алуға қызмет етеді.

## 2.1. «Статистика» бөлімі

**БҰЛ БӨЛІМ КІМГЕ АРНАЛҒАН**

Педагог-психолог, әлеуметтік педагог, сынып жетекшісі, мектеп әкімшілігі.

**ЭКРАНДА НЕГЕ НАЗАР АУДАРУ КЕРЕК**

1. Сыныптар бойынша скрининг нәтижелері.
2. Топтардың (аймақтардың) құрылымы.
3. Соңғы 8 күндегі диагностиканың өту динамикасы.
4. Диагностикамен жалпы қамту.

Сондай-ақ статистика бөлімінде мыналар көрсетіледі:

- ✔ қызыл, сары және жасыл аймақтар бойынша статистика;
- ✔ сауалнамалардан өткен және өтпеген оқушылардың саны;
- ✔ диагностика нәтижелері бойынша жұмыстың орындалуы;
- ✔ сүйемелдеуде жүрген балалар саны.

Сонымен қатар, оқушылар мәртебесінің өзгеру динамикасы көрсетіледі. Оқу жылы бойы мұнда барлық ауысулар тіркеледі, мысалы:

- қызыл аймақтан сарыға ауысу;
- сарыдан жасылға ауысу;
- жасылдан сарыға немесе қызылға ауысу.

Барлық өзгерістер осы бөлімде маман тарапынан қосымша әрекеттерсіз автоматты түрде көрсетіледі.

**ЖҰМЫСҚА АРНАЛҒАН КЕҢЕС**

«Статистика» бөлімін есептерді дайындау және өз жұмысыңыздың тиімділігін бағалау үшін пайдаланыңыз: балалардың қызыл және сары аймақтардан жасыл аймаққа тұрақты ауысуы сүйемелдеудің нәтижелілігінің жақсы көрсеткіші болып табылады

### 2.2. «Сауалнамалар» бөлімі

**БҰЛ БӨЛІМ КІМГЕ АРНАЛҒАН**

Педагог-психолог – диагностикалық материалдардың негізгі пайдаланушысы ретінде**.**

**ЭКРАНДА НЕГЕ НАЗАР АУДАРУ КЕРЕК**

1. Әдістемелік ұсынымдар.
2. Бағалау кілттері.
3. Әдістемелердің атаулары.
4. Сұрақтар мен жауап нұсқалары.
5. Аймақтар бойынша бөлу критерийлері

Бұл бөлімде платформада пайдаланылатын диагностикалық әдістемелер бойынша барлық ақпарат жинақталған. Ол анықтамалық ретінде қызмет етеді: егер бала неге белгілі бір аймаққа түскені немесе нақты жауапты қалай түсіндіру керектігі туралы сұрақ туындаса, педагог-психолог дәл осы жерге жүгініп, бағалау кілттері мен бөлу критерийлерімен салыстыра алады.

### 2.3. «Диагностика күнтізбесі» бөлімі

**БҰЛ БӨЛІМ КІМГЕ АРНАЛҒАН**

Педагог-психолог – оқу жылына арналған диагностикалық жұмысты жоспарлау**.**

**ЭКРАНДА НЕГЕ НАЗАР АУДАРУ КЕРЕК**

1. Бүкіл оқу жылына арналған бастапқы және тереңдетілген диагностика өткізу жоспары.
2. Диагностика жүргізу мерзімдері.
3. Нәтижелер бойынша жұмыс кезеңдері.
4. Жас топтары.
5. Бастапқы диагностикадан тереңдетілген диагностикаға өту кезектілігі.

Диагностика күнтізбесі – жылдық жоспарлаудың маңызды құралы: ол диагностиканың қашан жүргізілетінін ғана емес, тәуекелдер анықталған балалар үшін бастапқы скринингтен тереңдетілген

диагностикаға өту логикасын да көрсетеді. Жоспарлы тексерулердің мерзімдерін жіберіп алмау үшін әрбір тоқсанның басында осы бөлімге жүгіну ұсынылады.

### 2.4. «Оқу жылы» бөлімі

**БҰЛ БӨЛІМ КІМГЕ АРНАЛҒАН**

Барлық мамандар.

**ЭКРАНДА НЕГЕ НАЗАР АУДАРУ КЕРЕК**

Қажетті оқу жылын таңдау, мысалы 2025–2026 немесе 2026–2027.

**Кезең-кезеңмен орындалатын алгоритм**

1. «Оқу жылы» бөлімін ашыңыз.
2. Тізімнен қажетті оқу жылын таңдаңыз.

Таңдағаннан кейін тиісті оқу кезеңіне қатысты барлық деректер автоматты түрде көрсетіледі – бұл жылдар арасындағы динамиканы салыстырмалы талдау үшін ыңғайлы.

### 2.5. «Хабарландырулар» бөлімі

**БҰЛ БӨЛІМ КІМГЕ АРНАЛҒАН**

Барлық мамандар.

**ЭКРАНДА НЕГЕ НАЗАР АУДАРУ КЕРЕК**

1. «Оқу жылы» бөлімінің қасында орналасқан қоңырау белгісі.
2. Жаңа хабарландырулар пайда болған кезде белгі қызыл түске боялады.

Егер консультацияны толтыру кезінде келесі кездесу тағайындалған болса, оған дейін бір күн қалғанда жүйе автоматты түрде хабарландыру жібереді, ал қоңырау белгісі қызыл түске боялады. Кездесулер туралы еске салулардан басқа, мұнда педагог-психологтен, әлеуметтік педагогтен және сынып жетекшісінен келетін барлық хабарландырулар, оның ішінде оқушының картасы арқылы жіберілген алаңдатарлық бақылаулар туралы хабарламалар түседі.

**ЖҰМЫСҚА АРНАЛҒАН КЕҢЕС**

Хабарландырулар белгісін жұмыс күнінің басында және соңында тексеріп отырыңыз – бұл жоспарланған консультацияны да, әріптестен келген шұғыл хабарламаны да жіберіп алмауға мүмкіндік береді.

*ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГКЕ, ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГКЕ, СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІНЕ АРНАЛҒАН*

## ҚОРЫТЫНДЫ ЕСКЕРТПЕ-ЧЕК-ПАРАҒЫ

Жүйедегі жұмыстың толық алгоритмімен танысқаннан кейін осы чек-листті үстел «жадынамасы» ретінде пайдаланыңыз. Әрбір тармақта әрекеттің өзі ғана емес, оның не үшін қажет екені туралы түсініктеме, сондай-ақ орындаудың ұсынылатын жиілігі де қамтылған. Орындалған тармақтарды белгімен белгілеп отырыңыз – осылайша өз жұмысыңыздың тұрақтылығын бақылау жеңілірек болады.

### Педагог-психологтің чек-парағы

*Педагог-психологтің күнделікті және апталық тәжірибесін қалыптастыратын 5 негізгі әрекет*

| | Әрекет | Мерзімділігі |
|---|---|---|
| ☐ | **Басты бет пен «Аймақтар» бөлімін күнделікті тексеру**<br>Қарауды қатаң түрде қызыл аймақтан бастаңыз, содан кейін сарыға өтіңіз. Бұл тәуекел аймағындағы жаңа баланы уақытылы байқауға және шұғыл жағдайды жіберіп алмауға мүмкіндік береді. | **Күнделікті** |
| ☐ | **Әрбір консультация кезінде «Себебі» мен «Себеппен жұмысты» толтыру**<br>Кездесу фактісін тіркеумен ғана шектелмеңіз: баланың неге тәуекел аймағында болғанын нақты тұжырымдаңыз және қолданылған қадамдарды, | **Әрбір консультация кезінде** |

| | | |
|---|---|---|
| | әдістерді, динамиканы дәйекті түрде сипаттаңыз. Екі бөлігі де жоқ жазба толық емес деп есептеледі. | |
| ☐ | **ПҚО-ға тек мектептің өз ресурстары таусылған кезде ғана жіберу**<br>Жіберу – көмектің келесі сатысы, педагог-психологтің консультациялық жұмысын алмастыратын нәрсе емес. Рәсімдеуден бұрын жағдайдың шынымен мектеп мүмкіндіктерінен тыс екеніне көз жеткізіңіз. | **Қажеттілігіне қарай** |
| ☐ | **Қиындықтар блогын эскалация арнасы ретінде пайдалану**<br>Осы бөлімнің ақпараты тікелей уәкілетті органдарға (ПҚО, өңірлік немесе республикалық орган) жіберіледі. Оны әдеттегі жұмыс журналы ретінде емес, тек мектеп өз бетінше шеше алмайтын жағдайлар үшін ғана пайдаланыңыз. | **Қажеттілігіне қарай** |
| ☐ | **Әлеуметтік педагог пен сынып жетекшісінің бөлімдерін тұрақты қарап отыру**<br>Бұл тек оқуға арналған бөлімдер, бірақ дәл олар баланың жағдайының толық көрінісін береді және әріптестер қазірдің өзінде жүргізген жұмысты қайталамауға мүмкіндік береді. | **Апта сайын** |

# ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог-психологтің жұмысы – тек нұсқаулық бойынша жұмыс істеу мүмкін емес санаулы кәсіптердің бірі. Ең нақты алгоритмдердің өзі әрбір жағдайды қарастыра алмайды, өйткені әрбір оқиғаның артында өз мінезі, өз уайымдары, өз өмірлік тәжірибесі және қиындықтарды жеңудің өз тәсілі бар бала тұрады.

Біз бұл практикумның сіз үшін жай ғана әдістемелік құрал емес, күнделікті жұмыстағы сенімді көмекші болатынына шын жүректен үміттенеміз. Бір рет оқып, сөреге қойылатын кітап емес, керісінше алгоритмді қайта еске түсіру, қажетті тұжырымдаманы табу, өз әрекеттеріңізді тексеру немесе жай ғана дұрыс бағытта келе жатқаныңызға көз жеткізу үшін қайта-қайта жүгінуге болатын жұмыс құралы болғанын қалаймыз.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің тиімділігі маманның диагностикалық әдістемелерді қаншалықты жақсы меңгергеніне, нормативтік құжаттарды білуіне немесе нәтижелерді талдай алуына ғана байланысты емес екенін есте ұстаған маңызды. Педагог-психологтің өзі – оның ішкі жай-күйі, кәсіби сенімділігі, күрделі жағдайларда сабырлылықты сақтай білуі, мұқият тыңдай білуі және сандардың, балдардың және түрлі-түсті аймақтардың артында тірі баланы көре білуі де кем емес маңызды.

Кейде дәл ересек адамның сабырлылығы балаға өзін қауіпсіз сезінуге көмектеседі. Кейде уақытында айтылған бір сөз сенімнің басталуы болады. Ал кейде ең маңыздысы табылған жауап емес, маманның жанында қалып, бірге шешім іздеуге дайын болуы болып шығады.

Мінсіз педагог-психолог болуға тырыспаңыз. Өз жұмысыңызда мұқият, дәйекті және адал болуға ұмтылыңыз. Әріптестерден кеңес сұраудан, күрделі жағдайларды талқылаудан, супервизиялық қолдау сұраудан және кейбір жағдайлардың командалық жұмысты қажет ететінін мойындаудан қорықпаңыз. Нағыз кәсіпқой – барлық сұрақтардың жауабын білетін адам емес, өз құзыретінің шекарасын түсінетін және әрдайым баланың мүддесі үшін әрекет ететін адам.

Өзіңіздің ішкі ресурстарыңызды да сақтаңыз. Сіз күн сайын балалардың уайымдарымен, отбасылық қақтығыстармен, алаңдаушылықпен, ауыртпалықпен және дағдарыстық жағдайлармен кездесесіз. Мұндай жұмыс үлкен эмоционалдық күш-жігерді қажет етеді. Сондықтан өзіңіздің психологиялық әл-ауқатыңызға қамқорлық жасау – кәсіби тұрақтылықтың маңызды шарты. Демалған, сабырлы және эмоционалдық тұрғыдан тұрақты маман өз мүмкіндіктерінің шегінде жұмыс істейтін педагог-психологке қарағанда балаға әлдеқайда сапалы көмек көрсете алады.

Жұмысыңызда балалардың қайтадан жымиятын, ата-аналардың одақтасқа айналатын, педагогтердің ынтымақтастыққа дайын болатын, ал ең күрделі жағдайлардың біртіндеп өз шешімін табатын сәттер неғұрлым көп болсын. Кәсіби білім сенімді шешімдер қабылдауға, тәжірибе – негізгісін көруге, ал адами қарым-қатынас – балалар мен ересектердің сенімін сақтауға көмектессін.

Ал ең бастысы – бала үшін педагог-психологпен кездесу оның өміріндегі ең маңызды оқиғалардың бірі бола алатынын ешқашан ұмытпаңыз. Мүмкін, дәл сіз оны алғаш рет мұқият тыңдап, айыптамай, оған сеніп, оның жалғыз емес екенін сезінуіне көмектесетін ересек боласыз.

Сіздің еңбегіңіз, шыдамдылығыңыз, кәсібилігіңіз және балаларға шынайы көмектесуге деген ұмтылысыңыз үшін рахмет. Дәл осындай мамандардың арқасында білім беру ұйымдарында қауіпсіз кеңістік, сенім және үміт пайда болады. Жұмысыңыз тек кәсіби нәтижелер ғана емес, әр күн сайын шынымен де біреудің өмірін жақсартып жатқаныңызды сезіну сезімін де әкелсін.